Мақаланың өзектілігі қазақтың мәдениеті мен тұрмысын бейнелеу өнері туындылары арқылы зерделеп, олардың тарихи-этнографиялық маңызын айқындау қажеттілігімен байланысты. Әбілхан Қастеевтің шығармашылығы өнертану, мәдениеттану, философия тұрғысынан зерттелгенімен, музей қорындағы оның қазақтың тұрмысы мен мәдениетін бейнелеген туындыларының визуалды этнографиялық дерек ретіндегі мүмкіндіктері арнайы жүйеленбеген. Осы мәселе зерттеудің негізгі ғылыми бағытын құрайды. Қазақстанның ұлттық көркемсурет мектебінің негізін қалаушылардың бірі Әбілхан Қастеевтің шығармаларын этнографиялық тұрғыдан интерпретациялау музейлік этнография мен визуалды антропология үшін маңызды. Көркемсуреттегі музейлік этнография – өнер музейлері үшін жаңашыл бағыт.

Мақаланың мақсаты – музейлік коллекциядағы Әбілхан Қастеевтің еңбектерін қазақтың тұрмыс-тіршілігін зерттеудегі музейлік этнографиялық дереккөз ретінде қарастыру. Осы мақсаттың негізінде суретшінің өнер туындыларының деректік маңызын айқындау қажет. Мақалада ұсынылған туындылар Ә. Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінің қорынан алынған.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Музей ісіндегі негізгі бағыттардың бірі –

этномузеология. Осы орайда мақалада Әбілхан Қастеевтің шығармалары негізінде қазақтың мәдениеті мен тұрмысындағы этнографиялық ерекшеліктерді анықтау мақсат етілді. Музейлік коллекциядағы суретші туындыларының ауқымды бөлігі Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінде сақталған. Музей қорында 27 мыңнан астам экспонат бар, оның ішінде 15 мыңға жуығы «Қазақстан бейнелеу өнері» қорына тиесілі (Музей туралы, URL: https://nmirk.kz/about). Осы қор бөлімінде Әбілхан Қастеевтің 400-ден астам кескіндемелік және акварельдік туындылары сақталған. Коллекция автордың өзінен және отбасынан алынған туындылар, әртүрлі көркемсурет мекемелерінен түскен материалдар мен Қазақстан суретшілерінің сыйға тартқан еңбектері негізінде қалыптасты. Суретшінің коллекциясының жиналуы 1930 жылдардан бастау алады. Осы туындылардың басым бөлігі қазақтың тұрмысы мен мәдениетіне арналған. Әбілхан Қастеевтің шығармашылығы ауқымды болғандықтан, зерттеу материалы ретінде музей жинағынан суретшінің 1927–1941 жылдары жазған кескіндемелік және акварельдік туындылар іріктеліп алынды.

Зерттеу барысында визуалды-аналитикалық, деректанулық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Визуалды-аналитикалық әдіс Әбілхан Қастеев туындыларындағы кейіпкерлердің киім үлгілерін, тұрмыстық ортаны, үй жиһаздары мен шаруашылық бұйымдарын талдауға мүмкіндік берді. Деректанулық талдау көркемөнер туындыларының қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті жөніндегі тарихи-этнографиялық мәліметтерді жеткізу мүмкіндігін айқындау мақсатында қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісі туындыларда бейнеленген тұрмыстық элементтерді этнографиялық ғылыми еңбектердегі мәліметтермен салыстыруға негіз болды. Музейлік этнография белгілі бір халықтың дәстүрлі мәдениетін бейнелеу өнерінде қамтуды музейлік ғылыми зерттеу көзіне айналдыру бағытын да қамтиды.

Мақалада музейдің қор материалдары, ғылыми каталогтар, монографиялар, этнографиялық ғылыми еңбектер және Ұлттық кітапханадағы мәліметтер негізге алынды. Жалпы, Әбілхан Қастеевтің шығармашылық мұрасы жарты ғасырдан астам уақыт бойы мұқият зерттеу нысаны болып табылады. Көркемөнер туындысы болғандықтан, суретші жайлы негізгі ғылыми еңбектер өнертанушылардың назарында болды. Солардың ішінде алғашқылары Әбілхан Қастеев шығармашылығына XX ғасырдың 1950 жылдарынан бастап ізденіс жүргізген Е. Микульская, Е. Вандровская, Л. Плахотная, Г. Сарықұлова, И. Рыбакова еңбектерін ерте буынға жатқызуға болады. Кейінгі буын зерттеушілері ретінде Р. Ерғалиева, Б. Барманкулова, Д. Шарипова, С. Кобжанова, А. Джадайбаев, Е. Резникова сынды авторлардың зерттеулерін атауға болады. Қазіргі кезде де Әбілхан Қастеев шығармашылығына өнертану, мәдениеттану, философия тұрғысынан теориялық зерттеулер мен жүйелі шолулар жалғасып жатыр (Резникова, 2024: 8). Кейінгі жылдары визуалды антропология ғылымының зерттеу нысанына айналды (Ruby, 1996). Х. Арғынбаев, Н. Әлімбай, А. Тоқтабай және Р. Мұстафинаның этнографиялық жазбалары Әбілхан Қастеев туындыларына этнографиялық интерпретация жасауға негіз болды.

Әбілхан Қастеевтің еңбектерін маңызды этнографиялық дереккөз ретінде қарастырудың мәні зор. Суретші дәстүрлі қазақ ауылында дүниеге келіп, дәстүрлі тұрмысты көріп өсті, одан кейін кеңестік дәуірдің куәсі болды, кеңестік саясат қарқынды ден алып тұрған тұста қазақтың дәстүрлі тұрмысын жазу арқылы «көшпелілер өркениетін» көркемсуретте қалдырды. Қазақстан тарихындағы ұжымдастыру саясаты, 1930 жылдардағы ашаршылық, 1937 жылғы саяси репрессия, 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру кезеңдерінің куәсі болуы оның шығармашылығы тарихтың күрделі кезеңдерінде қалыптасқанын айғақтайды.

Саяси қайшылықты кезеңде өмір сүрген Әбілхан Қастеев қазақ ауылының тұрмысын бейнелеу арқылы өзіндік шығармашылық келбетін қалыптастырды. Әбілхан Қастеевтің өз шығармаларында қазақтың тұрмысын дәлдікпен жеткізуі, оның әрбір туындыны жазар алдында, сол туындыға арқау болар тақырыпты зерттеу нысанына айналдырғаны көрінеді. Сондықтан суретшінің шығармалары халық этнографиясы туралы баяндайтын визуалды материал деуге болады (Какабаев және т.б., 2017: 288).

Зерттеушілердің еңбектерінде Әбілхан Қастеев шығармашылығының этномәдени, халықтық, ұлттық сипаттағы ерекшелігі айқындалып, құнды деректер ұсынылған. Жоғарыда айтылған зерттеушілердің

тұжырымдамаларын негізге ала отырып, суретшінің еңбектерін этнографиялық жағынан зерделеудің қажеттілігі туындап отыр. Зерттеу аясында суретшінің өнер туындыларын музейлік этнографиялық дерек ретінде қарастыру күрделі және ауқымды тақырып болып саналады. Сол себепті мақалада суретшінің 1927–1941 жылдар аралығындағы он бес туындысы талданады. Зерттеу барысында музейлік коллекциядағы материалдарды саралау және олардың этнографиялық мазмұнын ашып талдау міндеттері қойылды.

Талдау

Суретші туындыларын талдауда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне қатысты бейнелерді зерделеуге баса назар аударылды. Дәстүрлі тұрмыстағы төрт түлік мал, күнделікті қолданылған бұйымдар, сондай-ақ олармен байланысты наным-сенімдер мен ырым-тыйымдар маңызды этнографиялық дерек көзі болып табылады. Суретші еңбектеріндегі қазақ тұрмысын бейнелеудің ерекшелігі де осында. Төменде Әбілхан Қастеевтің іріктеліп алынған туындыларын қарастырамыз.

«Тігу кезінде» (1934. Қағаз, акварель) атты туындысында Әбілхан Қастеев қазақ қыздарын жастайынан үй шаруасына және ісмерлікке баулу дәстүрін бейнелейді. Дәл осы туындының қарындашпен салынған үлгісі 1927 жылы жазылып, музей қорында ол бөлек туынды ретінде құжатталған. Ерте кезден бастап қазақта қыз тәрбиесіне ерекше назар аударған. Бұрынғы қазақ қоғамында қыз бала бір шаңырақтың ғана қызы емес, туыстағы өте жақын бірнеше әулеттің, ауылдың қызы болып өседі. Осыған байланысты қыз бір әулеттің, ауылдың тәрбиесін көріп бойжетеді. Туынды қазақтың тігіншілік және ісмерлік өнерінде қыз баланың, әйелдің рөлі ерекше екенін көрсетеді. Бұл көркемсуреттің дереккөз ретіндегі маңыздылығының бірі – қыз баланың шаш үлгісінен ақпарат беруі. Туындыда шашының алдыңғы бір шоқтығын қайыра өріп, тұлым ретінде самайына түсіріп қойғаны суреттелген (Сур. 1).

Қыз бала үй шаруасына араласып, шөпшек жинап, бесік тербетіп, жасынан кесте тігіп, кілем тоқыған. Ұзатыларда өзіне берілетін жасауын дайындауға көмектескен. Үй жиһаздарын безендіруде анасына көмектесіп, қоржын жасап, бау тоқыған, үй жабдықтарын өрнектеген. Қыз баланың ұзатыларға дейінгі орны оң жақ болған.



Сур. 1. Тігу кезінде. 1934. Қағаз, акварель. Инв. № 611-гр
Fig. 1. Busy with sewing. 1934. Watercolor on paper.

Байырғы қазақтар қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлумен қатар, қыздарды оқытуға, түрлі қолөнерді үйретуге, ас даярлауға, ою-өрнек салуға, шілтер тоқуға жастайынан бейімдеген (Әлімбай, 2017b: 131).

«Жіп иіруші әйел» (1934. Қағаз, акварель) туындысында әйелдің ұршық иіріп отырғаны бейнеленген. Туынды қазақ киіз үйінің ішкі жасау-жабдығын дайындауда әйел еңбегінің маңызды рөл атқарғанын көрсетеді (Сур. 2). Қазақтың дәстүрлі қоғамында малдың терісін, жүнін өңдеу, одан әртүрлі тұрмыстық бұйымдар, киімдер жасау күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі іспетті болды. Мал жүнінен тұрмыстық және шаруашылық бұйымдар, киім-кешек жасалған. Төрт түлік малдың жүні құрамына, сипатына қарай бірнеше түрге бөлінген. Көшпелі тұрмыста малдың жүні белгілі бір уақытта қырқу, жүндеу, қылшықтау әдістері арқылы алынған. Жуылып, сабалып, түтіліп дайын болған жүнді ұршықтың көмегімен жіп етіп иіреді. Жіп иіру үрдісі қазақ қоғамында кеңінен қолданылған. Түтілген жүнді иіру үшін созбалап, шиыршықтап дайындауды жүнді шүйкелеу деп атаған. Жүннен жіп алу



Сур. 2. Жіп иіруші әйел. 1934. Қағаз, акварель. Инв. № 560-гр
Fig. 2. Spinning woman. 1934. Watercolor on paper.

үшін ұршықпен иіреді. Ұршық – жүн мен түбіттен, мақтадан қолмен жіп иіретін құрал. Ұршықтың негізгі бөлігі ұршықсап деп аталады. Ұршықсапты ырғай, тал тәрізді ағаштардың түзу шыбықтарынан жасаған. Оның ұзындығы шамамен 30–40 см болады. Шыбықтың қабығын аршып, бір ұшын сүйірлеп жонады. Ұршықсапқа ағаштан шеңберлеп жасаған қалпақша кигізіп, шыбықтың үш жағын тесіп, оған көлденең жіңішке ағаш өткізеді. Қазақ қоғамында ұршық малдан алынған шикізатты арнайы бұйымдар жасауда қолданылатын еңбек құралдарының бірі болды (Әлімбай, 2017е: 551–552). «Жіп иіруші әйел» туындысындағы кейіпкердің жаулығының бір жақтық өрнегі, қазақ әйелдерінің бас киім үлгісіндегі жаулық тарту мәдениетінің ерекше үлгісін көрсетеді. Суретшінің туындыларындағы іс тігу, жіп иіру және үй жабдықтарын дайындау тұрмыстық қажеттілікпен қатар, қыз баланы болашақ отбасылық өмірге бейімдеу, қолөнер тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің маңызды тетігі болғанын көрсетеді. Әбілхан Қастеев бұл шығармаларында тұрмыстық бұйымдарды жеке зат ретінде қарастырмай, олардың жасалу және қолданылу жолдарын өзара байланыстыра бейнелеген.

Әбілхан Қастеев өзінің бүкіл шығармашылық өмірінде қазақ әдебиетінің классигі, ақын Абай Құнанбайұлына арнап отызға жуық жұмыс жазды. Солардың бірі – 1934 жылы жазылған *«Абай киіз үй жанында» (1934. Қағаз, акварель)* атты шығарма. Туындыда Абайдың табиғат аясында, ақ киіз үйдің жанындағы оюлы сырмақ үстінде малдас құрып, поэтикалық ойын қағазға түсіріп отырған сәтін бейнелеген. Киіз үй жанындағы тасқа қонған томағалы бүркіт ақынның саятшылыққа шығатынын аңғартады. Одан арырақ киіз үйдің тігілу процесін – кереге, уық, шаңырағын құрастырып жатқанын көреміз. Қазақтың дәстүрлі өмірі үшін киіз үй – көшіп-қонуға ыңғайлы болу үшін ағаштан құрастырылып, сырты киізбен жабылатын баспана түрі. Құрылымдық жағынан қазақтың киіз үйі көшпелі халықтардың ішіндегі көшіп-қонуға ыңғайлы баспананың



Сур. 3. Абай киіз үй жанында. 1934. Қағаз, акварель. Инв. № 595-гр
Fig. 3. Abai near the yurt. 1934. Watercolor on paper.

ең жетілдірілген түрі болып саналады. Киіз үй қазақ жеріне келген зерттеушілер мен саяхатшылардың қызығушылығын тудырған маңызды этнографиялық нысан болды (Әлімбай, 2017c: 227–228). Өзеннің арғы бетінде жайылып жүрген ірі қара мал, табиғаттың мамыражай көрінісі және ақынның шығармашылық шабыты туындының негізгі мазмұнын ашып тұр. Біз бұдан көшпелі тұрмыстың өзіндік мәдениеті мен тазалығын, таза табиғат аясында өмір кешкеніне куә боламыз (Сур. 3).

Киіз үйдегі қымыз пісіп тұрған әйел (1934. Қағаз, акварель). Композицияда Әбілхан Қастеев киіз үйдің ішіндегі асхана рөлін атқаратын бір бөлігін бейнелеген. Киіз үйдің оң жағы қазан-аяқ орны ретінде қолданылған (есіктен қарағанда оң жақ бөлігі). Әйелдер жағы деп аталатын кеңістік шыпта шимен қоршалып қойылатын болған. Қазақ тұрмысында қолданылатын жиһаздар ғұрыптық, символикалық, эстетикалық мәнді үй мүліктеріне жатады. Олар көшпелі тұрмыс жағдайына қолайлы ағаш, тері, киіз сияқты материалдардан, ішінара металдан да жасалған. Осы туындыдағы үй жиһазы түрлерінен қазақ шеберлерінің сан ғасырлық технологиялық үрдістерін, көркемдік дүниетанымын және бай тәжірибелерін игергенін аңғаруға болады. Әсіресе, киіз үйдегі мүліктер көшпелі тұрмысқа сай көп орын алмайтын ықшамды, жеңіл әрі берік жасалған. Қазақ тұрмысында қолданылатын барлық бұйымдарға ою-өрнек түсірген. Халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен наным-сенімдері ою-өрнек жүйесінің мазмұнын байытып отырған (Арғынбаев, 1987; Шоқпарұлы, 2005: 14–15).

Автор көрерменнің назарын қымыз пісіп тұрған әйелге бағыттаған. Үстіне күнделікті тұрмыста киетін ақ көйлек пен қамзол, басына кимешек киген орта жастағы әйел қымыз пісіп тұр. Композицияда үй мүліктері: саба, піспек, сабаяқ, көнек, кебеже, қымыз құйылған шара да өз тәртібімен орналастырылған. Туындының *«Киіз үйдегі қымыз пісіп тұрған әйел»* деп аталуы суретшінің қымыздың жасалу жолына тереңірек тоқталғысы келгенін аңғартады (Сур. 4). Қымыз сусыны өзінің жасалу жолына байланысты қазақтың әдет-ғұрпын қамтыған дәстүрлі іс-шараның бірі болып саналады. Алдымен саумалды пісіру үшін сабаға құйған. Саба сүт өнімдерін өңдеуге арналған, теріден жасалатын көлемді ыдыс. Ол сүт өнімдерін өңдеуге және тасымалдауға, яғни қымыз ашытуға, іркіт пісіп,



Сур. 4. Киіз үйдегі қымыз пісіп тұрған әйел. 1934. Қағаз, акварель. Инв. № 3257-гр
Fig. 4. Woman beating koumiss in the yurt. 1934. Watercolor on paper.

одан май алуға пайдаланылады. Сабаның көлемі жағынан әртүрлі болады. Мысалы, киіз үйде қолданатын сабаның көлемі үлкенірек болған. Негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болғандықтан қазақтың тұрмыс-тіршілігінде тері өңдеу өнері маңызды орын алған. Сондықтан ертеректе тағамға қолданатын ыдыстарды жасауда теріні қолданған. Сабаны жылқы терісінен жасап, оның түбін кең, аузын тарлау болатындай жасаған. Арнайы қосылған жерлерін тарамыс жіппен тіккен. Дайын болған сабаның ішін жуып, ашыған айран құйып, бірнеше күнге қойған. Одан кейін сабаны майлап, арша, тобылғы, қайың қабығының түтініне ыстайды (Әлімбай, 2017d: 167–169). Жоғарыдан байлап қою үшін саба аузына жіп тағылады. Туындыдан көргендей жіп кереге мен уықтың қиылысқан жеріне ілінген.

Сүттен алынатын тағам, сусын түрлерін әзірлейтін ыдыс түрі болғандықтан, құрметті үй мүлкіне саналады. Сондықтан ырым етіп, атақ-беделі үшін әркім мүмкіндігінше сәнді етіп жасауға тырысқан. Саба тігуді үлкен өнер ретінде ұстанғандар болған. Жылқы терісін, кейде өгіз терісін таспалап тіліп, түбінен аузына дейін өріп, ғажайып саба жасайтын шеберлер кездескен. Дәулетті қазақ ортасында пайдаланылған сабаның түрлері өте әсем болғандықтан, үйдің сәнін келтіретін жиһаздардың бірі саналады. Бұрынғы қазақ қоғамында асқа, тойға сабамен қымыз апаратын болған. Мұндай үрдіс үлкен

құрметтің, мырзалық пен байлықтың белгісі деп бағаланған. Сабаның көлеміне қарай, оның мерейі де, ел алдында беделі де жоғары болған. Осылайша салтанатпен қымыз апару сыйластықтың белгісі ретінде қабылданған. Қазақ тұрмысында қымыз бен сабаның қоғамдық маңызы да зор болды. Саба пісу әдісі – сабадағы саумалды өңдеу үшін піспекпен араластыру дәстүрі. Сабаның ішінде қалған қымыздың үстіне жаңа сауылған бие сүтін құйып, піспекпен піседі. Саба пісіліп жатқан кезде үйге келіп қалған адам «пісер көбейсін» деп, тілек білдіріп, сабаны бірнеше рет піскен соң барып төрге өткен. Қонақтың сабаны пісуі үй-ішіне жаңа өнім, жаңа ырзық келсін деген ежелгі таным-түсінік. Яғни, көпке жетсін, мол болсын, ортақ ырыс көбейсін деген тілектерді білдіретін жосын (Әлімбай, 2017e: 60–61). Сабадағы қымызға піспек қолданылады. Піспек – сабадағы, күбідегі қымыз, айранды пісуге арналған құрал. Туындыда көрсетілген піспек сабының бас жағы ерекше сәнделген. Оны баған өрнектерімен оймыштап, сүйектеп, күміспен әшекейлеген. Піспектің сәнделуі әдемілік пен сәнділік берумен қатар, оның құт-береке мен молшылықтың символы ретінде қарастырылғанын көрсетеді. Оған ақ мол болсын, тіл-көз тимесін деген ниетпен үкі тағылған. Қазақы ортада қымыз бен оны дайындайтын ыдыстарға құрметпен қараған. Сол үшін сабаны жерге қоймаған, оның астына ағаштан көлеміне лайықтап сәкі (орындық) жасалған, оны сабаяқ немесе саба орындық деп атаған. Сабаяқ сабаны күтіп ұстау үшін астына қоятын қажетті үй жиһаздарының бірі болған. Туындыдағы төртбұрышты сабаяқ оймышталып, қиюластырылып сәнделіп жасалған. Туындыдағы керегеде ілулі тұрған шүмекті көнектің де қызметінің өз орны бар. Көнек – мал сауға арналған ыдыс. Көшпелі ортаның талаптарына сай мал сауға пайдаланатын көнек, көн теріден жасалуына байланысты көнек деп аталған. Көнек қолданысына қарай әртүрлі етіп жасалады. Бие сауға арналған көнекке арнайы шүмек орнатылған.

«Қымыз ішу кезі» (1940. Қағаз, акварель). Суретші қымыздың қазақ тұрмысында өзіндік орнын ескере отырып, өз туындыларына арқау етті. Қымызды қазақтың тіршілігінде қонақжайлылық нышандарының бірі десе де болады. Қымыз үй иесінің байлығын, дәулетін, дастарқан берекесін білдіреді. Қымызды дайындаудың ғасырлар бойы қалыптасқан әдіс-тәсілдері көп. Қымыз қонақ күту кезінде тартылатын құрметті сусынның қатарына жатады. Осыған орай, қымыз жөнінде атқарылатын салт-дәстүр, ырымдар мен кәде-жоралар бар. Дәстүр бойынша бие байлағаннан кейінгі алғашқы қымызға үлкендерді шақырып, ауыз тигізіп, батасын алған. Мұны «қымызмұрындық мерекесі» деп атаған. Қымызмұрындық – ел жайлауға шыққанда жазғытұрым аталып өтетін қымыз тойы (Әлімбай, 2017d: 179; Тоқтабай, 2005b: 266–268). Туындыда төрде солдан оңға қарай жас ерекшеліктеріне сай отырған ерлер бейнеленген, ал шетінде ағаш шарадағы қымызды сапырып отырған ер адам шаңырақ иесі тәрізді көрінеді. Қазақтың ұғымында үйдің төр бөлігіне сыйлы орын ретінде үйге келген қонақтар жайғасқан. Әбілхан Қастеев қазақтың дәстүрлі қоғамындағы құрмет пен әлеуметтік тәртіпке негізделген символикалық иерархиясын айқын көрсеткен. Сол жақ шетте қолдиірмен



Сур. 5. Қымыз ішу кезі. 1940. Қағаз, акварель. Инв. № 580-гр
Fig. 5. Drinking kumiss. 1940. Watercolor on paper.

тартып отырған әйел бейнеленген (Сур. 5). Ерте кездері қазақы ортада қолдиірменді кеңінен қолданған. Диірмен екі жалпақ тастан дөңгелек пішінде жасалып, дәнді дақылдарды үгіту үшін қолданылған. Мұндай диірменде жарма, бидай, тары және т.б. дақылдардың қуырылған дәнін тартып, талқан дайындаған. Халық тұрмысында жиі қолданылып, ол құт-береке, ырыстың белгісі болған. Киіз үй кеңістігіндегі жиһаздар өз ретімен орналасқан, төрде, есікке қарама-қарсы тұста сандық, жүкаяқ, жағлан, абдыра сияқты көлемді жиһаздармен олардың үстіне ретімен сәндеп көрпе-жастықтарды жинап қойған. Қымызға байланысты ырымдар мен тыйымдар бар: тостаған түбіндегі қымыз сарқынын төгуге болмайды, ырыс кетеді, биенің желіні ісіп кетеді; асқа, тойға арнайы әкелінген қымыз толы сабаны түгел сарқып алмайды. Түбінде азғантай болса да сарқыт қалуға тиіс. Себебі саба кеуіп, семіп қалмасын, саба кепсе малдың желіні семіп, сүті тартылады, құт-береке кетеді; көнек пен сабаны төңкермейді. Түбін ұрмайды. Бұлай істесе құт қашады, ырыс шайқалады; алдыңа келген қымызды күттірмей ішу керек. Ақ телміріп қалса, адам да аққа қарап телміріп, зарығатын болады; бие сүтін, жалпы малдың сүтін аяқпен басуға болмайды, құт кетіп, ақтың киесі атады. Егер іріген, бүлінген қымызды төгу керек болса, шұқанақ қазып көмген (Әлімбай, 2017d: 177). Суретшінің «Киіз үйдегі қымыз пісіп тұрған әйел» мен «Қымыз ішу кезі» атты екі туындысы қымызбен байланысты ырым-тыйымдар жүйесін танытып тұрғандай.

Әбілхан Қастеевтің *«Колхоздың сүт фермасы» (1936. Кенеп, майлы бояу)* атты туындысы алғашқылардың біріне жатады. Сюжеті қарапайым, жайлауда шопанның отбасы құрт жасаған сәті бейнеленген. Алдыңғы планда негізгі көрініс, одан кейін жайлау өмірін суреттейтін тұрмыстық детальдар беріледі. Автор ауыл өмірін баяндайтын тұрмыс белгілерін бейнелей отырып, ұлттық тағам – құрт дайындаудың барлық кезеңін көрсеткен. Ер адам мен әйелдердің киімі, бір-біріне жасап жатқан қолғабыстары арқылы қазақтардың ас әзірлеуге өте мұқият қарағанын көреміз. Уақыт өте келе, тұрмыс-тіршілікке енген жаңа техникалық жетістіктерді суретші назардан тыс қалдырмайды. Қостың ішінде сепаратордың фрагменті көрінеді. Сол кездегі жаңалық – сүт тартатын машинаның пайда болғандығы. Сепаратордан кілегей алынғаннан кейін қалған сүт қайнатылып, одан ірімшік пен құрт дайындалған. Дайын өнім өре деп аталатын сөреге жайылып, кептірілген. Өре – құрт, ірімшік т.б. ақ тағамдарды кептіруге арналған сөре. Өреге жаздың жаңбырсыз ашық күндері құрт, ірімшік жайылып, кептіріледі. Өрені үй алдындағы ашық алаңқайға жерден



Сур. 6. Колхоздың сүт фермасы. 1936. Кенеп, майлы бояу. Инв. № 743-ж
Fig. 6. Collective farm dairy. 1936. Oil on canvas.

биік төрт діңгекке орнатады (Сур. 6).

Үстіне өре ши немесе арасы сирек тоқылған шыпта ши төсеніші жайылады. Мұндай тоқылған шидің үстіне жайылған құрт, ірімшіктің астыңғы жағынан да жел қағып, оның көгермей, сапалы кебуіне септігін тигізеді (Әлімбай, 2017d: 739). Жаз маусымында мал сауылатын шақта дайындалып, қыстық азық ретінде сақталады. Құрт – дәстүрлі қазақы ортада дастарқандағы үлкен мәнге ие ұлттық тағамдардың бірі. Ұзақ уақыт кептірілген құрттың сапасы артып, оны сақтауға ыңғайлы болады. Сондықтан баладан бастап ересек кісілерге дейін, жолаушы, жауынгерлер қоржынында жолазыққа алып жүрген. Ақ тағамдарға байланысты ақ шашу, ақ құйып шығарып салу сияқты қазақтың наным-сенімімен ұштасып жатқан ғұрыптар бар. Қазақтың күнделікті өмірінде, той-томалақта қазіргі күнге дейін ұлттық тағам ретінде құндылығын жойған жоқ.

Суретші осы көрініс арқылы қазақтың күнделікті тұрмысын ғана емес, оның мәдениеті мен дәстүрін айқындайтын ұлттық тағам құртты негізге алған. Шағын композицияда көшпелі өмірдің барлық болмысын ашатын көріністерді қамтыған. Туындыда көшпелі тұрмыста қолданатын қос бейнеленген. Қос – жаугершілікте, аңшылықта, шөп шабуда, жылқыны бақканда, жол жүргенде және басқа да қажетті жағдайларда тез тігіліп, жиналатын көшіп-қонуға ыңғайлы уақытша баспана түрі. Оның жасалу жолы қарапайым, әркім қолда бар материалдардан жасайтын болған. Мысалы, екі керегенің басын қосып, енді бірде бірнеше уықтың басын буып, үстін терімен, киізбен, қамыспен жапқан. Қостың ортасында от жағатын орын, төбесінде ашылып-жабылатын түндік болған. Қыс мезгілінде қос іргесін шыммен бастырып тастайтын болған. Егер қос қараусыз қалса, оған басқа малшылар мен жолаушылар кіріп сол жерде тамақтанған.

Автордың *«Бие сауу» (1936. Кенеп, майлы бояу)* туындысы жаңа композициялық құрылым принципімен ерекшеленеді. Алдыңғы бөлікте тұрмыстық көрініс – бие сауу. Олар көлденең бағытта бір сызық бойында орналасқан және бірден дала кеңістігін сездіреді. Таудың етегінде қатар-қатар тігілген киіз үйлердің жанында асыр салып ойнаған балалар, жайылып тұрған биелер көрініс тапқан. Алдыңғы қатардағы биені көнекке сауып отырған әйел – осы туындының мазмұнын ашатын басты кейіпкер. Туындыда бие саудың ерекшелігі, оның дайындалу кезеңі оңайшылықпен келмейтіні баяндалады. Қазақ тұрмысында бие сауу бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен жылқыны қолға үйретіп, биені байлайды. Бие байлау – биені сауу мен қымыз ашытуға байланысты қазақ тұрмысындағы дәстүрлі іс-әрекеттердің бірі. Бие сауу маусымындағы дәстүрлі рәсімдердің бірі – бие байлау. Мысалы, ел жайлауға шыққан кезде сауылатын биелерді бөле бастайды. Алдымен қазықтар қағылады, бірінші қазықты жылда арнайы қазық қағып жүрген тоқпақтың сабына ақ мата байлап, үлкен ақсақалдардың бірі қағу ишарасын жасайды. Әйелдер сабалар мен көнектерді әбден жуып, желінің басына кептіреді. «Малым құт әкелсін» деген ниетпен биебаудың үш қазығына, желі арқанның басына, айғырдың жалына және биенің сауырына сары май жағады (Әлімбай, 2017a: 677). Осылайша, қазақ тұрмысындағы жылқыны баптау мен биені сауу ерекше дәстүрмен атқарылатын болған



Сур. 7. Бие сауу. 1936. Кенеп, майлы бояу. Инв. № 377-ж.
Fig. 7. Milking mares. 1936. Oil on canvas.

(Сур. 7).

Әбілхан Қастеев қазақтың жылқысының ерекшелігін дәл тауып бейнелеп, жылқы малының түр-түсін, сыр-сипатын ажыратып, мінез-құлқын, өзіне тән қасиетін таба білді. Жылқы – қазақтың өмір-тіршілігінде төрт түліктің төресі деп ерекше қастерленген. Әсіресе, ет пен қымыз өндіру, салт міну, ұлттық ойындар мен жарыстарды өткізуде жылқы қызметі айрықша бағаланған. Жылқы дала кеңістігінің ыстық-суығына, тау-тасына бейімделген.

Жоғарыда айтылған «Бие сауу», «Колхоздың сүт фермасы» туындыларында көшпелі

тұрмыстың кеңестік дәуірде де жалғасын тапқандығы бейнеленеді. Осы орайда суретші өз заманында қазақтың тұрмысын суреттеу арқылы құнды визуалды-этнографиялық деректер қалдырып отыр (Каскабасов және т.б., 2013: 58).

Бүркіт ұстаған аңшы (1935. Кенеп, майлы бояу). Туындыда Әбілхан Қастеев қазақтың бүркітпен аң аулау дәстүрін көрсетеді. Суретші қыс мезгіліндегі қазақтың даласындағы аңшылар ғана жүретін жым-жырт таудың елең-алаңдағы тыныштық сәтін беруден бастайды. Бүркітпен аң аулау қазақ халқы мәдениетінің ажырамас бөлігі болып келді. Бүркіт – ерте заманнан-ақ Орта Азия бүркітшілерінің сүйікті құсы. Аң аулауға әдетте атпен шыққан. Бүркітшілік әкеден балаға беріліп отырды. Құс салу – аңшылықтың кең тараған ең байырғы түрі. Аңшылық шыдамдылықты, қайсарлықты қажет етеді. Әртүрлі жыртқыш құстарды асырап, баптап, аң-құсқа салу қазақтың дәстүрінде саятшылық деп аталған. Құсбегі-саятшылар құсты аңшылыққа үйретудегі тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа қалдырды. Құс салудың саятшылар арасында ең көп тараған түрі қаршыға және балапан-сұңқар салу болды. Осы арқылы қоян, жабайы қаз, үйрек т.б. аң-құстар ауланды.

Бүркітке байланысты жол-жоралғылар бар. Мысалы, бүркітке табыну күллі жануарлар мен адамзат әлемінен жоғары тұрды. Оны аспан денелерімен теңестірді. Егер бүркіт аң аламай ауырса, ұшып кетсе де көз тиген деп ырымдайды. Құс ұстайтын торды құрар алдында қазақ құсбегілері тоқылған торды өз үйінің есігінің маңдайшасына іліп, етегін екі босағадан салбыратып түсіріп қояды. Тордың үстінен адам көп аттаған сайын оның жолы ашылып, бүркіт тез түседі деп ырымдайды. Бүркіттің тұғыры да киелі деп саналған. Оған адам отыруға және бос қоюға болмайды. Көп жыл серік болған құсын қариялар қартайса да құрметтеп үй жанында ұстайды (Әлімбай, 2017а: 746–747). Бүркітті үйретумен құсбегі айналысады. Құсбегі – табиғаттағы адамның кәдесіне жарайтын қыран құстарды қолға түсіріп, баулып, аң аулауға дайындайтын маман. Ол құстардың биологиялық ерекшелігін, мінез-құлық ерекшелігін жете біледі. Құсбегілік жалпы жыртқыш құстарды үйретудегі атау болып саналады. Бүркітші – бүркітті қолға үйретіп, бүркітпен аң аулайтын аңшы. Бүркітшіні саятшы деп те атайды. Бүркітші болу – дайындықты қажет ететін қазақтың дәстүрлі ортасындағы кәсіптің түрі. Саятшы – құс салып, ит жүгіртіп аң аулайтын аңшылар тобы. Қазүйрекке түсіретін қыранның бабын жақсы білетін, түлкі, қасқырға салатын тазы итінің мінез-құлқын ерекше танитын, мінген аты да соларға сай келетін аңшыларды саятшы деп атай береді. Саятшының қыран құсты баптап, өз ырқына көндіріп, оның аңшылық мүмкіндігін барынша ашып қолдануы, оның шеберлігінің көрсеткіші болып табылады. Үлкен топ болып саят құрғанда құстың немесе тазы иттердің алғырлығы көрген елді тамсандыратын. Дала төріндегі театрлық қойылым ретінде қабылданып, саятшылардың мерейін арттырған. Яғни, қыран құссыз, құмай тазысыз саят болмаған. Саят құруға дайындық үшін уақыт пен бейнет керек. Сондықтан саятшылықпен айналысуға екінің бірі батылы жете бермейтін. Әбілхан Қастеевтің осы еңбегінде аңшылар мен саятшылар үшін аң аулауға өте қолайлы кезең қансонар уақыты бейнеленген



Сур. 8. Бүркіт ұстаған аңшы. 1935. Кенеп, майлы бояу. Инв. № 379-ж.
Fig. 8. Hunter with a golden eagle. 1935. Oil on canvas.

(Сур. 8).

Ұшқан құс, жүгірген аңның ізі түспеген, мал баспаған жаңа қарды сонар деп атайды. Қалың түскен, аңшылыққа қолайлы сонар – қансонар. Қардың жұқа түсуіне байланысты оны келте

сонар, қырбақ сонар деген түрлерге бөлген. Сондай-ақ, қар жаумаса да, саятшылыққа қолайлы уақытты қара сонар деген. Сонардан қансонардың айырмашылығы қардың қалың болып жауғанында. Саятшылар ауа райы бұзыла салысымен қансонарға дайындалады. Яғни, аңға шығар алдында құсын, тазы иттерін және саят атын дайындайды (Әлімбай, 2017с: 576; Тоқтабай, 2005а: 116–126). Қансонарға шығу көшпелі ортадағы серуеннің ең тамаша түрі болып табылады. Әр ер жігіттің сәніне баланған құс, тазы ит, мінген атының ғана емес, өзінің де сыналатын тұсы осы қансонар уақыты. Мұндайда құсбегі, тазы асыраған аңшы мен аңшылықты тамашалайтын топты ертіп қансонарға аттанады. Жолай кездескен олжа болса, бас тартпайды. Ауа райы бұзылып аяз күшейсе, саятшылар құсы айнып, тазысы тоңып қалмауының амалын қарастырады. Аңшылар құс пен тазыны орап, аттың алдына өңгеріп жүреді. Бұл туындыны Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңімен мазмұндық сабақтастықта қарастыруға болады. Абай бұл өлеңінде аңшылықтың қызықты сәттерін сипаттап, қансонар көрінісін көз алдымызға елестетеді. Әбілхан Қастеев осы дәстүрді көркемөнер туындысында көрсетеді.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдағанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.

Әбілхан Қастеевтің еңбектерінен қазақтың дәстүрліөмірінежаңаөзгерістердіңенуінбайқауға болады. Яғни, суретші өз шығармашылығында дәуірдің ғылыми-техникалық жетістіктеріне назар аударды. Автор бейнелеу нысанына шексіз қазақ даласын кесіп өтетін темір жол құрылысын алды. Сюжет суретшінің өмірбаянымен тығыз байланысты болды. Суретші 1927–1929 жылдары Түрксіб теміржол магистралінде жұмысшы болып еңбек еткен. Түрксіб – елдің екі бөлігін, Түркістан мен Сібірді жалғаған КСРО-ның аса маңызды стратегиялық нысаны. Суретшінің 1932 жылы жазған «Түрксіб» шағын форматтағы графикалық жұмысы осы тақырыпқа арналған алғашқы жұмысы болып саналады. Кейіннен осы жұмыс *«Түрксіб» (1969. Кенеп, майлы бояу)* монументалды кескіндемелік туындысында көрініс тапты (Сарыкулова, 1986: 22). Туындыда жазық далада жүріп келе жатқан паровозға қарап тұрған түйе үстіндегі қария бейнесі арқылы жаңа техника мен қазақтың дәстүрлі өмірінің бір арнада тоғысуы көрсетілген (Сур. 9).

Композициядағы түйе – қазақ тұрмысында қастерлі төрт түліктің бірі. Көшсе көлігі, мінсе малы болған. Сүті мен еті азық ретінде, жүні мен терісі киім мен әртүрлі бұйым жасауға пайдаланылған. Қазақ тұрмысында киіз үй мен тұрмыстық бұйымдарды көшіруде түйе мен жылқы көлік ретінде пайдаланылған. Соның ішінде, түйе ұзаққа шығатын көш жолдарының



Сур. 9. Түрксіб. 1932. Қағаз, акварель. Инв. № 588-гр
Fig. 9. Turksib. 1932. Watercolor on paper.

басты көлігі болған.

ХХ ғасырда Қазақстанда ұжымдастыру мен индустрияландыру бағдарламалары жүзеге асырыла бастады. Нәтижесінде алғашқы өнеркәсіп орындары ашылып, жүздеген колхоз құрылды (Джадайбаев, 2024: 11). Социалистік қайта құрудың маңызды бағыттарының бірі – «мәдени революция» міндеттері бейнелеу өнерінде де көрініс таба бастады. Әбілхан Қастеев осы бағдарламалардың іске асуына куә болды. Осы мақсатта *«Колхоз тойы» (1937. Кенеп, майлы бояу)* туындысы жарыққа шығады (Сур. 10). Әбілхан Қастеев дәстүрлі қазақ тұрмысына жаңа техниканың келуін сол жылдардың жаңалығы ретінде еш боямасыз, әрбір элементіне дейін жіті бейнелеген. Шатыр астына топтасқан ерлер мен әйелдер, жас пен кәрі – бәрі ортақ қуанышқа бөленген. Олардың назарын өзіне тартып тұрған – патефон мен бірнеше күйтабақ. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары мен қымыз жаңаша сипатта бейнеленген. Суретшінің шығармашылығындағы басты тақырып – адам еңбегі. Оның туындыларында ауыр еңбек болса да, қуаныш пен жеңілдікке толы бақытты өмірдің нышанына айналады. Адам еңбегі суретші үшін сарқылмас тақырып болып, адамға көмекке келген техникалық жетістіктерді назарымызға ұсынады (Ергалиева, Шарипова, 2014: 18–19). Қазақстандағы өнеркәсіп, мал және егін шаруашылығы суретші шығармашылығының бейнелеу нысанына айналды. Әсіресе, суретшіні ауыл шаруашылығы техникасы қызықтырды. Оның кескіндемесі мен графикасында комбайндар, тракторлар, жүк көліктері, элеваторлар және басқа да техникалық құралдар орын алған.

Көшпенділер үшін төрт түлік мал еті негізгі азықтардың бірі болып саналады. *«Асылған ет» (1940. Қағаз, акварель)* туындысында киіз үйдің ішінде дастарқанды айнала отырып, асылған ет жеп отырған ерлер мен әйелдер бейнеленген. Есік босағасында тұрған әйел мен ер адам үйдің иелері сынды, жанында ер адам қымызды сабада піспекпен араластырып тұр (Сур. 11).

Қазақта қонақ күтуде басты астың бірі ет болған. Ет – той-думандарда, қонақ күткенде дәстүрлі ас-тағам мәдениетінде сыйластықты білдіретін әлеуметтік қатынастың бір түрі. Ет асарда қонақтарына байланысты ет жасау дәстүрі болған. Ет жасау – піскен етті қонақтарға тартар алдында табаққа мүшелеп салу. Кішігірім қонақ күткенде, той-томалақта алдын ала әрбір мүше қонақтардың мәртебесіне қарай дәстүрлі тәртіппен тартылады. Қонақ шақыру үрдісі қазақ тұрмысында қонақжайлық дәстүрімен тығыз байланысты салт-жоралардың бірі болып қалыптасқан. Қонақ шақыру – сыйластықтың, құрметтің, туыстық және әлеуметтік ортаны нығайтудың белгісі. Келетін қонақтарға алдымен табақ жасалады. Табақ жасау – малдың піскен



Сур. 10. Колхоз тойы. 1937. Кенеп, майлы бояу. Инв. № 385-ж
Fig. 10. Collective farm festival. 1937. Oil on canvas.



Сур. 11. Асылған ет. 1940. Қағаз, акварель. Инв. № 610-гр
Fig. 11. Boiled meat dish. 1940. Watercolor on paper.

кәделі мүшелері мен жіліктерін қонақтардың дәрежесіне қарай арнайы табақтарға бөліп салу. Одан кейін табақшы етті таратып, қызмет көрсеткен. Дәстүрлі қазақ ортасында үлкен тойда, аста киіз үйлердің ара қашықтығы алыс болған жағдайда, табақшының ет салынған табақтарды ошақ басынан үйлерге таратуы сән-салтанаттың белгісі болған. Табақ тарту – бес-алты адамға арналған, сыбағалы мүшелер салынған табақты қонақтарға ұсыну. Сондықтан әр табаққа адамдардың жас мөлшеріне, қонақтардың мәртебесіне байланысты лайықталып жасалды (Әлімбай, 2017е: 270). Мысалы, құда-құдағиға жамбас, күйеу балаға төс, дос-жарандарға жауырын сияқты сыбағалы мүшелері болады. Ет жеудің өзіндік әдебі бар. Мысалы, ет жеу – табақтас адамдардың мүшелеп салынған етті қабылдау үрдісі. Қазақтың дастарқан басында табақ тартылған соң ерлер бәкісін шығарып, өзіне тиісті кәделі мүшеден алып, өз пышағымен кесіп жейді. Дегенмен, ет жеудің әдебінде әр өңірде өз ерекшеліктері бар. Суретшінің өнер туындыларының ішіндегі тағы бір тарихи мазмұнда салынған *«Құрғақшылық кезіндегі молда дұғасы» (1941. Қағаз, акварель)* атты құнды шығармасы тасаттыққа арналған. Құрғақшылық



Сур. 12. Құрғақшылық кезіндегі молда дұғасы. Қағаз, акварель. 1941. Инв. № 573-гр
Fig. 12. Mullah praying for rain in a time of drought. 1941. Watercolor on paper.

кезінде тасаттық беру ғұрпы көшпелілердің ежелден келе жатқан дәстүрі.

Ғылыми деректерге сүйенсек, тасаттық құрғақшылық кезде көктен жаңбыр тілеп, құрбандық шалу және басқа да рәсімдерді қамтитын көне дәуірлерден бері жалғасып келе жатқан діни-мистикалық ұжымдық салт болып табылады (Мустафина, 1992: 123–126). Суретші бұл еңбегінде молданың Құранды ағаш бағанаға байлап қойып оқуын, оның аяғының астындағы кілемге жиналған тиындарды және құрбандық шалу рәсімін бейнелей отырып, тасаттық ғұрпының кеңестік дәуірдегі көріністерін көрсеткен. Суретшінің туындысынан тасаттық беру ғұрпында сол кезеңдегі өзгерістерді көруге болады (Сур. 12). Қазіргі күнге дейін құрғақшылыққа байланысты түркі халықтарында, оның ішінде қазақ халқында тасаттық беру салты өзектілігін жойған жоқ. Алайда әр өңірде әртүрлі сипатта өткізіледі.

Әбілхан Қастеевтің *«Қарындасының портреті» (1930. Қағаз, акварель), «Сәнді костюм киген қазақ қызы» (1936. Қағаз, акварель), «Қалыңдықты күйеу жігіттің үйіне әкелу» (1937. Қағаз, акварель)* жұмыстарын қазақтың ұлттық киімін зерделеудегі маңызды этнографиялық дерек ретінде қарастыруға болады (Сур. 13: 1–3). Даланың өмірі мен негізгі кәсібіне байланысты қазақ халқының ұлттық киім кию дәстүрінің ерекшелігін байқауға болады. Қазақтың дәстүрлі киім үлгілері күнделікті қолданыста өзгеріске ұшырағанымен, олар ұлттық мәдениетті зерттеуде маңызды этнографиялық дерек болып қала береді. Бұл туындылардағы киім үлгілері жүріп-тұруға және ат үстіндегі көшпелі өмір салтына бейімделіп қалыптасқан. Әйелдердің киімі ерлердің киіміне қарағанда күрделірек келеді. Жас ерекшелігі мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайға байланысты киінудің өзіндік тәртібі болған. Киім кию үрдісі климаттық және өңірлік ерекшеліктерге байланысты болған. Киімді әшекейлеуде де әр аймақтың өзіндік әдістері болған (Әлімбай, 2017с: 269). Дәстүрлі әйел киімінің негізгі түрлері ретінде үкілі бөрік, бүрмелі көйлек, кимешек, қамзол, кәзекей және шапан сияқты киімдер осы



1 2 3

Сур. 13.
1 – Қарындасының портреті. 1930. Қағаз, акварель. Инв. № 3259-гр
2 – Сәнді костюм киген қазақ қызы. 1936. Қағаз, акварель. Инв. № 968-гр
3 – Қалыңдықты күйеу жігіттің үйіне әкелу. 1937. Қағаз, акварель. Инв. № 574-гр
Fig. 13.
1 – Portrait of a sister. 1930. Watercolor on paper. Инв.
2 – Kazakh girl in a festive costume. 1936. Watercolor on paper.
3 – Arrival of the bride at the groom's house. 1937. Watercolor on paper.

туындыларда бейнеленген. Әсіресе, әйелдердің киіміне асыл тастардан зергерлік әшекейлер қондырылған. Сонау заманнан наным-сенім қызметін атқарған әрбір әшекей бұйым ерекше эстетикалық талғаммен жасалған. Жоғарыда аталған туындылардағы бейнелер осының айғағы.

Суретшінің көркем шығармаларындағы қазақ халқының дәстүрлі ерекшелігін айқындайтын ұлттық колориттік құрылым бар. Бояу мен түстерді талғаммен қолданудың қазақ этнографиясымен байланысты символдық мәні болған. Мысалы, көк түс – аспанның, қызыл түс – оттың, қара-қоңыр – жердің т.б. белгісі. Бейнелеу өнеріндегі түстер туындының мазмұнына көркемдік жағынан белгілі бір мән берген. Заманның талабына сай киім кию дәстүрінің өзгерісін суретшінің келесі еңбектерінен аңғаруға болады. *«Шөп шабу» (1934. Кенеп, майлы бояу), «Колхоз тойы» (1937. Кенеп, майлы бояу)* жұмыстарында әйелдердің киімінде біртіндеп жаңа, заманауи стильдің элементтері пайда болғанын байқаймыз. Сол кезеңдегі тұрмыстық киім үлгілерінде жаңа стильге тән қарапайымдылық пен қолайлылық көрініс тапқан.

Алынған нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде Әбілхан Қастеевтің көркемөнер мұрасын этнографиялық тұрғыдан зерделеу, суретшінің еңбектерін тарихи-мәдени дерек ретінде қарастырудың ғылыми мүмкіндіктері айқындалды. Зерттеу суретшінің қазақтың тұрмысы мен мәдениетіне арналған туындыларын маңызды этнографиялық дерек ретінде қарастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Туындылар композицияларындағы этнографиялық элементтер белгілі бір тарихи кезеңдегі қазақтың күнделікті өмір салтын, мәдениетін танытатын құнды мәліметтер жүйесін құрайды. Атап айтқанда, суретшінің еңбектеріндегі сол уақыттағы киім-кешек, тұрмыстық бұйымдар, адамдардың өмір сүру ортасы, мал шаруашылығы және қолөнер туралы пайымдауға болады. Суретші кейіпкерлерінің өмір сүрген дәуірін табиғи әрі көркем түрде көрсетуге ұмтылған. Оның шығармаларынан туған жер тарихын, халық дәстүрі мен әдет-ғұрпын, ұлттық киім үлгілерін терең білгені байқалады. Жүргізілген талдау қарастырылған бейнелеу өнері туындыларының этнографиялық ақпаратты жеткізудегі әлеуетін көрсетеді. Әбілхан Қастеевтің еңбектері дәстүрлі қазақ ортасын зерттеуге маңызды деректік негіз бола алады деген тұжырым жасалды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Әбілхан Қастеевтің туындыларында қазақтың тұрмысы мен мәдениетіне байланысты элементтер дәстүрлі қазақ ортасындағы адамның әрекетімен және белгілі әлеуметтік ортамен сабақтастыра берілген. Зерттеудің маңыздылығы музей қорындағы бейнелеу өнері туындыларын этнографиялық дерек ретінде талдау арқылы қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени болмысын нақтылаумен байланысты. Әбілхан Қастеевтің шығармашылығы Қазақстандағы ұлттық бейнелеу өнерінің қалыптасу үдерісінде маңызды орын алады. Оның туындыларында еуропалық бейнелеу тәсілдері қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен дәстүрлі мәдениетінің мазмұнымен сабақтастырылған.

Мақалада Әбілхан Қастеевтің еңбектеріндегі этнографиялық ерекшеліктеріне қатысты мәселелер қарастырылды. Бейнелеу өнерінің материалдары кеңінен қолданылып, олардың негізінде қазақтың тұрмысы, мәдениеті қарастырылды. Қазақтың тұрмыс-тіршілігін зерттеуде суретшінің туындылары арқау болды. Музей қорындағы өнер материалдарын этнографиялық деректермен салыстыра зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қорыта келгенде, осы еңбекте қазақтың салт-дәстүрлері, адамдардың сыртқы келбеті, тұрмыста қолданылған бұйымдар, ұлттық тағамдар туралы мол деректер қамтылды. Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің қорындағы суретші туындыларының қазақтың тұрмысы мен мәдениетін зерделеудегі музейлік этнография үшін маңызы зор. Әбілхан Қастеевтің шығармашылығын этномузеология, этнография және тарих тоғысында кешенді зерттеу аталған салалардың деректік базасын толықтыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Арғынбаев Х., 1987. Қазақ халқының қолөнері: ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы: Өнер. 128 б.
2. Әлімбай Н., (ғылыми редактор және жоба жетекшісі). 2017a. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. 1-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция». 856 б.
3. Әлімбай Н., (ғылыми редактор және жоба жетекшісі). 2017b. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. 2-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция». 848 б.
4. Әлімбай Н., (ғылыми редактор және жоба жетекшісі). 2017c. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. 3-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция». 856 б.
5. Әлімбай Н., (ғылыми редактор және жоба жетекшісі). 2017d. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. 4-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция». 832 б.
6. Әлімбай Н., (ғылыми редактор және жоба жетекшісі). 2017e. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. 5-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция». 816 б.
7. Джадайбаев А.Ж., 2024. Абылхан Кастеев. Полотна мои – мои дети, все одинаково дороги для меня // Абылхан Кастеев: альбом-каталог. Живопись, графика. Алматы: Государственный музей искусств РК имени А. Кастеева. 320 с.
8. Ергалиева Р.А., 2002. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана: живопись, скульптура. Алматы: НИЦ «Ғылым». 183 с.
9. Ергалиева Р.А., Шарипова Д.С., 2014. Абылхан Кастеев. Алматы: «Әдебиет әлемі». 292 с. ISBN 978-601-7414-50-4.
10. Каскабасов С.А., Ергалиева Р.А., Жумасеитова Г.Т., Кирабаев С.С., Кундакбайулы Б., Кузембаева С.А., Рахмадиев Е., Тельжанов К.Т.-Б., Валиханов Ш.Е., 2013. История казахского искусства. Том 3: Искусство Казахстана нового и новейшего времени. Алматы: «Арда». 864 с.
11. Какабаев Б., Темиртон Г., Турсынбаева Ш., 2017. Абылхан Кастеев как художник и этнограф: к изучению социокультурных и этнографических аспектов творчества (на основе фондов Центрального государственного музея Республики Казахстан) // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки». № 4 (55). С. 286–292.
12. Кобжанова С.Ж., 2012. Мировые художественные традиции в развитии живописи Казахстана (1930–1980-е годы). Монография. Алматы. 164 с.
13. Музей туралы. URL: https://nmirk.kz/about (қаралған күні 25.06.2026)
14. Мустафина Р.М., 1992. Представления, культы, обряды у казахов. Алма-Ата: Қазақ университеті. 176 с.
15. Резникова Е.И., 2024. Творчество Абылхана Кастеева в казахстанском искусствоведении: к историографии вопроса // Кастеевские чтения-2024 «Наследие Кастеева в контексте современности»: материалы научно-практической конференции. Алматы. С. 7–17.
16. Сарыкулова Г., 1986. Начало пути // Абылхан Кастеев: альбом-каталог / Сост. Б. Барманкулова. Алма-Ата: Онер. 156 с.
17. Тоқтабай А., 2005a. Қазақтардың аңшылыққа, құсбегілікке, балық аулауға байланысты жора-жосындары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: Бір тұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С. Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы. Б. 116–126.
18. Тоқтабай А., 2005b. Қымызмұрындық // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: Бір тұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С. Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы. Б. 266–268.
19. Шмидт Сигурд., 1997. Путь историка: Избранные труды по источниковедению и историографии. Москва: Издательство РГГУ. 612 с.
20. Шоқпарұлы Дәркембай., 2005. Альбом. Алматы: Өнер. 176 б.
21. Юренева Т., 2003. Музееведение: учебник для высшей школы. Москва: Академический Проект. 560 с.
22. Ruby J., 1996. Visual anthropology // Encyclopedia of Cultural Anthropology. New York. Available at:

http://astro.temple.edu/~ruby/ruby/cultanthro.html (accessed: 20.05.2026).

References

1. Argynbaev Kh., 1987. Qazaq khalqynyn qoloneri: Gylymi-zertteu enbek [Traditional Crafts of the Kazakh People: A Research Study]. Almaty: Oner. 128 p. [in Kazakh].

2. Alimbay N., (scientific editor and project leader). 2017a. Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriyalar, ugumdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and terms]. Entsiklopediya. Vol. 1. Almaty: TOO «Alem Damu Integratsiya». 856 p. [in Kazakh].

3. Alimbay N., (scientific editor and project leader). 2017b. Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriyalar, ugumdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and terms]. Entsiklopediya. Vol. 2. Almaty: TOO «Alem Damu Integratsiya». 848 p. [in Kazakh].

4. Alimbay N., (scientific editor and project leader). 2017c. Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriyalar, ugumdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and terms]. Entsiklopediya. Vol. 3. Almaty: TOO «Alem Damu Integratsiya». 856 p. [in Kazakh].

5. Alimbay N., (scientific editor and project leader). 2017d. Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriyalar, ugumdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and terms]. Entsiklopediya. Vol. 4. Almaty: TOO «Alem Damu Integratsiya». 832 p. [in Kazakh].

6. Alimbay N., (scientific editor and project leader). 2017e. Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriyalar, ugumdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and terms]. Entsiklopediya. Vol. 5. Almaty: TOO «Alem Damu Integratsiya». 816 p. [in Kazakh].

7. Jadaibaev A.Zh., 2024. Abylkhan Kasteev. Polotna moi – moi deti, vse odinakovo dorogi dlya menya [Abylkhan Kasteev. My paintings are my children and all of them are very precious for me] // Abylkhan Kasteev. Albom-katalog. Zhivopis, grafika. Almaty: Gosudarstvennyi muzei iskusstv RK imeni A. Kasteeva. 320 p. [in Russian].

8. Ergalieva R.A., 2002. Etnokulturnye traditsii v sovremennom iskusstve Kazakhstana: zhivopis, skulptura [Ethnocultural traditions in contemporary art of Kazakhstan: painting, sculpture]. Almaty: NITs «Gylum». 183 p. [in Russian].

9. Ergalieva R.A., Sharipova D.S. 2014. Abylkhan Kasteev [Abylkhan Kasteev]. Almaty: «Adebiet alemi». 292 p. ISBN 978-601-7414-50-4. [in Russian].

10. Kaskabasov S.A., Ergalieva R.A., Zhumaseitova G.T., Kirabaev S.S., Kundakbaiuly B., Kuzembaeva S.A., Rakhmadiev E., Telzhanov K.T.-B., Valikhanov Sh.E. 2013. Istoriya kazakhskogo iskusstva. Tom 3: Iskusstvo Kazakhstana novogo i noveishego vremeni [History of Kazakh art. Vol. 3: The Art of Kazakhstan in the Modern and Contemporary Periods]. Almaty: «Arda». 864 p. [in Russian].

11. Kakabaev B., Temirton G., Tursynbaeva Sh., 2017. Abylkhan Kasteev kak khudozhnik i etnograf: k izucheniyu sotsiokulturnykh i etnograficheskikh aspektov tvorchestva (na osnove fondov Tsentralnogo gosudarstvennogo muzeya Respubliki Kazakstan) [Abylkhan Kasteev as an Artist and Ethnographer: Toward the Study of the Sociocultural and Ethnographic Aspects of His Work (Based on the Collections of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan)] // Vestnik KazNPU imeni Abaya, seriya «Istoricheskie i sotsialno-politicheskie nauki». No. 4 (55). P. 286–292. [in Russian].

12. Kobzhanova S.Zh., 2012. Mirovye khudozhestvennye traditsii v razvitii zhivopisi Kazakhstana (1930–1980-e gody) [World Artistic Traditions in the Development of Painting in Kazakhstan (1930s–1980s)]. Monografiya. Almaty. 164 p. [in Russian].

13. Muzei turaly [About the Museum]. URL: https://nmirk.kz/about (accessed: 25.06.2026).

14. Mustafina R.M., 1992. Predstavleniya, kulty, obryady u kazakhov [Beliefs, cults, and rituals among the Kazakhs]. Alma-Ata: «Qazaq universiteti». 176 p. [in Russian].

15. Reznikova E.I., 2024. Tvorchestvo Abylkhana Kasteeva v kazakhstanskom iskusstvovedenii: k istoriografii voprosa [The Work of Abylkhan Kasteev in Kazakhstani Art History: On the Historiography of the Issue] // Kasteevskie chteniya-2024 «Nasledie Kasteeva v kontekste sovremennosti»: materialy nauchno-prakticheskoi konferentsii. Almaty. P. 7–17. [in Russian].

16. Sarykulova G., 1986. Nachalo puti [The beginning of the journey] // Abylkhan Kasteev: Albom-katalog / Sostavitel B. Barmankulova. Alma-Ata: Oner. 156 p. [in Russian].

17. Toqtabai A., 2005a. Qazaqtardyn anshylyqqa, qusbegilikke, balyq aulauga bailanysty zhora-zhosyndary

[Kazakh Rituals and Customs Associated with Hunting, Falconry, and Fishing] // Qazaq khalqynyn dasturleri men adet-guryptary. 1-tom: Bir tutastygy zhane ereksheligi / Qurastyrgan S. Azhigali. Almaty: «Arys» baspasy. P. 116–126. [in Kazakh].

18. Toqtabai A., 2005b. Qymyzmuryndyq [Celebration of the First Kumis of the Season] // Qazaq khalqynyn dasturleri men adet-guryptary. 1-tom: Bir tutastygy zhane ereksheligi / Qurastyrgan S. Azhigali. Almaty: «Arys» baspasy. P. 266–268. [in Kazakh].

19. Shmidt Sigurd., 1997. Put istorika: Izbrannye trudy po istochnikovedeniyu i istoriografii [The Historian's Path: Selected works on source studies and historiography]. Moskva: Izdatelstvo RGGU. 612 p. [in Russian].

20. Shoqparuly Darkembay., 2005. Albom [Album]. Almaty: Oner. 176 p. [in Kazakh].

21. Yureneva T. 2003. Muzeevedenie: Uchebnik dlya vysshei shkoly [Museology: Textbook for higher education]. M.: Akademicheskii Proekt. 560 p. [in Russian].

22. Ruby J., 1996. Visual anthropology // Encyclopedia of Cultural Anthropology. New York. Available at: http://astro.temple.edu/~ruby/ruby/cultanthro.html (accessed: 20.05.2026). [in English].

Абильдаева Л.О.
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан
e-mail: lauraartkz@gmail.com

БЫТ И КУЛЬТУРА КАЗАХСКОГО НАРОДА В КОЛЛЕКЦИИ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА МУЗЕЯ (НА ОСНОВЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБЫЛХАНА КАСТЕЕВА)

Жүкей қорымы Ақмола облысының Біржан сал ауданындағы Қызылүйым ауылынан солтүстік-солтүстік-батысқа (ССБ) қарай 1,1 км, Жүкей көлінен оңтүстік-батысқа қарай 0,2 км жерде, салыстырмалы түрде биіктеу келген қырдың жазық бөлігінде орналасқан.

Қорым құрамында барлығы 9 нысан анықталған. Сыртқы сипаттарының ерекшеліктеріне сәйкес аталған 9 нысанды хронологиялық тұрғыдан екі ірі тарихи кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңді қола дәуіріне мерзімделетін жерлеу нысандары құраса, екінші кезеңге кейінгі қазақ дәуіріне жататын жерлеу құрылыстары жатады (сур. 2).

Жүкей қорымындағы нысандар көп жағдайда ССШ–ООБ сызығы бойынша орналасқан. Нысандардың кеңістікте орналасу ерекшеліктеріне қарай қорым аумағындағы ескерткіштер екі топқа бөлінген. Оңтүстік топта №1–8 нысандар орналасқан. Бұл топтың ішінде өзінің өлшемдері бойынша №4 және №8 нысандар ерекшеленеді. Одан солтүстікке қарай 85 м жерде №9 нысан жеке-дара салынған.

2025 жылғы далалық маусымда Жүкей 1 қорымындағы жалпы саны 6 нысанға археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Далалық жұмыстардың бастапқы кезеңінде қорымның жалпы топографиялық жоспарын жасау мақсатында DJI Mavic 3 ұшқышсыз ұшу аппараты пайдаланылды. Аэрофототүсірілім



Сур. 2. Жүкей қорымының жоспары.
Fig. 2. Plan of the Zhukey burial ground

Кесте 1. Жүкей қорымындағы нысандардың сипаттамасы
Table 1. Description of the archaeological features at the Zhukey burial ground

Нысан атауы	Орналасқан жері	Өлшемдері	Үйінді ерекшелігі
№1 нысан	Қорымның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан	d – 3,5 м; h – 0,15 м	Тас және топырақ аралас үйінді
№2 нысан	№1 нысаннан шығысқа қарай, қорымның оңтүстік бөлігінде орналасқан	d – 4 м; h – 0,2 м	Тас үйінді
№3 нысан	Қорымның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан	d – 4 м; h – 0,15 м	Шаршы пішінді тас шоғыр
№4 нысан	Қорымның орталық бөлігінің оңтүстігінде орналасқан	d – 10 м; h – 0,45 м	Тас және топырақ аралас үйінді
№5 нысан	№4 нысанның солтүстігінде орналасқан	d – 3 м; h – 0,4 м	Тас үйінді
№6 нысан	Қорымның орталық бөлігінде, №5 нысанның солтүстігінде орналасқан	d – 6 м; h – 0,4 м	Тас үйінді
№7 нысан	№6 нысанның солтүстік-батысында орналасқан	5,2×3,5 м; h – 0,4 м	Төртбұрыш тәрізді тас шоғыр
№8 нысан	№6 нысанның солтүстік-шығысында орналасқан	d – 12 м; h – 0,45 м	Дөңгелек пішінді тас шоғыр
№9 нысан	Қорымның негізгі шоғырынан солтүстікке қарай жеке орналасқан	d – 14 м; h – 0,4 м	Тас үйінді шоғыры

нәтижесінде алынған деректер негізінде қорымның ортофотожоспары құрастырылып, нысандардың кеңістіктік орналасу схемасы тіркелді.

Обаларды қазу жұмыстары дала археологиясында қалыптасқан дәстүрлі әдістемеге сәйкес жүргізілді. Атап айтқанда, обаның стратиграфиялық ерекшелігін бақылау мақсатында оның орта тұсынан оңтүстік–солтүстік бағытта ені 0,4 м бақылау жалқабағы қалдырылды. Бұл тәсіл топырақ пен тас қабаттарының кезектесу ретін, нысанның құрылымдық ерекшеліктерін және қабір шұңқырының ерекшелігін тіркеуге мүмкіндік берді.

Қазба жұмыстары. №1 нысан. Тас-топырақты обаның диаметрі 3,5 м, биіктігі 0,15 м. Оба солтүстік–оңтүстік бағытта жалқабақ қалдыру арқылы шығыс және батыс секторларға бөлінді. Алдымен шым қабаты алынып, тастары тазаланды. Тас үйіндіге орташа көлемді тастар пайдаланылған. Тас үйінді алынған соң обаның орталық бөлігінен солтүстік–оңтүстік бағытта созылған сопақ пішінді қабір дағы анықталды. Қабір дағының ұзындығы – 1,5 м, ені – 0,6 м. Әрі қарай зерттеу барысында қабір шұңқырының іші таспен толтырылғаны анықталды. 0,3 м тереңдіктен анатомиялық тәртіпте жатқан адам қаңқасы ашылды. Мәйіт шалқасынан жатқызылған, басы солтүстік-батысқа қаратылған. Қабір шұңқырының шекаралары толықтай ашылды. Тонау салдарынан адам қаңқасы толық сақталмаған. Заттық материалдар табылмады.

№4 нысан. Оба диаметрі 10 м, биіктігі 0,45 м болатын тас-топырақты үйіндіден тұрады. Ірі тастардан салынған. Обаның орталық бөлігінен тонау шұңқыры анық байқалады. Тонау шұңқырының диаметрі 1,5 м.

Үйінді батыс–шығыс және солтүстік–оңтүстік бағытта 2 жалқабақ қалдыру арқылы төрт секторға бөлінді. Жалқабақтардың жалпақтығы 0,4 м. Қазба кезінде бірінші кезекте шым қабаты алынды. Шым қабаты алынғаннан кейін астынан дұрыс емес шеңбер пішінді тас құрылыс анықталды. Тас құрылыстың тастары

жан-жағына шашырап жатыр. Дұрыс емес шеңбер пішінді құрылыстың өлшемдері 6,6×6,0 м. Тас құрылыстың ішкі жерлеу камерасы шаршы пішінді. Өлшемдері 3,1×3,15 м. Ішкі камерасының тек жоғарғы бөлігінен ғана жануар сүйегі табылды. Басқа сүйек немесе артефактілер табылмады. Қатты тонауға ұшыраған. Құрылыс қабырғасының жалпақтықтары 1,9×1,1 м. Сақталып қалған құрылыстың биіктігі – 0,45 м. Тас құрылыстың шығыс қабырғасына тас құрылыс тіркесе салынған. Қабырғалары тақта тастардан қаланған, шығыс қабырғасы шағын жабынды түрінде. Кіреберіс бөліктің ішінде тақта тастар жайпақ қаланған. Сақталып қалған бөліктің батыс–шығыс бағытындағы ұзындығы 1,05 м, ені 1,25 м. Шығыс қабырғаға тіркесе салынған құрылыс «шығыс культіне» негізделген дромос қызметін атқарған болуы мүмкін.

Құрылыстың оңтүстік қабырғасынан тігінен тұрған тас стелалардың төменгі бөліктері байқалады. Жоғарғы бөліктері сынған. Басқа қабырғаларынан байқалмайды.

Тас құрылыстың сыртқы қоршауы дұрыс емес шеңбер пішінді сақина түрінде болғанымен, кей тұстарында тастар түзу сызық бойымен орналасқан. Бұл бастапқыда сыртқы қоршау шаршы пішінді құрылым болған деген болжам жасауға негіз береді. Тек құрылыс тастарын алып кету салдарынан бастапқы пішінін анықтау қиындық тудырады.

Қазба жұмыстары құрылыстың ішкі жерлеу камерасында жалғасты. Жерлеу камерасы негізінен ұсақ тастар және топырақпен толтырылған. Жерлеу камерасының жоғарғы бөлігінен төмен қарай 0,1 м жерден адам сүйектерінің бөліктері шықты. Сақталуы өте нашар. Жерлеу камерасының оңтүстік бөлігінен 0,2 м тереңдікте ағаш қалдықтарының шіріндісі табылды. 0,4 м тереңдікте материк шықты. Қатты тоналған.

Обаның СБ секторынан, О–С жалқабақтан солтүстікке қарай 30 см жерде, тас құрылыстың сыртқы қабырғасынан тастардың астынан қола найза ұшы табылды. Ұзындығы 15 см, жалпақтығы 4 см, қалыңдығы 0,6 см. Бүтін сақталған. Оның жанында жылқының тістері, тұяғы мен қабырға сүйегінің бөлігі табылды. Материкке қойылған. Қазбаның ОБ секторынан О–С жалқабаққа жақын жерден, тас құрылыстың сыртқы жағынан көне жер деңгейінен қола пышақ бөлігі табылды. Сақталған пышақ бөлігінің ұзындығы 8,3 см, жалпақтығы 1,3 см, қалыңдығы 0,35 см. Сақталуы орташа (сур. 3).


№9 нысан. Оба диаметрі 14 м, биіктігі 0,4 м болатын тас үйіндіден тұрады. Тас үйіндінің тек төменгі бөлігі ғана сақталған. Тастар шашыраңқы күйде тіркелді. Қазба басталар алдында аэрофототүсірілім жасалып, нысан шекаралары белгіленді.

Қазба обаны төрт секторға бөлу арқылы жүргізілді. Жалқабақ солтүстік–оңтүстік және батыс–шығыс бағыт бойынша салынды. Ені – 0,4 м.

Алдымен қалыңдығы 0,05–0,10 м болатын шым қабаты алынды. Шым қабаты тазаланған соң оның астынан тас үйінді анық көрінді. Диаметрі 12,8 м. Үйіндінің беткі қабатын зерттеу барысында оның бірнеше тас шоғырынан тұратыны анықталды. Тастар негізінен ұсақ және орташа көлемді, жалпақтау пішінді болып келеді. Үйінді тастары шашыраңқы және біркелкі орналаспаған. Зерттей келе, оба тастарының шаруашылық мақсатта алынғандығы белгілі болды. Қызылүйым ауылы тұрғындарының айтуынша, өткен ғасырдың 60–70-жылдары бұл тастар үй іргетастарын салуға пайдаланылған.

Оба үйіндісінің шеткі бөліктерінде тастар сиректеу жатыр. Үйіндінің орталық және ортаңғы бөліктерінде тастар тығыз орналасқан. Орталық бөлігінде шеңбер тәрізді жерлеу камерасы бар. Диаметрі 3,9 м. Жерлеу камерасының шетіне ірі жалпақ тастарды жиектеп қойған. Пайдаланылған тастардың орташа өлшемдері 0,6×0,3×0,2 м. Тас жиектеме жерлеу камерасының солтүстік, шығыс және батыс бөліктерінде біршама анық сақталған. Ал ОБ және ОШ бөліктерінде тастары алынып кеткен. Жерлеу камерасының іші таяз. Материкте жерлеу шұңқыры байқалмайды. Мәйіт материк деңгейіне қойылған немесе құрылыс ұрыптық сипатта жасалған болуы мүмкін.

Обаның солтүстік-батыс секторынан, тас құрылыстың сыртқы қабырғасы маңынан найза ұшы табылды. Артефакт тас қабатының астында, материк деңгейіне қойылған күйде анықталды. Найза ұшы ортасынан сынған және екі бөліктен тұрады. Сыну сипаты заттың әдейі сындырылып, жерлеу рәсімі барысында орналастырылғанын көрсетеді. Найза ұшының жалпы ұзындығы 27,6 см, жүзінің орталық бөлігі 3,7 см, ұңғысының диаметрі 3,4 см, жүзінің жалпақтығы 0,6 см. Сақталуы өте жақсы. Сондай-ақ қоладан жасалған кельт табылды. Кельт құрылыстың оңтүстік-батыс секторында, тас құрылыстың сыртқы



Сур. 3. Жүкей қорымы. 1 – найза ұшының бөліктері; 2 – кельт; 3 – найза ұшы; 4 – пышақ бөлігі; 1, 2 – № 9 оба; 3, 4 – № 4 оба.
Fig. 3. Zhukey burial ground. 1 – fragments of a spearhead; 2 – celt; 3 – spearhead; 4 – fragment of a knife; 1, 2 – Kurgan No. 9; 3, 4 – Kurgan No. 4.

жағынан, жалпақ тастың астынан анықталды. Ұзындығы 12,5 см, ені 4,4 см, ортасы 3,6 см, жүзі жағы 4,4 см, ілгегінің өлшемдері 3,3×2,6 см (сур. 3). Кельт табылған жерден оңтүстікке қарай 0,25 м қашықтықтан қойдың ұсақ қабырға сүйектері табылды. Көне жер деңгейіне қойылғандығы байқалады.

Қоладан жасалған артефактілер мен ұсақ мал сүйектерінің нысанның батыс бөлігінде шоғырлануы, сондай-ақ орталық бөлігінде адам жерлеуінің анықталмауы жерлеу орнының ғұрыптық қызмет атқарған болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Талдау

Жүкей қорымында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлер бойынша зертханалық талдаулар жүргізілді. Олардың ішінде радиокөміртекті, антропологиялық және металлографиялық сараптамалар бар.

Радиокөміртекті сараптама. Жүкей қорымындағы №4 және №9 нысандардағы сүйек үлгілерінің нақты жасын анықтау мақсатында радиокөміртекті сараптама жүргізілді. Сараптамаға үлгілер №4 және 9 нысандардың батыс жағынан табылған ұсақ мал сүйектерінен алынды. Сараптама Vilnius Radiocarbon (Вильнюс, Литва) орталығында жүргізілді, ал нәтижелері OxCal v4.4.4 бағдарламасында IntCal20 қисығы бойынша калибрленді (кесте 2).

Антропологиялық зерттеу. Қазба барысында №1 обадан табылған остологиялық материалдарға антропологиялық талдау

Кесте 2. Радиокөміртекті мерзімдеу нәтижелері
Table 2. Radiocarbon dating results

Үлгі	Радиокөміртектік жас	68,3% ықтималдық	95,4% ықтималдық
FTMC-MU97-1	3241 ± 32 BP	1534–1493; 1481–1452 cal BC	1609–1577; 1561–1554; 1546–1432 cal BC
FTMC-MU97-2	3171 ± 32 BP	1496–1476; 1459–1418 cal BC	1506–1395; 1333–1326 cal BC

жұмыстарын ҚР Ұлттық музейінің Физикалық антропология зертханасының ғылыми қызметкері Т. Касымханова жүргізді.

Индивидтің посткраниальды қаңқасынан екі иық сүйегі (humerus), асықты жілік (tibia) пен шыбық сүйек (fibula), екі кәрі жілік сүйегі (radius), екі өкше сүйегі (calcaneus), аяқтың қайықша (naviculare) және текше (cuboideum) сүйектері, екі жамбас сүйегі (os coxae) сақталған. Осьтік қаңқадан сегізкөз (os sacrum) бен бір кеуде омыртқасы (vertebra thoracica) жеткен, бірақ сақталу жағдайына байланысты оның реттік деңгейін анықтау мүмкін болмады. Бас сүйек (cranium) пен төменгі жақ сүйегі (mandibula) жерлеуде кездеспеді.

Жынысы жамбас сүйектерінің морфологиялық белгілер кешені бойынша стандартты өлшемдерге сай анықталды (Buikstra, Ubelaker, 1994). Жас ерекшелігі Mehmet Yaşar İşcan мен Maryna Steyn әдісімен зерттелді (İşcan, Steyn, 2013). Дене ұзындығы иық сүйегінің максималды ұзындығы негізінде Trotter және Gleser (Trotter, Gleser, 1958) формуласы бойынша анықталды. Нәтиже әдістің стандартты қателігі ескеріле отырып келтірілген.

Металлографиялық талдаулар. Зерттеулер Металлургия және кен байыту институты мамандары тарапынан атқарылды. Элементтік құрамды талдау Niton XL3T портативті рентгенофлуоресценттік анализаторында түсті қорытпаларға арналған және жалпыгеологиялық калибрлеу режимдерінде жүргізілді. Элементтік құрам тотық қабатын алып тастағаннан кейін анықталды.


Құрылымды зерттеу Leica DM IRM инверттелген микроскопы негізіндегі металлографиялық жұмыс станциясында 75-тен 1500 есеге дейінгі үлкейтулерде жүргізілді. Металл емес қосындылар тоттандыруға (травление) дейін, ал металдың құрылымы тоттандырудан кейін зерттелді. Құрылымды анықтау шарттары: концентрлі тұз қышқылына малынған мақта тампонмен сүрту арқылы тоттандыру. 1–4 үлгілердің микроқұрылымы тотық қабатын алып тастап, ажыратылған металл бетін тегістеу мен жылтырату (полировка) жүргізілгеннен кейін тікелей үлгі бетінде зерттелді.

Алынған нәтижелер

Жүкей қорымындағы обалар мен қоршауларды зерттеу барысында алынған деректерді нақтылау үшін ескерткіштің архитектуралық құрылымы мен сараптама нәтижелерін Көкше–Бурабай аймағындағы бұрын зерттелген ескерткіштердің деректерімен салыстырудың маңызы зор. Аталған аймақта қола дәуірінің жерлеу ескерткіштері туралы тың деректер мен тарихнамалық шолулар біршама жарияланған (Оразбаев, 1958; Зданович, 1988). Алайда соңғы кезеңдердегі тың деректерді С.А. Ярыгин мен С.К. Сакеновтың (Ярыгин, Сакенов, 2024) зерттеу жұмыстарынан аңғаруға болады. Бұл зерттеулер қола дәуірінің мерзімделу мәселесін ғана емес, ескерткіштердің құрылымдық, жерлеу және ғұрыптық сипаттағы мәселелерін де көтеруде.

Жүкей қорымындағы №4 қоршау обасы архитектуралық құрылымы жағынан Орталық Қазақстанда көптеп кездесетін соңғы қола дәуірінің кесенелі жерлеу және қоршаулы обаларына ұқсас келеді. Бұл жерде обаның қоршау сақиналары мен шығысқа бағытталған дәліз типті құрылысының бар екенін атап өткен жөн. Дәлізді (дромос) құрылыс бұған дейін федоров мәдениетінің Қызылтөбе қорымының №9 қоршауынан анықталған (Сакенов және т.б., 2022). Өңірдегі қоныстық және жерлеу ескерткіштерінде сарғара мәдениеті мен беғазы-дәндібай мәдениетінің материалдары қатар кездесуі де мәселені біржақты қорытуға келмейтіндігін көрсетеді. Мысалы, Жүкей II қорымындағы №8 жерлеу камерасынан беғазы-дәндібай мәдениетінің қышы, жерлеу жәшігінен тыс орналасқан №11 еске алу кешенінде сарғара мәдениетінің қышы табылған (Мартынюк, Зданович, 1985).

Сонымен қатар обаның шығыс бөлігіндегі тас стеланың анықталуы да мәселенің тағы бір жағын көрсетеді. С. Сакенов өз зерттеулері бойынша Көкшетау аймағында анықталған тас стелалар федоров мәдениетінің тұрғындары арасында пайда болды деген тұжырымға келеді, алайда андронға дейінгі қола дәуірі ескерткіші Тажеғұл қорымынан да тас стеланың табылғанын ескертеді (Ярыгин, Сакенов, 2024). Ол осы аймақтан анықталған деректер бойынша тас стелалар қою дәстүрінің ерте темір дәуірінде жалғасқанын атап өтіп, ғұн-сармат кезеңіндегі үлгілеріне де тоқталған. Ә.Х. Марғұлан түсіндірмесіндегі тас стела (менгир, қойтас) қою дәстүрінің қола дәуірінен басталып, орта ғасырлар арқылы этнографиялық кезеңге дейін жалғасқанын ескерсек (Бейсенов және т.б., 2014), Жүкей ескерткіші үшін де біржақты



Сур. 4. Жүкей 1 қорымы. Қара сандар: 1 – №9 оба; 2 – №4 оба. Қызыл сандар: 1 – найза ұшының бөліктері; 2 – кельт; 3 – найза ұшы; 4 – пышақ бөлігі
Fig. 4. Zhukey-1 burial ground. Black numbers: 1 – Kurgan №9; 2 – Kurgan №4. Red numbers: 1 – fragments of a spearhead; 2 – celt; 3 – spearhead; 4 – fragment of a knife.

қорытындыға келу асығыстық болар еді.

Жүкей қорымынан анықталған назар аударуға тұрарлық табылымдардың бірі – қоладан жасалған кельт. Еуразия кеңістігінде табылған, қола дәуірі мен ерте темір дәуіріне өтпелі кезеңдерге жататын қола кельттердің түрлері, қолданылу ерекшеліктері және қандай ескерткіштерден (қоныстар, жерлеу ескерткіштері, көмбелер) анықталғандығы іргелі зерттеулерде қарастырылған (Кузьмина, 1966; Черных, Кузьминых, 1989). Аталған ғалымдар қола кельттердің ағаш және жер өңдеуге, соғыста қару ретінде қолданылуы мүмкін екенін, сондай-ақ ғұрыптық қызметін де атап өтеді. Біз қарастырып отырған қола кельттің обаның оңтүстік бөлігіндегі тас қоршау түбінен анықталғандығын және обадан қоладан жасалған сынған найза ұшының табылғандығын ескерсек, нысанның жауынгерлік сипаттағы ғұрыптық кешен ретінде пайдаланылғанын болжауға болады.

Қазба барысында табылған тағы бір ерекше металл бұйым – жапырақ пішінді, сап орнатуға арналған ұңғысында тесіктері бар найза ұшы. Морфологиялық сипатына қарағанда, аталған табылым орта және соңғы қола дәуірінде (б.з.б. II мыңжылдықтың ортасы мен I мыңжылдықтың басы) Еуразияның далалық және орманды дала аймақтарының дамыған қола құю дәстүрінде жиі кездесетін ұңғылы, жапырақ пішінді найза ұштарына ұқсайды. Жерлеу ескерткіштері, көмбелер мен қоныстардан анықталған осындай найзалардың санаттары мен типтері ғылыми әдебиеттерде егжей-тегжейлі талданған (Кузьмина, 1966; Черных, Кузьминых, 1989; Аванесова, 1991; Джумабекова, Базарбаева, 2013).

Жүкей қорымынан алынған екі үлгіге жүргізілген радиокөміртектік талдау нысандардың қола дәуіріне жататындығын нақтылай түседі. FTMC-MU97-1 үлгісінің радиокөміртектік жасы 3241 ± 32 BP, ал FTMC-MU97-2 үлгісінікі 3171 ± 32 BP болды. Алынған нәтижелер OxCal бағдарламасы арқылы калибрленді.

Бірінші үлгінің 68,3% ықтималдық деңгейіндегі калибрленген мерзімдері 1534–1493 және 1481–1452 cal BC аралықтарын қамтиды. 95,4% ықтималдық деңгейінде оның мерзімі 1609–1577, 1561–1554 және 1546–1432 cal BC аралықтарына сәйкес келеді. Екінші үлгі бойынша 68,3% ықтималдық деңгейінде 1496–1476 және 1459–1418 cal BC, ал 95,4% деңгейінде 1506–1395 және 1333–1326 cal BC аралықтары анықталды.

Екі үлгінің калибрленген нәтижелерін салыстыру олардың хронологиялық интервалдарының едәуір бөлігінде өзара сәйкес келетінін көрсетеді. Әсіресе 95,4% ықтималдық

деңгейінде бірінші үлгінің 1546–1432 cal BC аралығы мен екінші үлгінің 1506–1395 cal BC аралығы 1506–1432 cal BC шегінде қабаттасады. 68,3% ықтималдық деңгейінде де жекелеген ортақ интервалдар байқалады. Бұл нәтижелер екі үлгінің хронологиялық тұрғыдан бір-біріне жақын кезеңге жататынын көрсетеді.

Осылайша, радиокөміртектік деректер Жүкей қорымындағы зерттелген нысандардың мерзімделуін б.з.б. II мыңжылдықтың ортасына жақындатады. Сонымен бірге екі датаның өзара қабаттасуы қорымның жекелеген нысандарының бір хронологиялық кезең аясында қалыптасқан болуы мүмкін екенін көрсетеді. Алайда радиокөміртектік нәтижелердің өздері нысандардың салыну немесе пайдаланылу уақытын бір мезгілмен шектеуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан қорымның хронологиялық орнын анықтауда радиокөміртектік деректерді археологиялық құрылымдар, табылған заттар және олардың стратиграфиялық жағдайымен кешенді түрде қарастыру қажет.

№1 обада жерленген адамның жамбас сүйектерінің морфологиясы бойынша индивидтің жынысы әйел деп анықталды. Қайтыс болу кезіндегі жасы Adultus–Maturus санатына, яғни 30–45 жасқа сәйкес келеді. Иық сүйегінің (humerus) максималды ұзындығы 302 мм-ді құрады. Trotter және Gleser формуласы бойынша есептелген дене ұзындығы 159,4 см-ге тең, әдістің стандартты қателігін ескергенде ықтимал диапазон 154–164 см аралығын құрайды.

Сақталған кеуде омыртқасы денесінде 16,6×5,5 мм өлшемді сызықтық Шморль түйіні



Сур. 5. Кеуде омыртқасындағы сызықтық Шморль түйіні
Fig. 5. Linear Schmorl's node in a thoracic vertebra.

байқалды (сур. 5).

Тіркелген зақымданудың пішіні мен өлшемі Шморль түйіндерінің қалыпты морфологиялық өзгергіштік диапазонына сай келеді. Олар домалақ, сызықтық немесе аралас пішінде болуы мүмкін, кейде контуры бойынша V, H, L немесе U әрпіне ұқсайды. Шморль түйіндерінің әр түрлі популяциялардағы таралу жиілігі 2-ден 76 пайызға дейін өзгереді; егде жастағы және жас индивидтер арасында үлкен айырмашылық көрсетпейді (Ortner, 2003). Патологияның пайда болу факторларына диск дегенерациясы, жарақат және сүйек тінінің метаболикалық бұзылыстары жатады (Faccia, Williams, 2008). Клиникалық әдебиетте сызық тәрізді зақымдану түрі көбіне жарақатпен байланыстырылады, ал домалақ түйін баяу қалыптасады (Fahey et al., 1998).

Кесте 3. Металдың элементтік құрамы (№4 оба)
Table 3. Elemental composition of the metal artefacts from Kurgan №4.

№ р/с	Анықталатын ерекшеліктердің атауы, өлшем бірліктері	Сынақ нәтижелері бойынша нақты мәндер (Найза, №4 оба)		Сынақ нәтижелері бойынша нақты мәндер (Пышақ, №4 оба)	
		«Металдар» калибрлеуі	«Жалпыгеологиялық» калибрлеу	«Металдар» калибрлеуі	«Жалпыгеологиялық» калибрлеу
1.	Сурьма (Sb), мас. %	0.348		0.050	
2.	Хром (Cr), мас. %	0.019		0.113	
3.	Қалайы (Sn), мас. %	0.126		1.428	
4.	Висмут (Bi), мас. %	0.010		0.032	
5.	Қорғасын (Pb), мас. %	0.418		0.170	

6.	Мырыш (Zn), мас. %	0.337		0.383	
7.	Темір (Fe), мас. %	0.235		0.061	
8.	Мыс (Cu), мас. %	98.470		97.049	
9.	Титан (Ti), мас. %			0.008	
10.	Ванадий (V), мас. %			0.029	
11.	Кремний (Si), мас. %			0.639	
12.	Никель (Ni), мас. %			0.031	
13.	Кремний (Si), мас. %		0.207		0.429
14.	Мышьяк (As), мас. %		0.182		
15.	Күкірт (S), мас. %		0.465		0.075
16.	Күміс (Ag), мас. %		0.063		0.037

Кесте 4. Металдың элементтік құрамы (№9 оба)
Table 4. Elemental composition of the metal artefacts from Kurgan №9.

№ р/с	Анықталатын ерекшеліктердің атауы, өлшем бірліктері	Сынақ нәтижелері бойынша нақты мәндер (Кельт, №9 оба)		Сынақ нәтижелері бойынша нақты мәндер (найза, №9 оба)	
		«Металдар» калибрлеуі	«Жалпыгеологиялық» калибрлеу	«Металдар» калибрлеуі	«Жалпыгеологиялық» калибрлеу
1.	Сурьма (Sb), мас. %	0.021			
2.	Никель (Ni), мас. %			0.031	
3.	Хром (Cr), мас. %	0.036		0.022	
4.	Қалайы (Sn), мас. %	0.774		0.029	
5.	Висмут (Bi), мас. %	0.020		0.038	
6.	Қорғасын (Pb), мас. %	0.089		0.040	
7.	Мырыш (Zn), мас. %	0.359		0.375	
8.	Темір (Fe), мас. %	0.082		0.053	
9.	Мыс (Cu), мас. %	98.274		99.399	
10.	Ванадий (V), мас. %	0.026			
11.	Кремний (Si), мас. %	0.293			
12.	Мышьяк (As), мас. %		1.152		1.154
13.	Күміс (Ag), мас. %		0.036		0.030
14.	Күкірт (S), мас. %		0.072		
15.	Кремний (Si), мас. %				0.308

Қорытынды

Жүкей қорымында жүргізілген құрылымдық, жерлеу және ғұрыптық археологиялық қазба жұмыстары ескерткіштің ерекшеліктері туралы жаңа деректер беруге

мүмкіндік берді. №1 нысаннан анықталған адам жерлеуі қорымның жеке жерлеу дәстүрін көрсетсе, №4 және №9 нысандардан табылған тас құрылымдар мен металл бұйымдар (пышақ, кельт, найза ұштары) бұл нысандардың ғұрыптық сипатта болғанын дәлелдейді. Нысандардың архитектуралық құрылымындағы айырмашылықтарға қарамастан, барлығында тас материалдарын пайдалану дәстүрінің ортақ болуы қорымның біртұтас мәдени-хронологиялық кеңістік аясында қалыптасқанын көрсетеді.

Радиокөміртекті мерзімдеу нәтижелері зерттелген №4 және 9 нысандардың қола дәуіріне, атап айтқанда б.з.б. II мыңжылдықтың ортасына жақын кезеңге жататынын нақтылады. Металлографиялық талдаулар қола бұйымдардың құрамдық ерекшеліктерін анықтауға, ал антропологиялық зерттеу жерленген индивидтің жыныстық-жастық сипаттамасын белгілеуге мүмкіндік берді. Жүкей қорымынаналынғанкешендіархеологиялықжәне зертханалық деректер Солтүстік Қазақстанның қола дәуіріндегі жерлеу-ғұрыптық дәстүрлерін, ескерткіштердің құрылымдық ерекшеліктерін және ежелгі металл өңдеу технологияларын зерттеу үшін маңызды дереккөз болып табылады және өңірдің тарихи-мәдени дамуын одан әрі зерделеуге негіз қалайды.

Әдебиеттер

1. Аванесова Н.А., 1991. Культура пастушеских племен эпохи бронзы азиатской части СССР (по металлическим изделиям). Ташкент: Фан. 201 с.

2. Акишев К.А., 1959. Памятники старины Северного Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. 7. Алма-Ата. С. 3–31.

3. Бейсенов А.З., Варфоломеев В.В., Касеналин А.Е., 2014. Памятники бегазы-дандыбаевской культуры Центрального Казахстана. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. 192 с.

4. Варфоломеев В.В., Бедельбаева М.В., 2025. Радиоуглеродная хронология памятников эпохи поздней/финальной бронзы Центрального Казахстана // Археология Казахстана. №2 (28). С. 56–73. DOI: https://doi.org/10.52967/akz2025.2.28.56.73.

5. Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А., 2013. Художественные бронзы Жетысу. Алматы. 120 с.

6. Доумани Дюпюй П.Н., Буллион Э., Гумирова О., Жунисханов А.С., Исин А.И., Киясбек Г.К., Меркл Э., Рахманкулов Е.Ж., Ташманбетова Ж.Х., 2020. Археологические исследования памятника Кокен (Восточный Казахстан): предварительные результаты // Маргулановские чтения – 2020. Т. 2. С. 68–81.

7. Дүйсенбай Д.Б., Қасенәлі А.Е., Шокатова А.Қ., 2024. Терісаққан-Есіл өзендері алқабындағы ескерткіштерге жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. Т. 146. №1. Б. 45–66. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-146-1-45-66.

8. Евдокимов В.В., 2001. Эпоха бронзы степей Центрального и Северного Казахстана: автореф. дис. … д-ра ист. наук. Алматы. 36 с.

9. Евдокимов В.В., Варфоломеев В.В., 2002. Эпоха бронзы Центрального и Северного Казахстана: учеб. пособие. Караганда: Изд-во КарГУ. 138 с.

10. Зданович Г.Б., 1988. Бронзовый век Урало-Казахстанских степей (основы периодизации). Свердловск: Изд-во Уральского ун-та. 184 с.

11. Кузьмина Е.Е., 1966. Металлические изделия энеолита и бронзового века в Средней Азии. Москва: Наука. 149 с. (Свод археологических источников. Вып. В4-9).

12. Қасенәлі А., Дүйсенбай Д., Есен С., Қызырхан М., 2023. Сарыоба археологиялық кешеніндегі 2022 жылғы зерттеу жұмыстарының нәтижелері // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. №4 (111). Б. 158–168.

13. Мартынюк О.И., Зданович С.Я., 1985. Погребальные памятники позднего бронзового века в Кокчетавской области // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. Челябинск: Изд-во Башкирского ун-та. С. 142–152.

14. Оразбаев А.М., 1958. Северный Казахстан в эпоху бронзы // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. 5. Алма-Ата. С. 216–294.

15. Сакенов С.К., 2024. Поселение скотоводов и металлургов эпохи бронзы Шагалалы II. Алматы: ИА КН МНВО РК. 360 с. (Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXIII).

16. Сакенов С.К., Ярыгин С.А., Ильдеряков Н.Н., 2022. Архитектура каменных сооружений эпохи бронзы в окрестностях Бурабая // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». №4 (108). С. 152–163. DOI: https://doi.org/10.31489/2022HPh4/152-163.

17. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Акмолинская область, 2009. Алматы: Аруна. 567 с.

18. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Северо-Казахстанская область, 2007. Алматы: Аруна. 496 с.

19. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Северо-Казахстанская область. Вып. 1. Айыртауский район, 2024. Алматы. 20 с.

20. Черных Е.Н., Кузьминых С.В., 1989. Древняя металлургия Северной Евразии (сейминско-турбинский феномен). Москва: Наука. 320 с.

21. Ярыгин С.А., Сакенов С.К., 2024. Каменные стелы и плиты в культовой практике населения Северного Казахстана II–I тыс. до н. э. // Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья. №17. С. 77–99. DOI: https://doi.org/10.53737/2713-2021.2024.80.43.004.

22. Buikstra J.E., Ubelaker D.H. (eds.), 1994. Standards for Data Collection from Human Skeletal Remains. Fayetteville, AR: Arkansas Archeological Survey. 72 p.

23. Faccia K.J., Williams R.C., 2008. Schmorl's nodes: clinical significance and implications for the bioarchaeological record // International Journal of Osteoarchaeology. Vol. 18. No. 1. P. 28–44. DOI: https://doi.org/10.1002/oa.924.

24. Fahey V., Opeskin K., Silberstein M., Anderson R., Briggs C., 1998. The pathogenesis of Schmorl's nodes in relation to acute trauma. An autopsy study // Spine. Vol. 23. No. 21. P. 2272–2275. DOI: https://doi.org/10.1097/00007632-199811010-00004.

25. İşcan M.Y., Steyn M., 2013. The Human Skeleton in Forensic Medicine. 3rd ed. Springfield, IL: Charles C Thomas. P. 108–111.

26. Ortner D.J., 2003. Identification of Pathological Conditions in Human Skeletal Remains. 2nd ed. San Diego: Academic Press. 645 p.

27. Trotter M., Gleser G.C., 1958. A re-evaluation of estimation of stature based on measurements of stature taken during life and of long bones after death // American Journal of Physical Anthropology. Vol. 16. No. 1. P. 79–123. DOI: https://doi.org/10.1002/ajpa.1330160106.

References

1. Avanesova N.A., 1991. Kultura pastusheskikh plemen epokhi bronzy aziatskoy chasti SSSR (po metallicheskim izdeliyam) [The culture of pastoral tribes of the Bronze Age in the Asian part of the USSR (based on metal artifacts)]. Tashkent: Fan. 201 p. [in Russian].

2. Akishev K.A., 1959. Pamyatniki stariny Severnogo Kazakhstana [Ancient monuments of Northern Kazakhstan] // Trudy Instituta istorii, arkheologii i etnografii AN KazSSR. Vol. 7. Alma-Ata. P. 3–31. [in Russian].

3. Beysenov A.Z., Varfolomeev V.V., Kasenalin A.E., 2014. Pamyatniki begazy-dandybaevskoy kultury Tsentralnogo Kazakhstana [Monuments of the Begazy-Dandybay culture of Central Kazakhstan]. Almaty: Institut arkheologii im. A.Kh. Margulana. 192 p. [in Russian].

4. Varfolomeev V.V., Bedelbaeva M.V., 2025. Radiouglerodnaya khronologiya pamyatnikov epokhi pozdney/finalnoy bronzy Tsentralnogo Kazakhstana [Radiocarbon chronology of Late/Final Bronze Age sites in Central Kazakhstan] // Arkheologiya Kazakhstana. No. 2 (28). P. 56–73. DOI: https://doi.org/10.52967/akz2025.2.28.56.73. [in Russian].

5. Dzhumabekova G.S., Bazarbaeva G.A., 2013. Khudozhestvennye bronzy Zhetysu [Artistic bronzes of Zhetysu]. Almaty. 120 p. [in Russian].

6. Doumani Dupuy P.N., Bullion E., Gumirova O., Zhuniskhanov A.S., Isin A.I., Kiyasbek G.K., Merkle A., Rakhmankulov E.Zh., Tashmanbetova Zh.Kh., 2020. Arkheologicheskie issledovaniya pamyatnika Koken (Vostochnyy Kazakhstan): predvaritelnye rezultaty [Archaeological investigations at the Koken site

(Eastern Kazakhstan): preliminary results] // Margulanovskie chteniya – 2020. Vol. 2. P. 68–81. [in Russian].

7. Duisenbay D.B., Kasenali A.E., Shokatova A.K., 2024. Terisakkan-Esil ozenderi alkabyndagy eskertkishterge zhurgizilgen zertteu zhumystarynyn natizheleri [Results of research on archaeological sites in the Terisakkan and Esil river valleys] // L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin khabarshysy. Tarikhi gylymdar. Filosofiya. Dintanu seriyasy. Vol. 146. No. 1. P. 45–66. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-146-1-45-66. [in Kazakh].

8. Evdokimov V.V., 2001. Epokha bronzy stepey Tsentralnogo i Severnogo Kazakhstana: avtoref. dis. … d-ra ist. nauk [The Bronze Age of the steppes of Central and Northern Kazakhstan: abstract of a dissertation for the degree of Doctor of Historical Sciences]. Almaty. 36 p. [in Russian].

9. Evdokimov V.V., Varfolomeev V.V., 2002. Epokha bronzy Tsentralnogo i Severnogo Kazakhstana: ucheb. posobie [The Bronze Age of Central and Northern Kazakhstan: a textbook]. Karaganda: Izd-vo KarGU. 138 p. [in Russian].

11. Zdanovich G.B., 1988. Bronzovyy vek Uralo-Kazakhstanskikh stepey (osnovy periodizatsii) [The Bronze Age of the Ural-Kazakhstan steppes (principles of periodization)]. Sverdlovsk: Izd-vo Uralskogo un-ta. 184 p. [in Russian].

12. Kuzmina E.E., 1966. Metallicheskie izdeliya eneolita i bronzovogo veka v Sredney Azii [Metal artifacts of the Eneolithic and Bronze Age in Central Asia]. Moscow: Nauka. 149 p. (Svod arkheologicheskikh istochnikov. Iss. V4-9). [in Russian].

13. Kasenali A., Duisenbay D., Esen S., Kyzyrkhan M., 2023. Saryoba arkheologiyalyk keshenindegi 2022 zhylgy zertteu zhumystarynyn natizheleri [Results of the 2022 research at the Saryoba archaeological complex] // KazUU khabarshysy. Tarikh seriyasy. No. 4 (111). P. 158–168. [in Kazakh].

14. Martynyuk O.I., Zdanovich S.Ya., 1985. Pogrebalnye pamyatniki pozdnego bronzovogo veka v Kokchetavskoy oblasti [Late Bronze Age burial sites in the Kokchetav region] // Eneolit i bronzovyy vek Uralo-Irtyshskogo mezhdurechya. Chelyabinsk: Izd-vo Bashkirskogo un-ta. P. 142–152. [in Russian].

15. Orazbaev A.M., 1958. Severnyy Kazakhstan v epokhu bronzy [Northern Kazakhstan in the Bronze Age] // Trudy Instituta istorii, arkheologii i etnografii AN KazSSR. Vol. 5. Alma-Ata. P. 216–294. [in Russian].

16. Sakenov S.K., 2024. Poselenie skotovodov i metallurgov epokhi bronzy Shagalaly II [Shagalaly II: a Bronze Age settlement of pastoralists and metallurgists]. Almaty: IA KN MNVO RK. 360 p. (Materialy i issledovaniya po arkheologii Kazakhstana. Vol. XXIII). [in Russian].

17. Sakenov S.K., Yarygin S.A., Ilderyakov N.N., 2022. Arkhitektura kamennykh sooruzheniy epokhi bronzy v okrestnostyakh Burabaya [Architecture of Bronze Age stone structures in the vicinity of Burabay] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». No. 4 (108). P. 152–163. DOI: https://doi.org/10.31489/2022HPh4/152-163. [in Russian].

18. Svod pamyatnikov istorii i kultury Respubliki Kazakhstan. Akmolinskaya oblast [Inventory of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Akmola region], 2009. Almaty: Aruna. 567 p. [in Russian].

19. Svod pamyatnikov istorii i kultury Respubliki Kazakhstan. Severo-Kazakhstanskaya oblast [Inventory of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. North Kazakhstan region], 2007. Almaty: Aruna. 496 p. [in Russian].

20. Svod pamyatnikov istorii i kultury Respubliki Kazakhstan. Severo-Kazakhstanskaya oblast. Vyp. 1. Ayyrtauskiy rayon [Inventory of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. North Kazakhstan region. Issue 1. Ayyrtau district], 2024. Almaty. 20 p. [in Russian].

21. Chernykh E.N., Kuzminykh S.V., 1989. Drevnyaya metallurgiya Severnoy Evrazii (seyminsko-turbinskiy fenomen) [Ancient metallurgy of Northern Eurasia (the Seima-Turbino phenomenon)]. Moscow: Nauka. 320 p. [in Russian].

22. Yarygin S.A., Sakenov S.K., 2024. Kamennye stely i plity v kultovoy praktike naseleniya Severnogo Kazakhstana II–I tys. do n. e. [Stone stelae and slabs in the ritual practices of the population of Northern Kazakhstan in the second–first millennia BC] // Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomorya. No. 17. P. 77–99. DOI: https://doi.org/10.53737/2713-2021.2024.80.43.004. [in Russian].

23. Buikstra J.E., Ubelaker D.H. (eds.), 1994. Standards for Data Collection from Human Skeletal Remains. Fayetteville, AR: Arkansas Archeological Survey. 72 p. [in English].

24. Faccia K.J., Williams R.C., 2008. Schmorl's nodes: clinical significance and implications for the

bioarchaeological record // International Journal of Osteoarchaeology. Vol. 18. No. 1. P. 28–44. DOI: https://doi.org/10.1002/oa.924. [in English].

25. Fahey V., Opeskin K., Silberstein M., Anderson R., Briggs C., 1998. The pathogenesis of Schmorl's nodes in relation to acute trauma. An autopsy study // Spine. Vol. 23. No. 21. P. 2272–2275. DOI: https://doi.org/10.1097/00007632-199811010-00004. [in English].

26. İşcan M.Y., Steyn M., 2013. The Human Skeleton in Forensic Medicine. 3rd ed. Springfield, IL: Charles C Thomas. P. 108–111. [in English].

27. Ortner D.J., 2003. Identification of Pathological Conditions in Human Skeletal Remains. 2nd ed. San Diego: Academic Press. 645 p. [in English].

28. Trotter M., Gleser G.C., 1958. A re-evaluation of estimation of stature based on measurements of stature taken during life and of long bones after death // American Journal of Physical Anthropology. Vol. 16. No. 1. P. 79–123. DOI: https://doi.org/10.1002/ajpa.1330160106. [in English].

Дуйсенбай Д.Б.[1], Надыров Ж.О.[2], Мусырманкул П.Б.[1], Касымханова Т.Б.[1], *Касенали А.Е.[3]

[1]Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан

[2]Международный фонд восстановления экосистемы Каспийско-Аральского бассейна и управления паводками, Астана, Казахстан

[3]Центр изучения и сохранения культурного наследия, Астана, Казахстан

e-mail: a.kassenali@gmail.com

РЕЗУЛЬТАТЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ НА МОГИЛЬНИКЕ ЖУКЕЙ

Аннотация. В настоящей статье рассматриваются некоторые результаты археологических научно-исследовательских работ, проведённых в ходе полевого сезона 2025 года на могильнике Жукей, расположенном близ села Кызылуйым района Биржан сал Акмолинской области. В составе могильника выявлено в общей сложности 9 объектов. В хронологическом отношении они охватывают два исторических периода: эпоху бронзы и позднее казахское время. В 2025 году раскопки проведены на 6 объектах. Из них два объекта, обозначенные как №4 и №9, относятся к эпохе бронзы, а объекты № 1–3 и 7 датируются этнографическим временем. Обнаруженные в ходе исследования археологические материалы были проанализированы в отечественных и зарубежных лабораториях. Применялись радиоуглеродный (Vilnius Radiocarbon, Вильнюс, Литва), антропологический (Национальный музей РК, Астана, Казахстан) и металлографический (Институт металлургии и обогащения, Алматы, Казахстан) методы исследования. Результаты археологических исследований и лабораторных анализов свидетельствуют о том, что объекты № 4 и 9 являлись культовыми сооружениями. В ходе исследования получены новые данные о структуре могильника Жукей, функциональных особенностях объектов и их хронологической атрибуции. Результаты комплексного исследования свидетельствуют о принадлежности объектов №4 и 9 к эпохе бронзы. Полученные материалы позволяют уточнить историко-культурные процессы развития, погребальные и ритуальные традиции Бурабайского региона в древности. Результаты исследования являются важным источником для комплексного изучения археологических памятников Северного Казахстана.

Ключевые слова: Сарыарка, Бурабай, Жукей, эпоха бронзы, могильник, погребение, кельт, наконечник копья

Для цитирования: Дуйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мусырманкул П.Б., Касымханова Т.Б., Касенали А.Е. Результаты археологических исследований на могильнике Жукей // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). С. 66-81 (каз.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.05

Duisenbay D.B.[1], Nadyrov Zh.O.[2], Musyrmankul P.B.[1], Kassymkhanova T.B.[1], *Kassenali A.E.[3]
[1]National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
[2]International Fund for the Restoration of the Caspian-Aral Basin Ecosystem and Flood Management, Astana, Kazakhstan
[3]Center for the Study and Preservation of Cultural Heritage, Astana, Kazakhstan
e-mail: a.kassenali@gmail.com

RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT THE ZHUKEY BURIAL GROUND

Abstract. This article presents selected results of archaeological research conducted during the 2025 field season at the Zhukey burial ground, located near the village of Kyzyluyym in the Birzhan Sal District of Akmola Region. A total of 9 structures have been identified within the burial ground. Chronologically, they span two historical periods: the Bronze Age and the late Kazakh period. In 2025, excavations were carried out at 6 structures. Of these, two structures, designated №4 and №9, belong to the Bronze Age, while structures №1–3 and 7 date to the ethnographic period. The archaeological finds recovered during the research were analysed in domestic and foreign laboratories. Radiocarbon (Vilnius Radiocarbon, Vilnius, Lithuania), anthropological (National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan) and metallographic (Institute of Metallurgy and Ore Beneficiation, Almaty, Kazakhstan) methods were applied. The results of archaeological investigations and laboratory analyses indicate that structures № 4 and 9 were ritual structures. The research has yielded new data on the layout of the Zhukey burial ground, the functional characteristics of its structures, and their chronological attribution. The results of the comprehensive study indicate that structures №4 and 9 date to the Bronze Age. The materials obtained make it possible to refine our understanding of the historical and cultural development, as well as the funerary and ritual traditions, of the Burabay region in antiquity. The findings constitute an important source for the comprehensive study of the archaeological sites of Northern Kazakhstan.

Keywords: Saryarka, Burabay, Zhukey, Bronze Age, burial ground, burial, celt, spearhead

For citation: Duisenbay D.B., Nadyrov Zh.O., Musyrmankul P.B., Kassymkhanova T.B., Kassenali A.E. Results of archaeological research at the Zhukey burial ground // Madeni mura. 2026. №3 (114). pp. 66-81 (in Kaz.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.05

Авторлар туралы мәлімет:
Дүйсенбай Данияр Болатбекұлы, археология магистрі, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің аға ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-3461-1390
Надыров Жанболат Орақұлы, Каспий-Арал бассейнінің экожүйесін қайта жаңғырту және су тасқынын басқару халықаралық қорының бас ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0009-0008-6893-8149
Мұсырманқұл Пердехан Бекмағамбетұлы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің аға ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0003-4683-485
Қасымханова Тамила Багнуровна, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің маманы, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0009-0008-3658-5924
Қасенәлі Айбар Ерболұлы, PhD, Мәдени мұраны зерттеу мен сақтау орталығының бас ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0001-8392-9007

Сведения об авторах:

Дуйсенбай Данияр Болатбекович, магистр археологии, старший научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-3461-1390

Надыров Жанболат Оракович, главный научный сотрудник Международного фонда восстановления экосистемы Каспий-Аральского бассейна и управления паводками, Астана, Казахстан.

ORCID: 0009-0008-6893-8149

Мусырманкул Пердехан Бекмагамбетович, старший научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0003-4683-4855

Касымханова Тамила Багнуровна, специалист Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

ORCID: 0009-0008-3658-5924

Касенали Айбар Ерланулы, PhD, главный научный сотрудник Центра изучения и сохранению культурного наследия, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0001-8392-9007

Information about the authors:

Daniyar Duisenbay, MA in Archaeology, Senior Research Fellow at the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-3461-1390

Zhanbolat Nadyrov, Chief Research Fellow at the International Fund for the Restoration of the Caspian-Aral Basin Ecosystem and Flood Management, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0009-0008-6893-8149

Perdekhan Musyrmankul, Senior Research Fellow at the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-4683-4855

Tamila Kassymkhanova, Specialist at the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0009-0008-3658-5924

Aibar Kassenali, PhD, Chief Research Fellow at the Center for the Study and Preservation of Cultural Heritage, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-8392-9007

IRSTI 03.41.91 https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.06

Utubayev Zh.[1], Suyundikova M.[1], Shagirbayev M.[1,2], *Akkaliyeva A.[1,2]
[1]Margulan Institute of Archaeology
[2]Farabi University
Almaty, Kazakhstan
*e-mail: aybobek.akkaliyeva@gmail.com

EGISTIK MAUSOLEUM: RITUAL RITES AND TRADITIONS OF SACRIFICE

Abstract. The article discusses archaeological items and their ritual context, identified from the Egistik mausoleum in the Babish Mola archaeological complex in the lower reaches of the Syrdarya. In the course of the study, the structural and technological features of the products were identified, their cultural and historical connections and chronological place were clarified. As a result of the analysis, it was found that ceramic products, non-ferrous metal ornaments, beads made of various materials, as well as samples of textiles with a polychrome pattern indicate the high social status of buried individuals. Archaeological materials from the mausoleum prove that the monument had a pronounced ritual and symbolic content. In addition, through archeozoological analysis of osteological materials found in the mausoleum, skeletal remains of domestic and wild fauna associated with burial rites were identified. An analysis of a total of 126 bones on taxonomic composition, age characteristics and anatomical structure showed that the archaeozoological collection was selectively formed. The data obtained means that animals were used in ritual and funerary practices associated with sacrificial and memorial ceremonies.

Keywords: Egistik mausoleum, pottery, wooden crockery, jewelry, archeozoology, sacrifices, funeral and memorial rites.

For citation: Utubayev Zh., Suyundikova M., Shagirbayev M., Akkaliyeva A. Egistik Mausoleum: ritual rites and traditions of sacrifice // Madeni Mura. 2026. №3 (114). Pp. 82-96 (in Eng)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.06

Introduction

In the second half of the first millennium BC, urbanization processes began to form in the southern part of the ancient channels of the Syrdarya. One of the main archaeological sites that clearly characterize this phenomenon is the Babish Mola settlement and the adjacent complex of concentrated monuments. In this territory, all the main features and structural elements characteristic of early urban culture were recorded.

The archaeological complex, generally known as «Babish Mola», was first introduced into scientific circulation in 1946-1948 through the research of the Khorezm archaeological and ethnographic expedition. From this region, the area of which covers an area of about 70-80 km^2, monuments of various types dating back to the ancient period are identified – townships, settlements without fortifications, individual residential buildings and burial facilities.

Later, in 2015, the route team of the Shikrabat archaeological expedition made a topographic survey of the monuments located in the Babish Mola complex and adjacent territories, and systematic archaeological excavations have been undertaken since then. Archaeological excavations at the Egistik Mausoleum, which correspond to our topic, were conducted in 2020. This object is located about 20 km south of the town of Babish Mola. The mausoleum is built in a round shape, with a diameter of 12,5 m and a height of more than 14 m. The internal space of the construction is divided into four sectors. The length of the cruciform wall in the central part is 11,5 m, the thickness ranges from 1,55 to 1,65 m. The sectors are connected to each other by corridors: the width of the corridor, directed from northwest to southwest, is 1,5 m, from southwest to southeast – 1,4 m, and from southeast to northeast – 1,45 m. Remains of reed mats have been identified from the floor of the

room. The funeral was carried out above the floor, on a stretcher or on wooden pedestals. Despite the fact that some of the burial sites were looted, well-preserved archaeological materials were found. Among them are ceramic vessels, candlesticks, clay spindle whorl, mirrors, fragments of wooden vessels and an iron knife, a gold necklace, bone and iron plaques, an iron arrowhead, a sharp stone, as well as stone and glass beads. In addition, fragments of ropes that were twisted from textile fabrics and plant fibers were also recorded.

As a result of the analysis of anthropological materials identified in the mausoleum, bone remains belonging to 42 individuals were recorded. This fact makes it possible to consider the object as a large dynastic-collective burial place (Utubayev et al., 2022: 31-46).

The osteological materials obtained during the study of the Egistik mausoleum are a valuable source for the reconstruction of the zoo component of funeral and ritual practices. The analysis of the taxonomic composition, anatomical representation of bones and age characteristics of animals allows to identify the features of the formation of this complex and assess the role of various types in the system of ritual actions related to the functioning of the mausoleum.

The results of the excavations showed that the mausoleum was repeatedly used for burial, as well as the procedures for cremation and placement of the body on wooden stretchers were carried out in parallel. Based on the archaeological research conducted by the Khorezm archaeological and ethnographic expedition (KAEE) in 1960–1965, L.M. Levina refers mausoleums with a bypass corridor to the early period of the culture of Shirikrabat. In addition, the scientist notes that in these mausoleums at the initial stage there were incineration (cremation) rituals (Weinberg, Levina, 1993: 37-55). Based on these conclusions, the Egistik Mausoleum can be considered as an early-term object belonging to the second group of funerary monuments of the Shirikabat culture.

Materials and research methods

The main data base of the article is a complex of archaeological materials identified during the excavation and research work carried out by ShRAE in 2020 at the Egistik Mausoleum. These materials are classified as ceramic and wooden vessels, household products, types of weapons, jewelry and paleozoological materials. Currently, all exhibits, except paleozoological materials, are kept in the funds of the Kyzylorda Regional Museum of local history, and animal bones are collected in the funds of the Margulan Institute of Archeology.

Paleozoological materials, jewelry, as well as pottery and wooden crockery are analyzed in detail, which are the basis for the reconstruction of the ritual-ceremonial system, culture and worldview of the inhabitants of the region.

In the process of research, ceramic and wooden vessels identified from the Egistik Mausoleum, as well as products of decorative and applied art, were comprehensively examined, a set of morphological, typological and comparative-historical methods were used. As a result of the form analysis, the general shape features of the vessels were identified and a typological grouping was carried out in accordance with morphological features. On this basis, the purpose of their use was determined, the technology of creation, the features of shaping and morphological differences were described. In addition, the shape, structure, manufacturing technique and decorative elements of ornamental-applied products were examined, their functional and symbolic meaning was analyzed. Using the method of comparative analysis, the materials of the studied monument were compared with data from other archaeological complexes, the similarities and differences were systematized. Based on these comparisons, the analogues of the products, the distribution area, cultural and historical links and the chronological place were clarified. In addition, the ritual content of individual products was interpreted with the involvement of ethnographic data.

Кеңес өкіметі кезінде осы тақырыпқа байланысты этноархеологиялық зерттеулер Қазақстанның басқа да аймақтарында жүргізілген. Мысалы, 1969–1970 жж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі К. Ақышевтың тікелей басшылығымен палеоэтнографиялық топ құрылып, С. Жолдасбаев Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстанның кейбір аудандарындағы Қазақ хандығы кезеңіне жататын ескерткіштерде қазба жұмыстарын жүргізді (Жолдасбаев, 2017: 17).

Соңғы жылдары қазақ қыстауларын тарихи-мәдени мұралар санатына енгізуге және этноархеологиялық тұрғыдан зерттеуді ғылыми мәселе етіп көтеріп жүрген отандық ғалымдар да бар. Қарағанды облысында барлау, тіркеу жұмыстарымен қатар қазақтың тарихи тұлғалары Ә. Бөкейханның Жекежал, С. Сейфуллиннің Қарашілік қыстауларында реставрациялық жұмыстар жүргізілген. Ә. Ермековтің туған жері Бөріктас қыстауына (Шашенов, Бейсенов, 2023: 136–146) және Ж. Ақбаевтың мекені болған Көлдібұлақ қыстауына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді (Бейсенов, Шашенов, 2022: 235–240).

Ғалымдардың бір тобы Қарағанды облысымен іргелес жатқан Ақмола облысының Есіл-Сілеті өзендері, Қоянды-Қойтас, Ерейментау өңірлерінде де зерттеу жұмыстарын жасады. Атап айтқанда, Бозоқ II, Қозыкөш (Ганиева және т.б., 2022: 19–24; Хабдулина, 2022: 9–15; Тлеугабулов, 2022: 25–29), Сарқырама (Дукомбайев, 2020: 136–158), Жиенқұл қыстауларына қазба жұмыстары жүргізіліп, нәтижелері ғылыми жарияланымдарда жарық көрді (Тлеугабулов, 2024: 721–729).

Мақала авторларының тікелей қатысуымен бұған дейін Ерейментау өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді барлау, тіркеу жұмыстары барысында да бірқатар қазақ қыстаулары есепке алынып, сипаттамалары жасалған (Касеналин

және т.б., 2019: 70–82).

Жалпы, өңірдегі қазақ қыстауларына қатысты жанама деректер болғанымен, тікелей зерттеу жүргізілген нысандар саны өте шектеулі. Жоғарыда көрсетілген Жиенқұл қыстауынан басқа зерттеу жүргізілген ескерткіш нысаны жоқ. Осындай бірнеше себепті ескере отырып, Ерейментау өңірінде орналасқан Жиенбай қыстауы бойынша кешенді зерттеу жұмыстары қолға алына бастады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланың негізгі ғылыми дерегін Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Тайбай ауылының аумағында орналасқан Жиенбай қыстауында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде алынған материалдар құрайды. Сонымен бірге осыған дейін зерттелген нысандар мен табылған заттай деректер Жиенбай қыстауындағы материалдармен салыстыру үшін қосымша дерек ретінде пайдаланылды. Зерттеу барысында стратиграфиялық қазба салу арқылы археологиялық деректерді алу, жинау, сұрыптау әдістері және сол деректер бойынша ғылыми қорытындылар жасау барысында тарихи-салыстырмалы әдіс кеңінен қолданылды. Қыстау маңындағы қорымнан табылған құлпытас мәтінін оқу арқылы эпиграфиялық талдаулар жасалды. Құлпытастағы адам есімі, туыстық жүйесі, ру атауы, шежірелік тарихы мен жер-су атаулары, хронологиялық көрсеткіштері мәтінтану және деректанулық тұрғыдан қарастырылды.


Талдау

Жиенбай қыстауын зерттеу ғылыми тұрғыдан бірнеше мәселені анықтауға мүмкіндік береді. Алдымен Есіл мен Сілеті өзендерінің аралығы мен Ерейментау өңіріне археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, бірнеше қазақ қыстауы тіркеуге алынып, құжаттамалары толтырылды. Нәтижесінде Ерейментау, Қоянды-Қойтас сияқты таулы аумақтардағы қыстауларды шығыс, оңтүстік және солтүстік беткейлердегі жазықтарға орналасқан, ал Есіл, Сілеті, Кедей, Ақмырза, Өлеңті өзендерін бойлай орналасқан қыстауларды алқапты жазықта орналасқан деп ажыратуға болады. Аталған деректер осы уақытқа дейінгі зерттеулерде айтылып жүрген таулы өңірдегі «беткейлі топографиялық» немесе «жазық топографиялы» жерлерде орналасатын қыстаулардың орналасу тәртібіне ұқсас келеді (Бейсенов, 2019: 27).

Барлау жұмыстары барысында Жиенбай қыстауы ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізуге оңтайлы нысан ретінде таңдалып, археологиялық қазба жасалды.

Жиенбай қыстауы – Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Тайбай ауылының аумағына кіретін Жиенбай өзенінің сол жағалауынан солтүстік-батысқа қарай 3 км, Ерейментау аудан орталығынан оңтүстік-шығыс бағытта 12,6 км жерде орналасқан.

Қыстау 5 тұрғын үйден және оларға жапсарластыра салынған қоралардан, 1 қазақ



Сур. 1. Жиенбай қыстауының орналасу картасы
Fig. 1. Location map of the Zhienbai wintering site



Сур. 2. Жиенбай қыстауының қазбадан кейінгі көрінісі
Fig. 2. Post-excavation view of the Zhienbai wintering site



Сур. 3. Жиенбай қыстауындағы қазбаның сызбасы
Fig. 3. Plan of the excavation at the Zhienbai wintering site

қорымынан (бейіт) тұрады (Сур. 1). Үйлердің барлығы таудың етегінде оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай еніске салынған.

Қазақ қорымы № 5 тұрғын үйден шығысқа қарай 70 м жерде орналасқан. Ұзындығы 25 м, ені 18 м. Жалпы ауданы 450 шаршы метр шамасында. Қорымның аумағын түгелдей қалың қарағай, тобылғы басқан. Бейіттердің де қабырғалары аса биік емес, кейбіреуі құлаған. Сондықтан мұнда нақты қанша жерлеу орны бар екендігін анықтау қиын. Сырт көзге қорымда 10-нан аса құрылыс бары байқалады. Бейіттің оңтүстік қабырғасының сыртында шалқасынан құлап жатқан, жергілікті табиғи қызыл гранит тастан қашалып жасалған араб жазуы бар құлпытас (көктас) болды. Құлпытастың ұзындығы 1,57 м, бас жағындағы жалпақтығы 0,37 м, төменгі жағында 0,33 м, қалыңдығы 0,07 м.

Зерттеу үшін № 3 тұрғын үй таңдап алынып, жалпы ауданы 266 м² қазба салынды. Бұл нысан оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай созыла орналасқан екі бөлмелі тұрғын үйден және солтүстігінде жапсарластыра салынған тас қорадан тұрады. Қазба салынардан бұрын қыстау қабырғалары қалың шөптен, құлаған топырақтан, шым қабатынан көрінбей, сұлбасы ғана байқалып, жал болып жатты. Солтүстік-шығысында негізгі нысанның қасындағы жапсарлас жатқан қораның тас бөліктері басып жатқандықтан, олар да қазбаға қоса алынды. Оңтүстік-батысында № 4 үйдің ықтырмасының аяқ жағы да қамтылды (Сур. 2).

Қыстаудың құрылыстары жер бетінен 0,6–0,7 м биіктіктегі үйінді ретінде көрініс береді. Бөлмелердің ортасы шұңқыр, қабырғалары топырақтан үйілген жал тәрізді болып жатқандықтан үй мен қора бөлмелерінің саны мен көлемін жобалап қана анықтауға болады.

Топографиялық тұрғыдан батыстан соғатын желден қорғану мақсатында Жиенқұл, Көлдібұлақ қыстаулары тәрізді таудың шығыс беткейіне салынған. Үйдің қазбаға дейінгі ұзындығы 16 м, ені 12 м. Қора бір-біріне ұзынынан жалғасқан төрт бөліктен тұрады, ұзындығы 27 м, ені 6 м шамасында. Ішкі бөлмелерінің ұзындығы 5 м, тек батыс жақ бөлігі 8 м-ден асады.

Тұрғын үйдің құрылыс ерекшелігін анықтау мақсатында стратиграфиялық қазба салынды. Қазба оңтүстік-батыстан солтүстік-шығыс бағытқа қарай салынды (Сур. 3). Ортасынан ұзын жал және осыған көлденең екі бөлменің ортасынан қиып өтетін тағы да екі қатар жал қалдырылды. Бетіндегі 0,1–0,2 м болатын қара топырақты шым қабаты тазартылғаннан кейін үйдің қабырғасының сақталған қалдықтары ашыла бастады (Сур. 4). Шым қабатының астынан ірі және ұсақ малдың сүйектері, металл сынықтары, фарфор ыдыстарының



Сур. 4. Жиенбай қыстауындағы қазбаның стратиграфиялық суреті
Fig. 4. Stratigraphic section of the excavation at the Zhienbai wintering site

және терезе әйнектерінің сынған қалдықтары табылды. Қазбаның тереңдігі қазіргі сақталған биіктігінен еденіне дейін 0,33–0,74 м-ге дейін жетті. Нысанның құрылысы аса күрделі емес, шаршы келген екі бөлмеден тұрады. Тұрғын үйдің қазбадан кейінгі ұзындығы 10,8 м, ені 6,8 м, қабырғасының жалпақтығы 0,8 м, сақталған биіктігі 0,5 м шамасында. Іргетасы саз кірпіштен қаланған. Кірпіштерді бір-бірінің үстіне қою арқылы екі қабат етіп жерден көтерген. Кірпіштері жергілікті жердің қара топырағынан иленіп жасалған. Үйдің жоғарғы бөлігін шымнан көтерген болуы мүмкін. Себебі іргетастан басқа жерде, бөлмелердің іші мен үйдің айналасында құлаған кірпіш қалдықтары байқалмайды.

Үй мен қораның төбесін жабуға пайдаланылған күл, көң, тал, сондай-ақ тіреулер мен бағаналардың қалдықтары кездеспеді. Сондықтан үй мен қораны кезінде бұзып, басқа құрылысқа алып пайдаланған деген тұжырым жасауға болады.

Қазба барысында ашылған бірінші бөлменің ішкі өлшемі 4,6×4,6 м көлемінде. Қабырғасы мен еденінде сары балшық сылақтың іздері бар. Бөлменің сырттан кіретін есігі оңтүстік-шығыс қабырғаның бойында орналасқан. Кіреберіс есікке қарсы оң жақ бұрышта көлемі 1×1 м, биіктігі 0,5 м болатын күйдірілген кірпіштен қаланған пеш табылды. Осы бөлмені толық тазарту кезінде тас қайрақ, темір қырықтықтың бір жақ жүзі, темір ожау, шойын аққұманның (шәйнектің) жартылай сынған бөлігі мен бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышындағы еденнен төңкеріліп жатқан диаметрі 50 см, биіктігі 30 см болатын темір қазан табылды.

№ 1 бөлменің солтүстік-шығысында қатарластыра салынған екінші бөлме орналасқан. Сыртқы есігі солтүстік-батыс бұрыштан шығарылған. Бөлменің ұзындығы 4 м, ені 4,5 м. Екі бөлменің ортасы пештің құдығы арқылы бөлінген. Екі бөлменің арасына да қабырғаның орта тұсынан есік қойылған. № 2 бөлменің ішінен қайрақтың сынығы, темір балтаның басы табылды (Сур. 5).

Екі бөлмелі тұрғын үйдің солтүстік жағында қиғаштау салынған мал қорасының үйге жақын орналасқан бөлігіне қазба жасалды. Нәтижесінде қораның бір бөлмесінің үйге жапсарлас жатқан ұзын қабырғасы түгелдей және екі қабырғасы жартылай ашылды. Қораның іргетасы жергілікті жердің тасынан қаланған. Қора маңында құлаған құрылыс материалдарының қалдықтары кездеспеді. Соған қарағанда жоғарғы жағы тас немесе ағаштан салынған болуы мүмкін. Қораның ішкі жақ қабырғасынан отқа күйген мал сүйектері көп кездесті. Сонымен қатар, XIX–XX ғғ.-ға тән жылтыр керамикалық ыдыстың ернеуінің сынығы табылды.

Жиенбай қыстауында, жалпы қазақ қыстауларындағыдай, жиі әрі тұрақты кездесетін заттардың бірі – Ресейдің Кузнецов фабрикасынан шыққан ыдыс-аяқ өнімдеріне ұқсас бұйымдар. Жиенбай қыстауынан табылған фарфор сынықтары өте аз (11 дана)



Сур. 5. Жиенбай қыстауынан табылған металл бұйымдар: 1 – темір ожау; 2 – темір қырықтық; 3 – шойын құман; 4 – темір балта
Fig. 5. Metal artifacts from the Zhienbai wintering site: 1 – iron ladle; 2 – iron shears; 3 – cast-iron kettle; 4 – iron axe

болғанымен, салыстырмалы түрде қандай да бір қорытындылар жасауға мүмкіндік беретін материал ретінде қарастыруға болады. Олардың қатарында фабрикалық таңбасы сақталмаған аққұманның тұтқасы, шүмегі, бүйір бөлігінің сынықтары бар. Бұл сынықтарда нақты бір фабриканың таңбасы болмағанымен, осыған дейін Қарағанды облысының аумағындағы зерттелген нысандардан табылған Кузнецов фабрикасы ыдыстарының сынықтарына өте ұқсас. «Кузнецовтар кәсіпорындарының» өнімдері – XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы Ресей империясының ең ірі фарфор-фаянс өндіріс орындары (Шашенов, Бейсенов, 2023: 142). Мұндай заттарды салыстыру кезінде ең алдымен өрнектері назарға алынады. Біздің жағдайда ерекшелік көрсететін өрнек, декор және таңбалар байқалмайды. Сондықтан тек шикізат пен бұйымның сапасына, ыдыстардың пішініне қарай салыстырулар жасауға болады. Ыдыстар біркелкі ақ түсті, өте сапалы қоспадан жасалған. Бояуы біркелкі жағылып, сапалы күйдірілген. Әдетте мұндай сипаттағы ыдыстар XIX ғасырдың аяғына дейінгі өнімдердің ерекшелігіне сәйкес келеді.

Аталған кезеңдегі қазақ қоғамының тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз еткен бұйымдардың тағы бір тобын нысаннан табылған темір заттар құрайды. Бұлардың көбі – балта, ожау, қазан, аққұман және өзге де заттар – Ресейден жәрмеңкелер арқылы келген (Шнэ, 1894: 2). Бірақ жергілікті қазақ ұсталары түбі тесіліп қалған қазан, сынған күрек, балта сияқты еңбек құралдарын тастамай, жамап-жасқап, әрі қарай пайдалана берген. Пышаққа ұқсайтын кескіш, құрсау, аттың кісені, тағасы тәрізді заттарды өздері соққан.

Нысаннан табылған қайрақтар мен былғары (қайыс) қыстаудан көп табылатын заттарға жатады. Қайрақтар жергілікті жердің жұмсақ сұрғылт құмайт тасынан жасалған. Мұндай тастарды қашап, қайрақ ретінде пайдалану, мал терілерін өңдеп, қайыстан жүген, қамшы өру қазақ ауылдарында әлі күнге дейін сирек те болса кездеседі.

Аталған ескерткіштің нақты өмір сүрген тарихи кезеңін анықтау мақсатында археолог А.З. Бейсенов нысан аумағына кіретін қазақ қорымындағы құлпытастың араб қарпімен жазылған мәтінін оқыды. Нәтижесінде тас бетіне қашалған жазудан адамның есімі мен қайтыс болған жылына (1928) қатысты нақты мәліметтер белгілі болды.

«Күллу нәфсин зәиқатул мәут...» (Әр адамды өлім құшағы күтіп тұр). Бұл сөздер Құран Кәрімнің үш сүресінде де кездеседі (Әл-Имран сүресі, 185-аят; Әл-Әнбия сүресі, 35-аят; Әл-Анкәбут сүресі, 57-аят). Мәтіннің одан төмен екінші бөлігінде «Мархұм Жармұхамед Ибрай баласы, 1928 жылы 60 жасында фәни дүниеден көшті. Қоржынкөл елінен, Өтеміс руынан, Жәнібек тұқымынан. «Ей, ағалар! Менен ғибрат ал. Анадан дүниеге келіп, ахыр орным көр болды»» деп жазылған. Құлпытастың үшінші бөлігінде «Лә иләһә иллəллаһ, Мұхаммад Расул Алла» – «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген мағына береді (Бейсенов, 2026: 251).

Құлпытаста аты аталып отырған Ыбырайұлы (Ибрай) Жармұхаммед есімі Ерейментау, Қанжығалы руына қатысты жарық көрген шежірелік еңбектерде де кездеседі (Байбосын, 2009: 115; Умаров, Әлімжанов, 2017: 451).


Алынған нәтижелер

Жиенбай қыстауының орналасу жағдайы, құрылыс жобасы және табылған заттары осыған дейін зерттелген ескерткіштердегі ұқсас деректермен өзара салыстырылды.

Жиенбай қыстауында қазба жасалып, екі бөлмелі үй және оған жапсарлас салынған қораның құрылысы жартылай ашылды.

Қыстаудың № 2 бөлмесінің шым және мәдени қабатынан табылған мал сүйектерінен 2 үлгі алынып, Литва мемлекетінің Вильнюс қаласындағы «Vilnius Radiocarbon» зертханасында радиокөміртекті сараптама жасалды. Радиокөміртектік зерттеу нәтижелері бойынша бірінші үлгі (зертханалық № FTMC-ZX54-10) 95,4% ықтималдықпен 1803–1930 cal AD аралығына, екінші үлгі (зертханалық № FTMC-ZX54-11) 95,4% ықтималдықпен 1832–1891 және 1907 жылдан кейінгі cal AD аралығына сәйкес келеді (Сур. 6). Бұдан шығатын қорытынды: бір сынама XIX ғасырдың аяғына, ал екінші сынама XX ғасырдың басына сәйкес келетін мерзімді көрсетіп отыр.

Жалпы саны 61 бірлікті құрайтын бүтін және сынық темір бұйымдар, 2 тас қайрақ, 1 қыш ыдыстың ернеуі, 16 терезе әйнегі, 3 мөлдір шыны ыдыстың сынық бөлшектері, 11 фарфор сынығы, 3 былғары кесіндісі осыған дейін зерттелген нысандардан табылған ұқсас заттармен салыстырылып, ескерткіштің мерзімін нақтылау



Сур. 6. Жиенбай қыстауы. Радиокөміртекті мерзімдеу нәтижесі: 1 – үй; 2 – қора.
Fig. 6. Zhienbai wintering site. Radiocarbon dating results: 1 – house; 2 – livestock shelter.

жөнінде қорытынды жасалды.

Қайрақ, темір, былғары қалдықтары және шыны, фарфор сынықтары осыған дейін зерттелген барлық қыстауларда жиі кездесетін бұйымдар. Тіпті археологиялық барлау кезінде де ескерткіштің беткі қабатынан көтерме материал ретінде ішінара табылады. Ал қыш ыдыстың ернеуі, қазан, балта, шойын құман, ожау тәрізді заттар қазақ жерінде ұйымдастырылған жәрмеңкелерден немесе жергілікті қазақтар мен украин-орыс шаруаларымен араласу барысында келген болуы мүмкін.

Жиенбай қыстауында 5 шым үй болғандығы, шаруашылығы жөніндегі деректер Щербина экспедициясының мәліметтерімен де сәйкес келеді. Щербина материалдары бойынша қыстаудың сол кездегі атауы Кесіпөтпе (№ 4 әкімшілік ауыл) екендігі, ауыл ақсақалы Ыбырай, оның баласы Жармұхаммед деп аталғаны белгілі болды (Щербина, 1907: 54). Щербина деректерімен салыстыруға құлпытастағы жер, ру атаулары және адам аттары негіз болды.

Қазақ қыстауларын зерттеуде маңында орналасқан қорымдарды, араб жазуы бар тастарды қоса қарастыру өте маңызды. Әсіресе, құлпытастардағы жазу арқылы қыстаудың иесін, қай болысқа жататындығын білуге, тіпті хронологиялық деректерге қол жеткізуге болады.

Қазбадан алынған заттар мен жазба дерек мәліметтерін ескере отырып, Жиенбай қыстауындағы зерттелген № 3 үйді XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы аралығында салынған деп мерзімдеуге болады.

Мұны Щербина экспедициясының мәліметтері мен радиокөміртекті сараптама нәтижелері де қуаттай түседі.

Қорытынды

Жиенбай қыстауы XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы Ерейментау өңірін мекендеген қазақ халқының қыстау ретіндегі қонысының типтік нысандарының бірі деуге болады.

Сонымен қатар, нысанның құрамына енетін қазақ қорымындағы құлпытастың араб қарпімен жазылған мәтіні де ескерткіштің мерзімі мен тарихи-этнографиялық сипатын анықтайтын басты дерек көзі. Тарихи-мәдени нысанның өмір сүрген уақытын нақтылауда Щербина материалдарының да маңызы зор. Жиенбай қыстауы салыстырмалы тұрғыдан осыған дейін зерттелген Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Бөріктас, Көлдібұлақ, Ақмола облысы, Ерейментау ауданындағы Жиенқұл қыстауларындағы қазба барысында ашылған үйлердің құрылысындай күрделі болмаса да, орналасу ерекшелігі мен құрылысты жоспарлауында ұқсас белгілер бар. Оған қоса, табылған заттардың да өзара ұқсастықтарын ерекшелеп айтуға болады. Бұл мәліметтер сол уақытта Арқа өңірін мекендеген қазақтардың өмір сүру салтын, үй салу әдісін және жалпы шаруашылық-мәдени дәстүрінің өзара сабақтастығын көрсетеді.

Ерейментау өңіріндегі қазақ қыстаулары мен қорымдарын зерттеу жұмыстарын жалғастыру жоспарланып отыр. Өз кезегінде мұндай кешенді зерттеулер тақырып аясындағы деректік қорды кеңейтіп, алдағы уақытта жаңа ашылымдар жасауға мүмкіндік береді.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Есіл-Сілеті тарихи-географиялық аумақ тұрғындарының тұрмысы мен мәдениеті: этноархеологиялық зерттеу» (ЖТН AP23490379) тақырыбындағы 2024–2026 жж. гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер

1. Байбосын С., 2009. Ерейментау. Астана: «Фолиант» баспасы. 296 б.
2. Бейсенов А.З., 2019. К.А. Акишев и вопросы изучения памятников казахского времени // Маргулановские чтения – 2019: м-лы Междунар. археол. науч.-практ. конф., посвящ. 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева (г. Нур-Султан, 19–20 апреля 2019 г.) / Отв. ред. М.К. Хабдулина. Нур-Султан: НИИ археологии им. К.А. Акишева, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. С. 10–38.
3. Бейсенов А.З., 2026. Ерейментаудағы Жиенбай қыстауы: ескі құлпытастағы ақпарат және оны шежіре деректерімен, Ф. Щербина экспедициясы материалдарымен байланыстыру нәтижелері // XVIII Оразбаев оқулары: халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (Алматы қ., 21–26 сәуір 2026 ж.) / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ университеті. Б. 250–256.
4. Бейсенов А.З., Шашенов Д.Т., Дуйсенбай Д.Б., 2020. Кызылшилик, зимовка семьи Хасена Акаева // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края. Барнаул: АлтГУ. Вып. 25. С. 241–251.
5. Бейсенов А.З., Шашенов Д.Т., 2022. Қазақ қыстаулары бойынша Орталық Қазақстанда 2021 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулер // «Қазақстандағы археологиялық зерттеулер – 2021» ғылыми мақалалар жинағы. Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі. Б. 235–240.
6. Ганиева А.С., Сакенов С.К., Рахманкулов Е.Ж., 2022. Бозоқ II қазақ қыстауындағы археологиялық зерттеулер // «Қазақстандағы археологиялық зерттеулер – 2021» ғылыми мақалалар жинағы. Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі. Б. 19–24.
7. Дукомбайев А.Т., 2020. Раскопки казахского поселения Саркырама // Сакральный ландшафт Сарыарки: коллективная монография / Хабдулина М.К., Тлеугабулов Д.Т., Дукомбайев А.Т., Кошман Т.В., Букешева Г.К., Сапарова К.С., Ғайса А.М., Бонора Ж.Л. Нур-Султан–Рим. С. 136–158.
8. Жолдасбаев С., 2017. Қазақ елінің XV–XVIII ғасырлардағы тұрақты мекенжайлары. Оседлые поселения казахов в XV–XVIII вв. Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты. 304 б.
9. Красовский Н., 1868. Материалы для географии и статистики России. Область Сибирских киргизов. СПб. С. 220–224.
10. Касеналин А., Есенов С., Асылбеков К., Мамиров Т., Нускабай А., Блялова А., Мысыр О., 2019. Қазақстан Республикасының Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Ақмола облысы. 1-шығарылым. Ерейментау ауданы. Астана. 256 б.
11. Тлеугабулов Д.Т., 2024. Исследование казахского кыстау Жиенкул в Ерейментауских горах // Қазақстан тарихының өзекті мәселелері / Ғылыми конференция материалдарының жинағы (25 желтоқсан 2024 жыл). Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің типографиясы. Б. 721–729.
12. Умаров Ғ., Әлімжанов Қ., 2017. Қанжығалы шежіресі. Астана: РЕГИС-СТ Полиграф. 560 б.
13. Щербина Ф., 1907. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Акмолинский уезд. Т. III. С-Петербург // Поаульная таблица. С. 54.
14. Хабдулина М.К., 2022. Этнографическое поселение Козыкош конца XIX – начала XX в. // Маргулановские чтения 2022: м-лы Междунар. науч.-практ. конф. (г. Алматы, 12–13 апреля 2022 г.) / Гл. ред. А. Онгарулы; отв. ред. Т.Б. Мамиров. Алматы: ИА КН МНВО РК. С. 9–15.
15. Шашенов Д.Т., Бейсенов А.З., 2023. Әлімхан Ермеков әулетінің Бөріктас қыстауындағы археологиялық зерттеулер // «XV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті. Б. 136–147.
16. Шнэ В.К., 1894. Зимовка и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области // Записки Зап.-Сиб. отдела РГО. Кн. XVII. Вып. I. Омск. С. 1–8.

References

1. Baibosyn S., 2009. Ereimentau [Ereimentau]. Astana: Foliant Publishing House. 296 p. [in Kazakh].
2. Beisenov A.Z., 2019. K.A. Akishev i voprosy izucheniya pamyatnikov kazakhskogo vremeni [K.A. Akishev and the issues of studying monuments of the Kazakh period] // Margulanovskie chteniya – 2019: materialy Mezhdunar. arkheol. nauch.-prakt. konf., posvyashch. 95-letiyu so dnya rozhdeniya vydayushchegosya kazakhstanskogo arkheologa K.A. Akisheva (g. Nur-Sultan, 19–20 aprelya 2019 g.) / Otv. red. M.K. Khabdulina. Nur-Sultan: NII arkheologii im. K.A. Akisheva, ENU im. L.N. Gumileva. P. 10–38. [in Russian].
3. Beisenov A.Z., 2026. Ereimentaudagy Zhienbai qystauy: eski qulpytastagy aqparat zhane ony shezhire derekterimen, F. Shcherbina ekspeditsiyasy materialdarymen bailanystru natizheleri [The Zhienbai wintering site in Ereimentau: information from an old gravestone and the results of its correlation with genealogical data and materials of the F. Shcherbina expedition] // XVIII Orazbaev oqulary: khalyqaralyq gylymi-adistemelik konferentsiya materialdary (Almaty q., 21–26 sauir 2026 zh.) / Zh. red. R.S. Zhumataev. Almaty: Qazaq universiteti. P. 250–256. [in Kazakh].
4. Beisenov A.Z., Shashenov D.T., Duisenbai D.B., 2020. Kyzylshilik, zimovka semi Khasena Akaeva [Kyzylshilik, the wintering site of Khasen Akaev's family] // Sokhranenie i izuchenie kulturnogo naslediya Altaiskogo kraya. Barnaul: AltGU. Vol. 25. P. 241–251. [in Russian].
5. Beisenov A.Z., Shashenov D.T., 2022. Qazaq qystaulary boiynsha Ortalyq Qazaqstanda 2021 zhyly zhurgizilgen arkheologiyalyq zertteuler [Archaeological research of Kazakh wintering sites conducted in Central Kazakhstan in 2021] // "Qazaqstandagy arkheologiyalyq zertteuler – 2021" gylymi maqalalar zhinagy. Astana: Qazaqstan Respublikasy Ulttyq muzei. P. 235–240. [in Kazakh].
6. Ganieva A.S., Sakenov S.K., Rakhmankulov E.Zh., 2022. Bozoq II qazaq qystauyndagy arkheologiyalyq zertteuler [Archaeological research at the Bozok II Kazakh wintering site] // "Qazaqstandagy arkheologiyalyq zertteuler – 2021" gylymi maqalalar zhinagy. Astana: Qazaqstan Respublikasy Ulttyq muzei. P. 19–24. [in Kazakh].
7. Dukombaev A.T., 2020. Raskopki kazakhskogo poseleniya Sarkyrama [Excavations of the Kazakh settlement of Sarkyrama] // Sakralnyi landshaft Saryarki: Kollektivnaya monografiya / Khabdulina M.K., Tleugabulov D.T., Dukombaev A.T., Koshman T.V., Bukesheva G.K., Saparova K.S., Gaisa A.M., Bonora Zh.L. Nur-Sultan–Rome. P. 136–158. [in Russian].
8. Zholdasbaev S., 2017. Qazaq elinin XV–XVIII gasyrlardagy turaqty mekenzhailary. Osedlye poseleniya kazakhov v XV–XVIII vv. [Permanent settlements of the Kazakhs in the 15th–18th centuries]. Astana: Qazaq gylymi-zertteu madeniet instituty. 304 p. [in Kazakh and Russian].
9. Krasovskii N., 1868. Materialy dlya geografii i statistiki Rossii. Oblast Sibirskikh kirgizov [Materials for the geography and statistics of Russia. The Region of the Siberian Kirghiz]. St. Petersburg. P. 220–224. [in Russian].
10. Kasenalin A., Yesenov S., Asylbekov K., Mamirov T., Nuskabay A., Blyalova A., Mysyr O., 2019. Qazaqstan Respublikasynyn Tarikh zhane madeniet eskertkishterinin zhinagy. Aqmola oblysy. 1-shygaru. Ereimentau audany [Collection of Historical and Cultural Monuments of the Republic of Kazakhstan. Akmola Region. Issue 1. Ereimentau District]. Astana. 256 p. [in Kazakh].
11. Tleugabulov D.T., 2024. Issledovanie kazakhskogo kystau Zhienkul v Ereimentauskikh gorakh [Study of the Zhienkul Kazakh wintering site in the Ereimentau Mountains] // Qazaqstan tarikhynyn ozekti maseleleri / Gylymi konferentsiya materialdarynyn zhinagy (25 zheltoksan 2024 zhyl). Astana: L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyq universitetinin tipografiyasy. P. 721–729. [in Russian].
12. Umarov G., Alimzhanov Q., 2017. Qanzhygaly shezhiresi [Genealogy of the Qanzhygaly clan]. Astana: REGIS-ST Poligraf. 560 p. [in Kazakh].
13. Shcherbina F., 1907. Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu, sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniyu stepnykh oblastei. Akmolinskaya oblast. Akmolinskii uezd. T. III [Materials on Kirghiz land use, collected and developed by the expedition for the study of the steppe regions. Akmola Region. Akmola District. Vol. III]. St. Petersburg. Pouulnaya tablitsa. P. 54. [in Russian].
14. Khabdulina M.K., 2022. Etnograficheskoe poselenie Kozykoshe kontsa XIX – nachala XX v. [The Kozykoch ethnographic settlement of the late 19th – early 20th centuries] // Margulanovskie chteniya 2022:

materialy Mezhdunar. nauch.-prakt. konf. (g. Almaty, 12–13 aprelya 2022 g.) / Gl. red. A. Ongaruly; otv. red. T.B. Mamirov. Almaty: IA KN MNVO RK. P. 9–15. [in Russian].

15. Shashenov D.T., Beisenov A.Z., 2023. Alimkhan Ermekov aulietinin Boriktas qystauyndagy arkheologiyalyq zertteuler [Archaeological research at the Boriktas wintering site of the Alimkhan Ermekov family] // "XV Orazbaev oqulary" khalyqaralyq gylymi-adistemelik konferentsiya materialdary. Almaty: Qazaq universiteti. P. 136–147. [in Kazakh].

16. Shne V.K., 1894. Zimovka i drugie postoyannye sooruzheniya kochevnikov Akmolinskoi oblasti [Wintering sites and other permanent structures of the nomads of the Akmola Region] // Zapiski Zap.-Sib. otdela RGO. Kn. XVII. Vyp. I. Omsk. P. 1–8. [in Russian].

Шашенов Д.Т.[1], *Есен С.Г.[2], Жанисов А.Т.[3]

[1]Карагандинский областной историко-краеведческий музей, Караганда, Казахстан.
[2]Международный университет Астана, Астана, Казахстан.
[3]Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева
Петропавловск, Казахстан.
e-mail: syrymesenov@gmail.com

РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЗИМОВКИ ЖИЕНБАЙ

Аннотация. Казахские зимовки – одна из наименее изученных тем в археологии Казахстана. В статье представлены результаты археологических раскопок, проведённых в 2025 году на зимовке Жиенбай, расположенной в Ерейментауском регионе Акмолинской области. В ходе исследования на территории зимовки были выявлены остатки 5 домов, прилегающих к ним хозяйственных построек и могильника (кладбища). На одном из этих объектов был заложен стратиграфический раскоп, в результате которого были раскрыты остатки двухкомнатного жилого дома и часть хозяйственной постройки, а также обнаружены котёл, кумган, черпак, топор и другие предметы быта. Был проведён радиоуглеродный анализ найденных костей животных, в результате которого установлено, что зимовка функционировала во второй половине XIX – начале XX в. Письменные источники позволили получить сведения о владельце объекта и его хозяйственно-бытовом характере. Была прочитана надпись на надгробии, найденном неподалёку от зимовки, и установлено, что оно принадлежало Жармухаммеду Ыбрайулы, жителю Коржынкольской волости Акмолинского уезда. Результаты археологических и междисциплинарных исследований зимовки Жиенбай дали новые сведения о социально-экономическом быте казахов, населявших Ерейментауский регион в конце XIX – начале XX в., а также об историко-топографической структуре, характере строительства и особенностях расположения постоянных жилищ.

Ключевые слова: Ерейментау, зимовка Жиенбай, археологические исследования, казахские зимовки, могильник, предметы быта, надгробие, Жармухаммед Ыбрайулы.

Для цитирования: Шашенов Д.Т., Есен С.Г., Жанисов А.Т. Результаты исследования зимовки Жиенбай // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). С. 97-109 (каз.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.07

Shashenov D.T.[1], *Yessen S.G.[2], Zhanisov A.T.[3]
[1]Karaganda Regional Museum of Local History, Karaganda, Kazakhstan.
[2]Astana International University, Astana, Kazakhstan.
[3]M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan.
e-mail: syrymesenov@gmail.com

THE RESULTS OF A STUDY OF THE ZHIENBAI WINTERING SITE

Abstract. Kazakh wintering sites are among the least studied topics in the archaeology of Kazakhstan. The article presents the results of archaeological excavations conducted in 2025 at the Zhienbai wintering site in the Ereimentau region of Akmola Region. During the study, the remains of five houses, adjacent outbuildings, and a burial ground were identified. A stratigraphic excavation was opened at one of the structures, revealing the remains of a two-room house and part of an adjoining outbuilding, as well as a cauldron, ewer, ladle, axe, and other household items. Radiocarbon analysis of the recovered animal bones indicated that the wintering site was occupied from the second half of the nineteenth century to the early twentieth century. Written sources provided information about the owner of the site and its household and economic characteristics. The inscription on a gravestone found near the wintering site was read, and it was established that it belonged to Zharmukhammed Ybyraiuly, a resident of the Korzhynkol volost of Akmola uezd. The results of archaeological and interdisciplinary research at the Zhienbai wintering site yielded new data on the socio-economic life of the Kazakhs who inhabited the Ereimentau region in the late nineteenth and early twentieth centuries, as well as on the historical-topographical structure, construction characteristics, and spatial organization of permanent dwellings.

Keywords: Ereimentau, Zhienbai wintering site, archaeological research, Kazakh wintering sites, burial ground, household items, tombstone, Zharmukhammed Ybyraiuly.

For citation: Shashenov D.T., Yessen S.G., Zhanisov A.T. The results of a study of the Zhienbai wintering site // Madeni mura. 2026. №3 (114). Pp. 97-109 (in Kaz.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.07

Авторлар туралы мәлімет:
Шашенов Дархан Тастемирович, аға ғылыми қызметкер, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі, Қарағанды, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-4791-4673
Scopus ID: 57802354700
Есен Сырым Ғадылбекұлы, PhD, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-2434-9464
Scopus ID: 57444743500
Жанисов Асет Темирханович, тарих ғылымдарының кандидаты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-0910-9411
Scopus ID: 57581243900

Сведения об авторах:
Шашенов Дархан Тастемирович, старший научный сотрудник, Карагандинский областной историко-краеведческий музей, Караганда, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-4791-4673
Scopus ID: 57802354700

Есен Сырым Гадылбекулы, PhD, Международный университет Астана, Астана, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-2434-9464
Scopus ID: 57444743500
Жанисов Асет Темирханович, кандидат исторических наук, Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-0910-9411
Scopus ID: 57581243900

Information about the authors:
Shashenov Darkhan Tastemirovich, Senior Research Fellow, Karaganda Regional Museum of Local History, Karaganda, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-4791-4673
Scopus ID: 57802354700
Yessen Syrym Gadylbekuly, PhD, Astana International University, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-2434-9464
Scopus ID: 57444743500
Zhanisov Asset Temirkhanovich, Candidate of Historical Sciences, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-0910-9411
Scopus ID: 57581243900

МРНТИ 03.41.91 https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.08

Хасенова Б.М.
Институт археологии им. А.Х. Маргулана
Астана, Казахстан
e-mail: alicar@inbox.ru

АРХИТЕКТУРА ПОГРЕБАЛЬНЫХ СООРУЖЕНИЙ НАСЕЛЕНИЯ КИМЕКСКОГО КАГАНАТА

Аннотация. В статье рассматриваются особенности архитектуры погребальных сооружений населения Кимекского каганата как важного источника для изучения историко-культурных процессов раннего Средневековья в степной зоне Евразии. Проанализированы основные типы наземных погребальных конструкций, такие как квадратные, прямоугольные и овальные каменные выкладки-ограды, в ряде случаев образующие длинные курганы, округлые каменные, каменно-земляные и земляные насыпи, каменные и сырцовые надмогильные выкладки, а также дополнительные элементы сакрального пространства некрополей. Особое внимание уделено конструктивным особенностям оград, технологии их сооружения, ориентации, планировке и использованию различных пород строительного камня. Рассматриваются данные археологических исследований таких памятников, как Зевакинский, Орловский могильники, Джартас, Леонтьевский, Ковалевка, Темир-Канка II, Измайловка, Белокаменка, Акчий I, II, III, Карашат I, II, Сандыккала, Когалы I, Аян, Туйетас, Кансар, Меновное VI, XII. Отмечается, что архитектурные особенности кимекских погребальных комплексов отражают сложные этнокультурные процессы, происходившие в евразийских степях в IX–XI вв., а также свидетельствуют о сохранении и трансформации строительных и погребально-обрядовых традиций древнетюркского населения. Полученные результаты способствуют более глубокому пониманию погребальной архитектуры и мировоззренческих представлений кимеков.

Ключевые слова: Средневековье, Кимекский каганат, архитектура, погребальный обряд, социальная стратификация, этнокультурная история.

Для цитирования: Хасенова Б.М. Архитектура погребальных сооружений населения Кимекского каганата // Madeni Mura. 2026. № 3(114). С. 110-121 (рус).
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.08

Введение

Эпоха раннего Средневековья в евразийских степях завершилась распадом государств, созданных древними тюрками, и выходом на историческую арену новых объединений кочевых племен – кимеков, огузов, кыпчаков и карлуков. Унаследовав многие традиции своих предшественников, эти племена внесли существенный вклад в развитие материальной и духовной культуры степного мира. Одним из важнейших источников для изучения исторических процессов данного периода являются археологические памятники кимеков. Кимеки представляли собой объединение тюркских племен, создавших в IX в. в междуречье Иртыша и Оби государство, просуществовавшее до первой половины XI в. Несмотря на то, что роль миграционных процессов в формировании Кимекского каганата остается предметом научных дискуссий, очевидно, что его распад был связан с продвижением с востока новых групп центральноазиатских кочевников. Целью настоящей статьи является исследование архитектуры погребальных сооружений населения Кимекского каганата. По мнению исследователей, особенности их конструкции и планировки отражают сложную и многообразную этнокультурную ситуацию, сложившуюся в степной зоне Евразии в эпоху

раннего Средневековья.

Археологические памятники кимеков известны в науке, начиная с XVIII–XIX вв. В свою очередь, активное изучение культуры населения Кимекского каганата началось в 50-е гг. XX в. Отдельные памятники на территории Павлодарской области исследованы в период целинных экспедиций Е.И. Агеевой и А.Г. Максимовой, результаты своевременно введены в научный оборот (Агеева, Максимова, 1959). Этап накопления и исторической интерпретации средневековых древностей Прииртышья датируется 60-70-е гг. XX в. и неразрывно связан с именем Ф.Х. Арслановой – известного археолога, исследовательницы древностей Восточного Казахстана. Самое большое количество курганов изучено на знаменитом Зевакинском могильнике, одном из крупнейших некрополей из числа известных на территории Казахстана (Арсланова, 1963а; 1963б; 2013а). Следующий важный период в изучении кимекской археологии связан с исследованиями в зоне затопления Шульбинской гидроэлектростанции. Здесь в 1980–1983 гг. было раскопано свыше 100 курганов (Археологические памятники…, 1987). В дальнейшем, происходит длительный перерыв, характеризующийся эпизодическими раскопками (Алехин, 1998; Трифонов, Илюшин, Алехин, 1998; Артыкбаев, 2007; Ткачев А.А., 2020; Ткачев А.А., Ткачев Ал. Ал., 2021). В последнее десятилетие наметился новый этап в изучении археологии кимеков (Омаров, Бесетаев, 2019; Самашев, Айткали, 2024).

Источниковая база для изучения особенностей архитектуры населения Кимекского каганата составила 80 объектов. В рамках данной статьи рассмотрены основные виды погребальных сооружений, а также показаны дополнительные элементы, формирующие сакральное пространство некрополей средневекового населения Восточного Казахстана.

Материалы и методы исследования

Методологической основой исследования является историко-диалектический подход, основанный на принципе историзма и системности. Также использованы сравнительно-исторический, сравнительный анализ. Важнейшей частью работы на стадии интерпретации археологических материалов является использование сравнительно-исторического анализа. Сравнительный анализ дает основание для поиска аналогий, круг которых позволяет очертить территориальные рамки рассматриваемых традиций. Главным предметом исследования для изучения архитектуры населения Кимекского каганата стали наземные погребальные конструкции, отличающиеся значительной вариативностью. В качестве основы для их классификации задействованы следующие параметры: 1) форма сооружения; 2) используемый строительный материал. Также из публикаций дополнительно привлечены сведения для реконструкции некоторых архитектурных приемов.

К числу исследуемых памятников относятся Зевакинский, Орловский могильники, Джартас, Леонтьевский, Ковалевка, Темир-Канка II, Измайловка, Белокаменка, Акчий I, II, III, Карашат I, II, Сандыккала, Когалы I, Аян, Туйетас, Кансар, Меновное V. Они локализуются на территории Прииртышья и датируются IX–XI вв.

Анализ

К числу наиболее характерных наземных погребальных конструкций населения Кимекского каганата относятся каменные выкладки-ограды. Они представляли собой квадратные, прямоугольные или овальные сооружения, в основе которых содержались плиты, уложенные плашмя, по-преимуществу, а также вертикально и образующие невысокие стены. Только дважды зафиксированы такие показатели высоты – до 0,6–0,7 и 0,7–0,8 м. Самой значительной цифры достигали стены объекта № 2 могильника Темир-Канка II – до 1,5 м (рис. 1). Памятник, хорошо сохранившийся на момент проведения раскопочных работ, позволяет более подробно остановится на структуре и особенностях погребальной конструкции. Внешняя стена ограды размером 6,1×6,05 м была образована слоями крупного тщательно подогнанного друг под друга камня-плитняка, усиленного с помощью включения более мелких. При этом, самые массивные укладывались в фундамент, а также в верхних слоях – по углам. В результате, посередине стены ограды состояли из четырех-пяти рядов, составляющих ширину 0,9–1,4 м, а по углам имели большее количество рядов, достигая ширину 1,8–2,5 м. Внутренняя стена сформирована, по-преимуществу, из мощных блоков, поставленных вертикально или




Рис. 1. Темир-Канка II, объект 2. Планы и разрез наземного сооружения и погребения (по: Трифонов, Ахинжанов, 1987а: рис. 70).
Fig. 1. Temir-Kanka II, object 2. Plans and a section of the above-ground structure and burial (after Trifonov, Akhinzhanov, 1987a: Fig. 70).

под наклоном (Трифонов, Ахинжанов, 1987а: 132, рис. 70).

Ограды, являющиеся центром данных сооружений, ориентировались углами по сторонам света или по линии СВ-ЮЗ.

К центральной выкладке-ограде в ряде случаев с северной или южной стороны пристраивались одна или несколько выкладок или оград прямоугольной или овальной формы, образуя так называемые длинные курганы.

Процесс возведения таких конструкций подробно описан А.А. Ткачевым на примере исследованного им длинного кургана могильника Меновное V. В первую очередь возводилась центральная ограда, камни которой укладывались непосредственно на поверхность погребенной почвы. После этого в центральной части конструкции снимался дерновый слой, в результате чего формировалась прямоугольная площадка, расчищенная до материкового грунта. Грунт, извлеченный при устройстве могилы в пределах этой ограды, равномерно распределялся по поверхности погребенной почвы, полностью перекрывая внутреннее пространство, ограниченное камнями. В пристроенных оградах удаленный глинистый грунт, как правило, выносился за пределы огражденной территории. Однако в одном из случаев этот грунт был использован в проессе погребального обряда: им уплотняли перекрытие могилы, заполняя щели и пространство между плитами перекрытия. Далее конструкция покрывалась гранитными или сланцевыми плитами, поверх которых делали надмогильную выкладку. Заключительным этапом обряда являлось перекрытие ограды каменной насыпью, смешанной с коричневой супесью (Ткачев А.А., 2020: 46).

Важно обратить внимание, что по материалам этого же могильника удалось

определить наличие неких предпочтений в выборе породы и цвета используемого камня. Данное направление является перспективным направлением в области изучения древней архитектуры и, конечно, необходимо дальнейшее накопление информации об этом. Так, А.А. и Ал.Ал. Ткачевым принадлежит следующее наблюдение. При возведении одной из конструкций активно использовались различные породы камня: белый кварц, серый порфирит, пепельный сланец, серый и красный гранит. При этом, в их сочетании закономерностей не выявлено, за исключением того, в верхней части ограды были задействованы небольшие плитки сланца пепельного цвета (Ткачев А.А., Ткачев Ал. Ал., 2021: 112).

Наиболее внушительным сооружением из числа длинных курганов является объект № 2 могильника Акчий II (рис. 2). До проведения раскопок он представлял собой невысокое до 0,3 м сооружение длиной по линии С-Ю – 24 м, по линии З-В – 14 м. Центральная ограда сложена из 3-4 плотно уложенных рядов валунов и камня-плитняка, образующих 7-10-слойную крепиду, в результате, была возведена конструкция размером 8 (?)×7 м, высотой не менее 1 м. Боковые ограды – северная и южная, значительно уступали по масштабу, но содержали по три погребения. В-целом, в данной конструкции находилось восемь захоронений (Трифонов, 1987б: 156–168, рис. 82).

Специфический вариант выкладки-ограды с включением дополнительных элементов представляют собой два объекта могильника Акчий III – №1 и 2. Каменные стены были возведены на подквадратной в плане земляной площадке, ориентированной сторонами на СЗ, ЮЗ, ЮВ, СВ. С трех сторон площадку окаймляют откосы, сделанные под углом около 40° (Трифонов, Ахинжанов, 1987б: 168, 172, рис. 87, 89). В результате, по мнению исследователей, была возведена утопленная в грунт, не более чем на 0,8 м, невысокая (до 1,1 м) усеченная пирамида (Трифонов, Ахинжанов, 1987б: 170). Таким образом, зафиксирован редкий вариант оформления надмогильного пространства – с помощью подквадратных ровиков.

Кимеками также воспроизводилась идея окружности, но в более упрощенной форме, нежели мы видим в случае с каменными




Рис. 2. Акчий II, объект 2. План восточной половины наземного сооружения после расчистки, разрезы. Профиль основы внешней стенки центральной первоначальной конструкции (по: Трифонов, 1987б: рис. 82).
Fig. 2. Akchiy II, object 2. Plan of the eastern half of the above-ground structure after clearance, sections. Profile of the base of the outer wall of the central original structure (after Trifonov, 1987b: Fig. 82).

конструкциями. Имеются следующие варианты ее реализации: 1) земляная насыпь; 2) земляная насыпь с каменным кольцом внутри; 3) каменная выкладка.

Еще одним элементом формирования погребального сооружения являются каменные или сырцовые выкладки, расположенные на уровне древней поверхности непосредственно над погребением. Они выкладывались из камней или кирпичей, уложенных в один-два слоя, и имели овальную или прямоугольную форму. Наиболее широко при этом практиковалось использование камня, в редких случаях – кирпичей, видимо, заменяющих природный строительный материал. На данный момент сырцовые выкладки зафиксированы на таких объектах, как курган №9 у свх. 499, курган №11 Леонтьевского могильника, курган №29 могильника Туйетас (Агеева, Максимова, 1959: 51–53; Арсланова, 2013в: 130–131; Омаров, Бесетаев, 2019: 34).

Важной частью сакрального пространства кимекских некрополей являлись такие дополнительные детали, как вертикально стоящие каменные стелы или деревянные столбы. Они располагались с восточной, северо-восточной стороны на небольшом расстоянии от погребального сооружения. В одном случае зеленоватая сланцевая плита сопровождалась одной или несколькими небольшими каменными выкладками, в одной из которых обнаружена панцирная пластина.

Полученные результаты

Таким образом, ведущим типом наземной погребальной конструкции у населения Кимекского каганата была выкладка-ограда квадратной, прямоугольной или овальной формы. Также присутствуют округлые формы, реализованные с помощью камня и земли. Специфической формой оформления надмогильного пространства являются подквадратные ровики, появление традиции которых требует отдельного рассмотрения. Выкладки, выполненные непосредственно над погребением, также имели очертания в виде прямоугольника или овала, они, по-преимуществу, возводились из камня, также эпизодически фиксируется использование сырцового кирпича.

При выяснении причин такого значительного разнообразия, исследователи сходятся во мнении, что вариативность обряда отражает неоднородный состав племен, вошедших в Кимакский каганат. Поэтому основное внимание уделялось поискам этноопределяющих признаков в структуре погребального обряда кимаков. Пожалуй, это самый актуальный вопрос для многих исследователей, занимающихся эпохой средневековья Алтая и сопредельных территорий.

В науке сложилось мнение, что важную роль в формировании государства кимеков сыграла миграция какой-то части населения после падения Уйгурского каганата. Это мнение наиболее определенно выразил Д.Г. Савинов (Савинов, 2005, с. 279). Археологи предлагают считать уйгурским компонентом у кимеков следующие признаки. По мнению Д.Г. Савинова, это погребения со шкурой коня, которые коррелируются с подбоями (Савинов, 2005: 287). Н.Н. Серегин и В.В. Тишин важным признаком предлагают считать четырехугольные каменные ограды, аналогичные уйгурским погребальным сооружениям, открытым недавно на территории Центральной Монголии (Серегин, Тишин, 2019: 124–125).

Миграционной точки зрения придерживался также известный медиевист С.М. Ахинжанов. По мнению исследователя, основанном на сведениях письменных источников, в южной части Алтая в VII–VIII вв. жили сеяньто (кипчаки), а в долине Иртыша – родственное им племя яньмо-йемеков (Археологические памятники…, 1987: 244). Эти племена входили в состав конфедерации теле. В середине IX в. под натиском миграционного потока в Прииртышье переселяются новые группы тюркоязычных и монголоязычных племен. Среди них исследователь отмечал кимеков, их прародиной он считал степи Северо-Восточной Монголии (об этом подробнее: Ахинжанов, 1989: 96–146).

Обряд трупосожжения, фиксируемый у кимеков, считается результатом влияния или присутствия енисейских кыргызов в Прииртышье (Арсланова, 1972: 75; Кызласов, 1981; Савинов, 2005: 270). Имеется также мнение, что в состав кимеков входили угорские племена. По мнению Ф.Х. Арслановой, об их присутствии говорят следующие элементы погребального обряда, зафиксированные на территории Восточного Казахстана: деревянные внутримогильные сооружения, древесный уголь в засыпи могил, следы огня на костях, захоронения отдельных

костей лошадей в насыпи (Арсланова, 1985: 69).

Имеется и точка зрения о местных истоках формирования погребального обряда населения региона. Касаясь проблем культурогенеза, Ф.Х. Арсланова отмечает общие черты в обряде племен раннего железного века и раннего Средневековья Восточного Казахстана. Сходство прослеживается в форме, размерах насыпей и могил, положении погребенного с ориентацией на восток, положении человека с конем, размещенным чаще всего на приступке (Арсланова, 1969: 49). Также она отмечала, что погребения с подбоями демонстрируют устойчивую традицию, сложившуюся уже в предшествующее время (Арсланова, 2013б: 122).

Еще одним фактором появления новых типов погребальных конструкций у кимеков – надмогильных сооружений в виде прямоугольных сырцовых оград или выкладок, Ф.Х. Арсланова и В.И. Могильников считали религиозную принадлежность некоторых групп населения. Появление такого элемента обрядности связано, по их мнению, с распространением ислама (Арсланова, 2013в: 131; Могильников, 1999: 67).

Следует обратить внимание, что никакой корреляции между сложностью, монументальностью погребальных сооружений и сопроводительным погребальным инвентарем не прослеживается. Так, наиболее значительная в архитектурном плане конструкция, из выявленных в настоящее время, на объекте №2 могильника Темир-Канка II высотой до 1,5 м была возведена над погребением женщины с небольшим количеством предметов – это пластина из сланца, фрагменты серебряной фольги, бронзового зеркала (Трифонов, Ахинжанов, 1987: 134–135). В свою очередь, богатейшее погребение кимекского воина, обнаруженное в кургане № 145 Зевакинского могильника и которого в мир предков сопровождали четыре лошади, собака породы тазы и разнообразный инвентарь, среди которого необходимо отметить такие статусные вещи, как четыре пояса, конское снаряжение с металлическими деталями и сабля с ножнами, являющаяся шедевром средневековой торевтики, находилось под каменной оградой размером 6×6 м (Арсланова, 2013а: 28–37).

Шахристан ені 5 м болатын қабырға арқылы қоршалған, қираған жағдайда биіктігі 0,2–3 м аралығында болды. Оның аумағы 23 га. Шахристан қабырғалары цитадель бағытын қайталайды және үшбұрыш пішінді. Мұнда бірнеше ірі ғимараттар бар, соның ішінде екі керуен-сарай, біріншісі 19×19 м, екіншісі 17×17 м. Оңтүстік бөлігінде күйдірілген кірпіштен салынған квадрат пішінді (38×38 м) ғимарат орналасқан, ол шахристанның сыртқы қабырғасына тіркескен.

Рабад аумағы кең, батыс-оңтүстік бағытында 1800 м, солтүстік-батыста 1500 м. Мұнда кіші үй, қоғамдық және культтік ғимараттар, тұрғынжайлар, каналдар мен егістік алқаптары орналасқан. Ортағасырлық керуен-сарай өлшемі 30×25 м. Қала сыртында билеушінің резиденциясы 37×26 м көлемінде, шикі және күйдірілген кірпіштен салынған, сыртқы қабырға ені 1 м (Толстов, 1962: 291).

Рабадтың солтүстік бөлігінде аумағы 45 000 шаршы метр саябақ тәрізді аймақ бар. Шығыс бөлігінде 9,7×9,7 м өлшемдегі мешіт қирандылары табылып, михраб қабырғасы мен ниша сақталған. Мешіт қабырғалары шикі кірпіштен қаланған және еске алу мақсатында қызмет еткен болуы мүмкін (Байпаков, 2014: 103).

Жаңақала қалашығында 1946, 1958 және 1961 жылдары С.П. Толстов жетекшілік еткен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы жүргізген қазба жұмыстары ескерткішті ортағасырлық Жент қаласымен сәйкестендіруге негіз болды. Бұл тұжырым кейінгі зерттеушілер еңбектерінде де қолдау тауып, ғылыми әдебиетте орнықты (Маргулан, 1950: 24–26; Байпаков, 2014: 103; Петров және т.б., 2023: 112; Молдахмет, Қалдыбай, 2023: 118–121).

Құмқала бекінісі. Жент қаласынан 12 км қашықтықта, Жаңадарияның сол жағасында орналасқан. Бұл өзеннің арнасы дәл осы жерде күрделі меандр жасап, Сырдарияның артық сулары арқылы толтырылған. Бекініс көк өзеннің үстінде көркем көріністен биіктеп тұр; оның мықты, жақсы сақталған қабырғалары үлкен мұнаралармен безендіріліп, дұрыс емес төртбұрыш пішінін құрайды. Қабырғалары терең ормен қоршалған (Тажекеев, 2013: 71).

Бекініс аумағының ішінде биік сексеуіл өсімдігі мен қалың қамыс өскендіктен, ғимараттар мен көшелердің толық жоспарларын қалпына келтіру мүмкін болмай отыр. Қаланың жалпы өлшемдері 300×400 м. Қабырғалардың бойында, әсіресе солтүстік-шығыс бұрышында, бекіністен кейінгі дәуірде салынған мазар орналасқан (Тажекеев, Дарменов, 2012: 131).

Бұл тарихи ескерткіш алғаш рет 1946 жылы Хорезм экспедициясы арқылы зерттелген. Археологиялық материалдарға қарағанда, қаланы негізінен XII–XIV ғасырларға жатқызуға болады. Керамика жинақтары ең көп солтүстік бөліктен табылған (Толстов, 1962: 291).

Жаңадария өзенінің бассейніндегі хорезмшах және Алтын Орда дәуіріне жататын ауылдық қоныстардың зерттелуі Құмқала бекінісінен шығысқа қарай орналасқан екі археологиялық нысан – Шығыс (екінші) Құмқала мен Мортыққала материалдары арқылы айтарлықтай толықтырылды.

Шығыс Құмқала. Үлкен, алайда қорғаныс жүйесі жоқ, тұрғын үй кешені мен оған тіркескен ауылдан тұратын елеулі қоныс. Үй-жай жоспары бойынша тікбұрышты, 200×155 м көлемінде салынған. Ішінде бөлмелері мен дәліздері қатар орналасқан тұрғын үйдің қирандылары сақталған. Солтүстік жағынан үйге айван тәрізді күмбезді ауламен қосылып, оңтүстігінде дәлізге шығатын ашық алаң орналасқан. Үй қабырғаларына стандартқа сай келмейтін шикі кірпіш қабаттары мен саз балшық араласқан.

Тұрғын үй кешенінің солтүстік жағында сыртқы алаң немесе бақша орналасқан. Ол қорған қабырғасы типінде салынған саз дуалмен қоршалған, фортификация белгілері жоқ; қақпа солтүстік қабырғада ашылған. Бақшадағы шығыс қабырға маңында шамамен 35×22 м өлшемдегі ғимараттың орны сақталған, оның тек 1,5 м биіктіктегі дөңес топырағы қалған. Бұл ғимарат немесе қонақ қабылдайтын үй – қаптархана болуы мүмкін; дәл оның алдында, бақ ортасында, кішкентай шаршы хауыз орналасқан.

Феодалдың, бәлкім, жергілікті округ иесінің үй-жайына оңтүстік және оңтүстік-батыс жағынан

үлкен қоныстың кварталдарының қалдықтары тіркескен. Көптеген жер телімдерінен шлак пен крица табылған, бұл қолөнер өндірісінің айқын белгісі. Сол аймақта биіктігі шамамен 2 м, диаметрі 12 м-ге жететін дөңдер кездеседі; олар киіз үйлерді орнатуға арналған алаң ретінде қолданылған. Бұл дөңдер Үйғарақ маңындағы далалық құрылымдарға ұқсас және жергілікті жартылай көшпелі қоныстардың тұрғын үй қалдықтары болуы мүмкін.

Қоныстан тыс жерде егістік алқаптары мен бақтар қоршалған, суармалы каналдар желісі жақсы дамыған. Шығыс Құмқаладағы керамика мол және ұйғарақтық қыш үлгілерімен ұқсас сипатқа ие; көп мөлшерде сырланған ыдыс-аяқтар кездеседі, олар XII-XIV ғасырларға жатқызылады. Сырланбаған керамика ішінде әртүрлі қазан-ошақтар, оюланған қақпақтар, ошақтар мен шамдар бар (Толстов және т.б., 1963: 85).

Мортық қала қалашығы. Шығыс Құмқаладан солтүстікке 2 км қашықтықта Мортық қала қирандылары орналасқан. Бұл кішкентай, тығыз орналасқан үй-жайлардан тұратын қоныс. Олардың ішінде 18×18 м өлшемді, жақсы сақталған үй ерекшеленіп тұр. Бәлкім, ол қоныстың иесіне тиесілі болуы мүмкін. Үйдің жоспары ерекше: тоғыз бөлмеден тұрады, орталық квадрат залдан төрт бұрышқа тар дәліздер арқылы шығуға болады. Олар солтүстік және оңтүстік фасадтарға шығатын «вестибюльдерге» жалғасады және бұлар ашық айван (күмбезді ауламен) типінде болған деген болжам бар. Қабырғаларды салу тәсілі шығыс Құмқаладағыдай. Керамика негізінен қолөнер өнімдерінен тұрады, Шығыс Құмқаламен бір уақытта XII–XIV ғасырларда өмір сүрген.

Мортық қала – кішкентай қоныс қирандылары мен шағын феодал үйінен тұратын, әлеуметтік мазмұны бойынша Шығыс Құмқалаға ұқсас ескерткіш. Бұл екеуі де ортағасырлық ауылдық тұрғындардың тұрмысын, өндірісін және суармалы егістікпен айналысқанын зерттеуге мүмкіндік беретін құнды археологиялық деректер болып табылады (Толстов және т.б., 1963: 85).

Ескерткіш Шығыс Құмқаладан шамамен екі шақырым солтүстікке қарай Мортық қала деп аталатын көне қоныстың қирандыларында орналасқан. Бұл қоныс бір-біріне жақын, ықшам түрде орналасқан шағын тұрғын үй кешендерінен құралған. Солардың ішінде көлемі жағынан ірі (18×18 м) әрі жақсы сақталған бір үй ерекше көзге түседі. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл құрылыс сол қоныстың иесіне немесе ауқатты тұрғынына тиесілі болған. Үйдің ішкі жоспары да қызықты: ғимарат тоғыз бөлмеден тұрады. Оның ортасында төрт бұрышты кең зал орналасқан, ал бұрыштарында тар дәліздер арқылы басқа бөлмелерге өтетін өткелдер бар. Бұл өткелдер солтүстік және оңтүстік жақтағы бөлмелерге жалғасып, ғимараттың сыртқы қасбеттеріне шығады. Кейбір бөлмелердің айван үлгісіндегі ашық алаңдар болу ықтималдылығы бар.

Аталған үйдің қабырғаларын тұрғызу тәсілі Шығыс Құмқаладағы құрылыстардың қабырға қалау әдісіне ұқсас. Қоныстан табылған керамикалық бұйымдардың басым бөлігі қолөнер шеберханаларында жасалған. Олардың пішіні мен жасалу ерекшеліктері Шығыс Құмқаладан табылған керамика үлгілерімен ұқсас болып келеді. Археологиялық деректерге сүйенсек, бұл бұйымдардың негізгі бөлігі XIII–XIV ғасырларға мерзімделіп отыр (Толстов, 1962: 286).

Орталық Азия мен Қазақстан аумағындағы шыны бұйымдарының қысқаша зерттелу тарихы. Шыны – адамзат ежелгі дәуірден бері қолданып келе жатқан икемді, нәзік және ерекше әсем материал. Жасанды шыны өндіру – күрделі технологиялық үдеріс. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, шыны өндірісі алғаш Месопотамия мен Ежелгі Египетте пайда болған (Абдуразаков, Безбородов, 1966: 11–15).

Сырдарияның төменгі ағысындағы Арал маңы қалашықтарының шыны бұйымдарын зерттеуде бұл өңірдің Орталық Азиядағы исламдық шыны өндірісі жүйесінің құрамдас бөлігі болғанын ескеру қажет.

Ежелгі дәуірден бастап XVII ғасырға дейін Орталық Азияда шыны бұйымдарын жан-жақты зерттеген ұжымдық жұмыс ретінде «Стеклоделие Средней Азии в древности и средневековье» атты еңбекті атап өтуге болады (Абдуразаков және басқалар, 1963). Бұл еңбекте шыны өндірісінің жалпы дамуы тұрғысынан Орта Азия өнімдерінің типологиясы ұсынылған және Орта Азия қалаларында табылған шыны заттардың химиялық құрамына талдау жасалған (Валиулина, 2016: 324, сурет 1–4; 2022:87–127; 2024: 403–406).

Соңғы жылдары Орта Азияның көптеген ортағасырлық қалаларында, соның ішінде Қазақстанда кең таралған шыныдан жасалған

бұйымдар жекелеген қалаларды зерттеуге арналған монографиялар мен ғылыми мақалаларда қарастырылды (Агеева, 1970; Акишев және т.б., 1962; Брыкина, 1974; Байпаков, 1986), қысқаша шолу мақалаларында (Дощанова, 2003) және жекелеген арнайы зерттеулерде (Шишкина, 1986) ортағасырлық шыны ыдыстарға қатысты ғылыми мақалалар кездеседі. Сонымен қатар, әйнекті зерттеу негізінен морфологиялық белгілер бойынша жүргізілді, яғни шыны бұйымның пішіні мен сыртқы ерекшеліктеріне сүйене отырып жазылған еңбектер де бар (Смагулов, 2011: 62).

Шыны өнімдеріне қатысты Орталық Азия мен Әзірбайжан аумағындағы шыны бұйымдары жинақталған басылымды атап өтуге болады, онда Қазақстанға қатысты жеке бөлім қарастырылады (Байпаков, Дощанова, 2011). Алайда, осы уақытқа дейін стратификацияланған қазба материалдарын, археологиялық контексті, өкілдікүлгілерді, шикізаткөздерінжәнеөндірістік нысандарды жан-жақты зерттеу жеткіліксіз. Орта Азия қалаларында шыны шеберханаларының болғаны көптеген зерттеулерде айтылғанымен, бұл өндірістік кешендердің нақты сипаттамасы мен ғылыми сипаттамасы жоқ (Шишкина, 1986: 34; Дощанова, 2009: 167; Schibille, 2022: 233). Осылайша, шыны өндірісін зерттеудің тарихи дамуы морфологиялық талдаудан химиялық және материалтану әдістерін қолдануға көшу арқылы толыққанды ғылыми зерттеуді қажет етеді. Бұл бағыт болашақта Орта Азияның ортағасырлық қалаларында, оның ішінде Қазақстанда шыны өнері мен өндірісін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді (Кдырниязов, 1989: 106).

Қазақстандағы ортағасырлық шыны бұйымдары әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмегенімен, оңтүстік, оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс өңірлердің ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінен табылған шыны коллекцияларына арналған жеке ғылыми еңбектер бар (Кембаева, 2022: 121).

Ортағасырлық шыны бұйымдардың ерекшеліктерін, олардың ұқсастықтарын және өндіріс орталықтарын анықтау мәселелері бірқатар археологтар мен тарихшылардың еңбектерінде қарастырылған. Е.И. Агеева шыны бұйымдарға қатысты маңызды зерттеулер жүргізсе (Агеева, 1970: 7–21), Т.Н. Сенигова Тараздан табылған шыны ыдыстардың ерекшеліктері мен қызметін талдаған (Сенигова, 1972: 166–169). Бұл бағыттағы зерттеулерге Г.И. Пацевич, А.Н. Бернштам, К.М. Байпаков және Т.С. Дощанованың еңбектері де үлес қосты (Пацевич, 1956: 159; Бернштам, 1950: 159; Байпаков, 2013: 352–365; Дощанова, 2001; 2003: 165–172; 2008: 141–146; 2009: 157–167). Орта Азиядағы шыны өндірісін зерттеуде А.А. Абдуразаков, М.А. Безбородов және М.Т. Аминджановаңың еңбектері салыстырмалы материал ретінде пайдаланылды (Абдуразаков, Безбородов, 1966: 11; Аминджанова, 1961: 241–254; 1962: 90). Аталған зерттеулер шыны өндірісінің морфологиялық ерекшеліктерімен қатар, оның химиялық құрамы, технологиясы және мәдени байланыстарын қарастыруға негіз болды. Қазақстан аумағындағы шыныдан жасалған алғашқы бұйымдар – моншақтар қола дәуірі кезеңіне жатады және Бурабай 2, Былқылдақ I және II, Беғазы және Атасу қорымдарында, сондай-ақ Шерубай өзенінің жағасындағы қорымнан және Қамай елді мекеніндегі қазба жұмыстары барысында табылған (Агеева, 1970: 7). Айта кету керек, бұл табылған заттар «шыны тәрізді» деп аталады, яғни мөлдір емес табиғи әйнек. Бұл шыны өндірісінің технологиясы мен әдістемесі адамзатқа осы кезеңде әлі таныс емес екендігімен түсіндіріледі. Осы себепті қола дәуіріндегі шыныдан жасалған бұйымдар табиғи материалдардың қасиеттері негізінде жасалған (Кембаева, 2022: 121).

Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс аумағында табылған шыныдан жасалған бұйымдардың көпшілігі еркін үрлеу немесе қалыпқа құю әдісімен жасалған және X ғасырға жатады. Шыны бұйымдарының пішіндері мен түрлері XII ғасырға дейін айтарлықтай өзгеріске ұшырамағанын және қалаларда табылған ұқсас шыны бұйымдармен белгілі бір үйлесімділік дәрежесін көрсететінін атап өткен жөн (Байпаков, 1986: 163; Ақымбек 2011: 216).

Ортағасырлық шыны бұйымдарының ең қызықты коллекциясы 1938–1939 жж. оңтүстік-шығыс Жетісудағы археологиялық экспедициялар барысында және 1940 жылы Жамбыл археологиялық экспедициясының Тараз бөлімшесі жүргізген қазба жұмыстары барысында табылды (Сенигова, 1972). Бұл коллекциялар Қазақстанның ортағасырлық қалаларында шыны өнері мен өндірісін зерттеуде ерекше маңызға ие болды және Орталық Азиядағы шыны бұйымдарының

құрылымы мен стилистикалық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік беріп отыр. Қазақстанның оңтүстігіндегі Отырар және Құйрықтөбе қалашықтарынан табылған шыныдан жасалған бұйымдар топтамасы да маңызды әрі қызықты. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылған 1971 жылдан бері жүргізілген бірнеше жылдық зерттеулердің нәтижесінде шыныдан жасалған бұйымдардың үлкен және маңызды коллекциясы жиналды. Отырар және Құйрықтөбе ескерткіштеріндегі шыны бұйымдардың көпшілігі жасыл, жасыл-көк (көк-жасыл), сары-жасыл сияқты түрлі реңктерде кездеседі (Байпаков, 2013: 352-365). Сондай-ақ, әйнектен жасалған бұйымдар Солтүстік-Шығыс Жетісудың шеберханалары мен сауда орталықтары болып саналатын Талғар және Қойлық қалашықтарынан табылды. Аталған қалаларда табылған бұйымдар тек фрагменттер түрінде ұсынылғанымен, олардың ақпараттық маңызы зор. Талғар және Қойлық қалаларындағы кездескен шыны бұйымдарының бір ерекшелігі олардың бетіндегі кальций қабаты айқын көрінеді және салыстырмалы түрде Тараз, Отырар қалаларында табылған бұйымдардан қалың мәдени қабатының болуымен ерекшеленеді (Дощанова, 2008: 141).

Алынған нәтижелер

2025 жылы жиналған материалдық деректер негізінде «Краткие сообщения Института археологии (КСИА)» журналына «Химический состав стеклянных изделий Средневековых городов Низовьев Сырдарьи (Казахстан)» атты ғылыми мақала жарияланды (Валиулина және т.б., 2025: 393–411). Осы мақаладағы 2021–2025 жж. жиналған археологиялық материалдарға

Кесте 1. Corning Museum of Glass эталондары A, B бойынша СЭМ-ЭДС әдісімен өлшеу нәтижелері (масс. %).
Table 1. Measurement results of Corning Museum of Glass standards A and B by SEM-EDS (in wt. %).

Компонент / көрсеткіштер	1. CMG A (5 өлшемнің орташа мәні)	2. CMG B (5 өлшемнің орташа мәні)
Na_2O	14,41	16,91
MgO	2,66	1,04
Al_2O_3	0,97	4,52
SiO_2	66,06	61,33
P_2O_5	0,11	0,82
SO_3	0,14	0,57
Cl, масс. %	0,1	0,17
K_2O	2,98	1,07
CaO	4,98	8,67
TiO_2	0,87	0,13
MnO	1,06	0,25
Fe_2O_3	1,11	0,36
CoO	0,19	0,03
CuO	1,26	2,84
SnO_2	0,34	0,15
Sb_2O_5	1,79	0,36
BaO	0,49	0,04
PbO	0,12	0,55
Жиынтығы	99,55	99,64
Cl-мен бірге жиынтығы	99,65	99,81

Кесте 2. Қазақстанның ортағасырлық қалашықтарынан алынған шыны бұйымдарының химиялық құрамы, СЭМ-ЭДС әдісімен зерттелген (масс. %).
Table 2. Chemical composition of glass artifacts from medieval settlements of Kazakhstan studied by SEM-EDS (in wt. %).

Компонент / көрсеткіш	1. Құмқала – жасыл	2. Құмқала – жасыл-көгілдір	3. Құмқала – жасыл-көгілдір	4. Жент – ашық жасыл	5. Мортық – ашық жасыл
Na_2O	15,73	15,36	16,89	16,25	14,88
MgO	4,06	4,65	4,03	4,16	4
Al_2O_3	5,1	5,87	4,03	5,59	5,23
SiO_2	59,63	56,26	60	58,07	59,74
P_2O_5	0,39	0,43	0,44	0,36	0,38
SO_3	0,23	0,33	0,36	0,24	0,25
Cl, масс. %	0,73	0,35	0,67	0,64	0,56
K_2O	5,64	6,17	4,44	5,09	5,53
CaO	6,85	8,4	7,95	7,53	7,22
TiO_2	0,14	0,17	0,07	0,17	0,15
MnO	0,06	0,06	0,04	0,05	0,03
Fe_2O_3	0,98	1,33	0,48	1,23	1,11
CoO	0,01	0	0,01	0,01	0,01
CuO	0,01	0,01	0,01	0	0,01
SnO_2	0,35	0,44	0,31	0,3	0,36
Sb_2O_5	0	0	0	0	0
BaO	0,04	0,06	0,03	0,04	0,03
PbO	0,04	0,08	0,07	0,03	0,06
Жиынтығы	99,26	99,64	99,16	99,12	99
Cl-мен бірге жиынтығы	99,99	99,99	99,83	99,76	99,56

жүргізілген химиялық талдау нәтижелерін қысқаша ұсынамыз.

Зерттеу үшін Асанас, Қышқала және Құмқала қалашықтарынан үш-үштен, Жент пен Мортық қалашықтарынан бір-бірден, барлығы 11 шыны үлгісі алынды. Үлгілер археологиялық қазба және барлау жұмыстары барысында жинақталған материалдардан іріктелді.


Шыны дискілердің қалыңдығы 1–2 мм, ал сақталған жиектерінің ені 5–7 мм аралығында. Жиегінің ілмек тәрізді пішініне қарай олардың диаметрлері 20, 22 және 25 см деп анықталды. Ортағасырлық Шығыста құрылыс элементтерінің өлшемдерінде белгілі бір стандарттардың қолданылғанын ескерсек (Ал-Каши Джемшид Гияседдин, 1956: 101), зерттелген нысанда кемінде үш терезе әйнегі болған деп болжауға болады. Олардың түс ерекшеліктері де бұл болжамды қолдайды. Аналитикалық зерттеуге алынған алты үлгінің төртеуі жасыл және жасыл-көк түстің әртүрлі реңктерімен сипатталады (Валиулина және т.б., 2025: 393–411, сур. 2). Бір үлгі түссіз шыныдан жасалған (Валиулина және т.б., 2025: 393–411, сур. 2; кесте 2). Диаметрі 22 см, жиегінің ені 5 мм болатын ашық көк шыны 28 фрагменттен тұрады (Валиулина және т.б., 2025: 393–411, сур. 2; кесте 2).

Шыны бұйымдардың ішінен химиялық құрамы мен сақталу жағдайына қарай іріктелген 5 үлгі сканерлеуші электрондық микроскопия және энергия дисперсиялық рентгендік спектрлік талдау әдістерімен зерттелді. Талдау


Мәскеу энергетикалық институтының «Тозуға төзімділік» ғылыми орталығында Tescan Mira LMU электрондық микроскопы және Oxford Instruments X-Max 50 анализаторы арқылы жүргізілді. Үлгілер эпоксидті шайырмен құйылып, гауһар суспензиямен тегістеліп, жылтыратылғаннан кейін зерттелді. Әр үлгінің бірнеше аймағынан 5 спектр тіркеліп, олардың орташа мәндері есептелді. Нәтижелер 2-кестеде және негізгі әрі қосалқы оксидтердің құрамын көрсететін графиктерде берілген (Валиулина және т.б., 2025: 393–411, 410–411; сур. 2–3; кесте 1–2). Зерттеу нәтижелерінің қайталануы мен қателік көрсеткіштері Corning Museum of Glass деректерімен салыстыру арқылы бағаланды (1-кесте).

Зерттеу нәтижесінде барлық үлгілер натрийлі-күлді шыныға жататыны анықталды. Олардың химиялық құрамы $Na_2O–K_2O–CaO–Al_2O_3–MgO–SiO_2$ оксидтерінің құрамымен сипатталады (Валиулина және т.б., 2025: 393–411, кесте 2). Негізгі шыны түзуші оксидтердің мөлшері мен арақатынасына қарай үлгілер үш химиялық кіші типке жіктелді. Бұл жіктеу әртүрлі шикізат көздері мен технологиялық дәстүрлердің қолданылғанын көрсетеді.

Бірінші химиялық кіші типке үш ескерткіштен алынған үш үлгі жатады: Жент (Жаңақала), Мортыққала және Құмқала (Валиулина және т.б., 2025: 393–411, кесте 2). Бұл үлгілердің негізгі элементтері бойынша көрсеткіштері өзара жақын, бұл олардың ортақ технологиялық дәстүр негізінде өндірілгенін көрсетеді. Топтың негізгі ерекшелігі – алюминий оксидінің жоғары мөлшері (орташа 5,24%-дан жоғары) және калий оксидінің 4,5%-дан жоғары болуы. Калий мен магний оксидтерінің жоғары көрсеткіштері шыны өндірісінде құрғақ



Сур. 2. а – Al_2O_3 және K_2O, %; б – Al_2O_3 және SiO_2, %. Қатынас графиктері. (автор: С.И. Валиулина).
Fig. 2. a – Al_2O_3 and K_2O, %; b – Al_2O_3 and SiO_2, %. Correlation plots. (author: S.I. Valiulina)



Сур. 3. а – Fe_2O_3 және Al_2O_3, %; б – K_2O және Na_2O, %. Қатынас графиктері.(автор: С.И. Валиулина).
Fig. 3. a – Fe_2O_3 and Al_2O_3, %; b – K_2O and Na_2O, %. Correlation plots.(author: S.I. Valiulina)


аймақтарға тән галофитті өсімдіктер күлінің пайдаланылғанын көрсетеді. Мұндай құрам Орта Азия мен Ауғанстан шыныларына тән (Brill, Stapleton, 2012: 432, 439).

Қорытынды

Қазақстанның ортағасырлық қалаларынан анықталған бірінші химиялық кіші типтің құрамы Алтын Орда дәуіріндегі Бұлғар қаласынан табылған Орта Азия шыныларымен ұқсастық көрсетеді. Бұл ұқсастық ыдыстар, санитарлық-гигиеналық бұйымдар, терезе әйнектері, зергерлік заттар, сондай-ақ жартылай фабрикаттардан жасалған моншақтар мен сақиналардың құрамынан байқалады (Валиулина, 2016: 344; 2022: 123). Бұлғар шеберханаларында өндірілген шынының химиялық құрамы Еділдің орта ағысындағы жергілікті шикізатқа сәйкес келмегенімен, Орта Азия, соның ішінде Қазақстан ескерткіштерінің шыныларымен жақындығы анықталған (Валиулина, 2005: 78–85; 2024: 405).

Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы кварц құмдарының қалыптасу жағдайларының ұқсастығы олардың құрамдық сипаттамаларынан да байқалады (Кузнецов және т.б., 1981). Бұл өңірлердегі кварц құмдарына бай негізгі геологиялық қабаттар палеоген жүйесінің шөгінділерімен байланысты. Олар негізінен Тұран теңізінің теңіздік шөгінділерінен тұрады. Олардың құрамында сазды-карбонатты ұсақ түйіршікті шөгінділер басым болса, жағалауға жақын аумақтарда карбонатты материал аралас құмдар кең таралған (Кузнецов, 1981: 124).

Қазақстанның сазды және құмды шөлдерінің минералды құрамына калий дала шпаты, гидрослюда, плагиоклаз, сондай-ақ биотит, пироксен, оливин және басқа минералдардың



Сур. 4. MgO және K_2O, %. Қатынас графигі. (автор: С.И. Валиулина).
Fig. 4. MgO and K_2O, %. Correlation plot.(author: S.I. Valiulina)

қоспалары кіреді. Бұл минералдардың барлығы алюминий, калий, магний, кремний, темір қосылыстарынан тұратын күрделі алюминий силикаттары екендігін атап өтуге болады.

Шыны өнімдерінен титан мен марганец оксидтері өте аз мөлшерде кездеседі. Бұл шикізат ерекшелігі ортаазиялық шыны құрамында айқын көрінеді. Орта Азия шыны өндірісіндегі алюминий оксидінің табиғатын анықтау үшін Роберт Брилл индуктивті байланысқан плазмадағы масс-спектрометрия әдістерін және стронций изотоптық талдауын қолданды. Нәтижесінде микроқоспалар мен ультра жұқа элементтер, соның ішінде алюминиймен бірге шыны құрамына енген лантанидтер тобы анықталды.

Микроэлементтердің құрамы монацитті құмдарға тән көрсеткіштермен сәйкес келетіні анықталды. Мұндай құмдар Орталық Азияда кездесіп, белгілі бір шикізат көздерінің географиялық маркері ретінде қарастырылады. Сонымен қатар олар Еуропа мен Мысырда да белгілі (Brill, Stapleton, 2012: 525, 533; Wedepohl және т.б., 2011; Schibille, 2022: 165).

Екінші химиялық кіші типке шынының бес үлгісі жатқызылды: олардың үшеуі Қышқала қалашығынан, ал екеуі Асанас қалашығынан алынған (Валиулина және т.б., 2025: 393–411, кесте 2). №17 үлгі екі рет талданып, оның шыны негізі мен күлгін жапсырма жолағы жеке зерттелді. Бұл кіші тип алюминий оксидінің төмен мөлшерімен (2,25–3,33 %) және калий оксидінің 3,36–4,11 % аралығындағы көрсеткішімен сипатталады. Кремнезем мөлшері жоғары, ал магний оксидінің деңгейі бірінші кіші типке жақын (Валиулина және т.б., 2025: 393–411, кесте 2).

Құрамы бойынша бұл үлгілер кварц құмы негізінде өндірілген шығыс исламдық натрийлі-күлді шынылармен ұқсастық көрсетеді. Олардың аналогтары Сирия, Месопотамия және Иранннан белгілі (Carboni, 2001: 76–79, 182; Brill, 1995: 221; Brill, Stapleton, 2012: 439, 514–516). Бұл ұқсастықтар шикізат базасы мен шыны өндіру дәстүрлерінің сабақтастығын көрсетеді.

Ортағасырлық Құмқала қалашығынан табылған шыны ыдыс үлгісінің химиялық құрамы ерекше назар аударуға лайық. Оның калий оксидінің мөлшері бойынша көрсеткіші бірінші және екінші химиялық кіші типтердің аралығында орналасады. Бұл үлгінің екі кіші типке тән белгілер арасында аралық мән көрсететінін графиктер де айқын көрсетеді (Валиулина және т.б., 2025: 393–411, кесте 2; сур. 4).

Бұл элементтер арасындағы оң корреляция Таяу Шығыстың исламдық күл шыны өндірісіне тән қасиет. Композиция кальций мен күкірт оксидінің төмен концентрациясымен, сондай-ақ жоғары хлормен сипатталып отыр.

Жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2025–2027 жж. арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде, ЖТН AP26197945 «Этно-эко жүйедегі Солтүстік және Оңтүстік Қызылқұмды этнографиялық және этноархеологиялық зерттеу» жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

1. Абдуразаков А. А., Безбородов М. А., Заднепровский Ю. А. 1963. Стеклоделие Средней Азии в древности и средневековье. Ташкент: Издательство АН Узбекской ССР. 242 с.

2. Абдуразаков А.А., Безбородов М.А. 1966. Средневековые стекла Средней Азии (опыт химической характеристики). Издательство «Фан» Узбекской ССР. Ташкент. С. 166.

3. Ақымбек Е.Ш. 2011. Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған сынап көзелер // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары / Қоғамдық ғылымдар сериясы. № 3 (282). 2011. 216 б.

4. Агеева Е.И. 1970. Средневековое стекло из Тараза. «По следам древних культур Казахстана». Алма-Ата: Наука. С. 7–21.

5. Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б., 1962. Древний Отрар. Алма-Ата: Наука. 215 с.

6. Ал-Каши Джемшид Гиясэддин, 1956. Ключ арифметики. Трактат об окружности / Коммент. А. П. Юшкевича, Б. А. Розенфельда. М.: Гостехиздат. 558 с.

7. Аминджанова М. 1961. О некоторых стеклянных сосудах Мавераннахра // ИМКУЗ. Вып. 2. С. 241–254.

8. Аминджанова М.1962. Средневековые стеклянные сосуды из музеев Ташкента и Самарканда // ИМКУЗ. Вып. 3. С. 87–100.

9.Аржанцева И.А. 2013. Имперская археология и археологические империи: Советская Хорезмская археологическая экспедиция // Этнографическое обозрение. № 4. С. 65–87.

10.Байпаков К.М. 1986. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII в.). Алма-Ата: Наука. 256 с.

11.Байпаков К.М., Дощанова Т., 2011. Казахстан // Художественная культура Центральной Азии и Азербайджана IX–XV веков. Т. II. Стекло / Ред.: К. Байпаков, Ш. Пидаев, А. Хакимов. Самарканд; Ташкент: Международный институт центральноазиатских исследований. С. 12–65.

12. Байпаков К.М. 2013. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследования Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга II. Урбанизация Казахстана в IX – начале XIII в. Алматы: «Ғылыми Қазына». 514 с.

13. Байпаков К.М. 2014. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Алматы, – Кн. 3, ч. 2. 534 с.

14. Бартольд В.В.1965. Сочинения. Т. III. Работы по исторической географии. М., 706 с.

15. Брыкина Г. А., 1974. Карабулак. М.: Наука. 1974. 128 с.

16. Валиулина С.И., 2016. Химический состав стекла Болгара и Сувара // SP. № 6. С. 337–353.

17. Валиулина С.И., 2022. Стекло ремесленного района // Центральный базар Болгара и его окружение (междисциплинарные исследования по материалам раскопок 2011–2019 гг.): коллективная монография / Отв. ред. В. Ю. Коваль. М.; СПб.: Нестор-История. С. 87–127.

18. Валиулина С.И. 2024. Влияние ремесла Средней Азии на стеклоделие Золотой Орды // Культуры и цивилизации Центральной Азии от неолита до средневековья: материалы междунар. науч. конф., посвящ. 120-летию А. М. Беленицкого, 95-летию В. М. Массона и 100-летию Ю. А. Заднепровского (Санкт-Петербург, 5–8 ноября 2024 г.) / Отв. ред.: В. П. Никоноров, Е. О. Стоянов. СПб.: ИИМК РАН. С. 403–406.

19. Валиулина С.И., Тажекеев А.А., Курманиязов Ы.С., Есен С. 2025. Химический состав стеклянных изделий Средневековых городов Низовьев Сырдарьи (Казахстан) // Краткие сообщения Института археологии (КСИА) Выпуск 280, С. 393–411.

20. Brill R. H. 1995. Appendix 3: chemical analyses of some glass fragments from Nishapur in the Corning Museum of Art // Kröger J. Nishapur: Glass of the Early Islamic Period. New York: Metropolitan Museum of Art.1995 P. 211–233.

21. Brill R. H., Stapleton C. P., 2012. Chemical Analyses of Early Glasses. Vol. 3. Corning: Corning Museum of Glass. 727 p.

22. Дощанова Т.С. 2001. Новые находки стеклянных изделий с городища Куйрык-тобе // Известия. Серия общественных наук. № 1. Алматы: НИЦ «Ғылым». С. 159.

23. Дощанова Т.С. 2003. Новые коллекции стекла из городищ Куйрык-тобе и Коялыка // Известия

НАН РК. Серия общественных наук. № 1. С. 165–172.

24. Дощанова Т.С. 2008. Оконное стекло на городище Талгар //Известия НАН РК. Серия общественных наук. №1. Алматы, НИЦ «Гылым». С. 141–146

25. Дощанова Т.С. 2009. Новые коллекции стеклянных изделий из Юго-Западного Семиречья (городища Тараза, Торткуль и Мерке) // Известия НАН РК. Серия общественных наук. № 1. С. 157–167

26. История Казахстана в персидских источниках / под ред. А.К. Муминова. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. Т. 1. 416 с.

27. Итина М.А., Левина Л.М., Неразик Е.Е., Рапопорт Ю.А. 1999. К 60–летию Хорезмской экспедиции // ЭО. № 6. С. 19-33.

28. Каллаур В.А. 1900 О следах древнего города «Джент» в низовьях Сырдарьи // ПТКЛА. – Приложение № 5. С. 10–15.

29. Кастанье И.А. 1910. Древности Киргизской степи и Оренбургского края / Труды Оренбургской учёной архивной комиссии. Вып. 22. Оренбург. 331 с.

30. Кдырниязов Мухаммед-Шарип. 1989. Материальная культура городов Хорезма в XIII–XIV вв.- Нукус: Каракалпакстан, 176 с.

31. Кембаева А.К. 2022. История изучения средневековых стеклянных изделий юга Казахстана // Ахинжановские чтения–2022: материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых (г. Алматы, 20–22 апреля 2022 г.). Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. С. 120–121

32. Козейбаев С.А., Воякин Д.А. 2017. Отчет о научно-исследовательских работах// Археологические исследования на городище Жент, Жалагашского района, Кызылординской области. С. 62.

33. Кузнецов А. В., Шаманский И. Л., Миропольская Г. Л., Туманова Е. С., 1981. Формовочные и стекольные пески СССР. М.: Недра. 192 с.

34. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. 2011. Қызылорда облысы. А.: Аруна, 2011. 504 с.

35. Левшин А.И. 1996. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: Санат. 656 с.

36. Лерх П.И. 1870. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. СПб. 39 с.

37. Макшеев А.И. 1856. Описание низовьев Сырдарьи // Морской сборник. Т. XXIII. № 9. С.102-114.

38. Маргулан А.Х. 1950. Из истории городов и архитектурного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата: Наука. 123 с.

39. Мәми Т. 2007. Кейінгі ортағасырлардағы Арал өңірінің қалалары (XIII-XVIII ғғ.) Монография – Қызылорда. 252 б.

40. Молдахмет А., Қалдыбай Ш. 2023. Сырдарияның төменгі ағысындағы Алтын Орда қалаларының орналасуы жайлы (Асанас, Қышқала, Жент қалалары бойынша) // Фараби әлемі: студент. мен жас ғалым. халық. ғыл. конф. матер. Алматы. Б. 118–121.

41. Молдахмет А.А. 2024. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірінің қалалары: Қышқала материалдары бойынша: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. 222 б.

42. Пацевич Г.И. 1956. Раскопки на территории древнего города Тараза. Труды ИИАЭ АН КазССР. т. 1. Археология. Алма Ата. С. 33–60.

43. Петров П.Н., Атыгаев Н.А., Белтенов Ж.М. 2023. Деньги на «Шелковом пути» (территория Казахстана, XIII – XIV вв.). Алматы: ЦГМ РК. 400 с.

44. Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии 2011. // Историко-культурные памятники археологии Казахстана. / Авторы предисловые и составители Елеуов М., Бахтибаев М. Түркістан, 2011. 447 с.

45. Рашид ад-дин. Сборник летописи 1960. / пер. с перс. Ю.П. Верховского. М. Т. 2. 220 с.

46. Carboni S., 2001. Glass from Islamic Lands. London: Thames & Hudson. 416 p.

47. Сенигова Т.Н. 1972. Средневековый Тараз. Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 218 с.

48. Смагулов Е.А. 2011. Археологические исследования городища Алтынтобе в Отрарском оазисе: находки // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан / Серия общественных наук

№ 3 (282). 216 с.

49. Сыдыкова Ж.Т. 2014. Место Джанкента в средневековой истории Приаралья: огузы и их города по средневековым письменным источникам // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). А: «Арыс», 2014. С. 11–15.

50. Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. 2012. Средневековые городища Сырдарьи //Вестник КНУ имени Аль-Фараби. Серия историческая. Алматы, г. № 3. С. 127–133.

51. Тажекеев А.А. 2013. История обводнения южных протоков нижней Сырдарьи по археологическим данным. Жанадарья // Тр. филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. Астана, 2013. Т. 2. С. 65–73.

52. Толстов С.П. 1948. По следам древнехорезмской цивилазции. М.: Соцэкгиз, 1948. – 212 с.

53. Толстов С.П. 1962. По древним дельтам Окса и Яксарта. // М.:Издательство восточной литературы. 324 с., вкл.

54.Толстов С.П., Жданко Т.А., Итина М.А.1963. Археологические работы на древних руслах Сырдарьи // М. МХЭ. Выпуск 6. 1963. 248 с.

55.Труды Семиреченской археологической экспедиции. 1950.«Чуйская долина»/сост. под рук. А.Н. Бернштама // МИА – № 14. М. Л: 160 с. + XV табл.

56. Шишкина Г. В., 1986. Ремесленная продукция средневекового Согда. Ташкент: Фан. 144 с.

57. Schibille N. 2022 Islamic Glass in the Making Chronological and Geographical Dimensions. Leuven: Leuven University. 2022. 263 p. (Studies in Archaeological Sciences; 7.)

58. Wedepohl K. H., Simon K., Kronz A.,2011. Data on 61 chemical elements for the characterization of three major glass compositions in Late Antiquity and the Middle Ages // Archaeometry. Vol. 53. № 1. P. 81–102.

References

1. Abdurazakov A.A., Bezborodov M.A., Zadneprovskii Yu.A. 1963. Steklodelie Sredney Azii v drevnosti i srednevekove [Glassmaking in Central Asia in Antiquity and the Middle Ages]. Tashkent: Izdatelstvo AN Uzbekskoi SSR, 242 p. [in Russian].

2. Abdurazakov A.A., Bezborodov M.A. 1966. Srednevekovye stekla Sredney Azii (opyt khimicheskoy kharakteristiki) [Medieval glass of Central Asia (an attempt at chemical characterization)]. Tashkent: Fan, 166 p. [in Russian].

3.Aqymbek Ye.Sh. 2011. Ortagasyrlyq Aqtobe qalasynan tabylgan synap kozeler [Mercury vessels found in the medieval city of Aktobe] // Qazaqstan Respublikasy Ulttyq gylym akademiyasynyn khabarlary. Qogamdyq gylymdar seriyasy. No. 3 (282). P. 216. [in Kazakh].

4. Ageyeva Ye.I. 1970. Srednevekovoe steklo iz Taraza [Medieval glass from Taraz] // Po sledam drevnikh kultur Kazakhstana. Alma-Ata: Nauka, P. 7–21. [in Russian].

5. Akishev K.A., Baipakov K.M., Erzakovich L.B. 1962. Drevnii Otrar [Ancient Otrar]. Alma-Ata: Nauka, 215 p. [in Russian].

6. Al-Kashi Dzhemshid Giyaseddin. 1956. Klyuch arifmetiki. Traktat ob okruzhnosti [Key to Arithmetic. Treatise on the Circumference] / Komment. A.P. Yushkevicha, B.A. Rozenfelda. Moscow: Gostekhizdat, 558 p. [in Russian].

7. Amindzhanova M. 1961. O nekotorykh steklyannykh sosudakh Maverannakhra [On some glass vessels of Mawarannahr] // IMKUZ. Vol. 2. P. 241–254. [in Russian].

8. Amindzhanova M. 1962. Srednevekovye steklyannye sosudy iz muzeev Tashkenta i Samarkanda [Medieval glass vessels from the museums of Tashkent and Samarkand] // IMKUZ. Vol. 3. P. 87–100. [in Russian].

9. Arzhantseva I.A. 2013. Imperskaya arkheologiya i arkheologicheskie imperii: Sovetskaya Khorezmskaya arkheologicheskaya ekspeditsiya [Imperial archaeology and archaeological empires: The Soviet Khorezm Archaeological Expedition] // Etnograficheskoye obozreniye. № 4. S.65-87. [in Russian].

10. Baipakov K.M. 1986. Srednevekovaya gorodskaya kultura Yuzhnogo Kazakhstana i Semirechya (VI – nachalo XIII v.) [Medieval urban culture of Southern Kazakhstan and Semirechye (6th – early 13th centuries)]. Alma-Ata: Nauka, 256 p. [in Russian].

11.Baipakov K.M., Doshchanova T.S. 2011. Kazakhstan [Kazakhstan] // Khudozhestvennaya kultura Tsentralnoy Azii i Azerbaidzhana IX-XV vekov. Vol. II. Steklo / Eds.: K. Baipakov, Sh. Pidaev, A. Khakimov. Samarkand; Tashkent: Mezhdunarodnyi institut tsentralnoaziatskikh issledovanii, P. 12-65. [in Russian].

12. Baipakov K.M. 2013. Drevnyaya i srednevekovaya urbanizatsiya Kazakhstana (po materialam issledovaniya Yuzhno-Kazakhstanskoy kompleksnoy arkheologicheskoy ekspeditsii). Kniga II. Urbanizatsiya Kazakhstana v IX – nachale XIII v. [Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan (based on the research materials of the South Kazakhstan Comprehensive Archaeological Expedition). Book II. Urbanization of Kazakhstan in the 9th – early 13th centuries]. Almaty: Gylymi Kazyna, 514 p. [in Russian].

13. Baipakov K.M. 2014. Drevnyaya i srednevekovaya urbanizatsiya Kazakhstana [Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan]. Almaty, Book 3, Pt. 2, 534 p. [in Russian].

14. Bartold V.V. 1965. Sochineniya. T. III. Raboty po istoricheskoy geografii [Works. Vol. III. Studies in historical geography]. Moscow, 706 p. [in Russian].

15. Brykina G.A. 1974. Karabulak [Karabulak]. Moscow: Nauka, 128 p. [in Russian].

16. Valiulina S.I. 2016. Khimicheskii sostav stekla Bolgara i Suvara [Chemical composition of glass from Bolgar and Suvar] // SP. No. 6. P. 337–353. [in Russian].

17. Valiulina S.I. 2022. Steklo remeslennogo raiona [Glass from the craft district] // Tsentralnyi bazar Bolgara i ego okruzhenie (mezhdistsiplinarnye issledovaniya po materialam raskopok 2011-2019 gg.): kollektivnaya monografiya / Ed. V.Yu. Koval. Moscow; St. Petersburg: Nestor-Istoriya, P. 87–127. [in Russian].

18. Valiulina S.I. 2024. Vliyanie remesla Sredney Azii na steklodelie Zolotoy Ordy [The influence of Central Asian craftsmanship on the glassmaking of the Golden Horde] // Kultury i tsivilizatsii Tsentralnoy Azii ot neolita do srednevekovya: materialy mezhdunar. nauch. konf., posvyashch. 120-letiyu A.M. Belenitskogo, 95-letiyu V.M. Massona i 100-letiyu Yu.A. Zadneprovskogo (St. Petersburg, November 5-8, 2024) / Eds.: V.P. Nikonorov, E.O. Stoyanov. St. Petersburg: IIMK RAN, P. 403–406. [in Russian].

19. Valiulina S.I., Tazhekeyev A.A., Kurmaniyazov Y.S., Esen S. 2025. Khimicheskii sostav steklyannykh izdelii srednevekovykh gorodov nizovev Syrdari [Chemical composition of glassware from the medieval cities of the lower Syrdarya] // Kratkie soobshcheniya Instituta arkheologii (KSIA). Vol. 280. P. 393–411. [in Russian].

20. Brill R.H. 1995. Appendix 3: Chemical analyses of some glass fragments from Nishapur in the Corning Museum of Art // Kröger J. Nishapur: Glass of the Early Islamic Period. New York: Metropolitan Museum of Art, P. 211–233. [in English].

21. Brill R.H., Stapleton C.P. 2012. Chemical Analyses of Early Glasses. Vol. 3. Corning: Corning Museum of Glass, 727 p. [in English].

22. Doshchanova T.S. 2001. Novye nakhodki steklyannykh izdelii s gorodishcha Kuyryk-tobe [New finds of glassware from the Kuyryk-tobe settlement] // Izvestiya. Seriya obshchestvennykh nauk. No. 1. Almaty: NITs Gylym, P. 159. [in Russian].

23. Doshchanova T.S. 2003. Novye kollektsii stekla iz gorodishch Kuyryk-tobe i Koyalika [New glass collections from the settlements of Kuyryk-tobe and Koyalyk] // Izvestiya NAN RK. Seriya obshchestvennykh nauk. No. 1. P. 165–172. [in Russian].

24. Doshchanova T.S. 2008. Okonnoe steklo na gorodishche Talgar [Window glass at the Talgar settlement] // Izvestiya NAN RK. Seriya obshchestvennykh nauk. No. 1. Almaty: NITs Gylym, P. 141–146. [in Russian].

25. Doshchanova T.S. 2009. Novye kollektsii steklyannykh izdelii iz Yugo-Zapadnogo Semirechya (gorodishcha Taraza, Tortkul i Merke) [New collections of glassware from Southwestern Semirechye (the settlements of Taraz, Tortkul and Merke)] // Izvestiya NAN RK. Seriya obshchestvennykh nauk. No. 1. P. 157–167. [in Russian].

26. Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikakh [History of Kazakhstan in Persian sources] / Ed. A.K. Muminov. 2005. Almaty: Daik-Press. Vol. 1, 416 p. [in Russian].

27. Itina M.A., Levina L.M., Nerazik E.E., Rapoport Yu.A. 1999. K 60-letiyu Khorezmskoy ekspeditsii [On the 60th anniversary of the Khorezm Expedition] // EO. No. 6. P. 19–33. [in Russian].

28. Kallaur V.A. 1900. O sledakh drevnego goroda «Dzhent» v nizovyakh Syrdari [On the traces of the ancient city of Dzhent in the lower reaches of the Syr Darya] // PTKLA. Appendix No. 5. P. 10–15. [in Russian].

29. Kastanye I.A. 1910. Drevnosti Kirgizskoy stepi i Orenburgskogo kraya [Antiquities of the Kirghiz Steppe and the Orenburg region] // Trudy Orenburgskoy uchenoy arkhivnoy komissii. Vol. 22. Orenburg, 331 p. [in Russian].

30. Kdyrniyazov Mukhammed-Sharip. 1989. Materialnaya kultura gorodov Khorezma v XIII-XIV vv. [Material culture of the cities of Khorezm in the 13th-14th centuries]. Nukus: Karakalpakstan, 176 p. [in Russian].

31. Kembayeva A.K. 2022. Istoriya izucheniya srednevekovykh steklyannykh izdelii yuga Kazakhstana [History of the study of medieval glassware in Southern Kazakhstan] // Akhinzhanovskie chteniya-2022: materialy mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii studentov i molodykh uchenykh (Almaty, April 20-22, 2022). Almaty: Institut arkheologii im. A.Kh. Margulana, P. 120–121. [in Russian].

32. Kozeybayev S.A., Voyakin D.A. 2017. Otchet o nauchno-issledovatelskikh rabotakh [Report on research work] // Arkheologicheskie issledovaniya na gorodishche Zhent Zhalagashskogo raiona Kyzylordinskoy oblasti. P. 62. [in Russian].

33. Kuznetsov A.V., Shamanskii I.L., Miropolskaya G.L., Tumanova E.S. 1981. Formovochnye i stekolnye peski SSSR [Molding and glass sands of the USSR]. Moscow: Nedra, 192 p. [in Russian].

34. Qazaqstan Respublikasynyn tarikhi zhane madeni eskertkishterinin zhinagy. Qyzylorda oblysy [Collection of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Kyzylorda region]. 2011. Almaty: Aruna, 504 p. [in Kazakh].

35. Levshin A.I. 1996. Opisanie kirgiz-kazachikh, ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei [Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes]. Almaty: Sanat, 656 p. [in Russian].

36. Lerkh P.I. 1870. Arkheologicheskaya poezdka v Turkestanskii krai v 1867 godu [Archaeological journey to the Turkestan region in 1867]. St. Petersburg, 39 p. [in Russian].

37. Maksheyev A.I. 1856. Opisanie nizovev Syrdari [Description of the lower reaches of the Syr Darya] // Morskoi sbornik. Vol. XXIII. No. 9. P. 102–114. [in Russian].

38. Margulan A.Kh. 1950. Iz istorii gorodov i arkhitekturnogo iskusstva drevnego Kazakhstana [From the history of cities and architectural art of ancient Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 123 p. [in Russian].

39. Mami T. 2007. Keiingi ortagasyrdagy Aral onirinin qalalary (XIII-XVIII gg.) [Cities of the Aral region in the late Middle Ages (13th-18th centuries)]. Kyzylorda, 252 p. [in Kazakh].

40. Moldakhmet A., Qaldybai Sh. 2023. Syrdariyanyn tomengi agysyndagy Altyn Orda qalalarynyn ornalasuy zhaily (Asanas, Qyshqala, Zhent qalalary boiynsha) [On the location of Golden Horde cities in the lower reaches of the Syr Darya (based on the cities of Asanas, Kyshkala and Zhent)]//Farabi alemi: studentter men zhas galymdardyn khalyqaralyq gylymi konferentsiyasy materialdary. Almaty, P. 118–121. [in Kazakh].

41. Moldakhmet A.A. 2024. Syrdariya ozeninin tomengi agysyndagy Altyn Orda dauirinin qalalary: Qyshqala materialdary boiynsha [Cities of the Golden Horde period in the lower reaches of the Syr Darya: Based on the materials of Kyshkala]: PhD dissertation. Almaty, 222 p. [in Kazakh].

42. Patsevich G.I. 1956. Raskopki na territorii drevnego goroda Taraza [Excavations in the territory of the ancient city of Taraz] // Trudy IIAE AN KazSSR. Vol. 1. Arkheologiya. Alma-Ata, P. 33–60. [in Russian].

43. Petrov P.N., Atygayev N.A., Beltenov Zh.M. 2023. Dengi na «Shelkovom puti» (territoriya Kazakhstana, XIII-XIV vv.) [Money on the “Silk Road” (territory of Kazakhstan, 13th-14th centuries)]. Almaty: TsGM RK, 400 p. [in Russian].

44. Protokoly zasedanii i soobshchenii chlenov Turkestanskogo kruzhka lyubitelei arkheologii [Minutes of meetings and reports of members of the Turkestan Circle of Archaeology Enthusiasts]. 2011 // Istoriko-kulturnye pamyatniki arkheologii Kazakhstana / Authors of the foreword and compilers M. Eleuov, M. Bakhtibayev. Turkistan, 447 p. [in Russian].

45. Rashid ad-Din. 1960. Sbornik letopisei [Collection of Chronicles] / Transl. from Persian by Yu.P. Verkhovskii. Moscow. Vol. 2, 220 p. [in Russian].

46. Carboni S. 2001. Glass from Islamic Lands. London: Thames & Hudson, 416 p. [in English].

47. Senigova T.N. 1972. Srednevekovyi Taraz [Medieval Taraz]. Alma-Ata: Izdatelstvo Nauka KazSSR, 218 p. [in Russian].

48. Smagulov E.A. 2011. Arkheologicheskie issledovaniya gorodishcha Altyntobe v Otrarskom oazise: nakhodki [Archaeological research at the Altyntobe settlement in the Otrar oasis: Finds] // Izvestiya Natsionalnoy akademii nauk Respubliki Kazakhstan. Seriya obshchestvennykh nauk. No. 3 (282). P. 216. [in

Russian].

49. Sydykova Zh.T. 2014. Mesto Dzhankenta v srednevekovoy istorii Priaralya: oguzy i ikh goroda po srednevekovym pismennym istochnikam [The place of Dzhankent in the medieval history of the Aral Sea region: The Oghuz and their cities according to medieval written sources] // Kompleksnye issledovaniya gorodishcha Dzhankent (raboty 2011-2014 gg.). Almaty: Arys, P. 11–15. [in Russian].

50. Tazhekeyev A.A., Darmenov R.T. 2012. Srednevekovye gorodishcha Syrdari [Medieval settlements of the Syr Darya] // Vestnik KazNU imeni Al-Farabi. Seriya istoricheskaya. No. 3. Almaty, P. 127–133. [in Russian].

51. Tazhekeyev A.A. 2013. Istoriya obvodneniya yuzhnykh protokov nizhney Syrdari po arkheologicheskim dannym. Zhanadarya [History of the watering of the southern channels of the lower Syr Darya according to archaeological data. Zhanadarya] // Trudy filiala Instituta arkheologii im. A.Kh. Margulana v g. Astana. Astana. Vol. 2. P. 65–73. [in Russian].

52. Tolstov S.P. 1948. Po sledam drevnekhorezmskoy tsivilizatsii [In the footsteps of the ancient Khorezm civilization]. Moscow: Sotsekgiz, 212 p. [in Russian].

53. Tolstov S.P. 1962. Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta [Along the ancient deltas of the Oxus and Jaxartes]. M.:Izdatelstvo vostochnoy literatury. 324 p. [in Russian].

54. Tolstov S.P., Zhdanko T.A., Itina M.A. 1963. Arkheologicheskie raboty na drevnikh ruslakh Syr-Dari [Archaeological works on the ancient channels of the Syr Darya] // MKhE. Vol. 6. 248 p. [in Russian].

55. Trudy Semirechenskoy arkheologicheskoy ekspeditsii. «Chuiskaya dolina» [Proceedings of the Semirechye Archaeological Expedition. “Chui Valley”] / Comp. under the supervision of A.N. Bernshtam. 1950 // MIA. No. 14. Moscow; Leningrad, 160 p. + XV tables. [in Russian].

56. Shishkina G.V. 1986. Remeslennaya produktsiya srednevekovogo Sogda [Craft products of medieval Sogdiana]. Tashkent: Fan, 144 p. [in Russian].

57. Schibille N. 2022. Islamic Glass in the Making: Chronological and Geographical Dimensions. Leuven: Leuven University, 263 p. (Studies in Archaeological Sciences; 7). [in English].

58. Wedepohl K.H., Simon K., Kronz A. 2011. Data on 61 chemical elements for the characterization of three major glass compositions in Late Antiquity and the Middle Ages // Archaeometry. Vol. 53. No. 1. P. 81–102. [in English].

***Молдахмет А.А.[1], Елеуов М.[2], Валиулина С.И.[3], Курманиязов Ы.С.[4]**

[1]Международный университет Астаны, Астана, Казахстан

[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

[3]Казанский федеральный университет, Казань, Россия

[4]Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

e-mail: moldakhmetkz@gmail.com

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ СТЕКЛЯННЫЕ ИЗДЕЛИЯ НИЖНЕГО ТЕЧЕНИЯ РЕКИ СЫРДАРЬИ: СОСТАВ, ТЕХНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Аннотация. В статье представлены предварительные результаты исследования химического состава стеклянных артефактов, обнаруженных на средневековых археологических памятниках в районе древнего русла Жанадарьи, расположенного в нижнем течении Сырдарьи Восточного Приаралья. Основное внимание уделено материалам городищ Жанкала (Жент), Мортык, крепости Кумкала и других памятников региона. В период Золотой Орды данные поселения являлись важными центрами торговли, ремесла и культурных контактов. Обнаруженные стеклянные изделия отражают существовавшие между различными регионами хозяйственные и культурные связи. Анализ их химического состава позволяет определить особенности сырьевой базы и технологии изготовления стекла, а также уточнить направления его производства, распространения и обмена в средневековый период.

Результаты лабораторного исследования образцов стекла из нижнего течения

Сырдарьи свидетельствуют о влиянии особенностей местной сырьевой базы на их химический состав. Полученные данные позволяют выявить характерные технологические приемы производства стекла и определить особенности производственного процесса, применявшегося средневековыми мастерами. Химико-технологический анализ также способствует уточнению происхождения изделий, их хронологических характеристик и направлений торгового обмена. Исследованные образцы отражают специфику стеклоделия городских центров Приаралья, где использовалось местное сырье. Выявленные особенности позволяют сопоставить технологические традиции региона с материалами, происходящими из других центров стекольного производства, в частности Ирана и Египта.

Ключевые слова: Кызылкум, Сырдарья, Жанадарья, городище, архитектура, датировка, стекло, караван, лаборатория, металл, анализ.

Для цитирования: Молдахмет А.А., Елеуов М., Валиулина С.И., Курманиязов Ы.С. Средневековые стеклянные изделия низовьев Сырдарьи: состав, технология и археологическое значение // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). С. 139-159 (каз.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.10

***Moldakhmet A.A.[1], Eleuov M.[2], Valiulina S.I.[3], Kurmaniyazov Y.S.[4]**

[1]Astana International University, Astana, Kazakhstan

[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

[3]Kazan Federal University, Kazan, Russia

[4]Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

e-mail: moldakhmetkz@gmail.com

MEDIEVAL GLASS OBJECTS FROM THE LOWER SYR DARYA: COMPOSITION, TECHNOLOGY, AND ARCHAEOLOGICAL SIGNIFICANCE

Abstract. The article presents the preliminary results of a study of the chemical composition of glass artifacts discovered at medieval archaeological sites located along the ancient Zhanadarya riverbed in the lower reaches of the Syr Darya in the Eastern Aral Sea region. The study focuses on materials from the Zhankala (Zhent) and Mortyk settlements, the Kumkala fortress, and other archaeological sites in the region. During the Golden Horde period, these settlements functioned as important centers of trade, crafts, and cultural interaction. The chemical composition of the glass artifacts provides information on the raw materials and technological processes used in their production. The results also contribute to determining the origin, chronology, and distribution of the glass and to reconstructing regional trade and technological contacts.

Chemical analysis shows that glass from the lower Syr Darya was produced from local raw materials using distinctive medieval manufacturing techniques. Laboratory examination of the glass assemblage clarified its composition, chronology, and technological features, while also revealing interregional trade links. The use of local raw materials and geochemical resources distinguished glass production in the Aral Sea region from that of Iran and Egypt.

Keywords: Kyzylkum, Syr Darya, Zhanadarya, town, architecture, dating, glass, caravan, laboratory, metal, analysis

For citation: Moldakhmet A.A., Eleuov M., Valiulina S.I., Kurmaniyazov Y.S. Medieval glass artifacts from the lower reaches of the Syr Darya: composition, technology, and archaeological significance // Madeni mura. 2026. №3 (114). pp. 139-159 (in Kaz.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.10

Авторлар туралы мәлімет:

Молдахмет Архад Айтжанұлы, PhD, аға оқытушы, Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-9817-6412

Елеуов Мадияр, тарих ғылымдарының докторы, профессор, антропология және археология институты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-6459-8019

Валиулина Светлана Игоревна, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазан федералдық университеті, Қазан, Ресей Федерациясы.

ORCID: 0000-0002-2651-8110

Құрманиязов Ыслам Серікұлы, PhD, аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

ORCID: 0000-0001-8737-2288

Сведения об авторах:

Молдахмет Архад Айтжанұлы, PhD, старший преподаватель, Международный университет Астаны, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-9817-6412

Елеуов Мадияр, доктор исторических наук, профессор, Институт антропологии и археологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-6459-8019

Валиулина Светлана Игоревна, кандидат исторических наук, доцент, Казанский федеральный университет, Казань, Российская Федерация.

ORCID: 0000-0002-2651-8110

Курманиязов Ыслам Серикович, PhD, старший преподаватель, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

ORCID: 0000-0001-8737-2218

Information about the authors:

Moldakhmet Arkhad Aitzhanuly, PhD, Senior Lecturer, Astana International University, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-9817-6412

Madiyar Yeleuov, Doctor of Historical Sciences, Professor, Institute of Anthropology and Archaeology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-6459-8019

Valiulina Svetlana Igorevna, PhD in History, Associate Professor, Kazan Federal University, Kazan, Russian Federation.

ORCID: 0000-0002-2651-8110

Kurmaniyazov Yslam Serikuly, PhD, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-8737-2218

ҒТАМР 03.41.91 https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.11

Камалдинов И.[1], Буранбаев Р.[1], *Нұрғали Н.[2], Арынов Қ.[1]
[1]Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
Алматы, Қазақстан
[2]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
e-mail: nesipbay.nurgali@mail.ru

СҮТКЕНТ ҚАЛАШЫҒЫН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА НӘТИЖЕЛЕРІ (2025 Ж. МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Аңдатпа. Мақала ортағасырлық араб және парсы жазба дереккөздерінде жиі аталатын, археологиялық тұрғыдан аз зерттелген Сүткент қаласында 2025 ж. жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне арналған. Зерттеудің мақсаты – Сырдарияның орта ағысының сол жағалауында орналасқан қаланың шахристанында қазба жұмыстарын жүргізіп, стратиграфиясы мен хронологиясын анықтау және ортағасырлық қала мәдениеті туралы жаңа деректер алу. Зерттеу барысында археологиялық қазба, стратиграфиялық және радиокөміртектік талдау, керамикалық материалдарды функционалдық жіктеу және типологиялық салыстыру әдістері қолданылды. Қазба барысында екі құрылыс горизонты анықталды. Жақсы сақталған төменгі горизонттан ені 4 м болатын көше мен оның екі жағындағы екі тұрғын үйдің қалдықтары аршылды. №1 құрылыстан түтіндігі бар Г-тәрізді суфа, ал үш бөлмелі №2 құрылыстан суфа мен ошақ қалдықтары тіркелді. Керамикалық кешендегі 851 керамика фрагменті функционалдық және типологиялық тұрғыдан жіктеліп, Отырар оазисі, Сырдарияның орта ағысы, Шу-Талас өңірі және Орта Азия ескерткіштерінің материалдарымен салыстырылды. Нәтижелер Сүткенттің аймақаралық мәдени байланыстарға қатысқанын және жергілікті қыш өндірісі дәстүрлерінің сабақтастығын көрсетті. Радиокөміртектік талдау бойынша шурфтың төменгі қабаты IX ғ. аяғы – X ғ. аяғымен, ал тұрғын үй қалдықтары XI ғ. ортасы – XII ғ. ортасымен мерзімделді. Зерттеу Сүткенттің сәулеті, тұрмысы мен хронологиясы туралы жаңа ғылыми деректер ұсынды.

Кілт сөздер: Сырдария өзені, Сүткент қаласы, жазба деректер, археологиялық қазба, стратиграфиялық шурф, радиокөміртекті талдау, керамика.

Дәйексөз үшін: Камалдинов И., Буранбаев Р., Нұрғали Н., Арынов Қ. Сүткент қалашығын археологиялық зерттеудің жаңа нәтижелері (2025 ж. материалдары бойынша) // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). бб.160-175 (қаз.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.11


Кіріспе

2025 ж. далалық маусымда Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының археологиялық отряды ортағасырлық Сүткент қаласында (IX–XIII ғғ.) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Сүткент қаласы Сырдария өзенінің орта ағысының сол жағалауында, әкімшілік тұрғыдан Түркістан облысы Шардара ауданындағы Сүткент елді мекенінің батыс шетінде орналасқан (Сур. 1, 1). Ескерткіштің маңайында суландыру жүйесінің орындары және қаладан 1,5 км оңтүстікте, Сырдариядан тартылған ежелгі арықтардың бірінің жағасында Ақтөбе қонысы сақталған. Қала жоспары оның орталық бөлігінен жан-жаққа таралатын өзіндік радиалды-сәулелі сайлар жүйесімен ерекшеленеді. Қолда бар археологиялық зерттеулердің материалдары бойынша, Сүткент орналасқан Сырдарияның орта ағысы аумағында мұндай топографиялық құрылымдағы ортағасырлық ескерткіштер туралы мәліметтер кездеспейді. Қала көлемі 850×750 м, биіктігі 2–2,5 м болатын алаңнан

(шахристан) тұрады. Оның батыс, оңтүстік және шығыс бөліктері доғалданып келген, ал солтүстік-батыс бөлігінің шекарасы түзу сызықты (Сур. 1, 2). Қала аумағын қоршаған қорғаныс қабырғасы бүгінде жал болып жатыр. Оның биіктігі 1 м-ден асады, ені 4–6 м. Жалдың бойында сыртқа қарай дөңгеленіп шығып жатқан 30-дан астам мұнараның биіктеу қалдықтары көзбен шолу барысында да байқалады. Қабырғаның сыртқы жағынан қаланы тереңдігі 1–1,5 м, ені 8–10 м болатын ор қоршап жатыр. Қалаға кіретін қақпа оның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Шахристанның солтүстік-батыс бөлігінде көлемі 150×150 м, биіктігі 7–8 м болатын төртбұрышты төбе түріндегі цитадель бар. Цитадельді қоршаған қорғаныс қабырғасының бұрыштары мен аралық бөліктерінде мұнаралардың қалдықтары сақталған. Цитадельдің іргесі шахристаннан ор арқылы бөлінген, ал оған кіретін қақпа солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан.

Жазба деректер. Араб географы әл-Истахридің мәліметтері бойынша, IX ғ. Сүткент қарлұқтардың иелігінде болса, X ғ. қала халқының басым бөлігін оғыздар құраған. Осы кезеңде оғыз тайпалары Сырдарияның сол жағалауында көшіп-қонып, Фараб аймағына, Сүткентке дейін жеткен (Аль-Истахри, 1973: 29–30). X ғасырда өмір сүрген тағы бір араб саяхатшысы әрі географы Ибн Хаукаль Сүткентті үлкен қалалардың қатарына жатқызып, онда ислам



Сур. 1. Сүткент қаласы: 1 – ескерткіштің орналасу картасы; 2 – қаланың аэрофотосуреті. Солтүстік-шығыстан көрінісі
Fig. 1. The Sytkent settlement: 1 – location map of the site; 2 – aerial photograph of the settlement. View from the northeast

дінін қабылдаған оғыз және қарлұқ тайпалары жиналатын мешіт болғанын атап өтеді. Сүткент тұрғындары ержүрек жауынгерлер ретінде сипатталып, басқа түркі тайпаларына қарсы тұрған (Ибн-Хаукал, 2005: 8). Парсы тіліндегі «Худуд әл-Алам» географиялық шығармасында Сүткент өзен жағасында орналасқан бай әрі гүлденген қала ретінде сипатталады. Оның тұрғындары жауынгер халық ретінде көрсетіліп, жергілікті түркілердің басым бөлігі ислам дінін ұстанғаны баяндалады (Ибн-Хаукал, 2005: 9–10). Махмұд Қашқаридің мәліметтері бойынша, Сүткент Сауран, Сығанақ және Қарнақпен қатар Сырдарияның орта ағысындағы ірі отырықшы қалалардың бірі болған. Ол мұнда өмір сүрген оғыздардың көшіп-қонбайтынын және соғыс жорықтарына қатыспайтынын, осыған байланысты олардың «ятұқ» (отырықшы) деп аталғанын атап өтеді (Қашқари, 1997: 469).

XI ғасырдан кейін жазба деректерде Сүткент туралы мәліметтер сирек кездеседі. Тек XV ғ. басында тарихшы Шараф ад-Дин Йезди Әмір Темірдің Самарқандтан Отырарға жасаған жорығы кезінде Сүткент арқылы өткенін хабарлайды (Бартольд, 1965: 224).

Зерттелу тарихы. Сүткент қаласындағы алғашқы зерттеу жұмыстарын 1900 ж. Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің мүшесі Н.О. Руднев жүргізіп, қаланың жоспарын сызады (Руднев, 2011: 230–232). 1914 ж. В.В. Бартольд Түркістанның көне қалалары туралы тарихи мәліметтерді жинақтаған еңбегінде Сүткент туралы деректер келтіреді (Бартольд, 1965: 224). 1949 ж. А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Сүткентте алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, цитадельде екі стратиграфиялық шурф салады (Агеева, Пацевич, 1958: 119–121). Көлемі 4×2 м болатын қазба цитадельдің оңтүстік-шығыс шетіне түсірілген. Зерттеу нәтижесінде тандыры бар шаруашылық ауласының қалдықтары аршылған. Сонымен қатар цитадель аумағында шағын тазалау жұмыстары жүргізілген. Екі стратиграфиялық шурфтан да X–XI ғғ.-ға жататын керамикалық материалдар алынған (Агеева, Пацевич, 1958: 35–37). 2009 ж. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы Сүткентте археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Сүткент қаласының әр кезеңде бірін-бірі алмастырған үш түрлі орында орналасқаны анықталған (Талеев, 2010: 158–159).

Материалдар мен зерттеу әдістері

Далалық зерттеу әдістері. Ғылыми-зерттеу жұмыстары ескерткішті далалық жағдайда зерттеу, фотофиксация және топографиялық түсірілім жұмыстарын, сондай-ақ қала шахристанында қазба, стратиграфиялық кесік және шурф салуды қамтыды. Зерттеу барысында археологиялық материалдар жиналып, камералдық өңдеуден өткізілді. Қазба бастапқыда шахристанның орталық бөлігінде 10×10 м көлемінде салынып, кейін қосымша алаңдарды жалғау арқылы 18×13 м-ге дейін кеңейтілді. Қазбаның ұзын жағы шығыс-батыс бағыты бойынша бағдарланды. Қазба орны кеңестік кезеңде қазылған сүрлем (силос) траншеясының шетінен таңдалды. Стратиграфиялық жағдайды анықтау мақсатында сүрлем траншеясының оңтүстік жағын бойлай стратиграфиялық кесік пен шурф салынды. Қазба жұмыстары күрек бойы (20–25 см) бойынша қабат-қабат жүргізілді. Қазба мен стратиграфиялық шурфтан 14C әдісімен мерзімдеу үшін ағаш көмірі үлгілері алынды.

Зерттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін ескерткіштің қазылған бөліктерін сақтау мақсатында далалық консервация әдістері қолданылды. Қазба алаңдары сұрыпталған топырақпен толық немесе ішінара қайта көмілді. Ішінара көму тәсілі кейінгі кезеңдерде қазба жұмыстарын жалғастыру немесе жаратылыстану-ғылыми зерттеулер үшін бақылау үлгілерін қайта алу қажеттілігі ескерілген жағдайда қолданылды.

Қазба барысында жасалған барлық зерттеулер жүйелі түрде далалық күнделікке тіркеліп отырды. Жаппай археологиялық материалдарды іріктеу, тазалау және шифрлау жұмыстары далалық жағдайда жүргізілді. Артефактілерді камералдық өңдеу және реставрациялау жұмыстары далалық зерттеулер аяқталғаннан кейін стационарлық жағдайда атқарылды. Қазба барысында жиналған барлық археологиялық материалдар олжалар тізіліміне енгізілді.

Керамиканы зерттеу әдістері. Зерттеудің деректік негізін 2025 ж. Сүткент қаласының тұрғын үй бөлмелеріне жүргізілген қазбадан алынған керамикалық материалдар құрайды. Керамикалық кешенді талдау барысында бұйымдардың морфологиялық, технологиялық

және функционалдық ерекшеліктеріне баса назар аударылды. Қыш ыдыстар қызметіне қарай асүйлік, асханалық және шаруашылық-тұрмыстық топтарға жіктеліп, әр топқа кіретін бұйымдардың жасалу техникасы, пішіні, безендірілу ерекшеліктері мен таралу деңгейі қарастырылды. Керамикалық материалдарды зерттеуде салыстырмалы-морфологиялық әдіс қолданылды. Осы әдіс негізінде Сүткенттен анықталған қыш ыдыстардың негізгі типтері айқындалып, олардың аналогтары Отырар оазисі, Сырдарияның орта ағысы, Шу-Талас өңірі және Орта Азияның ортағасырлық ескерткіштерінен табылған материалдармен салыстырылды. Салыстырмалы талдау нәтижелері бұйымдардың мәдени ұқсастықтары мен хронологиялық орнын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар морфометриялық зерттеу жүргізіліп, ыдыстардың ернеу, түп, мойын және бүйір қабырғаларының өлшемдері тіркелді. Өлшеу жұмыстары электронды штангенциркуль көмегімен жүргізіліп, көрсеткіштер 0,2 мм дәлдікпен алынды. Алынған мәліметтер қыш ыдыстардың технологиялық ерекшеліктерін, типологиялық айырмашылықтарын және олардың ортағасырлық керамика өндірісіндегі орнын анықтауға пайдаланылды.

Талдау

Қазба алаңында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында екі құрылыс горизонты анықталды. Бірінші құрылыс горизонты фрагменттік түрде сақталған және төңкеріліп орнатылған ыдыстар түріндегі ташнау (тұрмыстық лас су қалдықтарын жерге сіңіруге арналған санитарлық құрылым) қалдықтарымен, тікбұрышқа жақын пішінде қаланған күйдірілген кірпіштермен және ошақ-сандалмен сипатталады. Оның астында екінші құрылыс горизонты біршама жақсы сақталған. Бұл деңгейден көше және екі тұрғын үй құрылысы аршылды. Қазба алаңынан радиокөміртектік талдауға арналған үлгі 0,4 м тереңдіктен, яғни екінші құрылыс горизонтының деңгейінен алынды. Радиокөміртектік талдау нәтижесі бойынша бұл горизонт XI ғ. ортасы – XII ғ. ортасымен мерзімделеді. Бірінші құрылыс горизонтының мерзімі оның екінші горизонтқа қатысты стратиграфиялық орны, сондай-ақ археологиялық материалдарды тарихи-салыстырмалы талдау негізінде XII ғ. ортасы – XIII ғ. басына жатқызылды. Яғни, Шыңғыс хан әскерлерінің шапқыншылығы қарсаңындағы кезеңге жатқызуға болады. Шурфтың материк үстінде жатқан ең төменгі қабатынан – құрамында көмір қалдықтары едәуір мөлшерде кездесетін қарашірік саздақтан алынған үлгі IX ғ. соңы – X ғ. соңымен мерзімделді. Бұл мәдени қабат қалыңдығының 1,2 м-ге жетуі шахристан аумағында ұзақ мерзімді қоныстану үдерісінің болғанын көрсетеді. Шурфта анықталған жасылдау түсті қарашірік саздақтың жоғарғы қабаты бірінші құрылыс горизонтына жататын ташнаудан ағызылған сулардың әсерінен қалыптасқан болуы мүмкін. Осыған байланысты аталған кезеңде бұл аумақ санитарлық-гигиеналық мақсатта пайдаланылған деп болжанады.

Алынған нәтижелер Сүткентте осыған дейін жүргізілген шурфтық және барлау сипатындағы зерттеулердің деректерін едәуір толықтырды. Бастапқы зерттеулерде ескерткіштің жекелеген қабаттары негізінен керамикалық материалдар арқылы мерзімделсе, қазіргі қазбада оның хронологиясы стратиграфиялық және радиокөміртектік деректердің өзара сәйкестігі негізінде нақтыланды. Кең көлемде аршылған құрылыс кешендері қаланың ішкі жоспарлануы мен тұрғын үй кеңістігінің ұйымдастырылуын жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік берді.

Керамикалық материалдардың ішінде қазандардың пішіні мен жасалу технологиясы Оңтүстік Қазақстан, Шу-Талас және Жетісу өңірлеріндегі дамыған ортағасырлық керамика кешендерінен белгілі дәстүрлі үлгілерден айтарлықтай ерекшеленбейді. Ернеуі сыртқа қайырылған немесе саңырауқұлақ тәрізді жасалған, жарты ай (құлақ) және доға тәрізді тұтқалары бар қазандар Сырдария-Қаратау өңірінің ортағасырлық ескерткіштерінде кең таралған. Мұндай тұтқалар VIII–X ғғ. қарлұқ кезеңіне жататын Оңтүстік Қазақстан ескерткіштерінің қабаттарынан белгілі (Агеева, Пацевич, 1958: 180, 103-сур.). Ұқсас үлгілер Сайрам қаласының IX ғ. қабатынан (Байтанаев, 2007: 68, 5-сур.) және Ферғана өңірінің X ғ. материалдарынан да анықталған (Ахраров, 1966: 130, 5-сур.). Аталған тұтқа түрлері VI–VII ғғ. қалыптасып, X–XII ғғ. аралығында қалаларда, төрткүлдерде және қоныстарда кең таралған тұрақты морфологиялық белгіге айналған (Ақымбек, Нұрғали, 2025: 24). Бұл Сүткент қазандарының аймақта қалыптасқан қыш өндірісі дәстүрінің жалғасы екенін көрсетеді.

Асүйлік бұйымдар арасындағы көзелердің ең жақын аналогтары Отырар қаласының X–XI ғғ. қабаттарынан анықталған (Байпақов, Ерзакович, 1991: 91). Сонымен қатар Сүткенттен табылған оймышты-штамп өрнекті ошақ-сандалдың ұқсас үлгісі Отырардың XII ғ. қабатынан белгілі (Байпақов, Ерзакович, 1991: 76–79). Бұл ұқсастықтар Сүткент пен Отырар арасындағы мәдени-типологиялық жақындықты көрсетеді.

Асханалық ыдыстардың ішінде ілмек тәрізді тұтқалы саптыаяқтардың аналогтары Отырардың X–XI ғғ. қабатынан кездеседі (Байпақов, Ерзакович, 1991: 93). Сырлы табақтардың ішінде гүлдесте өрнегі бар үлгілер Отырардың XI–XII ғғ. қабаттарымен сәйкес келеді (Байпақов, Ерзакович, 1991: 122, 126). Ал геометриялық өрнекті сырлы табақтардың жақын аналогтары Тараз қаласының XII–XIII ғғ. қабатынан (Сенигова, 1972: 19, табл. 12, рис. 5–6, 8–9), Төрткүл керуен сарайынан (Касенов, 2015: 116, 159) және Қостөбе қаласынан (Касенов, 2015: 145) анықталған. Мұндай ұқсастықтар Сүткент тұрғындарының Сырдария бойындағы қалалармен ғана емес, Шу-Талас өңіріндегі ірі мәдени орталықтармен де ортақ көркемдік дәстүрлердің болғанын көрсетеді.


Шаруашылық-тұрмыстық бұйымдардың ішінде сырлы шырағдандар ерекше назар аудартады. Ілмек тәрізді тұтқалы шырағдандар Отырардың X–XI ғғ. қабатынан белгілі болса (Байпақов, Ерзакович, 1991: 108), тұтқасында бармақ тірегіші бар және штампталған өрнекпен безендірілген үлгілер Отырардың XI–XII ғғ. қабаттарынан, Ақтөбе I қаласынан (Максимова және т.б., 1968: 160, рис. 22), Талас өңіріндегі Арна және Жаргүл-2 төрткүлдерінен (Ақымбек және т.б., 2022; Ақымбек және т.б., 2024), Төменгі Барысханнан (Нуржанов, 2006: 80), Талғардан (Кузнецова, Савельева, 2019: 212), сондай-ақ Кавардан, Джанпык-қала және Термез сияқты Орта Азияның ірі орталықтарынан анықталған (Буряков, 1977: 84; Доспанов, 2001: 171; Пидаев, 2006: 215). Мұндай ыдыстардың кең географиялық аумақта кездесуі Сүткент керамикасының Орта Азияның ортағасырлық керамикалық дәстүрлерімен типологиялық және көркемдік ұқсастықтарын көрсетеді.

Кобальт түсті құс бейнесінде бедерленген сырлы құтыға әзірге Қазақстан мен Орта Азияның ортағасырлық керамика кешеніндегі қарастырылған материалдар аясында морфологиялық аналогтар анықталған жоқ. Дегенмен, дамыған орта ғасырлар кезеңінде құс бейнесі Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азияның көркем керамикасында кең таралған зооморфты мотивтердің бірі болып саналады. Құс бейнелері көбіне сырлы табақтардағы кескіндемелік композицияларда, жапсырма сәндік элементтерде немесе ыдыс тұтқаларын безендіруде кездеседі. Отырар қаласынан табылған құс мүсіншесімен аяқталатын сиясауыт тұтқасы осындай бұйымдардың қатарына жатады (Байпаков, 2016: 319, рис. 160). Алайда оның мерзімі XIV–XV ғғ. кезеңімен байланыстырылып, функционалдық және морфологиялық жағынан Сүткенттен табылған құтыдан едәуір ерекшеленеді.

Сүткент қаласының керамика кешені Отырар оазисі, Сырдарияның орта ағысы және Шу-Талас өңіріндегі X–XII ғғ.-ға жататын ескерткіштердің материалдарымен морфологиялық тұрғыдан ұқсас келеді. Бұл қала тұрғындарының ортағасырлық сауда және мәдени байланыстар жүйесіне белсенді қатысқанын, ал жергілікті

1-кесте. Радиокөміртекті талдау нәтижелері. Радиокөміртекті талдауды «Курт Энгельхорн атындағы Археометрия орталығы» жүргізді
Table 1. Radiocarbon Analysis Results. The radiocarbon analysis was conducted by the Curt-Engelhorn-Center Archaeometry gGmbH

Ескерткіш атауы	Зертхана шифры	^{14}C-мерзімі	Калибрленген мәні, жж. б.з.	
			1σ (68,3%)	2σ (95,4%)
Сүткент. Қазба. Тереңдігі 0,4 м (ағаш көмірі)	85187	946±17	1042–1050 (7.6%) 1080–1108 (25.5%) 1115–1152 (35.1%) CalAD	1035–1054 (14.5%) 1060–1158 (80.9%) CalAD
Сүткент. Шурф. Тереңдігі 2,3 м (ағаш көмірі)	85188	1131±17	890–899 (10.6%) 918–973 (57.7%) CalAD	883–987 (95.4%) CalAD



Сур. 2. Сүткент қаласы. Радиокөміртекті мерзімдеу нәтижелері: 1 – қазба; 2 – шурф
Fig. 2. The Sytkent settlement. Radiocarbon dating results: 1 – excavation trench; 2 – test pit

қыш өндірісінің аймақтық дәстүрлермен қатар жалпы ортаазиялық керамика өнерінің ықпалында дамығанын көрсетеді.

Алынған нәтижелер

Радиокөміртектік талдау нәтижелері. Ағаш көмірі үлгілерінің радиокөміртектік жасы анықталып, калибрленген мерзімдері Курт Энгельхорн атындағы Археометрия орталығында (Монхайм, Германия) есептелді (1-кесте; Сур. 2). Радиокөміртектік талдау нәтижелері бойынша қазба аумағынан 0,4 м тереңдіктен алынған үлгі XI ғ. ортасы – XII ғ. ортасымен мерзімделеді. Шурфтың табиғи жер (материк) үстінде жатқан ең төменгі мәдени қабатынан алынған үлгі IX ғ. соңы – X ғ. соңымен мерзімделді.

Далалық зерттеу нәтижелері. Қазба шахристанның орталық бөлігінде 18×13 м көлемде салынды, оның ұзын жағы шығыс-батыс бағыты бойынша бағдарланды. 0,3 м тереңдіктен бірінші құрылыс горизонтының қалдықтары анықтала бастады. Қазбаның барлық аумағында сары түсті күйдірілген кірпіштер мен олардың сынықтары кездесті. Кірпіштердің өлшемі 30×15×5 және 26×12×4 см. Кейбір жерлерден төңкеріліп орнатылған ыдыстар түріндегі ташнау қалдықтарының фрагменттері анықталды.

Қазбаның оңтүстік-батыс бұрышынан бір қатар етіп қаланған күйдірілген кірпіштерден тұратын тікбұрышқа жақын пішіндегі құрылыс қалдығы аршылды. Оның көлемі 1,7×1 м. Батыс бөлігі сақталмаған. Қабырғалары бүтін кірпіштер мен олардың сынықтарынан қаланған. Бүтін кірпіштердің өлшемі 29×14×6 және 26×12×4 см. Осы құрылыстан оңтүстікке қарай 30 см жерде көлемі 64×52 см болатын ошақ-сандалдың қалдықтары орналасқан. Қалыңдығы 15–17 см болатын қабырғалары сары түсті кірпіштерді қырынан екі қатар етіп қалау арқылы тұрғызылған. Сандалдың түбі кірпіш сынықтары мен тақталардан (плита) төселген. Кірпіштердің өлшемі 25×25×5 см. Олардың бетінде күйе мен ыстың іздері сақталған.

Екінші құрылыс горизонтының деңгейінде қазбаның орталық бөлігінен ені 4 м болатын көше аршылды. Көшенің екі жағынан тұрғын үй құрылыстарының қалдықтары анықталды (Сур. 3). Көшенің шығыс жағында көлемі 3,5×3,8 м болатын №1 құрылыс ашылды. Оның шығыс бөлігі қазба шекарасынан тыс қалып, оңтүстік бөлігі сақталмаған. Қабырғаларының қалыңдығы 0,8–0,9 м, сақталған биіктігі 0,7 м. Оңтүстік қабырға негізіне дейін бұзылған. Бөлменің ішкі көлемі 2,6×2,3 м. Бөлменің солтүстік бөлігінде ені 1,4 м болатын Г-тәрізді суфа орналасқан. Суфаның бойымен орталық тұсында ені 0,25 м, тереңдігі 0,1 м болатын ойық өткен, ол, шамасы, түтіндік қалдығы болуы мүмкін. Бөлменің едені саздан жасалып, тығыз тапталған. Еденнің орталық бөлігінде ағаш қалдықтары сақталған.

Батыс қабырғаны кейін қазылған екі шұңқыр бұзып өткен. № 1 шұңқырдың диаметрі 1 м, тереңдігі 0,25 м, ол суфаны кесіп өткен. № 2 шұңқырдың диаметрі 0,55 м, тереңдігі 0,35 м; ол оңтүстік-батыс бұрышта орналасып, оңтүстік қабырғаны бұзып өткен. Кіреберіс орнының іздері анықталмады. Болжам бойынша, кіреберіс шығыс қабырғаның оңтүстік бұрышында орналасуы мүмкін. Көшенің батыс жағында үш бөлмеден тұратын үлкен № 2 құрылыс

орналасқан. Көше жақтағы сыртқы шығыс қабырғасының қалыңдығы 0,8–0,9 м, сақталған биіктігі 0,4–0,5 м. Қалыңдығы 0,9–1 м, биіктігі 0,5–0,7 м болатын қалың қабырға құрылысты солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша екі бөлікке бөліп тұр.

Құрылыстың солтүстік бөлігі екі бөлмеден тұрады. Көше жағында орналасқан бірінші бөлменің көлемі 4,5×1,7–2,3 м. Одан шығысқа қарай көлемі 3,6×3 м болатын екінші бөлме орналасқан, оның оңтүстік бөлігі қазба шекарасынан тыс қалған. Бөлмелерді бөліп тұрған аралық қабырғаның қалыңдығы 0,5–0,55 м, сақталған биіктігі 0,25 м. Солтүстік бөліктегі бөлмеде оңтүстік қабырға бойымен ені 0,65–0,75 м болатын суфаның қалдықтары анықталды. Суфадан диаметрі 0,3 м, тереңдігі 0,15 м болатын ошақ қалдығы аршылды. Ошақ қабырғалары қатты қызудан күйіп, беті күйемен жабылған. Құрылыстың оңтүстік бөлігіндегі бөлме көлемі жағынан үлкенірек, оның көлемі 5,4×4,6 м.

Сыртқы қорғаныс қабырғасының шығыс бұрышында ұзындығы 9,5 м, тереңдігі 2,5 м болатын стратиграфиялық кесік салынды (Сур. 4). Зерттеу нәтижесінде қорғаныс қабырғасының бастапқыда биіктігі 0,5 м, қалыңдығы 2,5 м болатын стилобат-негіздің үстіне тұрғызылғаны анықталды. Кейінгі кезеңдерде қабырға бірнеше рет қайта салынып, жөндеуден өткен. Қазбаның шығыс жағында көлемі 1,5×1 м, тереңдігі 2,3 м болатын стратиграфиялық шурф салынды. Шурфтың жоғарғы жиегі қазба бетінің деңгейінен 0,6 м тереңдіктен басталатынын атап өткен жөн.

Шурфтың оңтүстік профилінде келесі стратиграфиялық қабаттар тіркелді:

1. Жасылдау түсті қарашірік саздақ қабат;
2. Ашық қоңыр түсті саздақ қабат;
3. Профильдің батыс бөлігінде ені 0,9 м, тереңдігі 1,3 м болатын шұңқыр анықталды. Оның қалыңдығы 0,45 м-ге дейін жететін жоғарғы



Сур. 3. Сүткент қаласы. Қазба жоспары
Fig. 3. The Sytkent settlement – excavation plan

бөлігі жасыл реңкті тығыз қарашірік саздақпен толтырылған;

4. Сұр түсті қабат. Құрамында бұзылған және езіліп кеткен шикі кірпіштер мен аз мөлшерде ағаш көмірі қалдықтары кездеседі. Керамикалық материалдар мен сүйек қалдықтары анықталмады. Қабаттың биіктігі 0,8 м, ені 0,8 м. Қоршаған қабаттардан қоюлау түсімен ерекшеленеді және ежелгі қабырғаның қалдығы болуы ықтимал;

5. Құрамында ағаш көмірі түйіршіктері едәуір мөлшерде кездесетін, қалыңдығы 1,2 метрге дейін жететін қарашірікті саздақ қабат;


6. Профильдің төменгі оң жақ бұрышында орналасқан, қалыңдығы 0,7 м, ені 0,6 м болатын ашық қоңыр түсті саздақ қабат;

7. Қалыңдығы 0,5–3 см болатын күл қабаты бірінші мәдени қабаттың астында орналасқан. Мұндай күл қабаты басқа қабаттарда да байқалады, алайда оларда көмескі көрінеді;

8. Табиғи жер (материк). Археологиялық материалдар кездеспейтін, тығыз, ашық қоңыр түсті табиғи топырақ.

Керамиканы зерттеу нәтижелері. Сүткент қаласының тұрғын үй бөлмелерінің орнында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде барлығы 851 керамика фрагменті анықталды. Қыш ыдыстардың аз бөлігін сырлы ыдыстар (10,7%), басым бөлігін сырсыз (89,3%) ыдыстар құрайды. Керамикалық материалдар қолданылу аясына қарай үш топқа жіктелді: асүйлік (10,4%), асханалық (62,3%) және шаруашылық-тұрмыстық бұйымдар (27,3%). Қыш бұйымдар қолмен жапсыру әдісімен және шарықта жасалған. Бұйымдардың басым бөлігі отта сапалы күйдірілген. Дегенмен, арасында бірқалыпты температурада күйдірілмеген үлгілер де кездеседі. Керамиканың түсі негізінен қызғылт-қоңыр реңкті болып келеді.

Асүйлік керамикалық бұйымдарды қазандар,



Сур. 4. Сүткент қаласы. Стратиграфиялық шурфтың оңтүстік профилі. Шартты белгілер: 1 – шұңқыр; 2 – қарашірік саздақ (жасылдау түсті); 3 – ашық қоңыр саздақ; 4 – сұр түсті қабат; 5 – күлді қабат; 6 – керамика; 7 – ағаш көмірлері бар қарашірік саздақ; 8 – табиғи жер (материк)

Fig. 4. The Sytkent settlement – southern profile of the stratigraphic test pit. Legend: 1 – pit; 2 – humified loam (greenish); 3 – light-brown loam; 4 – grey layer; 5 – ash layer; 6 – pottery; 7 – humified loam with charcoal inclusions; 8 – virgin soil

көзелер, тандырлар, қазан қақпақтары, ошақ-сандал және табалар құрайды (Сур. 5, 1–7). Қазандардың ернеулері көбіне сыртқа қарай саңырауқұлақтанып немесе қайырылып жасалған (Сур. 5, 3–4). Бүйір қабырғасының қалыңдығы шамамен 1–2,1 см аралығында кездеседі. Тұтқалары бүйіріне жарты ай тәрізді немесе тік жапсырылған. Кейбір үлгілерінің сыртына бір немесе бірнеше қатар сызықтар жүргізілген. Қазандардың басым бөлігі шарықта жасалғанымен, қолмен жапсырылған үлгілері де анықталды. Қазан қақпақтарының қалыңдығы 0,9–1,2 см, бетіне арнайы затпен өрнектер салынған (Сур. 5, 1–2). Көзелердің ернеуі сыртқа қарай аздап шығыңқы жасалып, дөңгелек не ілмек тәрізді тұтқалармен жабдықталған. Бүйір қабырғаларының қалыңдығы көбіне 0,7–3,1 см аралығында. Ыдыстардың кейбірінің сыртын күйе басқан. Тандырлар қолмен жапсыру тәсілі арқылы жасалып, ішкі беттеріне ірі сызықтар түсірілген. Тандырдың бүйір қабырғаларының қалыңдығы 4,4–5,1 см аралығында кездеседі. Табалардың сирек кездесетін үлгілері де табылды, олар қолмен жасалған, қабырғасының қалыңдығы 1,9 см, сыртқы бетінде күйе іздері сақталған (Сур. 5, 5–7). Сонымен қатар, сандал бөлшектері табылып, штамппен өрнек салынғаны анықталды.

Асханалық ыдыстар қатарын құмыралар, көзелер, табақтар, тостағандар, саптыаяқтар және сырлы ыдыстар құрайды (Сур. 6, 1–7). Құмыралар керамикалық материалдардың басым бөлігін құрайды (Сур. 6, 6–7). Олардың көпшілігі шарықта жасалып, ілмек тәрізді тұтқалармен жабдықталған. Ернеу диаметрлері шамамен 4–10 см, түп диаметрлері 4–16 см аралығында кездеседі. Бүйір қабырғаларының қалыңдығы көбіне 0,6–1,4 см шамасында. Кейбір құмыралардың бүйір қабырғаларына айналдыра бірнеше қатар сызықтар жүргізіліп, ангобпен өрнектелген үлгілері де анықталды. Көзелердің бүйір қабырғалары жұқа болып келіп, дөңгелек тұтқалармен ерекшеленеді. Табақтардың бүйір қабырғасының қалыңдықтары негізінен 0,5–0,7 см аралығында, түп диаметрлері 7–10 см шамасында. Саптыаяқтардың кейбірі қолмен жасалған, дөңгелек ілмек тұтқалы болып келеді. Сырлы ыдыстар негізінен табақтар мен тостағандардың сынықтарынан тұрады (Сур. 6, 1–5). Олардың сыр түстері ақ, сұр, жасыл, көк, сары, қоңыр және қара болып келеді. Кейбірінің бетіне сызықтық және гүлдесте өрнектер салынған. Сырлы ыдыстар қабырғаларының қалыңдығы көбіне 0,4–0,8 см аралығында, түп диаметрлері 7–10 см шамасында анықталды.


Шаруашылық-тұрмыстық керамикалық бұйымдарды хұмдар, тағаралар, шырағдандар, құмандар, дастархандар, сфераконустар, шығырлар және түбектер құрайды (Сур. 7, 1–8). Хұмдар негізінен қолмен жапсыру тәсілі арқылы жасалған. Олардың ернеулері сыртқа қайырылып жасалып, қабырғаларының қалыңдығы 2,5–3,9 см аралығында кездеседі (Сур. 7, 7–8). Кейбірінің сыртына ангоб жағылып, сызықтар жүргізілген. Тағаралардың ернеулері сыртқа шығыңқы немесе ішке қарай аздап қайырылған болып келеді (Сур. 7, 6). Бүйір қабырғаларының қалыңдығы 1,3–4,1 см аралығында. Ыдыстардың басым бөлігі шарықта жасалып, ангобпен өңделген. Кейбір тағаралардың биіктігі 12–15 см-ге дейін жетеді. Сонымен қатар, сырлы шырағдандар мен түбектердің бөлшектері анықталды (Сур. 7, 1–4). Кейбір шырақ тұтқаларына бармақ тірегіштер жасалып, беттері штамп арқылы өрнектелген. Құмандардың мойын диаметрлері шамамен 2–4 см аралығында кездесіп, көпшілігі шарықта жасалған. Дастархандардың беттері толқынды өрнектермен және саусақпен бастыру тәсілі арқылы бедерленген (Сур. 7, 5). Сонымен қатар сфераконус, шығыр және түбек бөлшектері де анықталды. Шығырлардың түп диаметрлері 5–7 см шамасында болса, сфераконустардың бүйір қабырғаларының қалыңдығы 0,8–2,2 см аралығында кездеседі.

Құс бейнесіндегі сырлы құты. Құты ақ ангоб пен мөлдір сыр қабатының үстіне кобальт бояуымен өрнектелген (Сур. 8, 1). Пішіні шар тәрізді денеден, қысқа цилиндрлі мойыннан және сыртқа қайырылған ернеуден тұрады. Ыдыстың екі бүйіріндегі жапсырма өсінділер мен созылыңқы шығыңқы бөлшектер оның құс бейнесінде бедерленген зооморфты құты екенін аңғартады.


Ғұрыптық ыдыс. Шар тәрізді денелі, сақиналы тұғырлы, иық бөлігінде бірнеше перфорациялық тесіктері және жапсырма өрнектері бар арнайы мақсаттағы керамикалық ыдыс (Сур. 8, 2). Бүйірінің диаметрі 13,5 см, ыдыстың биіктігі 14,2 см. Морфологиялық белгілері бойынша ыдыс тұрмыстық немесе ғұрыптық (хош иіс шығару) мақсатта пайдаланылған болуы ықтимал.

Қорытынды


Зерттеу нәтижесінде Сүткент қаласының



Сур. 5. Асүйлік керамика кешені: 1–2 – қазан қақпақтары; 3–4 – қазандар; 5–7 – табалар
Fig. 5. Kitchen ceramic assemblage: 1–2 – cauldron lids; 3–4 – cauldrons; 5–7 – frying pans



Сур. 6. Асханалық қыш ыдыстар: 1–4 – сырлы табақтар; 5 – сырлы тостаған; 6–7 – құмыралар
Fig. 6. Tableware ceramics: 1–4 – glazed plates; 5 – glazed bowl; 6–7 – jugs



Сур. 7. Шаруашылық-тұрмыстық қыш бұйымдар: 1–4 – сырлы шырағдандар; 5 – дастархан; 6 – тағара; 7–8 – хұмдар
Fig. 7. Household ceramics: 1–4 – glazed oil lamps; 5 – dastarkhan; 6 – tagara; 7–8 – khums



Сур. 8. 1 – құс бейнесі бедерленген ыдыс; 2 – ғұрыптық ыдыс
Fig. 8. Special ceramic vessels: 1 – glazed zoomorphic vessel; 2 – ritual vessel

шахристанында екі құрылыс горизонты анықталды. Екінші құрылыс горизонты фрагментті түрде сақталған, одан көше мен тұрғын үй құрылыстарын қамтитын тұрғын үй орамының бір бөлігі аршылды. Қазба барысында жергілікті қыш өндірісінің жоғары деңгейде дамығанын көрсететін мол керамикалық материалдар жинағы алынды. Радиокөміртектік талдаунәтижелеріменкерамикалықматериалдар шахристан аумағының IX–XIII ғғ. аралығында пайдаланылғанын анықтауға мүмкіндік берді. Шурфта мәдени қабаттың қалыңдығы шамамен 3 м-ге жетуі қала аумағында тіршілік үдерісінің қарқынды жүргенін көрсетеді. Салыстырмалы талдау нәтижесінде Сүткент қаласынан табылған қазандар, көзелер, құмыралар, сырлы табақтар, шырағдандар және басқа да керамикалық бұйымдардың Отырар оазисі мен Сырдариянның орта ағысындағы басқа да ескерткіштерден, сондай-ақ Шу-Талас өңірі мен Орталық Азияның бірқатар орталықтарынан анықталған материалдармен жақын ұқсастықтары бар екені анықталды. Бұл ұқсастықтар Сүткенттің ортағасырлық сауда және мәдени байланыстар жүйесіне белсенді қатысқанын көрсетеді.

Алынған зерттеу нәтижелері жазба деректердегі мәліметтерді археологиялық тұрғыдан толықтыра отырып, Сүткенттің IX–XIII ғғ. дамыған қалалық орталық болғанын көрсетеді. Қала орналасқан аумақтан ежелгі дәуір мен орта ғасырларға жататын басқа да ескерткіштердің кездесуі Сырдариянның осы бөлігінде әртүрлі тарихи кезеңдерде қоныстану үдерістерінің жүргенін көрсетеді. 2025 ж. қазба жұмыстарының нәтижелері өзіндік топографиялық құрылымымен ерекшеленетін Сүткент қаласында келешекте археологиялық зерттеулерді одан әрі жалғастырудың қажеттілігін айқындап берді.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024–2026 жж. бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде, ЖТН BR24992939 «Ежелгі және орта ғасырдағы Сырдария мен Қаратау: мәдениеттің шығу тегі мен трансформациялануы» жобасы аясында даярланды.

Әдебиеттер

1. Агеева Е.И., Пацевич Г.И., 1958. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. V. Алма-Ата: АН КазССР, 1958. 215 с.

2. Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б., 2022. Ортағасырлық Арна төрткүлі // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (Алматы қ., 28–29 қазан 2022 ж.) / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ

университеті, 2022. Б. 22–43.

3. Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б., Абир Р.Қ., 2023. Аса алқабындағы ортағасырлық Саза төрткүлі // «Қазіргі кезеңдегі Еуразия археологиясы, этнологиясы және музеологиясының өзекті мәселелері: жаңа тұжырымдар мен нәтижелер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 15 қараша 2023 ж.) / Жауапты ред. Б.К. Қалшабаева. Алматы: Қазақ университеті, 2023. Б. 109–120.

4. Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б., 2024. Ортағасырлық Жаргүл төрткүлдерінің керамикалық және остеологиялық материалдарын талдау нәтижелері: палеоэкономикалық аспект (Оңтүстік Қазақстан) // Қазақстан археологиясы. 2024. № 1 (23). Б. 256–287.

5. Ақымбек Е.Ш., Нұрғали Н.Б., 2025. Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық қыш қазан тұтқалары: морфологиялық ерекшеліктері мен хронологиясы // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 4. Б. 17–39.

6. Аль-Истахри, 1973. Китаб Масалик ал-Мамалик // Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. 1. Москва: Наука, 1973. С. 29–30.

7. Ахраров И., 1966. Кухонная керамика Ферганы IX–X вв. // ИМКУ. Вып. 7 / Отв. ред. В.А. Шишкин. Ташкент: ФАН УзССР, 1966. С. 125–131.

8. Байпақов К.М., Ерзакович Л.Б., 1991. Орта ғасырдағы Отырар керамикасы. Алматы: Өнер, 1991. 211 б.

9. Байпаков К.М., 2016. Урбанизация Казахстана в XIII – первой половине XV в. // Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Кн. III, ч. 1. Алматы: Аруна, 2016. 594 с.

10. Байтанаев Б.А., 2007. К вопросу о топографии и стратиграфии городища Сайрам // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2007. № 1. С. 62–80.

11. Бартольд В.В., 1965. Работы по исторической географии. Сочинения. Т. III. Москва: Наука, 1965. 711 с.

12. Буряков Ю.Ф., 1977. Археологические материалы городища Кавардан // ИМКУ. Вып. 13 / Отв. ред. А.А. Аскаров. Ташкент: Фан УзССР, 1977. С. 70–86.

13. Доспанов О.Т., 2001. Некоторые вопросы классификации светильников Джанпыккалы // ИМКУ. Вып. 32 / Отв. ред. М.Х. Пардаев. Ташкент: Фан, 2001. С. 170–172.

14. Ибн-Хаукал, 2005. Китаб ал-месалик ва-л-мемалик // Извлечение из письменных источников о средневековых городах Сауран и Сыгнак / авт. предисл. и сост. М. Елеуов. Туркестан, 2005. 96 с.

15. Касенов М.С., 2015. Талас өңірінің отырықшылық мәдениеті (VI–XIII ғғ.). Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2015. 180 б.

16. Кузнецова О.В., Савельева Т.В., 2019. Гончарное ремесло в средневековом Талгаре. Альбом. Алматы: ИА КН МОН РК, 2019. 220 с.

17. Қашқари М., 1997. Түрік сөздігі. 3 томдық. Т. 1. Алматы, 1997. 595 б.

18. Максимова А.Г., Мерщиев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М., 1968. Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). Алма-Ата: Наука, 1968. 261 с.

19. Нуржанов А.А., 2006. Керамика средневекового городища Тортколь в Таласской долине // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2006. № 1 (252). С. 77–85.

20. Пидаев Ш.Р., 2006. Осветительные приборы средневекового Термеза // ИМКУ. Вып. 34 / Отв. ред. Т.Ш. Ширинов. Самарканд: ИА АН РУз, 2004. С. 214–221.

21. Руднев Н. 2011. Следы древних городов по Сыр-Дарье // ПТКЛА. Историко-культурные памятники Казахстана / авт. предисл. и сост. М. Елеуов, М.М. Бахтыбаев. Туркестан: Туран, 2011. С. 228–232.

22. Сенигова Т.Н., 1972. Средневековый Тараз. Алма-Ата: Наука, 1972. 217 с.

23. Талеев Д.А., 2010. Сырдарияның сол жағалауында жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары // Отан тарихы. 2010. № 4. Б. 158–166.

References

1. Ageeva E.I., Patsevich G.I., 1958. Iz istorii osedlykh poselenii i gorodov Yuzhnogo Kazakhstana [From

the History of Settled Settlements and Cities of Southern Kazakhstan]. Trudy IIAE AN KazSSR. Vol. V. Alma-Ata: AN KazSSR, 1958. 215 p. [in Russian].

2. Akymbek E.Sh., Shagyrbaev M.S., Nurgali N.B., 2022. Ortagasyrlyq Arna tortkuli [Medieval Arna Turtkul] // «Ortalyq Aziyanyn ezhelgi zhane dasturli qogamdarynyn tarikhi-madeni murasy: zhana ashylymdar men panaralyq zertteuler» atty XIV Orazbaev okulary khalyqaralyq gylymi-adistemelik konferentsiyasynyn materialdary (Almaty q., 28–29 qazan 2022 zh.) / Zhauapty red. R.S. Zhumataev. Almaty: Qazaq universiteti, 2022. P. 22–43. [in Kazakh].

3. Akymbek E.Sh., Zheleznyakov B.A., Shagyrbaev M.S., Nurgali N.B., Abir R.Q., 2023. Asa alqabyndagy ortagasyrlyq Saza tortkuli [Medieval Saza Turtkul in the Asa Valley] // «Qazirgi kezendegi Euraziya arkheologiyasy, etnologiyasy zhane muzeologiyasynyn ozekti maseleleri: zhana tuzhyrymdar men natizheler» atty khalyqaralyq gylymi-tazhiribelik konferentsiya materialdary (Almaty q., 15 qarasha 2023 zh.) / Zhauapty red. B.K. Qalshabaeva. Almaty: Qazaq universiteti, 2023. P. 109–120. [in Kazakh].

4. Akymbek E.Sh., Shagyrbaev M.S., Nurgali N.B., 2024. Ortagasyrlyq Zhargul tortkuilderinin keramikalyq zhane osteologiyalyq materialdaryn taldau natizheleri: paleoekonomikalyq aspekt (Ontustik Qazaqstan) [Analysis of Ceramic and Osteological Materials from Medieval Zhargul Turtkuls: Paleoeconomic Aspect (Southern Kazakhstan)] // Kazakhstan Arkheologiyasy. 2024. No. 1(23). P. 256–287. [in Kazakh].

5. Akymbek E.Sh., Nurgali N.B., 2025. Qazaqstannyn ontustigindegi ortagasyrlyq qysh qazan tutqalary: morfologiyalyq erekshelikteri men khronologiyasy [Medieval Ceramic Cauldron Handles of Southern Kazakhstan: Morphological Features and Chronology] // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No. 4. P. 17–39. [in Kazakh].

6. Al-Istakhri, 1973. Kitab Masalik al-Mamalik [The Book of Routes and Kingdoms]. In: Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii [Materials on the History of the Kyrgyz and Kyrgyzstan]. Vol. 1. Moscow: Nauka, 1973. P. 29–30. [in Russian].

7. Akhrarov I., 1966. Kukhonnaya keramika Fergany IX–X vv. [Kitchen Ceramics of Fergana in the 9th–10th Centuries] // IMKU. Vol. 7. Tashkent: FAN UzSSR, 1966. P. 125–131. [in Russian].

8. Baipakov K.M., Erzakovich L.B., 1991. Orta gasyrdagy Otyrar keramikasy [Medieval Ceramics of Otrar]. Almaty: Oner, 1991. 211 p. [in Kazakh].

9. Baipakov K.M., 2016. Urbanizatsiya Kazakhstana v XIII – pervoi polovine XV v. [Urbanization of Kazakhstan in the 13th – First Half of the 15th Century]. Drevnyaya i srednevekovaya urbanizatsiya Kazakhstana. Kniga III, chast 1. Almaty: Aruna, 2016. 594 p. [in Russian].

10. Baitanaev B.A., 2007. K voprosu o topografii i stratigrafii gorodishcha Sairam [On the Topography and Stratigraphy of Sairam Settlement] // Izvestiya NAN RK. Seriya obshchestvennykh nauk. 2007. No. 1. P. 62–80. [in Russian].

11. Bartold V.V., 1965. Raboty po istoricheskoi geografii. Sochineniya [Works on Historical Geography. Collected Works]. Vol. III. Moscow: Nauka, 1965. 711 p. [in Russian].

12. Buryakov Yu.F., 1977. Arkheologicheskie materialy gorodishcha Kavardan [Archaeological Materials from Kavardan Settlement] // IMKU. Vol. 13. Tashkent: Fan UzSSR, 1977. P. 70–86. [in Russian].

13. Dospanov O.T., 2001. Nekotorye voprosy klassifikatsii svetilnikov Dzhanpykkaly [Some Issues in the Classification of Lamps from Janpyk-Kala] // IMKU. Vol. 32. Tashkent: Fan, 2001. P. 170–172. [in Russian].

14. Ibn Haukal, 2005. Kitab al-Mesalik va-l-Memalik [The Book of Routes and Kingdoms]. In: Izvlechenie iz pis'mennykh istochnikov o srednevekovykh gorodakh Sauran i Sygnak. Ed. by M. Eleuov. Turkestan, 2005. 96 p. [in Russian].

15. Kasenov M.S., 2015. Talas onirinin otyryqshylyq madenieti (VI–XIII gg.) [Sedentary Culture of the Talas Region (6th–13th Centuries)]. Atyrau, 2015. 180 p. [in Kazakh].

16. Kuznetsova O.V., Savelyeva T.V., 2019. Goncharnoe remeslo v srednevekovom Talgare. Albom [Pottery Craft in Medieval Talgar. Album]. Almaty: Institute of Archaeology, 2019. 220 p. [in Russian].

17. Kashkari M., 1997. Turik sozdigi. 3 tomdyq. T. 1 [Turkic Dictionary. In 3 volumes. Vol. 1]. Almaty, 1997. 595 p. [in Kazakh].

18. Maksimova A.G., Mershchiev M.S., Vainberg B.I., Levina L.M., 1968. Drevnosti Chardary (Arkheologicheskie issledovaniya v zone Chardarinskogo vodokhranilishcha) [Antiquities of Chardara]. Alma-Ata: Nauka, 1968. 261 p. [in Russian].

19. Nurzhanov A.A., 2006. Keramika srednevekovogo gorodishcha Tortkol v Talasskoi doline [Ceramics

of the Medieval Tortkol Settlement in the Talas Valley] // Izvestiya NAN RK. Seriya obshchestvennykh nauk. 2006. No. 1 (252). P. 77–85. [in Russian].

20. Pidaev Sh.R., 2004. Osvetitelnye pribory srednevekovogo Termeza [Lighting Devices of Medieval Termez] // IMKU. Vol. 34. Samarkand, 2004. P. 214–221. [in Russian].

21. Rudnev N., 2011. Sledy drevnikh gorodov po Syr-Dar'e [Traces of Ancient Cities along the Syr Darya]. In: PTKLA. Istoriko-kul'turnye pamyatniki Kazakhstana. Ed. by M. Eleuov, M.M. Bakhtybaev. Turkestan: Turan, 2011. P. 228–232. [in Russian].

22. Senigova T.N., 1972. Srednevekovyi Taraz [Medieval Taraz]. Alma-Ata: Nauka, 1972. 217 p. [in Russian].

23. Taleev D.A., 2010. Syrdariyanyn sol zhagalauynda zhurgizilgen arkheologiyalyk barlau zhumystary [Archaeological survey work conducted on the left bank of the Syr Darya] // Otan tarikhy. 2010. No. 4. P. 158–166. [in Kazakh].

Камалдинов И.[1], Буранбаев Р.[1], *Нургали Н.[2], Арынов К.[1]
[1]Институт археологии им. А.Х. Маргулана,
Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан
e-mail: nesipbay.nurgali@mail.ru

НОВЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ НА ГОРОДИЩЕ СЮТКЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ 2025 Г.)

Аннотация. Статья посвящена результатам научно-исследовательских работ, проведенных в 2025 г. на археологически слабо изученном городище Сюткент, часто упоминаемом в средневековых арабских и персидских письменных источниках. Цель исследования – проведение раскопок на территории шахристана городища, определение его стратиграфии и хронологии, а также получение новых данных о средневековой городской культуре. Применялись методы археологических раскопок, стратиграфического и радиоуглеродного анализа, функциональной классификации и типологического сопоставления керамических материалов. В ходе раскопок выявлены два строительных горизонта. В хорошо сохранившемся нижнем горизонте расчищены улица шириной 4 м и остатки двух жилых домов, расположенных по обеим ее сторонам. В сооружении №1 зафиксирована Г-образная суфа с дымоходом, а в трехкомнатном сооружении № 2 – остатки суфы и очага. Керамический комплекс, насчитывающий 851 фрагмент, классифицирован по функциональным и типологическим признакам и сопоставлен с материалами Отрарского оазиса, среднего течения Сырдарьи, Шу-Таласского региона и памятников Средней Азии. Результаты показали участие Сюткента в межрегиональных культурных связях и преемственность традиций местного гончарного производства. Согласно данным радиоуглеродного анализа, нижний слой шурфа датируется концом IX – концом X в., а остатки жилых сооружений – серединой XI – серединой XII в. Исследование представило новые данные об архитектуре, материальной культуре и хронологии Сюткента.

Ключевые слова: река Сырдария, городище Сюткент, письменные источники, археологические раскопки, стратиграфический шурф, радиоуглеродный анализ, керамика.

Для цитирования: Камалдинов И., Буранбаев Р., Нургали Н., Арынов К. Новые результаты археологических исследований на городище Сюткент (по материалам 2025 г.) // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). С. 160-175 (каз.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.11

Kamaldinov I.[1], Buranbayev R.[1], *Nurgali N.[2], Arynov K.[1]
[1]A.Kh. Margulan Institute of Archaeology,
Almaty, Republic of Kazakhstan
[2]Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: nesipbay.nurgali@mail.ru

NEW RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT THE SYTKENT SETTLEMENT (BASED ON 2025 DATA)

Abstract. This paper presents the results of archaeological research conducted in 2025 at Sytkent, a medieval site frequently mentioned in Arabic and Persian sources but still poorly studied archaeologically. The study aimed to establish the stratigraphy and chronology of the shahristan and obtain new evidence on medieval urban culture. The methods included excavation, stratigraphic and radiocarbon analyses, and functional and typological classification of ceramics. Two construction horizons were identified. The well-preserved lower horizon contained a 4 m wide street with two residential buildings on either side. Structure No. 1 included an L-shaped sufa with a flue, while the three-room Structure No. 2 contained a sufa and a hearth. The ceramic assemblage of 851 ceramic fragments was classified and compared with materials from the Otrar Oasis, the middle Syr Darya, the Chu-Talas region, and Central Asia. The results indicate Sytkent's participation in interregional cultural exchange and the continuity of local pottery traditions. Radiocarbon analysis dated the lowest layer of the test pit to the late ninth–late tenth centuries and the residential remains to the mid-eleventh–mid-twelfth centuries. The study provides new evidence on the architecture, material culture, and chronology of Sytkent.

Keywords: Syr Darya River, Sytkent settlement, written sources, archaeological excavations, stratigraphic test pit, radiocarbon dating, ceramics.

For citation: Kamaldinov I., Buranbayev R., Nurgali N., Arynov K. New results of archaeological research at the Sytkent settlement (based on 2025 data) // Madeni mura. 2026. №3 (114). pp. 160-175 (in Kaz.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.11

Авторлар туралы мәлімет:
Камалдинов Ильяр Рамилович, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының аға ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-5089-1281
Scopus ID: 58160058900
Буранбаев Руслан Нурланович, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-7065-0928
Scopus ID: 59236734500
Нұрғали Несіпбай Бекболатұлы, докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.
ORCID: 0009-0007-9093-5342
Scopus ID: 58524536000
Арынов Қуаныш Суюндикович, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.
ORCID: 0000-0003-1248-7525
Scopus ID: 57194773112

Сведения об авторах:

Камалдинов Ильяр Рамилович, старший научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-5089-1281

Scopus ID: 58160058900

Буранбаев Руслан Нурланович, научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-7065-0928

Scopus ID: 59236734500

Нургали Несипбай Бекболатулы, докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

ORCID: 0009-0007-9093-5342

Scopus ID: 58524536000

Арынов Куаныш Суюндикович, научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан.

ORCID: 0000-0003-1248-7525

Scopus ID: 57194773112

Information about the authors:

Ilyar Ramilovich Kamaldinov, Senior Researcher, A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-5089-1281

Scopus ID: 58160058900

Ruslan Nurlanovich Buranbayev, Researcher, A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-7065-0928

Scopus ID: 59236734500

Nesipbay Bekbolatuly Nurgali, PhD Candidate, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: 0009-0007-9093-5342

Scopus ID: 58524536000

Kuanysh Suyundikovich Arynov, Researcher, A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-1248-7525

Scopus ID: 57194773112

МРНТИ 03.41.91 https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.12

35. Рябогина Н.Е., Иванов С.Н., 2011. Древнее земледелие в Западной Сибири: проблемы аргументации, палеоэтноботанические методы и анализ фактов // Археология, этнография и антропология Евразии. No 4 (48). С. 96–106.

36. Рябогина Н.Е., Иванов С.Н., Насонова Э.Д., 2018. Жилой ландшафт: природное окружение поселений позднего бронзового века в Притоболье // Вестник археологии, антропологии и этнографии. No 4 (43). С. 39–50. https://doi.org/10.20874/2071-0437-2018-43-4-039-050

37. Рябогина Н.Е., Южанина Э.Д., 2020. Палеоэкологические реконструкции в Тоболо-Ишимье: сочетание пыльцевых on-site данных культурных слоев и off-site записей торфяников // Вестник археологии, антропологии и этнографии. No 4 (51). С. 85–96. https://doi.org/10.20874/2071-0437-2020-51-4-8

38. Рябогина Н.Е., Южанина Э.Д., Афонин А.С., Якимов А.С., Новиков И.К., 2022. Палеоэкологические исследования приозерных водораздельных поселений Тоболо-Ишимского междуречья (поселение Золотое 1, Курганская область) // Вестник археологии, антропологии и этнографии. No 4 (59). С. 43–54. https://doi.org/10.20874/2071-0437-2022-59-4-4

39. Сакенов С.К., 2024. Поселение скотоводов и металлургов эпохи бронзы Шагалалы II. Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XXIII. Алматы: ИА КН МНВО РК. 360 с.

40. Сакенов С.К., Ярыгин С.А., Кульмаганбетова Г.К., Ильдеряков Н.Н., 2024. Поселение и

могильник конца позднебронзового века Сандыктау (предварительные результаты исследования) // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». Т. 29. No 3 (115). С. 182–192. https://doi.org/10.31489/2024HPh3/182-192

41. Таиров А.Д., 2003. Изменения климата степей и лесостепей Центральной Евразии во II–I тыс. до н.э.: материалы к историческим реконструкциям. Челябинск: Рифей. 68 с.

42. Ткачева Н.А., 1999. Динамика и характер развития поселенческих комплексов эпохи бронзы Верхнего Прииртышья // Вестник археологии, антропологии и этнографии. No 2. С. 39–43.

43. Ткачева Н.А., Ткачев А.А., 2006. К вопросу о памятниках переходного времени от эпохи бронзы к раннему железному веку в Степном Прииртышье // Изучение памятников археологии Павлодарского Прииртышья: сб. науч. статей. Павлодар. Вып. 2. С. 100–104.

44. Ткачева Н.А., Ткачев А.А., 2008. Эпоха бронзы Верхнего Прииртышья. Новосибирск: Наука. 305 с.

45. Хабдулина М.К., Зданович Г.Б., 1984. Ландшафтно-климатические колебания голоцена и вопросы культурно-исторической ситуации в Северном Казахстане // Бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. Челябинск: Челябинский гос. университет. С. 136–158.

46. Черников С.С., 1954. Поселения эпохи бронзы в Северном Казахстане // Краткие сообщения Института истории материальной культуры. Вып. 53. С. 29–49.

47. Шагирбаев М.С., Сакенов С.К., 2023. Скотоводческое хозяйство населения эпохи бронзы Северного Казахстана (по материалам поселения Шагалалы II) // Археология Казахстана. No 4 (22). С. 212–242. https://doi.org/10.52967/AKZ2023.4.22.212.242

48. Шевнина И.В., Логвин А.В., 2015. Могильник эпохи бронзы Халвай III в Северном Казахстане. Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. VII. Астана: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. 248 с.

49. Шнитников А.В., 1975. Из истории озер Северного Казахстана // Озера Казахстана и Киргизии и их история. Ленинград: Наука. С. 5–27.

References

1. Ananyevskaya E., Aytqaly A.K., Beisenov A.Z., Dmitriev E.A., Garbaras A., Kukushkin I.A., Loman V.G., Sapolaite J., Usmanova E.R., Varfolomeev V.V., Voyakin D.A., Zhuniskhanov A.S., Motuzaite Matuzeviciute G., 2018. Early indicators to C4 plant consumption in central Kazakhstan during the Final Bronze Age and Early Iron Age based on stable isotope analysis of human and animal bone collagen // Archaeological Research in Asia. Vol. 15. Pp. 157–173. https://doi.org/10.1016/j.ara.2017.12.002

2. Bonora G.L., Sakenov S.K., 2015. The Bronze Age Settlement of Shagalaly II (Pavlovka) – Akmolinsk Region, Kazakhstan – and its Cultural Interaction with Middle Asia Contexts // Kulturno-istoricheskie protsessy v Uralo-kazakhstanskikh stepyakh v drevnosti i srednie veka: sbornik nauchnykh statei. Astana: Astana Branch of the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology. Pp. 50–68.

3. Motuzaite Matuzeviciute G., Lightfoot E., O'Connell T.C., Voyakin D., Liu X., Loman V., Svyatko S., Usmanova E., Jones M.K., 2015. The extent of cereal cultivation among the Bronze Age to Turkic period societies of Kazakhstan determined using stable isotope analysis of bone collagen // Journal of Archaeological Science. Vol. 59. Pp. 23–34. https://doi.org/10.1016/j.jas.2015.03.029

4. Outram A.K., Stear N.A., Kasparov A., Usmanova E., Varfolomeev V., Evershed R.P., 2012. Patterns of pastoralism in later Bronze Age Kazakhstan: new evidence from faunal and lipid residue analyses // Journal of Archaeological Science. Vol. 39. No 7. Pp. 2424–2435. https://doi.org/10.1016/j.jas.2012.02.009

5. Sakenov S.K., 2017. Paleo-economy of North Kazakhstan during the Bronze Age based on the materials of the Shagalaly settlement // Anthropological Notebooks. Vol. 23. No 2. Pp. 83–98.

6. Ventresca Miller A.R., Winter-Schuh C., Usmanova E.R., Logvin A., Shevnina I., Makarewicz C.A., 2017. Pastoralist mobility in Bronze Age landscapes of northern Kazakhstan: 87Sr/86Sr and δ18O analyses of human dentition from Bestamak and Lisakovsk // Environmental Archaeology. Vol. 23. No 4. Pp. 352–366. https://doi.org/10.1080/14614103.2017.1390031

7. Ventresca-Miller A.R., 2026. Domesticated: How Cultivated Species Altered Ancient Silk Road

Societies. New York: Oxford University Press. 275 p. https://doi.org/10.1093/9780197785973.001.0001

8. Akishev K.A., 1959. Pamyatniki stariny Severnogo Kazakhstana [Antiquities of Northern Kazakhstan] // Trudy Instituta istorii, arkheologii i etnografii im. Ch.Ch. Valikhanova [Proceedings of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History, Archaeology and Ethnography]. Almaty: AN KazSSR. Vol. 7. Pp. 3–31. [in Russian].

9. Aubekerov B.Zh., Chalykhyan E.V., Zhakupova Sh.A., 1989. Izmenenie klimata i paleogeograficheskikh uslovii Tsentralnogo Kazakhstana v pozdnelyednikove i golotsene [Climate and paleogeographic changes in Central Kazakhstan in the Late Glacial and Holocene] // Paleoklimaty pozdnelyednikovya i golotsena. Moscow: Nauka. Pp. 98–102. [in Russian].

10. Akhinzhanov S.M., Makarova L.A., Nurumov T.N., 1992. K istorii skotovodstva i okhoty v Kazakhstane (po osteologicheskomu materialu iz arkheologicheskikh pamyatnikov eneolita i bronzy) [On the history of pastoralism and hunting in Kazakhstan: based on osteological materials from Eneolithic and Bronze Age archaeological sites]. Alma-Ata: Gylym. 218 p. [in Russian].

11. Belodedenko M.V., Varushchenko A.N., 1988. Izmenenie uvlazhnennosti aridnykh raionov Evrazii v golotsene [Changes in humidity of Eurasian arid regions during the Holocene] // Izvestiya AN SSSR. Seriya geograficheskaya. No 2. Pp. 31–41. [in Russian].

12. Varfolomeev V., Loman V., Evdokimov V., 2017. Kent – gorod bronzovogo veka v tsentre kazakhskikh stepei [Kent: a Bronze Age city in the center of the Kazakh steppes]. Astana: Kazakh Scientific Research Institute of Culture. 338 p. [in Russian].

13. Dergacheva M.I., Varfolomeyev V.V., 2014. Pochvenno-arkheologicheskoe issledovanie mogilnika Tegiszhol [Soil-archaeological study of the Tegiszhol burial ground] // Vsadniki Velikoi stepi: traditsii i novatsii [Horsemen of the Great Steppe: traditions and innovations]. Trudy filiala Instituta arkheologii im. A.Kh. Margulana v g. Astana. Vol. IV. Astana. Pp. 310–316. [in Russian].

14. Evdokimov V.V., 1987. Zaklyuchitelnyi etap epokhi bronzy Kustanayskogo Pritobolya [Final stage of the Bronze Age in the Kostanay Tobol River area] // Voprosy periodizatsii arkheologicheskikh pamyatnikov Tsentralnogo i Severnogo Kazakhstana. Karaganda: KarGU. Pp. 68–79. [in Russian].

15. Evdokimov V.V., 1990. Potentsialnaya zaselennost poselenii epokhi bronzy Kustanayskogo Pritobolya [Potential population of Bronze Age settlements in the Kostanay Tobol River area] // Uralskoe arkheologicheskoe soveshchanie: tezisy dokladov. Tomsk: TGU. Pp. 47–48. [in Russian].

16. Evdokimov V.V., 1993. Formalno-tipologicheskii analiz poselenii epokhi bronzy stepnogo Pritobolya [Formal-typological analysis of Bronze Age settlements of the steppe Tobol River area] // Problemy rekonstruktsii khozyaistva i tekhnologii po dannym arkheologii: sbornik nauchnykh trudov. Petropavlovsk: Otdel «Arkheologiya Severnogo Kazakhstana» IA NAN RK. Pp. 71–78. [in Russian].

17. Evdokimov V.V., 2000. Istoricheskaya sreda epokhi bronzy stepei Tsentralnogo i Severnogo Kazakhstana [Historical environment of the Bronze Age steppes of Central and Northern Kazakhstan]. Almaty: A.Kh. Margulan Institute of Archaeology. 140 p. [in Russian].

18. Zdanovich G.B., 1988. Bronzovyi vek Uralo-Kazakhstanskikh stepei (osnovy periodizatsii) [Bronze Age of the Ural–Kazakhstan steppes: foundations of periodization]. Sverdlovsk: Izd-vo Ural. un-ta. 184 p. [in Russian].

19. Zdanovich G.B., Ivanov I.V., Khabdulina M.K., 1984. Opyt ispolzovaniya v arkheologii paleopochvennykh metodov issledovaniya (kurgany Kara-Oba i Obaly v Severnom Kazakhstane) [Using paleosol methods in archaeology: the Kara-Oba and Obaly kurgans in Northern Kazakhstan] // Sovetskaya arkheologiya. No 4. Pp. 35–48. [in Russian].

20. Zdanovich S.Ya., 1978. Zhilishcha poseleniya finalnogo bronzovogo veka Sargary v Severnom Kazakhstane [Dwellings of the Final Bronze Age settlement of Sargary in Northern Kazakhstan] // Drevnie kultury Povolzhya i. Kuibyshev: KGU. Pp. 35–37. [in Russian].

21. Zdanovich S.Ya., 1983. Poseleniya i zhilishcha sargarinskoi kultury [Settlements and dwellings of the Sargary culture] // Poseleniya i zhilishcha drevnikh plemen Yuzhnogo Urala. Ufa: BFAN SSSR. Pp. 59–76. [in Russian].

22. Ivanov I.V., 1992. Evolyutsiya pochv stepnoi zony v golotsene [Evolution of steppe-zone soils in the Holocene]. Moscow: Nauka. 144 p. [in Russian].

23. Ivanov I.V., Afonin M.M., Zdanovich G.B., 1980. Izmenenie poligonalnosti chernozemov Severnogo

Kazakhstana v pozdnem golotsene [Changes in the polygonality of chernozems of Northern Kazakhstan in the Late Holocene] // Prognoz izmeneniya kriogennykh pochv pod vliyaniem khozyaistvennogo osvoeniya territorii. Pushchino: ONTI NTsBI AN SSSR. Pp. 165–167. [in Russian].

24. Ivanov I.V., Lukovskaya T.S., 1997. Rol prostranstvenno-vremennykh izmenenii ekologicheskikh uslovii evraziiskikh stepei v razvitii drevnikh kulturno-istoricheskikh obshchnostei [Role of spatiotemporal environmental changes of Eurasian steppes in the development of ancient cultural-historical communities] // Epokha bronzy i rannii zheleznyi vek v istorii drevnikh plemen yuzhnorusskikh stepei: materialy mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii, posvyashchennoi 100-letiyu so dnya rozhdeniya P.D. Rau (1897–1997). Saratov: SGPI. Pp. 79–86. [in Russian].

25. Ivanov I.V., Lukovskaya T.S., 1998. Dinamika prirodnykh uslovii, pochvoobrazovaniya i vzaimodeistvie prirody i obshchestva v stepyakh Evrazii, nekotorye voprosy paleogeografii golotsena [Dynamics of natural conditions, soil formation, and nature–society interaction in Eurasian steppes: some issues of Holocene paleogeography] // Ekologiya i pochvy. Izbrannye lektsii I–VII shkol (1991–1997 gg.). Vol. I. Pushchino: ONTI PNTs RAN. Pp. 283–302. [in Russian].

26. Kalieva S.S., Logvin V.N., 2008. Mogilnik u poseleniya Bestamak [Burial ground near the Bestamak settlement] // Vestnik arkheologii, antropologii i etnografii. No 9. Pp. 32–58. [in Russian].

27. Kalieva S.S., Kolbina A.V., Logvin V.N., 2016. Nekropol epokhi bronzy Dzhangildy-5 [Bronze Age necropolis of Dzhangildy-5]. Kostanai: Kostanaipoligrafiya. 208 p. [in Russian].

28. Klimanov V.A., Tarasov P.E., Tarasova K.V., 1994. Kolebaniya klimata stepnoi zony Kazakhstana v golotsene (po dannym sporo-pyltsevogo analiza) [Holocene climate fluctuations in the steppe zone of Kazakhstan: based on spore-pollen analysis] // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 5. Geografiya. No 1. Pp. 99–104. [in Russian].

29. Kukushkin I.A., 2024. Materialnaya kultura, sotsialnaya organizatsiya i mirovozzrenie naseleniya Tsentralnogo Kazakhstana v epokhu bronzy (po materialam pogrebalnykh kompleksov serediny XIX–IX/VIII vv. do n.e.) [Material culture, social organization and worldview of the population of Central Kazakhstan in the Bronze Age: based on burial complexes of the mid-19th–9th/8th centuries BC]. Abstract of the Doctor of Historical Sciences dissertation. Barnaul: Altai State University. 54 p. [in Russian].

30. Margulan A.Kh. (ed.), Akishev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbaev A.M., 1966. Drevnyaya kultura Tsentralnogo Kazakhstana [Ancient culture of Central Kazakhstan]. Alma-Ata. 435 p. [in Russian].

31. Matveeva N.P., Zelenkova R.R., Tretyakov E.A., 2025. Materialy k izucheniyu prirodnogo okruzheniya i selskokhozyaystvennykh zanyatii srednevekovogo naseleniya s Ust-Tersyukskogo gorodishcha [Materials for the study of natural environment and agricultural activities of the Medieval population from the Ust-Tersyuk settlement] // Vestnik arkheologii, antropologii i etnografii. No 2 (69). Pp. 94–102. https://doi.org/10.20874/2071-0437-2025-69-2-8 [in Russian].

32. Nikolaev V.A., 1977. Antropogennyi etap v istorii stepei Zapadnoi Sibiri i Kazakhstana [Anthropogenic stage in the history of the steppes of Western Siberia and Kazakhstan] // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 5. Geografiya. No 3. Pp. 17–24. [in Russian].

33. Orazbaev A.M., 1959. Pamyatniki epokhi bronzy Tsentralnogo Kazakhstana [Bronze Age sites of Central Kazakhstan] // Trudy Instituta istorii, arkheologii i etnografii AN KazSSR. Vol. 7. Arkheologiya. Pp. 59–74. [in Russian].

34. Orazbaev A.M., 1970. Poselenie Chaglinka (Shagalaly). Nekotorye formy i tipy zhilishch [The Chaglinka (Shagalaly) settlement: some forms and types of dwellings] // Po sledam drevnikh kultur Kazakhstana. Alma-Ata: Nauka. Pp. 129–146. [in Russian].

35. Riabogina N.E., Ivanov S.N., 2011. Drevnee zemledelie v Zapadnoi Sibiri: problemy argumentatsii, paleoetnobotanicheskie metody i analiz faktov [Ancient agriculture in Western Siberia: problems of argumentation, paleoethnobotanical methods and analysis of facts] // Arkheologiya, etnografiya i antropologiya Evrazii. No 4 (48). Pp. 96–106. [in Russian].

36. Riabogina N.E., Ivanov S.N., Nasonova E.D., 2018. Zhiloi landshaft: prirodnoe okruzhenie poselenii pozdnego bronzovogo veka v Pritobole [Residential landscape: natural environment of Late Bronze Age settlements in the Tobol region] // Vestnik arkheologii, antropologii i etnografii. No 4 (43). Pp. 39–50. https://doi.org/10.20874/2071-0437-2018-43-4-039-050 [in Russian].

37. Riabogina N.E., Yuzhanina E.D., 2020. Paleoekologicheskie rekonstruktsii v Tobolo-Ishime: sochetanie pyltsevykh on-site dannykh kulturnykh sloev i off-site zapisei torfyanikov [Paleoecological reconstructions in the Tobol–Ishim region: combining on-site pollen data from cultural layers and off-site peat records] // Vestnik arkheologii, antropologii i etnografii. No 4 (51). Pp. 85–96. https://doi.org/10.20874/2071-0437-2020-51-4-8 [in Russian].

38. Riabogina N.E., Yuzhanina E.D., Afonin A.S., Yakimov A.S., Novikov I.K., 2022. Paleoekologicheskie issledovaniya priozernykh vodorazdelnykh poselenii Tobolo-Ishimskogo mezhdurechya (poselenie Zolotoe 1, Kurganskaya oblast) [Paleoecological studies of lakeside watershed settlements of the Tobol–Ishim interfluve: Zolotoe 1 settlement, Kurgan Oblast] // Vestnik arkheologii, antropologii i etnografii. No 4 (59). Pp. 43–54. https://doi.org/10.20874/2071-0437-2022-59-4-4 [in Russian].

39. Sakenov S.K., 2024. Poselenie skotovodov i metallurgov epokhi bronzy Shagalaly II [Settlement of pastoralists and metallurgists of the Bronze Age Shagalaly II]. Materialy i issledovaniya po arkheologii Kazakhstana. Vol. XXIII. Almaty: IA KN MNVO RK. 360 p. [in Russian].

40. Sakenov S.K., Yarygin S.A., Kulmaganbetova G.K., Ilderyakov N.N., 2024. Poselenie i mogilnik kontsa pozdnebronzovogo veka Sandyktau (predvaritelnye rezultaty issledovaniya) [Settlement and burial ground of the end of the Late Bronze Age Sandyktau: preliminary research results] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». Vol. 29. No 3 (115). Pp. 182–192. https://doi.org/10.31489/2024HPh3/182-192 [in Russian].

41. Tairov A.D., 2003. Izmeneniya klimata stepei i lesostepei Tsentralnoi Evrazii vo II–I tys. do n.e.: materialy k istoricheskim rekonstruktsiyam [Climate changes of the steppes and forest-steppes of Central Eurasia in the 2nd–1st millennia BC: materials for historical reconstructions]. Chelyabinsk: Rifei. 68 p. [in Russian].

42. Tkacheva N.A., 1999. Dinamika i kharakter razvitiya poselencheskikh kompleksov epokhi bronzy Verkhnego Priirtyshya [Dynamics and development of Bronze Age settlement complexes of the Upper Irtysh region] // Vestnik arkheologii, antropologii i etnografii. No 2. Pp. 39–43. [in Russian].

43. Tkacheva N.A., Tkachev A.A., 2006. K voprosu o pamyatnikakh perekhodnogo vremeni ot epokhi bronzy k rannemu zheleznomu veku v Stepnom Priirtyshe [On transitional-period sites from the Bronze Age to the Early Iron Age in the Steppe Irtysh region] // Izuchenie pamyatnikov arkheologii Pavlodarskogo Priirtyshya: sbornik nauchnykh statei. Issue 2. Pavlodar. Pp. 100–104. [in Russian].

44. Tkacheva N.A., Tkachev A.A., 2008. Epokha bronzy Verkhnego Priirtyshya [Bronze Age of the Upper Irtysh region]. Novosibirsk: Nauka. 305 p. [in Russian].

45. Khabdulina M.K., Zdanovich G.B., 1984. Landshaftno-klimaticheskie kolebaniya golotsena i voprosy kulturno-istoricheskoi situatsii v Severnom Kazakhstane [Holocene landscape-climatic fluctuations and issues of the cultural-historical situation in Northern Kazakhstan] // Bronzovyi vek Uralo-Irtyshskogo mezhdurechya. Chelyabinsk: Chelyabinsk State University. Pp. 136–158. [in Russian].

46. Chernikov S.S., 1954. Poseleniya epokhi bronzy v Severnom Kazakhstane [Bronze Age settlements in Northern Kazakhstan] // Kratkie soobshcheniya Instituta istorii materialnoi kultury. Issue 53. Pp. 29–49. [in Russian].

47. Shagirbaev M.S., Sakenov S.K., 2023. Skotovodcheskoe khozyaistvo naseleniya epokhi bronzy Severnogo Kazakhstana (po materialam poseleniya Shagalaly II) [Pastoral economy of Bronze Age populations of Northern Kazakhstan: based on Shagalaly II settlement materials] // Arkheologiya Kazakhstana. No 4 (22). Pp. 212–242. https://doi.org/10.52967/AKZ2023.4.22.212.242 [in Russian].

48. Shevnina I.V., Logvin A.V., 2015. Mogilnik epokhi bronzy Khalvai III v Severnom Kazakhstane [The Khalvai III Bronze Age burial ground in Northern Kazakhstan]. Materialy i issledovaniya po arkheologii Kazakhstana. Vol. VII. Astana: Institut arkheologii im. A.Kh. Margulana. 248 p. [in Russian].

49. Shnitnikov A.V., 1975. Iz istorii ozer Severnogo Kazakhstana [From the history of lakes of Northern Kazakhstan] // Ozera Kazakhstana i Kirgizii i ikh istoriya. Leningrad: Nauka. Pp. 5–27. [in Russian].

***Сыдығалиев С.М.[1], Құнанбаева Ш.Б.[2]**
[1]«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
Астана, Қазақстан
[2]Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
Астана, Қазақстан
*e-mail: sunki2000@mail.ru

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕЙІНГІ ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ ТІРШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕЛЕРІ: ПАЛЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ

Аңдатпа. Мақала Солтүстік Қазақстан кейінгі қола дәуіріндегі табиғи ортаны және халықтың тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін палеоэкологиялық тұрғыдан қайта құруға арналған. Зерттеуде жарияланған археологиялық, палинологиялық, палеотопырақтанулық, археозоологиялық және изотоптық деректер Сандықтау қонысында 2026 жылғы далалық зерттеулер барысында алынған жаңа материалдармен салыстырыла талданады. Зерттеудің мақсаты – табиғи-географиялық жағдайлардың кейінгі қола дәуірі тұрғындарының қоныстану сипатына, тұрақты тұрғын жайлардың қалыптасуына, жайылымдық мал шаруашылығына және өндірістік қызметіне ықпалын анықтау. Зерттеу б.з.д. XV–IX/VIII ғасырлар аралығын қамтиды және Солтүстік Сарыарқа, Торғай ойысы, Қостанайдың Тобыл маңы, Павлодардың Ертіс маңы және Тобыл-Есіл өзенаралық өңірлерінің материалдары қарастырылады. 2026 жылғы қазба жұмыстарының нәтижесінде Сандықтау қонысынан тұрғын жайдың қалдықтары, қыш ыдыстардың фрагменттері, сүйектен жасалған бұйымдар, мол остеологиялық материал және алдын ала анықталған тары тәрізді өсімдік қалдықтары тіркелді. Сандықтау қонысының материалдары Солтүстік Сарыарқаның өзен аңғарларын тұрақты игеру, мал шаруашылығы, жануарлар шикізатын өңдеу және алдын ала анықталған өсімдік компонентінің қатар дамыған өңір ретіндегі сипатын нақтылай түседі. Зерттеу нәтижелері кейінгі голоцендегі аридтену үдерістерінің өңірлерде әркелкі жүргенін және халықтың тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің аймақтық тұрғыдан әртүрлі болғанын көрсетеді.

Кілт сөздер: Солтүстік Қазақстан, кейінгі қола дәуірі, палеоэкология, палинология, палеотопырақтану, археозоология, изотоптық талдау, табиғи орта, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі, жайылымдық мал шаруашылығы.

Дәйексөз үшін: Сыдығалиев С.М., Құнанбаева Ш.Б. Солтүстік Қазақстанның кейінгі қола дәуіріндегі халықтың тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері: палеоэкологиялық қайта құрылымдау // Мәдени мұра. 2026. №3(114). Б.176-195 (орыс.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.12

***Sydygaliyev S.M.[1], Kunanbayeva Sh.B.[2]**
[1]State Historical and Cultural Museum-Reserve “Bozoq”
Astana, Kazakhstan
[2]A.Kh. Margulan Institute of Archaeology
Astana, Kazakhstan
*e-mail: sunki2000@mail.ru

SUBSISTENCE SYSTEMS OF THE LATE BRONZE AGE POPULATION OF NORTHERN KAZAKHSTAN: A PALEOECOLOGICAL RECONSTRUCTION

Abstract. The article is devoted to a paleoecological reconstruction of the natural environment and subsistence systems of the Late Bronze Age population of Northern

Kazakhstan. The study focuses on comparing published archaeological, palynological, paleopedological, archaeozoological, and isotopic data with materials from the 2026 field season at the Sandyktau settlement in Northern Saryarka. The study aims to identify the relationship between natural and geographical conditions, settlement patterns, stationary architecture, pasture-based livestock husbandry, and production practices of the Late Bronze Age population. The research covers the 15th to the 9th/8th centuries BCE and includes materials from Northern Saryarka, the Turgai Depression, the Kostanay Tobol region, the Pavlodar Irtysh region, and the Tobol-Ishim interfluve. As a result of the 2026 excavations at the Sandyktau settlement, remains of a dwelling structure, fragments of clay vessels, bone artefacts, abundant osteological material, and preliminarily identified millet-like plant remains were recorded. The materials from the Sandyktau settlement refine the characterization of Northern Saryarka as a region where the stationary occupation of river valleys was combined with livestock husbandry, the processing of animal raw materials, and a preliminarily identified plant component. The results demonstrate the uneven manifestation of Late Holocene aridization processes and the regional variability of subsistence systems.

Keywords: Northern Kazakhstan, Late Bronze Age, paleoecology, palynology, paleopedology, archaeozoology, isotope analysis, natural environment, subsistence system, pasture-based livestock husbandry.

For citation: Sydygaliyev S.M., Kunanbayeva Sh.B. Subsistence systems of the Late Bronze Age population of Northern Kazakhstan: a paleoecological reconstruction // Madeni Mura. 2026. №3(114). P. 176-195 (in Rus.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.12

Сведения об авторах:
Сыдыгалиев Сункар Маратулы, PhD докторант, автор-корреспондент, научный сотрудник, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозоқ», Астана, Республика Казахстан.
ORCID: 0009-0001-3103-4567
Scopus ID: 60569140900
Кунанбаева Шолпан Боранбаевна, PhD, ведущий научный сотрудник, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, Астана, Республика Казахстан.
ORCID: 0000-0002-3335-4660
Scopus ID: 57190578318

Авторлар туралы мәліметтер:
Сыдығалиев Сұңқар Маратұлы, PhD докторант, автор-корреспондент, ғылыми қызметкер, «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Астана, Қазақстан Республикасы.
ORCID: 0009-0001-3103-4567
Scopus ID: 60569140900
Құнанбаева Шолпан Боранбайқызы, PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Астана, Қазақстан Республикасы.
ORCID: 0000-0002-3335-4660
Scopus ID: 57190578318

Information about the authors:
Sydygaliyev Sunkar, PhD student, Corresponding author, Researcher, State Historical and Cultural Museum-Reserve "Bozoq", Astana, Republic of Kazakhstan.
ORCID: 0009-0001-3103-4567
Scopus ID: 60569140900
Kunanbayeva Sholpan, PhD, Leading Researcher, A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Astana, Republic of Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-3335-4660
Scopus ID: 57190578318

Этнология/ Ethnology/ Этнология

ҒТАМР 03.20

https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.13

Смағұлов Б.Қ.[1], *Әшім Б.Ә.[2]
[1]Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты
Алматы, Қазақстан
[2]Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
e-mail: ashim.baglan@gmail.com

Г.Е. КАТАНАЕВТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР

Аңдатпа. XVIII–XX ғасырдың басында Ресейдің әскери, ғылыми және мемлекеттік қайраткерлері мен саяхатшыларының Қазақстан аумағының географиялық және климаттық жағдайларына, оның тарихына, қазақтардың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне арналған сан алуан еңбектері жарық көрді. Аталмыш ғылыми мұраның ішінде

Г.Е. Катанаевтың да еңбектері маңызды. Оның қаламынан шыққан туындылары негізінен Қазақстан мен Батыс Сібірдің тарихы жөнінде материалдар болып табылады. Соның бір бөлігінде қазақ халқының этнографиясы туралы мәліметтер қамтылған. Мақаланың мақсаты – Г.Е. Катанаевтың материалдары мен еңбектеріндегі қазақтардың дәстүрлі мәдениетіне қатысты мәліметтерге талдау жасау. Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды: Г.Е. Катанаевтың жарияланған еңбектеріне шолу жасау; Г.Е. Катанаев жинастырған архив материалдарын талдау; Г.Е. Катанаевтың еңбектерін талдауға арналған тарихнаманың ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу барысында авторлар Г.Е. Катанаевтың материалдары мен еңбектеріндегі этнографиялық мәліметтерді үш топқа бөлуге болады деген байламға келді. Атап айтқанда, қазақ халқының этникалық құрамына байланысты мәліметтер; қазақтың көшпелі шаруашылығының ерекшеліктері; қазақтар мен казак-орыстар арасындағы өзара мәдени ықпал. Г.Е. Катанаевтың зерттеу мұрасы қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне байланысты сан алуан аспектілерді қамтиды.

Кілт сөздер: Г.Е. Катанаев, Қазақстан тарихы, қазақ халқының этнографиясы, дәстүрлі мәдениет, шала қазақтар, бұхаралықтар, қазақ шаруашылығы, балық аулау, қазақ-орыс қатынастары.

Дәйексөз үшін: Смағұлов Б.Қ., Әшім Б.Ә. Г.Е. Катанаевтың материалдары мен еңбектеріндегі қазақ халқының этнографиясы жөніндегі мәліметтер // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). бб. 196-208 (қаз.).

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.13

Кіріспе

XVIII–XX ғасырдың басында қазақ даласына қызметтік мақсатпен барған Ресейдің көптеген әскери және мемлекеттік қайраткерлерінің, сондай-ақ саяхатшылар мен зерттеушілердің жол естеліктерінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне байланысты әртүрлі этнографиялық материалдар айтарлықтай көлемде жинақталды. Алайда жиналған материалдарда қазақтардың әдет-ғұрыптары (үйлену тойы, жерлеу жосын-жоралғылары және т.б.) мен шаруашылығы (көшпелі шаруашылық, егіншілік мәдениеті және т.б.) жөніндегі өте құнды мәліметтер қамтылғанымен, олардың кейбір бөлігі бүгінге дейін ғылыми айналымға енбей келеді. Солардың бірі ретінде белгілі зерттеуші Г.Е. Катанаевтың қазақ халқының этнографиясына қатысты материалдарын атауға болады. Оның қазақтардың этникалық құрамы

(әсіресе, қазақтардың құрамындағы «шала қазақтар»), шаруашылығы, балық аулау кәсібі һәм қазақтар мен казак-орыстар арасындағы мәдени байланыстар және т.б. жөніндегі мәліметтері қазақтың дәстүрлі мәдениетін зерттеуде маңызды орын алады.

Георгий Ефремович Катанаев (1848–1921) – белгілі орыс әскери қайраткері, генерал-лейтенант, Сібір казак-орыс әскерінің тарихын зерттеуші. Ақмола облысының Атбасар станицасындағы казак-орыс офицерінің отбасында дүниеге келген. Омбы кадеттік корпусы мен Петровско-Разумовскідегі ауыл шаруашылығы академиясын (Петровско-Разумовская сельскохозяйственная академия) бітіргеннен кейін 42 жыл бойы Сібір казак-орыс әскерінде қызмет етті. Оның қаламынан қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арналған көптеген еңбектер жарияланды. Ол зерттеу қызметін Ресейдің ғылыми мекемелерінде, соның ішінде Орыс географиялық қоғамының 1877 жылы Омбы қаласында ашылған Батыс Сібір бөлімшесінде (Западно-Сибирский отдел Русского географического общества) жүргізді. Осы ғылыми мекеменің жеті құрылтайшысының бірі әрі құрметті мүшесі, кейінірек төрағасы ретінде жұмыс істеді. Яғни, ол Орыс географиялық қоғамының Омбыдағы Батыс Сібір бөлімшесін ашуға елеулі үлес қосты, оның жұмысына белсенді қатысып, мақалалар жазды, көрмелер ұйымдастырды және ашық дәрістер өткізді (РФ ООТА. 366-қ. 1-т. Краткая биографическая справка: 2; Жигулин, Захарова, 1998: 3; Носков, 2009: 48). Мысалы, 1911 жылғы Бірінші Батыс Сібір көрмесінде комиссар болды (Носков, 2009: 48). Г.Е. Катанаевтың Солтүстік және Шығыс Қазақстан мен Батыс Сібірдің, сондай-ақ Орта Азияның тарихы һәм мәдениеті жөніндегі көптеген еңбектері «Записки Западно-Сибирского отдела РГО» («ОГҚ Батыс Сібір бөлімшесінің Жазбалары») деп аталатын мерзімді басылымында жарық көрді. Оның көшпелі халықтарға, соның ішінде қазақтарға да қатысты кейбір жағымсыз көзқарастары, кереғар пікірлері мен идеологиялық ұстанымдарына қарамастан, еңбектері бүгінге дейін қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеу үшін маңызды әрі құнды болып табылады. Алайда Георгий Катанаевтың біршама материалдарына ғалымдар мән бергенімен, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті туралы мәселелер отандық зерттеушілер тарапынан тыс қалып келеді. Осыған орай Г.Е. Катанаевтың материалдары мен еңбектеріндегі қазақтардың дәстүрлі мәдениетіне қатысты мәліметтерге талдау жасау мақаланың мақсаты болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалаға пайдаланылған материалдарды төмендегідей үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа Омбы облысының тарих архивіндегі (РФ Омбы қ.) Г.Е. Катанаевтың жеке қорындағы Қазақстан тарихына қатысты әртүрлі материалдар, соның ішінде қазақ халқының этникалық құрамы мен шаруашылығына (мал шаруашылығы, балық аулау, егіншілік және т.б.), сондай-ақ қазақтар мен казак-орыстардың арасындағы өзара мәдени әсеріне арналған мәліметтер жатады. Екіншітопқа Г.Е. Катанаевтың қаламынан шыққан жарияланымдары кіреді. Қазақ өлкесіне жасалған іссапарларының нәтижесінде Г.Е. Катанаев жергілікті тұрғындардың тұрмысы мен шаруашылығына байланысты біраз материалдар жинастырды. Аталмыш материалдардың бір бөлігі біздің зерттеу тақырыбымыздың кейбір аспектілерін қамтиды. Үшінші топқа қосымша материал ретінде қазақстандық, ресейлік және кеңестік зерттеушілердің тікелей немесе жанама қатысы бар ғылыми еңбектері жатады.

Мақала жазу кезінде ғылыми интерпретация жасау үшін төмендегідей әдістер қолданылды. Біріншіден, *факторлық талдау әдісі* – Г.Е. Катанаев сынды тарихи тұлғалардың ұстанымдарына әсер еткен әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени және т.б. факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Г.Е. Катанаевтың казак-орыс офицері болғаны оның қазақ халқының этникалық тарихына, соның ішінде қазақ халқының этникалық аумағы мәселесіне деген көзқарасынан айқын көрінеді. Мысалы, өзінің еңбектерінде Г.Е. Катанаев Ертіс бойындағы жерлер қазақтікі емес, казак-орыстардың жері деп дәлелдеуге тырысты. Екіншіден, мақалада қолданылған *нақты-тарихи әдіс* белгілі бір зерттеуші мен оның өмір сүрген дәуірінің арасындағы байланыстарды талдауды көздейді. Сол дәуірдің нақты жағдайлары (мәдени, саяси және т.б.) есепке алынады. Бұл әдіс арқылы әрбір тарихи кезеңнің ерекшеліктерін анықтауға болады. Мәселен, мақалада негізінен XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдығындағы қазақ қоғамының жағдайы көрсетілген.

Сондықтан да, нақты-тарихи әдісті қолдану қазақ халқының сол кездегі әлеуметтік жағдайын, күнделікті өмірін және т.б. жайттарды ашуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, зерттеу барысында қолданылған салыстыру әдісі басқа зерттеулердің ерекшеліктерін айқындауды көздейді. Яғни *салыстыру әдісі* арқылы қазақстандық және ресейлік зерттеушілердің еңбектерін талдай отырып, тақырыптың зерттелу деңгейін көруге болады. Жалпы алғанда, аталған әдістер әртүрлі факторлардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды аша отырып, мақалада қойылған мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Талдау

Г.Е. Катанаевтың материалдарындағы қазақтар туралы әртүрлі зерттеулерге ресейлік тарихшылар алғашқылардың бірі болып назар аударды. Мәселен, 1990 жылдардың бас кезеңінде В.А. Шулдяков (Шулдяков, 1990), А.И. Жигулин (Жигулин, 1998) сынды зерттеушілердің шағын мақалаларында қазақтар мен сібір казак-орыстарының арасындағы өзара қарым-қатынастардың кейбір аспектілері (саяси, шаруашылық және т.б.) баяндалады. А.И. Жигулиннің «Личный архив Г.Е. Катанаева как источник по этнической истории и материальной культуре казахского народа» («Г.Е. Катанаевтың жеке архиві қазақ халқының этникалық тарихы мен материалдық мәдениеті жөніндегі дереккөз ретінде») деп аталатын мақаласында қазақтар мен казак-орыстардың арасындағы өзара мәдени ықпал мәселесінің кейбір аспектілеріне қысқаша шолу жасалған (Жигулин, 1998). А.И. Жигулиннің И.В. Захаровамен бірігіп жазған «Г.Е. Катанаев как историк и этнограф» («Г.Е. Катанаев тарихшы әрі этнограф ретінде») деп аталатын тағы бір мақаласында авторлар Г.Е. Катанаевтың тарихи-этнографиялық зерттеу жұмыстарына сипаттама бере отырып, қазақтың балық аулау мәселесіне де қысқаша тоқталған. Авторлардың көрсетуінше, Г.Е. Катанаевтың «Озеро Нор-Зайсан и рыболовство на нем» («Нор-Зайсан көлі және ондағы балықшылық») атты мақаласында балық аулаудың негізгі әдіс-тәсілдерімен қатар, бұл кәсіптің экономикалық қырларына қатысты маңызды деректер келтірген (РФ ООТА. 366-қ. 1-т. 344-іс. 1905. 16 п.; Жигулин, Захарова, 1998: 6).

Г.Е. Катанаевтың қоғамдық және ғылыми қызметі жайында О.П. Дорошенконың диссертациялық зерттеуін де айта кеткен жөн. Автор зерттеуінде қазақтарға байланысты қызықты мәліметтер келтірсе де, бұлардың барлығы дерлік қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне емес, Қазақстанның XVIII–XX ғасырдың басындағы саяси оқиғаларға арналған (Дорошенко, 2022). Ресейлік этнолог Н.А. Томиловтың Сібірдегі ғылымның дамуы және ғылыми орталықтардың тарихы жөніндегі теориялық еңбектерінде Г.Е. Катанаевтың ғылыми мұрасы туралы сөз еткен. Оның «Периодизация этнографического сибиреведения и истории этнографических центров в Сибири» («Этнографиялық сібіртану ғылымын және Сібірдегі этнографиялық орталықтардың тарихын кезеңдеу») атты мақаласында XIX–XX ғасырлардағы Сібірдегі этнография ғылымының тарихын бірнеше кезеңге бөліп, әрбір кезеңге тән ерекшеліктерін сипаттаған. Бұл ретте автор Г.Е. Катанаевтың әртүрлі этнографиялық мәселелерге қатысты шығармаларына сипаттама жасап, оны 1877 жылы Омбы қаласында Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесі ұйымдастырылғаннан кейінгі кезеңдегі көрнекті ұйымдастырушы зерттеушілердің қатарында көрсеткен (Томилов, 2007: 112).

В.А. Шулдяков, А.И. Жигулин, Н.А. Томилов сынды зерттеушілерден басқа, Г.Е. Катанаевтың ғылыми қызметі Омбының жас тарихшыларының мақалаларында да көрініс тапқан. Мысалы, архив материалдарына негізделген А.В. Крихтің «Этнографические заметки о населении Степного края в путевом дневнике Г.Е. Катанаева 1893 г.» («Г.Е. Катанаевтың 1893 жылғы жол күнделігіндегі Далалық өлке тұрғындары туралы этнографиялық жазбалар») (Крих, 2020) деп аталатын жұмысында Г.Е. Катанаевтың қызмет бабымен Ақмола облысының Көкшетау уезіндегі казак-орыс станицаларына барған кезінде жинаған кейбір материалдары баяндалады. Мақалада келтірілген мәліметтерге қарағанда, А.В. Крих негізінен казак-орыстардың ортасындағы этномәдени (соның ішінде Қазақ даласына Ресей империясының ішкі губернияларынан келген әртүрлі халық өкілдері мен казак-орыстардың арасындағы өзара әсер) және этнотілдік (казак-орыстардың қазақ тілін меңгеру деңгейі) үрдістерге, сондай-ақ казак-орыстардың этникалық құрамы сияқты мәселелерге назар аударған (Крих, 2020: 203–204). А.В. Крихтің тағы бір мақаласы «Полевые исследования в работе Западно-Сибирского отдела Русского географического общества: на

примере служебных поездок Г.Е. Катанаева в 1880–1890-х годах» («Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің жұмысындағы далалық зерттеулер: Г.Е. Катанаевтың 1880–1890 жылдары жасаған қызметтік сапарлары мысалында») (Крих, 2023), жоғарыда аталған жұмыстың белгілі дәрежеде жалғасы болып табылады. Бұл жарияланымда Г.Е. Катанаевтың казак-орыстар мен қазақтардың дәстүрлі мәдениеті, оның ішінде шаруашылығы, сондай-ақ XIX ғасырдың аяғындағы Қазақ даласында жүргізілген зерттеулер туралы материалдар қамтылған (Крих, 2023: 133–138).

Соңғы жылдары қазақстандық зерттеушілер де Г.Е. Катанаевтың материалдары бойынша қазақ тарихы мен мәдениеті туралы тың мақалалар жариялады. Соның бірі Х.А. Аубакированың «Из истории сибирского казачества и национально-освободительного движения султанов Саржана, Кенесары Касымовых в трудах Георгия Катанаева» («Георгий Катанаевтың еңбектеріндегі сібір казактары және Саржан, Кенесары Қасымұлдары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихынан») (Аубакирова, 2014) деп аталатын еңбегінде Омбы облысының тарих архивіндегі Г.Е. Катанаевтың жеке қорында сақталған архивтік материалдары мен Г.Е. Катанаев жазған мақалаларға шолу жасаған. Автор Г.Е. Катанаевтың еңбектеріндегі төмендегідей мәселелерге көңіл бөлген: а) қазақ халқы мен сібір казактарының арасындағы қарым-қатынастар; б) сібір казактарының әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының ерекшеліктері; в) қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы. Мысалы, Х.А. Аубакированың мақаласындағы 30 архивтік істің 27-сі Кенесарының 1837–1847 жылдардағы және 3-і 1824–1836 жылдардағы Саржанның көтерілістеріне арналған. Сонымен бірге автор Г.Е. Катанаевтың идеологиялық көзқарастары мен ұстанымдарына ерекше назар аударады. Автордың пайымдауынша, Ресей империясы билігінің ресми өкілі ретінде Г.Е. Катанаев осы империяның Қазақ өлкесіне қатысты отарлық саясатын жақтады. Бұл жайт оның зерттеу жұмыстарында да айқын көрініс тапқан (Аубакирова, 2014: 54, 56). Жалпы алғанда, Х.А. Аубакированың Г.Е. Катанаев материалдарына жасаған шолуында негізінен тарихқа қатысты мәселелер қамтылған. Мұны оның мақаласында келтірілген архивтік істердің атауларынан да көруге болады. Сонымен бірге автордың негізгі мақсаты этнографиялық мәселелерді арнайы қарастыру болмағанын ескеру қажет. Сонымен қатар, Омбы облысының тарих архивіндегі Г.Е. Катанаевтың жеке қоры материалдары бойынша осы зерттеу жұмысының авторлары Б.Қ. Смағұлов пен Б.Ә. Әшімнің ғылыми конференцияға бірлесіп дайындаған баяндамасы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне, оның ішінде қазақтың балық аулау мәселесіне арналған (Смағұлов, Әшім, 2025).

Осылайша бүгінге дейінгі зерттеулерде Г.Е. Катанаевтың ғылыми қызметінің жекелеген аспектілеріне арналған сан алуан жарияланымдардың бар екенін айтуға болады. Алайда жарияланған еңбектердің басым бөлігі ең алдымен Г.Е. Катанаевтың өмір жолы мен тарихшы ретіндегі қызметін зерттеуге бағытталған. Атап айтқанда, ғалымдардың жарияланымдарында Г.Е. Катанаев және оның зерттеу жұмыстары кеңінен қарастырылғанымен, қазақтың дәстүрлі мәдениеті туралы мәліметтер қысқаша баяндалады. Өйткені Г.Е. Катанаевтың ғылыми мұрасымен айналысқан зерттеушілер көбінесе казак-орыстардың этнографиясына басымдық берген. Ал қазақтардың дәстүрлі мәдениеті ғалымдар тарапынан жеткілікті зерттелмеген.

Алынған нәтижелер

Г.Е. Катанаевтың қазақ халқы этнографиясының жекелеген мәселелерін қозғайтын материалдарын екі топқа бөлуге болады. Біріншісі – оның жарияланған еңбектері. Бірақ бұл ретте келесі жайтқа ерекше назар аударған жөн. Яғни Г.Е. Катанаевтың қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне арналған еңбектері жоқтың қасы. Оның сан алуан шығармаларында аталмыш мәселе жолай қарастырылады. Өйткені зерттеушінің еңбектерінде негізінен тарихи мәселелер сипатталады. Мәселен, Г.Е. Катанаевтың 1916 жылы жарияланған «Историческая справка о том, как и когда основан город Омск (К 200-летнему юбилею города)» («Омбы қаласының қалай және қашан салынғаны жөнінде тарихи анықтама (қаланың 200 жылдығына орай)») атты мақаласы (Катанаев, 1916) қазақ халқының саяси тарихы тұрғысынан ғана құнды. Өйткені мақалада этнографиялық мәліметтер мүлдем жоқ. Екінші топқа Г.Е. Катанаевтың жарияланбаған архивтік материалдары жатады.

Г.Е. Катанаевтың еңбектеріндегі мәліметтер қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің жекелеген

қырларын қамтиды. Қазақ халқының этникалық тарихының кейбір аспектілерін терең түсіну үшін Г.Е. Катанаевтың Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің «Жазбаларында...» 1893 жылы жарық көрген «Киргизские степи, Средняя Азия и Северный Китай в XVII и XVIII столетиях» («XVII және XVIII ғасырлардағы Қазақ даласы, Орта Азия һәм Солтүстік Қытай») (Катанаев, 1893а) атты жұмысы елеулі маңызға ие. Бұл еңбектің «Кіріспесінде» Г.Е. Катанаев сібір орыс-казактарының тарихына және Орталық Азияның, соның ішінде Қазақстанның да тарихы мен қазақ жеріне ұйымдастырылған экспедицияларға байланысты құнды мәліметтер келтіреді. Сонымен бірге мақаланың негізгі бөлігі қазіргі Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы, сондай-ақ Батыс Сібірдегі XVI–XVII ғасырлардағы тарихи оқиғаларға арналған. Бұл тұрғыдан қарағанда, Г.Е. Катанаевтың осы шығармасы тарихи еңбектерге жататындығы еш күмән тудырмаса керек. Ал енді қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті туралы айтатын болсақ, мақалада этнографиялық сюжеттерге де көңіл бөлінсе де, аталмыш аспектінің қысқаша ғана баяндалғандығын көруге болады. Мысалы, автор Семей облысының Өскемен уезіндегі шала қазақтар («чалаказаки») туралы «мұсылмандық-бұхаралық отырықшы өмір салты мен көшпелі қазақтардың дәстүрлі тұрмысымен тығыз араласып кеткендіктен, шала қазақтың өз болмысынан да, оның тұрмыстық ортасынан да отырықшы бұхаралық элементтердің қай жерде аяқталып, қазақы белгілердің қай тұстан басталатынын ажырату қиын. Қоныстары шикі кірпіштен немесе саз балшықтан тұрғызылған төбесі жалпақ тұрғын үйлер, бөренеден салынған орыс үлгісіндегі үйлермен, мешіттермен және киіз үйлермен қатар орналасқан», – дейді (Катанаев, 1893а: 39).

1904 жылы Г.Е. Катанаевтың «Киргизский вопрос в Сибирском казачьем войске» («Сібір казак әскеріндегі қазақ мәселесі») (Катанаев, 1904) атты еңбегі жарияланды. Бұл еңбекте қазақ және казак-орыс шаруашылықтары, қазақтар мен казактардың арасындағы жалгерлік қатынастар, казак офицерлерінің жер телімдері және т.б. мәселелер көрініс тапты. Сонымен бірге осы шығармада біздің тақырыпқа қатысты кейбір мәліметтер келтіріледі. Мәселен, аталған еңбекте автор қазақ халқының этникалық тарихына, соның ішінде қазақ халқының этникалық құрамына да қатысы бар жекелеген мәселелерге тоқталған. Осыған байланысты Ертіс өзенінің бойындағы қазақтар туралы айта отырып, мынадай жайтқа көңіл аударады: «...қазақтар осы бекеттерге (казак-орыс бекіністері) келіп тұрған «бұхаралықтар» һәм «шала қазақтармен» бірігіп сауда «слободкалары» деп аталатын жартылай отырықшылыққа тән қоныстарын салды. Мысал ретінде қазіргі уақытқа дейін Өскеменге қарама-қарсы Ертістің сол жағында ішінара сақталып қалған «Ахмирова» және «Меновная» слободкаларын, Семейге қарама-қарсы «Заречная» және «Бектемирова» слободкаларын; Омбы мен Петропавлға қарама-қарсы орналасқан бекеттерді немесе тауар айырбастау орындарын айтуға болады» (Катанаев, 1904: 13–14). Сонымен бірге Г.Е. Катанаев казак-орыстардың қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына әсері туралы: «... қазақтар ақырын-ақырын малға шөп беруге көшті, қысқы мерзімге арнайы шөп дайындауды үйренді...» (Катанаев, 1904: 15). Сонымен қатар, автор қазақтың дәстүрлі тағамында орын алған өзгерістерді де атап өтеді: «... сүт және ет өнімдерін ғана тұтынатын далалағы бауырластарынан гөрі нан тұтынуға да үйренген, линия бойындағы қазақтар («прилинейные киргизы») әрі қарай егіншілікпен көбірек айналыса түсті...» (Катанаев, 1904: 15).

Этнографиялық мәселелерге Г.Е. Катанаев өзінің «Боровое (Акмолинская область) как врачебно-климатический пункт Степного края» («Бурабай – Далалық өлкенің шипажайлық-климаттық орталығы ретінде») (Катанаев, 1915) деп аталатын еңбегінде де көңіл бөлген. Мысалы, Қазақ өлкесін әртүрлі жақтан зерттеуге болатындығын айта отырып, автор төмендегідей жайтқа назар аударады: «Географ-ғалым алысқа бармай-ақ, осында өмір сүрген казак-орыстар мен Ресейдің сан алуан аймақтарынан жаңадан келген крестьяндарға, сондай-ақ бұл жердің байырғы тұрғындары қазақтарға тән этнографиялық ерекшеліктерді көру үшін өте бай материалдар таба алады» (Катанаев, 1915: 5–6). Осымен бірге, автор қала тұрғындары мен ауылдықтар арасындағы тығыз әлеуметтік-экономикалық байланыстарды қарастырады. Мысалы, «...қала тұрғындары жеке-жеке немесе бірігіп, самаурын мен жеңіл тамақ алып, қаланың сыртына экскурсияға шығады. Ең жақын орналасқан қазақ ауылдарына қымыз ішуге және қой етін жеуге (де) жиі барып тұрады» (Катанаев, 1915: 6, 12). Аталмыш еңбегінде автор белгісіз бір әйел ақын шығарған өленді келтіреді (Катанаев,

«...Хотела я б уйти от всех людей!
Ты знаешь край, где с утренней зарей
Развозит в турсуках заботливый киргиз
Напиток, полный силою живой
Нектар, божественный кумыс...»

«...Сол жаққа, даланың ортасындағы
ғажайып өлкеге
Кетсем бе екен елдің бәрін тастап!
Бұл өлкеде таң арайында торсыққа құйып,
Сатып жүреді шаруақор бір қазақ
Толық күш-жігер беретін сусынды
Балшырын қымызды...»
(қазақшаға ауд. Б. Смағұлов)


1915: 17). Бұл өлеңнің Бурабай мен қымызға арналғанын байқауға болады:

Жалпы алғанда, Г.Е. Катанаев қазақтың тағамдық мәдениетінде елеулі орын алған қымыздың емдік қасиеттеріне жоғары баға берген. Оның төмендегі сөзі де осыны дәлелдейді: «Бурабай аймағының емдік қасиеті туралы айтқанда, тек қымызды ғана атап өтер едім. Бұл осы аймақтың, әсіресе өкпе аурулары бар науқастар үшін өте қасиетті. Бурабайдың қымызы өзіне тән ерекшеліктерімен танымал. Жыл сайын Бурабайға келетін жүздеген адамдар қымыз үшін келеді. Қаланың сыртында саяжай үйлері бар адамдарға, айналадағы көптеген қазақтар қымызды арнайы әкеліп тұрады...» (Катанаев, 1915: 21).

Г.Е. Катанаевтың «Прииртышские казахи и киргизы Семипалатинского уезда в их домашней и хозяйственной обстановке» («Семей уезінің Ертіс жағалауындағы казак-орыстары мен қазақтарының тұрмысы және шаруашылығы») (Катанаев, 1893b) атты жұмысы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне тікелей арналған еңбек болып табылады. Бұл нақты эмпирикалық мәліметтерге негізделген еңбегінде Г.Е. Катанаев аталған аймақтағы тұрғындардың шаруашылық өмірін сипаттай отырып, олардың тағамдарына қысқаша тоқталады. Бұл тұста автор қазақтарда еттен басқа, балықтан жасалған тағамдар қосымша рөл атқаратынына назар аударады. Қазақтардың балық етін ұнатқанымен, оны жиі тұтынбағанын атап өтеді. Оның себебін балықтың қылтықтарының көптігімен байланыстырады (Катанаев, 1893b: 36). Сібір халықтарының этнографиясы туралы Г.Е. Катанаевтың «Разные записки к вопросу о быте, нравах и вообще характерных чертах сибирского народа» («Сібір халқының тұрмысы, әдет-ғұрыптары және оған тән ерекшеліктер жөнінде әртүрлі жазбалар») еңбегінде (Катанаев, 2012) қазақтарға қатысты біршама қызықты мәліметтер ұшырасады. Мысалы, ол казак-орыстардың этникалық құрамына татарлар, украиндар, қалмақтар, қазақтар т.б. халықтардың өкілдері кіргендігін атап өтеді. Автордың мәліметінше, «жергілікті казак-орыстарға азиялық әдет-ғұрыптар сіңіп кеткен, олардың өмір сүру дағдысы қазақтарға ұқсас келеді, ер адамдар қазақтар секілді қамзол, бешпент, шапан киіп жүреді және қымызды көп ішеді... Ал казак-орыстардың әйелдері де қазақ әйелдері сияқты жүреді: көйлектің орнына жейде киеді; қазақша киініп, атқа мініп жүргенде, кез келген казак-орыстан кем емес. Мен бұны Омбының өзінде де көрдім...», - деп жазады (Катанаев, 2012: 331–332).

«Қазақтың жыраулық дәстүрі», «нан пісіру мәдениеті», «кестелеу өнері», «кілем тоқу өнері», «тері илеу өнері», «домбырамен күй тарту өнері» элементтерінің жақсы сақталғаны, бұл элементтердің ұстаз–шәкірт жолымен беріліп отырғаны анықталды. Кәсіби білім беру орындарынан тыс, дәстүрлі ұстаз-шәкірт, атадан-балаға үйрету жүйесі нәтижесінде элемент мұрагері болып отырған санаулы ғана жыршылардың, күйшілердің, қолөнер шеберлерінің, тағам дайындау шеберлерінің «МЕММ мұрагері» деген мағынадағы мәртебеге ие болуы, олардың заңнамалық, материалдық, инфрақұрылымдық тұрғыда мемлекет тарапынан қолдау табуы еліміздің болашақта материалдық емес мәдени мұраларынан айырылмауына маңызды негіз болар еді.

Мақала Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен, Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі жүзеге асырып отырған «Ақтөбе облысы аумағында сақталған қазақ халқының материалдық емес мәдени мұраларын жинау, зерттеу, сақтау және дәріптеу» жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер

1. Ақтөбе облысының әкімдігі, 2025. 2025 жылы Ақтөбе облысында газдандырылған ауылдар саны 31-ге жетті [Электрондық дерекөз]. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe/press/news/details/1129884 (қаралған күні: 26.08.2026).

2. Затаевич А.В., 1963. Қазақ халқының 1000 әні. Ән мен күйлер. Москва: Мемлекеттік музыка баспасы. 589 б.

3. Әшімова С., 2026. Материалдық емес мәдени мұраларды сақтау және музейлендіру (отандық

және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы сараптау): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 8D02207 / Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы. 204 б.

4. Бекмұханбет Бекмұханбет Б.Д., Мылтықбаева М.Ш., Сабырова Ә.С., Пазылова А.Р., Дәрібаева А.А., Қайрулла К.И., 2019. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық зертханасы. Алматы: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы. 240 б.

5. Бекназаров Р.А. Казахи Северного Приаралья в XIX – начале XX вв. (историко-этнографическое исследование): автореф. дис. ... д-ра ист. наук. Алматы, 2010. 56 с.

6. Букинич Д.Д. (ред.), 1930. Труды Тургайской мелиоративной экспедиции за 1920–1923/24 годы. Ташкент: Казнаркомзем. 196 с.

7. Дүзенова Г., 2019. Астың дәмдісі – қазанжаппай // Қармақшы таңы: Қармақшы аудандық қоғамдық-саяси газеті. № 73 (9828) [Электрондық дерекөз]. URL: https://qarmaqshy-tany.kz/zanalyk/ruhaniyt/10358-asty-dmds-azanzhappay.html (қаралған күні: 23.08.2026).

8. Жұбанов А., 1963. Замана бұлбұлдары. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 442 б.

9. Жұбанов А., 2002. Ғасырлар пернесі. Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. Алматы: Дайк-Пресс. 328 б.

10. Қазақстан Республикасында ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық каталог. 2024. Астана. 363 б.

11. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты ұлттық баяндамасы. 2024. Астана. 589 б.

12. Қалиев Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш., Үдербаев А., 2005. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі: 22 000 сөз. Алматы: Арыс. 824 б.

13. Қосыбаев М.М., Жиембай Б.С., Халметов А.Р., 2024. М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі тағам атауларының қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. № 2 (147). Б. 275–292.

14. Мұсаев А., 2006. Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы. Ақтөбе. 353 б.

15. Рухани мұра – ұлт қазынасы. Қазақстанның алты өңірінде жүргізілген экспедиция альбомы. 2025. Астана. 150 б.

16. CRIHAP. International Training Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region under the auspices of UNESCO [Электрондық дерекөз]. URL: https://en.crihap.cn/ (қаралған күні: 26.08.2026).

17. ICHCAP. Intangible Cultural Heritage of Kyrgyzstan. Seoul: International Information and Networking Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region [Электрондық дерекөз]. URL: https://archive.unesco-ichcap.org/eng/ek/sub2017_5/sub.php?tab=Kyrgyzstan (қаралған күні: 26.08.2026).

18. ICHCAP. International Information and Networking Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region. UNESCO and Category 2 Center [Электрондық дерекөз]. URL: https://www.unesco-ichcap.org/menu.es?mid=a10101000000 (қаралған күні: 26.08.2026).

19. Oiyl_madeniet, 2025. «Ауыл FEST» елдің еңсесін көтерді [Instagram әлеуметтік желісіндегі бейнематериал] [Электрондық дерекөз]. URL: https://www.instagram.com/reels/DMj71kyISPd/ (қаралған күні: 25.08.2026).

20. UNESCO. Form ICH-10: Report on the Implementation of the Convention and on the Status of Elements Inscribed on the Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity. Part C: Status of Elements Inscribed on the Representative List (C.1–C.7). Paris: UNESCO [Электрондық дерекөз]. URL: https://ich.unesco.org/en/forms (қаралған күні: 02.09.2026).

21. Yousaf L., Hou D., Liaqat H., Shen Q., 2021. Millet: A review of its nutritional and functional changes during processing // Food Research International. Vol. 142. Article 110197. DOI: 10.1016/j.foodres.2021.110197

References

1. Aktobe oblysynyn akimdigi, 2025. 2025 zhyly Aktobe oblysynda gazdandyrylgan auyldar sany 31-ge zhetti [In 2025, the number of gasified villages in the Aktobe region reached 31]. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe/press/news/details/1129884 (accessed: 26.08.2026). [in Kazakh].

2. Zatayevich A.V., 1963. Kazakh khalkynyn 1000 ani. An men kuiler [1000 songs of the Kazakh people. Songs and kuis]. Moscow: Memlekettik muzyka baspasy, 589 p. [in Kazakh].

3. Ashimova S., 2026. Materialdyk emes madeni muralardy saktau zhane muzeilendiru (otandyk zhane sheteldik tazhiribelerdi salystyrmaly saraptau) [Safeguarding and museumification of intangible cultural heritage (comparative analysis of domestic and foreign practices)]: PhD dissertation: 8D02207 / Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, 204 p. [in Kazakh].

4. Bekmukhanbet B.D., Myltykbayeva M.Sh., Sabyrova A.S., Pazylova A.R., Daribayeva A.A., Kairulla K.I., 2019. Kurmangazy atyndagy Kazakh ulttyk konservatoriyasynyn folklorlyk zertkhanasy [Folklore laboratory of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory]. Almaty: Kurmangazy Kazakh National Conservatory, 240 p. [in Kazakh].

5. Beknazarov R.A. 2010. Kazakhi Severnogo Priaral'ya v XIX – nachale XX vv. [The Kazakhs of the Northern Aral Sea region in the 19th – early 20th centuries] (historiko-etnograficheskoe issledovanie): avtoref. dis. ... d-ra ist. nauk. Almaty. 56 p. [in Russian].

6. Bukinich D.D. (ed.), 1930. Trudy Turgayskoy meliorativnoy ekspeditsii za 1920–1923/24 gody [Proceedings of the Turgai Land Reclamation Expedition for 1920–1923/24]. Tashkent: Kaznarkomzem, 196 p. [in Russian].

7. Duzenova G., 2019. Astyn damdisi – kazanzhappay [The tastiest dish is kazanzhappay] // Karmakshy tany: Karmakshy audandyk kogamdyk-sayasi gazeti. No. 73 (9828). URL: https://qarmaqshy-tany.kz/zanalyk/ruhaniyt/10358-asty-dmds-azanzhappay.html (accessed: 23.08.2026). [in Kazakh].

8. Zhubanov A., 1963. Zamana bulbuldary [Nightingales of the era]. Almaty: Kazaktyn memlekettik korkem adebiet baspasy, 442 p. [in Kazakh].

9. Zhubanov A., 2002. Gasyrlar pernesi. Kazaktyn khalyk sazgerlerinin omiri men shygarmashylygy turaly ocherkter [Strings of the centuries. Essays on the life and works of Kazakh folk composers]. Almaty: Daik-Press, 328 p. [in Kazakh].

10. Kazakhstan Respublikasynda UNESCO-nyn Materialdyk emes madeni murany korgau turaly konventsiyasyn (2003) iske asyru zhonindegi akparattyk-anyktamalyk katalog [Information and reference catalogue on the implementation of UNESCO's Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage (2003) in the Republic of Kazakhstan]. 2024. Astana, 363 p. [in Kazakh].

11. Kazakhstan Respublikasynyn UNESCO-nyn Materialdyk emes madeni murany korgau turaly konventsiyasyn (2003) iske asyruga katysty ulttyk bayandamasy [National report of the Republic of Kazakhstan on the implementation of UNESCO's Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage (2003)]. 2024. Astana, 589 p. [in Kazakh].

12. Kaliyev G., Nakysbekov O., Sarybayev Sh., Uderbayev A., 2005. Kazakh tilinin aimaktyk sozdigi: 22 000 soz [Regional dictionary of the Kazakh language: 22,000 words]. Almaty: Arys, 824 p. [in Kazakh].

13. Kosybayev M.M., Zhiyembai B.S., Khalmetov A.R., 2024. M. Kashkaridyn «Diuani lugat it-turk» enbegindegi tagam ataularynyn kazirgi turki tilderindegi koldanysy [The use of food names from M. Kashgari's "Diwani Lughat al-Turk" in modern Turkic languages] // L.N. Gumilyov atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin khabarshysy. Sayasi gylymdar. Aimaktanu. Shygystanu. Turkitanu seriyasy. No. 2 (147). P. 275–292. [in Kazakh].

14. Musayev A., 2006. Aiteke bi aimagynyn etnomadeni murasy [Ethnocultural heritage of the Aiteke Bi region]. Aktobe, 353 p. [in Kazakh].

15. Rukhani mura – ult kazynasy. Kazakhstannyn alty onirinde zhurgizilgen ekspeditsiya albomy [Spiritual heritage is the treasure of the nation. Album of an expedition conducted in six regions of Kazakhstan]. 2025. Astana, 150 p. [in Kazakh].

16. CRIHAP. International Training Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region under the auspices of UNESCO. URL: https://en.crihap.cn/ (accessed: 26.08.2026). [in English].

17. ICHCAP. Intangible Cultural Heritage of Kyrgyzstan. Seoul: International Information and Networking Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region. URL: https://archive.unesco-ichcap.org/eng/ek/sub2017_5/sub.php?tab=Kyrgyzstan (accessed: 26.08.2026). [in English].

18. ICHCAP. International Information and Networking Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region. UNESCO and Category 2 Center. URL: https://www.unesco-ichcap.org/menu.es?mid=a10101000000 (accessed: 26.08.2026). [in English].

19. Oiyl_madeniet, 2025. «Auyl FEST» eldin ensesin koterdi [“Auyl FEST” raised the spirit of the people]. URL: https://www.instagram.com/reels/DMj71kyISPd/ (accessed: 25.08.2026). [in Kazakh].

20. UNESCO. Form ICH-10: Report on the Implementation of the Convention and on the Status of Elements Inscribed on the Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity. Part C: Status of Elements Inscribed on the Representative List (C.1–C.7). Paris: UNESCO. URL: https://ich.unesco.org/en/forms (accessed: 02.09.2026). [in English].

21. Yousaf L., Hou D., Liaqat H., Shen Q., 2021. Millet: A review of its nutritional and functional changes during processing // Food Research International. Vol. 142. Article 110197. DOI: 10.1016/j.foodres.2021.110197. [in English].

Маулет А.[1], *Нурдаулет П.[2], Камунов С.[1]
[1]Национальный музей Республики Казахстан
Астана, Казахстан
[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан
e-mail: mr.ardabi@mail.ru

ИНВЕНТАРИЗАЦИЯ НЕМАТЕРИАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ: НЕКОТОРЫЕ ТРАДИЦИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУХНИ

Аннотация. В статье на основе материалов комплексной этнографической экспедиции рассматриваются вопросы сохранения преемственности поколений посредством систематического сбора нематериального культурного наследия казахов Актюбинской области.

Цель исследования – выявление современного значения и преемственности поколений нематериального культурного наследия казахов Актюбинской области путем его комплексной инвентаризации, научного анализа и систематизации. Кроме того, в работе освещается роль отдельных носителей и локальных сообществ в сохранении и передаче этого наследия, фиксируется опыт информантов, а также вводятся в научный оборот региональные особенности нематериального культурного наследия актюбинских казахов.

В ходе полевых исследований в населенных пунктах Актюбинской области были выявлены образцы нематериального культурного наследия, соответствующие 79 элементам Национального перечня нематериального культурного наследия Республики Казахстан и 14 элементам Репрезентативного списка ЮНЕСКО, а также задокументированы оригинальные материалы на национальном и региональном уровнях. В процессе сбора этнографических данных применялись методы включенного наблюдения, интервьюирования, выявления и фиксации устных и вещественных источников, а также методы систематизации данных.

В результате исследования впервые был составлен комплексный региональный реестр элементов нематериального культурного наследия и их информантов (носителей) в Актюбинской области, а также выявлен ряд новых элементов, рекомендуемых для включения в Национальный перечень нематериального культурного наследия РК. Вместе с тем были определены специфические особенности приготовления некоторых традиционных блюд, характерных для данного региона.

Ключевые слова: казахи Актюбинской области, этнографическая экспедиция, нематериальное культурное наследие, инвентаризация, просо (тары), культура хлебопечения, носитель наследия, традиционная гастрономическая культура.

Для цитирования: Маулет А., Нурдаулет П., Камунов С. Инвентаризация нематериального

культурного наследия казахов Актюбинской области: некоторые традиции национальной кухни // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). С. 220-237 (каз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.15

Maulet A.[1], *Nurdaulet P.[2], Kamunov S.[1]
[1]National Museum of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan
[2]L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
e-mail: mr.ardabi@mail.ru

INVENTORY OF THE INTANGIBLE CULTURAL HERITAGE OF THE KAZAKHS OF THE AKTOBE REGION: SELECTED TRADITIONS OFNATIONAL CUISINE

Abstract. Based on materials from a comprehensive ethnographic expedition, this article examines the preservation of generational continuity through the systematic collection of the intangible cultural heritage of the Aktobe region Kazakhs.

The study aims to identify the contemporary significance and generational continuity of the intangible cultural heritage of the Kazakhs of the Aktobe region through its comprehensive inventory, scientific analysis, and systematization. It highlights the crucial role of individual bearers and local communities in preserving and transmitting this heritage, documents the experience of bearers, and introduces regional features into scientific circulation. During field research across settlements of the Aktobe region, samples of intangible cultural heritage were identified corresponding to 79 elements of the National Register of Intangible Cultural Heritage of the Republic of Kazakhstan and 14 elements of the UNESCO Representative List, with original materials documented at national and regional levels. The research employed methods of participant observation, interviewing, identification and recording of oral and material sources, and data processing.

A comprehensive regional register of intangible cultural heritage elements and their bearers was compiled for the first time, identifying several new elements recommended for inclusion in the National Register. Additionally, specific preparation techniques for region-specific traditional dishes were determined.

Keywords: Kazakhs of the Aktobe region, ethnographic expedition, intangible cultural heritage, inventory, millet (tary), breadmaking culture, heritage bearer, traditional food practices.

For citation: Maulet A., Nurdaulet P., Kamunov S. Inventory of the intangible cultural heritage of the Kazakhs of the Aktobe region: selected traditions of national cuisine // Madeni mura. 2026. №3 (114). pp. 220-237 (in Kaz.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.15

Авторлар туралы мәлімет:
Маулет Ардаби, PhD, Қазақтың дәстүрлі мәдениеті бөлімінің жетекшісі, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-7625-0407
Scopus Author ID: 57192094008
Нұрдаулет Пәкизат, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0009-0005-2950-7926
Камунов Сержан Русланович, Қазақтың дәстүрлі мәдениеті бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0009-0005-4075-2850

Сведения об авторах:
Маулет Ардаби, PhD, руководитель отдела традиционной культуры казахов, Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-7625-0407
Scopus Author ID: 57192094008
Нурдаулет Пакизат, докторант Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
ORCID: 0009-0005-2950-7926
Камунов Сержан Русланович, младший научный сотрудник отдела традиционной культуры казахов, Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан.
ORCID: 0009-0005-4075-2850

Information about the authors:
Maulet Ardabi, PhD, Head of the Department of Traditional Kazakh Culture, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-7625-0407
Scopus Author ID: 57192094008
Nurdaulet Pakizat, Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0009-0005-2950-7926
Kamunov Serzhan Ruslanovich, Junior Researcher, Department of Traditional Kazakh Culture, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0009-0005-4075-2850

ҒТАМР 17.71.07 https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.16

Жалелов Д.С.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан Республикасы
e-mail: daulet.zhalel1994@gmail.com

ҚАЗАҚ ЖЫРАУЛЫҚ ЖӘНЕ ТҮРІК АШЫҚТЫҚ ДӘСТҮРІ: ЭТНОМӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада қазақ жыраулық және түріктің ашықтық дәстүрлерінің тарихи тұрғыдан қалыптасуы, қоғамда атқарған қызметтері мен этномәдени байланыстары этнологиялық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – қос дәстүрдің ұзан/озандық типпен үндестігін айқындап, олардың этноәлеуметтік негізде сараланған қоғамдық қызметі мен өмір сүрген ортадағы дәрежесін салыстыру арқылы жырау мен ашықтардың этномәдени сипатын анықтау. Зерттеу барысында салыстырмалы-типологиялық, тарихи-этнологиялық және мәтіндік талдау әдістері негізге алынды. Әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану нәтижесінде жырау мен ашық дәстүрлерінің бір түбірден тарағанымен, тарихи жағдайларға байланысты әлеуметтік ортада өзіндік ерекшеліктерімен түрленіп, институттық сипат алғандығы айқындалады. Қазақ жыраулық дәстүрінің басты қызметтері хан мен халық арасындағы байланысты қамтамасыз ету, қайраткерлік, эпикалық жадты сақтау, кеңесшілік ету және саяси ықпалы бар титулдық дәрежедегі тұлға ретінде танылуымен сипатталады. Түрік ашық типінде саз аспабымен орындаушылық өнер, ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс, сопылық сарынмен үндестік алдыңғы қатарға шығады. Мақалада қоғамдық сөздің, ойдың мәртебеге ие болып, институционалдану бедеріне де назар аударылып, жыраулардың хандық кезеңде саяси-идеологиялық, медиаторлық, тарихи-жадтық қызметтері жырау титулының әлеуметтік дәрежесіне ұйысқаны, ал Османлы кезеңінде осындай қызметтердің сарай, сопылық сарындарда, керуен сарайларында, орындаушылық кеңістікте жетіле бастағаны ғылыми тұрғыдан зерттеушілер пікірі негізге алынып талданады. Ғылыми жұмыстың нәтижелері қазақ және түрік халықтарындағы қос дәстүрдің этноәлеуметтік сипатын, мәдени трансмиссия тетіктерін және ортақ рухани мұра трансформациясының көріністерін этнологиялық тұрғыдан кешенді зерделеуге бағытталады.

Кілт сөздер: жырау, ашық, дәстүр, этномәдени сабақтастық, этноәлеуметтік сипат, институт, озан.

Дәйексөз үшін: Жалелов Д.С. Қазақ жыраулық және түрік ашықтық дәстүрі: этномәдени сабақтастықтың этнологиялық қырлары // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). бб. 238-249 (қаз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.16

Кіріспе

Халқымыздың жыраулық мұрасы мен Анадолыдағы түріктің ашықтық дәстүрі түбі бір туысқан ұлттың ертеден қалыптасқан тарихи жадын, ізгі қоғам құруға бағытталған адами құндылықтары мен материалдық емес мәдени бірліктерін ұрпақтар сабақтастығы арқылы бір негізде жеткізетін этномәдени институттар. Тамыры тереңде түйісетін жыраулық және ашықтық дәстүрлердің этногенездік негізі, ұлттық деңгей мен әлеуметтік ортадағы әлеуеті, фольклор мен авторлық ауыз әдебиетін сақтау жолдары кешегі кемелденген өркениеттің ішкі байланыстары мен тарихи даму сатыларын айғақтайды.

Жыраулық және ашықтық дәстүрлеріндегі этномәдени сабақтастық – қазақ пен түрік халықтарының көне дәуірлерден бастау алған ортақ құндылықтарының, қоғамдық

қызметі мен орындаушылық дәстүрінің әр халықтың тарихи-мәдени ортасына бейімделе отырып бүгінге дейін жалғасу үдеріс. Біз айтып отырған сабақтастық жалаң қайталау емес, дәстүрдің қазіргі трансформациялық сипатын зерделейді. Ал этнологиялық қыры сол халықтың этникалық кеңістігінде өмір сүруі. Біз бұл орайда этномәдени байланыстың этнологиялық қырларын анықтауда тарихи, институционалдық, генетикалық, рухани, мәдени, әлеуметтік сабақтастықтарын назарда ұстағанымыз жөн.

Этнологиялық тұрғыдан қалыптасқан тұжырымдарда түп негізі бір бастаудан тарайтын халықтардың мәдениетін салыстыра зерттеу қай кезеңде болмасын өзекті. Жырау мен ашықтардың мұраларын этнографиялық әдіспен, оның ішінде мәтіндік талдау бойынша, қарастыру дәстүрлердің негізгі ерекшеліктерін айқындайды. Тарихи этнология негізінде зерделеу жыраулар мен ашықтардың әлеуметтік ортадағы функционалдық әлеуетін және ұлттық сана жасақтаудағы рөлін көрсетеді.

Этномәдени байланысты қамтитын зерттеулерде кез келген халықтың өзіне сай дәстүрі мен өнерінің қоғамдағы атқарар қызметі, рухани танымның жаңғыру көзі, ортақ түйсіктің жандануы және этникалық бірегейліктің сарыны ғылыми ортада сан түрлі теориялық негіздер арқылы қарастырылды. XIX ғасырдың екінші жартысында Э. Тайлор, *Л.* Морган, *Д.* Фрэзер сынды зерттеушілер мәдениеттің пайда болуы және дәстүрлердің қоғамдағы орны жайлы алғашқы ғылыми тұжырымдарды ұсынды (Тайлор, 1989; Морган, 1934; Фрэзер, 1980). Тарихи және функционалдық кезеңде Ф. Боас, Б. Малиновский, М. Мосс сынды этнологтар мен антропологтар халықтың дәстүрі тұтас өзі өмір сүрген қоғамның әлеуметтік әлеуетіне әсер ете алатынын дәлелдеді (Боас, 1997; Малиновский, 2005; Мосс, 1996). Н.А. Долгих этномәдениетті кез келген ұлттың рухани танымын терең түсіну құралы, сонымен бірге өнер мен дәстүрге ерекше күш беретін дереккөз деп түсіндіреді (*Долгих,* 2018). Бұл ақпарат ұлттық сипатқа ие дәстүрлердің этномәдени сабақтастығын анықтауымызға бағыт бола алады. Түркі халықтарының тарихы мен этногенезін зерттеген *Л.* Гумилев, В. Радлов, В. Томсен бастаған ғалымдар этностың бастаулары, тарихи тұрғыдан даму кезеңдері және туыстас халық арасындағы мәдени сабақтастық турасында құнды пікірлер ұсынды (Гумилев, 1990; Радлов, 1870; Thomsen, 1896). Қазақ халқының тарихшы, әдебиетші, этнографтары Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, М. Мағауин, Е. Тұрсынов, Х. Арғынбаев, А. Сейдімбек, Қ. Жарықбаев, Ө. Озғанбаев еңбектері дәстүрлердің этномәдени қырын, жырау мен ашық типінің бастау көздерін анықтауда басшылыққа алынды (Уәлиханов, 1984; Марғұлан, 1985; Мағауин, 1968; Тұрсынов, 1976; Арғынбаев, 1969; Сейдімбек, 1997; Жарықбаев, Озғанбаев, 2014).

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының деректік қоры қазақтың жыраулық және түріктің ашықтық дәстүрінің таңдаулы мәтіндері – Қорқыт, Асан Қайғы сынды жыраулардың бізге жеткен аңыздық және жазба мұрағаттары, ұлттық негіз қалыптастырудағы дәстүрлердің этномәдени қыры, тарихи-этнографиялық, фольклортанулық ізденістер зерттеудің негізін құрады. Жыраулық дәстүрдің этномәдени сабақтастығын анықтауда «Бес ғасыр жырлайды» атты жыраулар толғаулары топтастырылған жинақтан үзінділер мысалға алынды (Бес ғасыр жырлайды, 1989).

Түрік зерттеушілерінің еңбектері ашық дәстүрінің бастапқы арналары мен қоғамдағы функциясын танытатын ғылыми тұжырымдар жинақталған жарияланымдар негізінде сұрыпталды. Е. Артунның «Âşıklık Geleneği ve Âşık Edebiyatı» деп аталатын зерттеу жұмысы ашық дәстүрінің этностың руханиятына этномәдени тұрғыдан әсерін анықтауда ықпал ете алды (Artun, 2005).

Мақала тақырыбының өзегіне жету тарихи, этномәдени репрезентативтілік қағидамен жүйеленді. Басты хронологиялық тірек жырау мен ашықтардың классикалық бастау арналары саналатын көне түркі дәуірі, XV ғасырда хандықпен бірге қалыптасқан қазақ жыраулық институты және Анадолыдағы озандық кезеңнің жалғасы саналатын ашықтық дәстүрі басталған тұсты қамтиды. Аталмыш аумақтық жіктеу қос дәстүрдің ерекшелігін механикалық тұрғыдан саралаудан гөрі, үндес туысқан халықтардың қоғамдық ортада қандай әлеуетке ие болғандығын салыстыру негізінде қолданылды.

Мақаланың теориялық-әдіснамалық бөлігін қазақ халқының әлеуметтік, тұрмыстық ахуалының құрылымын зерделеп, тарихи-этнографиялық жақтан талдаған Х. Арғынбаевтың, ұлтымыздың руханиятын

тұтас этномәдени жағынан зерттеп, түрлі тұжырымдар ұсынған А. Сейдімбектің, жырау, бақсы типтерінің генезисін және типологиясын зерттеген Ә. Марғұлан, М. Мағауин, Е. Тұрсынов зерттеулері құрады. Ұлттық дүниетаным мен тарихи тұрғыда толыққан психологиялық қағидаларды этнопсихологиялық салада түсіндірген Қ. Жарықбаев пен Ө. Озғанбаевтың еңбегі, жырау мен ашықтың шығармашылығы, ұстанымдарының ұлттық мінез қалыптастырудағы әсерін айтуда тірекке айналды.

Мақалада бірнеше әдіс жүзеге асты. Тарихи-салыстырмалы әдіс – жырау мен ашықтың бастау арналарын салыстыру үшін қолданылды. Осы әдіс негізінде ұзан/озандық дәстүрдің билікке және қоғамға әсері анықталды. Ұзан/озан типінен қалыптасқан жырау мен ашық дәстүрі эволюциялық тұрғыдан емес, үндес мәдени ортақтастық әрі этникалық ортада жандану негізінде түсіндірілді. Келесі салыстырмалы-типологиялық әдіс ашық пен жыраудың әлеуметтік ортадағы, биліктегі қызметін салыстыруда негізге алынды. Жыраулардың хан мен халыққа, әскерге өз ойын айтып, орындата алуы, тарихи оқиғаларды жеткізуі және оқиғаларды саралап, орындаушылық сипатта таратуы сынды түрлі синкретті қырлары салыстыру арқылы талданды. Тарихи-этнографиялық және мәтіндік талдау – толғау мен дастандардағы ақпараттарды әлеуметтік ортаның өмір сүру салтымен байланыстыра бір ізде түсіндіру мақсаты үшін тірек болды. Зерттеуде сапалық тұрғыдан тарихи-этнологиялық, салыстырмалы талдауға басымдық берілді.

Ғылыми зерттеу жұмысы ішінара байланысқан кезеңдер арқылы жүргізілді. Ең алдымен жырау мен ашық типінің арғы бастауларымен жалғасқан генезисіне қатысты ақпараттар жинақталды. Ұзан/озан, бақсы, қам сынды ұғымдармен байланысы тарихи деректермен дәлелденді. Екі дәстүрдің генезисі, этносқа ықпалы, институттық қалыптасу жолы, этноәлеуметтік функциясы, ауызша түрде кемелденген мәдени үндестігі, сакралды және этникалық кеңістік, атажұрт, атақоныс, мәңгілік өмір туралы түсініктермен бір негізде зерделенді. Жырау мен ашық ұлттың этникалық жадын қалыптастыруға, дәстүрлі танымды жетілдіруге, кеңістік пен этносқа қатысты құндылықтарды нығайтуға, этномәдени тәжірибені әр кезеңде өмір сүрген ұрпаққа тасымалдауға айрықша қызмет жасады.

Жырау мен ашықтың этномәдени сабақтастығын айқындауда деректанулық-сын әдісіне басымдық берілді. Өйткені қос өнердің қалыптасуы, атқарған қызметіне қатысты мәліметтер ауызша және жазбаша түрде жетті және пікір беруші зерттеушілердің реконструкциясы да әсер етті. Мұраларындағы ақпараттар, қалыптасу кезеңі, орындаушылық өнері жалпы алғанда синкретті сипаты ескеріліп, әлеуметтік контексі де назардан тыс қалмай салыстырыла зерттелді.

Сонымен қатар екі дәстүрдің хронологиялық сипаты мен аймақтық ерекшеліктері де назарға ілікті. Жырау мен ашықтың қалыптасу арналары үндес болғанымен, тұрғылықты мекеніне қарай функциясы өзгеріске ұшырады. Жыраулар хандықтың негізгі тірегіне айналып, билік өкіліне айналды. «Жырау» ұғымы титулдық дәрежеге ие болды. Ал түрік ашығы Анадолы мен Османлы кезеңіндегі қалалық мәдениетке төселген ортаны, діни-сопылық сарындар мен ғашықтық оқиғаларды санасына сіңірді. Жырау мен ашық көне дәуірден келе жатқан түркілік мәдени түбірді этноәлеуметтік жағдайда түрлі сипатта жандандыра алды.

Жырау мен ашық типіне қатысты жазылған зерттеу жұмысы тарихи-этнографиялық және мәтіндік ақпараттарды өзара байланыста жүйелі саралай отырып, дәстүрлердің классикалық қалыптасу құрылымын ұзан типінен тарқатып, одан кейін этноәлеуметтік сипатына қарай, институционалдық жандануына негіздей отырып, кешенді түрде зерделеуге бағытталған. Қос дәстүрдің поэтикалық қырын емес, әртүрлі әлеуметтік ортадағы бедерін, мәдени тұрғыда қалыптасқан институттар негізіндегі орнын, үндес түркілік түрлену трансформациясын, этникалық жад пен мәдени үндестікті танытуды, салыстыра отырып зерттеуді мақсат етеді.

Талдау

Жырау мен ашықтардың классикалық бастау арналары түркілік танымдағы ортақ синкретті тұтастық – ұзан/озан типтерінен бастау алады. Әуелде ұзан/озан ұғымдары екі дербес институттан гөрі этномәдени тұрғыда бір-бірімен жанасқан, тарихи танымен орныққан. Аталмыш типтің эпикалық, сәуегейлік, саяси, жауынгерлік, медиаторлық, кеңесшілік сынды синкретті сипаттары ашық дәстүріне қарағанда жырауларда сақталған. Сакралды сенімі мен

ғұрыптық жолы екі дәстүрде де көрініс береді. Анадолыда озан типі түрленіп, исламдық, сопылық дүниетанымммен астасып, ашық типінің қалыптасуына негіз болған. Жырау мен ашықтың этномәдени жақындығы жыршылық, орындаушылық байланыстан гөрі, ұзан/озаннан басталатын рухани жадты нығыздау, халық атынан үн қату және мәдени құндылықтарды келешекке жеткізу сынды қызметпен тарих сахнасында қалды.

Этнолог Ф. Боас кез келген мәдени өзгерісті тарихи даму динамикасының нәтижесі негізінде бағалау керектігін баса айтады (Boas, 1927: 4). Боастың этнологиялық тұжырымына сүйенсек, ұзан/озан тұлғасының түркі халықтарында трансформациялануы рухани түбірдің ұсақталуы емес, халықтың қоғамдық құрылымы мен өмір сүру салтына бейімделуі деп түсіну керек. Демек, ерте түркі кезеңінде қалыптасқан ұзан типі дербес екі этномәдени кеңістікте түрленіп, жаңаша сипат алды. А. Сейдімбектің «Еуразияның алып даласында көне түркі тайпалары белгілі бір этномәдени тұтастықты ғана қамтамасыз етіп қоймай, өзіндік өрнегімен екі дүниенің тұтасқан жүйесі туралы ілім-білім, наным-сенім қалыптастырғандары талас тудырмайтын ақиқат» деген пікірі – жыраулық өнердің синкретті табиғатын, эстетикалық-функционалдық қызметін тарихи-мәдени тереңдікпен ұштастыра түсіндіруге мүмкіндік береді (Сейдімбек, 1997). Ұзан типінің ерте кезеңдерде пайда болғандығын дәлелдейтін ақпараттар жетерлік. М. Мағауин XV ғасырда қағаз бетіне түскен ертедегі оғыз-түріктің көне эпосы саналатын «Кітаби Қорқыт» еңбегінде ақындарды «ұзан» деп атағанын айтады (Мағауин, 1968: 130). М. Мағауин осы көне кітаптан «ұзан» типіне қатысты толғау сарынындағы мәтінді ұсынады:

«Қобыз алып қолына,
Ел біткенді аралап,
Бек біткенді адалап,
Ер біткенді мадақтап,
Ез біткенді табалап,
Ұлан-асыр той болса...
Ұзан сөйлер саралап» (Мағауин, 1968: 130).

Түркі халықтары Қорқытты ортақ ұзаны санайды. Ғалым Ә. Марғұлан Қорқыт бабамыздың өз дәуірінде кемеңгер қарияға айналып, оғыз-қыпшақ тайпаларының сөз ұстайтын ұзанына айналғанын айтады (Марғұлан, 1985). Ә. Қоңыратбаев та оғыздар мен қыпшақтар эпос айтушыларды «ұзан» деп атағанын алға тартады (Қоңыратбаев, 2006). Антрополог Б. Малиновский дәстүрді, мәдениетті жеке дара белгілердің тек механикалық бірігуі емес, ішкі бөліктері бір-біріне тәуелді, тұтас қоғамның өмір сүру қағидаларының шеңберінде институтқа айналған жүйе негізінде түсіндіреді (Малиновский, 2005). Антропологтың теориялық пікірін негізге ала отырып, ұзан/озан типінің жыр қалыптастырушы, орындаушы ғана емес, билеуші мен халықтың арасын байланыстыратын, қоғамның мәселесін шешіп, тарихи жадын нықтайтын, рухани құндылықтарды өз тұлғасынан өткізетін этномәдени институт деп айтуымызға негіз бар.

Көне түркілік кезеңдегі шаман, бақсы, қам, абыз сынды тұлғалардың қызметінде ғұрыптық әрекеттермен қатар болжампаздық, орындаушылық және поэтикалық сипаттар да тоғысқан. Қазақ танымына шаманға қарағанда бақсы типі жақынырақ. Жырау мен ашық дәстүрінің тарихи бастаулары бақсы типімен де жанасады. Жыраулардағы алдын ала болжау қасиетінің арғы түбінде бақсыларда кеңінен тараған сәуегейлік жатыр. Мәселен, Ш. Уәлихановтың мәліметінше, бақсы моңғолдар мен ұйғырлар арасында тәлімгерлік пен ұстаздық рөлде, ал түрікмендерде ақын және әнші ретінде сипатталған (Уәлиханов, 1984).

Ұзандармен қатар қам типі де жыраулық өнердің архаикалық бастау кезеңдеріне жатады. Қамдар сөз бен әуенді қимылмен ұштастырып, қауым мен қоғамға ықпал ете алған. Біз мұны көне түркілік дәстүрлердің жыраулық дәстүрге әсері мен функционалдық-этномәдени байланыстың бір көрінісі ретінде бағалай аламыз.

Жыраулық өнерді зерттеуге тұтас ғұмырын арнаған М. Мағауин жыраулық феноменнің өзегі ақындық қасиет екенін дәлелдеп, «жырау» сөзінің бастауы «жыр» сөзінен басталғанын көрсетеді. Жыраулық дәстүрдің көпқырлы қасиеттерін жіктеп, елдік мүдде жолындағы қызметтерін айрықша атап көрсетеді (Мағауин, 1968). Ал «жырау» тұлғасының классикалық қалыптасу арналары, аталмыш өнер типінің алғашқы бастаулары Е. Тұрсынов зерттеулерінде кеңінен өріс алған (Тұрсынов, 1976). Қос зерттеуші де жыраулық дәстүрдің синкретті сипатын санамалап береді. Соның ішінде жыраудың қайраткерлік қасиетіне ерекше тоқталады. Жыраудың басты синкретті қасиетінің бірі орындаушылығы емес, хан мен халық арасын

жалғап, хандыққа әсер ете алу функциясы. Жырау осы қасиетінің арқасында Қазақ хандығының этносаяси жүйесіне бейімделді. Жыраулармен қатар хандықта билер институты да ел өркендеуі жолында қызмет атқарды. Билердің этноәлеуметтік міндеттері ішінара түрленген. Негізгі міндеттері хандықтағы заңның, тәртіптің орындалуын қадағалап, әдет-ғұрып және құқық қағидаларына сәйкес қызмет етіп, дау шешіп, тыныштықты сақтау жолында өз жұмыстарын атқарды. Жыраулар хан мен халық арасында алтын көпір болып, ішкі және сыртқы саясатта бітімгерлік, кеңесшілік қызметін алды. Кейбір тұстарда жыраудың қоғамдық-саяси ықпалы билердің қызметімен қатар, кейде одан да жоғары бағаланған. Жыраулар мен билердің қызметтік арақатынасы хандықтағы сөз билігінің әлеуметтік салмағын танытады. Халық жадында Майқы би айтыпты-мыс, не болмаса Майқы биге телінетін афоризм, мақал-мәтелге айналып кеткен сөздер жетерлік. Мысалы, «Парақор биге ісің түспесін, Сараң үйге кісің түспесін», «Хан қасында ақылды би болса – қара жерден кеме жүргізеді», «Би екеу болса, дау төртеу болады» деген нақыл сөздер әділдік биігіндегі ғана қағидаттарды айқындайтын даналық тұжырымдар сапында қарастырылады. Бұл тұжырым іспетті афоризмдер қазақ билігінің төрелігіндегі, жергілікті және жалпы әкімшілік басқарудағы көзқарасын сипаттайды. Заманында тоғыз ханның таққа отырғанын көрген Сыпыра жырау «жыраудың» негізгі қызметін, қоғамдағы орнын толғаумен сипаттайды.

Мен жыраумын, жыраумын,
Шөп басында қыраумын.
Хан қасында төремін,
Ханға кеңес беремін.
Би қасында биікпін,
Ел ішінде иықпын.
Сөз бар жерде жүйрікпін,
Шөлде жүрген киікпін.
Көл бар жерде сүйрікпін,
Құс бар жерде қанатпын,
Күш бар жерде қуатпын,
Өсек сөзден жырақпын (Бес ғасыр жырлайды, 1989).

Толғаудағы екі тармаққа назар аударайық. «Хан қасында төремін», «Би қасында биікпін» деген түйдекті жолдар жыраулардың билік өкілі ретіндегі орнын анықтайды. Ханның жанындағы төре атану әлеуметтік топ атауын меңзеп тұрған жоқ. Бұл жердегі «төре» сөзінің контекстегі қолданысы заң, ереже мағынасында болуы керек. Жырау өзін шешетін билерден жоғары, заң жүйесін жасайтын, қалыптастыратын маңызды тұлға ретінде көрсетеді. Көне түркі әдебиетінде: «Түрік бүтін халық үшін Төресін жүргіздім, Елді тұтып Төре етті» деген қанатты сөзге айналған ұғым бар. Сондықтан да «төре» сөзінің әуелбастан мемлекеттіктің, қоғамдық тәртіп орнатудың тұтқа сөзі болғанына иланамыз. Түркілерде «Төре» заңдар жинағы деген ұғыммен сабақтасады. «Түрə» сөзі «заң» деген сөзбен үндес екендігі татар тілінің этимологиялық сөздіктерінде де жазылады (Әхмәтьянов, 2001). Жырау мен би типтерінің бірлікте қызмет атқаруы хандық кезеңдегі этноәлеуметтік тұтастыққа тән жіктелісті көрсетсе, оғыздық тармақта аталмыш міндеттер өзгеше сипатқа ие болды. XVI-XVIII ғасырларда Осман мемлекетінде ашық дәстүрімен үзеңгілес меддах, хаяли сынды дәстүрлі өнер иелері өмір сүрді. Ашық саз аспабын меңгеріп, сопылық діни сарында қоғамға әсер етсе, меддахтар керуен-сарайлар мен базарларда аңыз, эпостарды нақышына келтіріп баяндады (Artun, 2005). Ал хаялилер дәстүрлі Қарагөз көлеңкелі театрлар арқылы этникалық және түрлі әлеуметтік топтардың мінезі мен болмысын сатиралық жанрда көпшілікке ұсынды (And, 2001).

Л.Н. Гумилев этностардың біртұтастығын тіл, діл және антропологиялық, әдет-ғұрыптық ұқсастығымен ғана шектеу жеткіліксіз дейді. Туыстас халықтардың дүниетанымының басқалардан айырмашылығын анықтайтын «біз» танымымен бағамдау керектігін айтады (Гумилев, 1990: 95). Ғалымның этнологиялық тұрғыда айтылған ұстанымын негізге ала отырып, Қазақ хандығы кезеңіндегі жыраулар мен билер ұлттың этникалық тұтастығын өз қызметтеріне сәйкес нықтап бекітті. Этномәдени ұстанымдарды сөз қуаты арқылы орнықтырып, халықты елі мен жерін қадір тұтуға, ақиқат жолында өмір сүруге шақырды. Сондықтан да жыраулардың ханға кеңес беруі – этностың түйінді шешімін, ортақ көзқарасын хан кеңесінде танытатын, шешіміне кеңестің өзі құрметпен қарайтын дәстүрлі этносаяси ықпалы бар қызмет болды.

К. Гирцтің мәдениетті әуелден бастап тарихи кезеңдермен көрініс беретін символдық мәндегі мағыналар топтамасы негізінде түсіндіруі ашықтардың әлеуметтік және қоғамдық қызметін саралауға бағыт болады (Geertz, 1973: 89). Дегенмен, бұл пікір ашық дәстүрінің функциясын

жыраулармен саяси әлеуеті тұрғысынан бірдей болды деп айтуға негіз болмайды. Османлы кезеңінде ашық өкілдерінің билеушісіне түрлі мәселелерде кеңес беріп, өз уәжін айтып отыратын тұстары көп кездесе бермейді. II Мұрат тұсында сарайдағы жиынның бірінде елге есімдері белгілі ақындар мен ашықтардың шақырылып өнер көрсетуі туралы пікірлер бар (Artun, 2005). Ашықтардың әскери ортадағы бейнесі ошақ ашықтары (ocak âşıkları) арасында кеңінен танылды (Artun, 2005). Ошақ ашықтары қазақ танымындағы жорық жыршылары мағынасымен үйлеседі. Олар Османлы әскерінің қатарына қосылып, жорықтардағы оқиғаларды жырлаған. Қаһармандарының даңқын асыруда да ашықтардың рөлі бар. Сол кезеңде өмір сүрген Қайықшы Құл Мұстафа да ашық дәстүрінің көрнекті өкілі. Ашықтың әскери ортадағы қарым-қатынасы жақсы болған. Заманында Мұрат Рейстің жанында жүргені, Стамбулға келген соң жаңа әскер (yeniçeri) құрамында болып, жорықтар мен батырлардың ерлігін өлеңге қосқаны туралы ақпараттар кездеседі (Artun, 2005). Әйгілі «Жас Осман» дастаны да тарихи оқиғалардың куәгері ретіндегі туындысы. Сонымен қатар Аббастың әскер ертіп Бағдатқа аттануы мен жеңісін, Абаза Хасан паша көтерілісі тәрізді туындыларында жырлап, этностың жай-күйін де назардан тыс қалдырмаған. Қайықшы Құл Мұстафаның билеушіге кеңес беру қызметінен гөрі, өзі көрген тарихи оқиғаларды ауызша баяндап жеткізуі және мұраны тарихи жад ретінде қалыптастыруы арқылы тарихта қалғаны айқын көрінеді (Albayrak, 2022: 78). Сол кезеңде өмір сүрген ашықтардың көбінде осы қызмет сақталған.

Этнологиялық ұстанымдарда этникалық кеңістік – ұрпақ атажұртының қонысы, көшпелі өмір салты, шаруашылығы және жалпы тарихи жадын ұйыстыратын рухани аумақ болып есептеледі. Осы түсінік қазақ жырауларында атақоныс, Жерұйық сынды атауларда көрінеді. Жыраулардың атасы саналатын Қорқыттың мәңгілік өмір сүретін жерді іздеуі мен Асан Қайғының Жерұйықты іздеуінде ел бақытын ойлаған жыраулардың ғибратты ізденісі жатыр. Бұл жай іздеу емес, түбінде халық тыныш, ынтымақта өмір сүруі керек деген идея жатыр. Ал туыстас түрік ашықтарында туған жер мен жырақта жүру тәжірибесі sıla және gurbet ұғымдары арқылы беріледі. Түрік ашығы Қаражаоғлан поэзиясында бұл ұғымдар сағыныш, айырылысу және аңсау сарындарымен сабақтас көрінеді (Altun, 2007: 217–228).

Түркі халқының ортақ тұлғасына айналған Қорқыттың шартарапты кезіп, мәңгілік өмір сүретін мекен іздеуі туысқан түркі жұртының ұрпақтар сабақтастығы арқылы мәңгілікке жетелейтін архаикалық танымын кеңістік арқылы бедерлейтін мифтік-этномәдени модель ретінде танытады. Қорқыттың қайда жолға шықса да қарсы беттен көр қазғандар жолығады. Бұл түсінік өміршеңдікке өнер, ізгі жол арқылы ғана жетуге болатындығын меңзейді. Қорқыттың негізгі миссиясы туған елін бақытты ету. Сол жолдағы сапар ажалдың ақиқат екендігі, адам өзінің ізгілігі арқылы еркіндікке, бақытқа жете алатындығын пайымдайды. Ә. Марғұлан: «Оғыз жұртының басына екіталай іс түссе пәтуаны Қорқыт Ата айтатын. Маңызды мәселелердің барлығы да соның алдынан өтуге тиіс еді. Қорқыт Ата берген кеңес жерде қалмады. Оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болды» (Марғұлан, 1985). Қ. Жарықбаев пен Ө. Озғанбаев еңбектерінде Қорқыттың танымын түркі бастауындағы халықтық психологияның арғы қабаттарымен байланыстырады (Жарықбаев, Озғанбаев, 2014). Бұдан шығатын қорытынды Қорқыт мәңгілікті физикалық тіршіліктен гөрі рухани мұрадан іздестіреді және мәңгілікке ізгілік жолымен ғана бара алатындығын жеткізеді. Түркі танымында импровизаторлық қасиет, жыр, толғаудың түпкі мәні де мәңгілік сарынмен байланысып жатыр (Alimbayev т.б., 2020). Қорқыт туралы бізге жеткен аңыздарда архаикалық түсінік пен рухани-этникалық пайым жанданды.

Асан жыраудың хандық пен халық бақытты ғұмыр кешетін – Жерұйықты іздеу сапарының түпкі мәнінде экзистенциялық сипат жатыр. Аталмыш экзистенциялық мән Асан жырауға халықтың «қайғы» сөзін беруіне түрткі болды. Ж. Аймұхамбет: «Жерұйық – түркі мәдени кеңістігінде байлық пен ырыстың, бақ пен берекенің, азаттықтың, бақыттың мекені» дейді (Аймұхамбет, 2017). Асанның:

...Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің?! (Бес ғасыр жырлайды, 1989).

Жыраудың «Жерұйық» деп аталатын сапарын тек аңыздық мәнде өрілген утопиялық қиял деп қана топшылауымызға болмайды. Оны халықтың әлеуметтік әлеуетін, қоныстық-

тұрмыстық жағдайын және хандықтың этносаяси тұтастығын нығайтуға бағытталған прагматикалық ізденіс ретінде түсінуге болады. Асан Қайғының келесі бір толғауына назар салсақ,

«Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсін;
Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін!
...Көшіп-қонып көрмеген,
Жер қадірін не білсін?!» (Бес ғасыр жырлайды, 1989), деп берілген. Толғаудың бастапқы қатарындағы суреттелетін кеңістік табиғи түрдегі құбылыспен қатар, белгілі бір дәрежеде тіршілік дағдысын бедерлеп, табиғаттың құбылысын сипаттаған этномәдени ландшафтқа айналған. Қоңыр қаздың, дуадақтың басқа мекенді жерсінбей өз туған өлкесіне икемделуі арқылы Асан Қайғы адамның да өз мекенімен тығыз байланыста өмір сүретінін меңзейді. «Көшіп-қонып көрмеген» деген тіркес көшпелі ортадағы жалпы кеңістікті бағамдаудың тәжірибелік бейнесін аңғартады. Х. Арғынбаев маусымдық көшке қатысты зерттеулерінде қазақтардың шаруашылықты табиғи-географиялық жағдайға бейімдеп шаруашылықты табиғи-географиялық сипатқа бейімдеп, жыл мезгілдеріне қарай көшіп-қонуды реттеп отырған. Қыстау мен жайлаудың, көктеу мен күзеудің де қажеттіліктен қалыптасқан кеңістік игеру екендігін пайымдайды (Арғынбаев, 1969). Асан Қайғы көшіп-қонып көрген адам ғана жердің қадір-қасиетін біледі дегенді меңзейді. Сонымен қатар, су мен қырды параллель суреттеу табиғи аймақпен ғана шектелмей, сол мекендегі адамдардың дүниетанымы мен тіршілік сипатының ерекшеліктерін білдіреді. Жырау шығармашылығында атажұрттың бедері этникалық бейнеде топталған мәдени кеңістік түрғысынан беріледі.

Алынған нәтижелер

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері жырау мен ашық дәстүрінің арасындағы ортақ этномәдени сабақтастықты тек тарихи негіздегі тізбек деп түсіндірумен шектелмеу керектігін нақтылайды. Салыстырмалы әдіс олардың қайнар көзінде көне түркі дәуіріндегі ауызша қалыптасқан ұзан, бақсы типтерінің жатқандығын айқындады. Бір өзектен тарағанымен қоғамдық ортадағы функциялары этникалық ортада бір-біріне ұқсамайтын институционалдық бедер алғандығын аңғартады. Демек, ғылыми жұмыста сарапталған сабақтастықтың негізгі сипаты дәстүрлердің сыртқы жанрлық үндестігінде емес, ауызша қалыптасқан сөз өнерінің қоғамдық мәртебесі, жырау мен ашықтың халық алдындағы абыройы, тарихи жад негізінде жалғастыру жолы және әлеуметтік коммуникация негізінде жетілдіру тетіктерінің жандануынан көрінеді. А. Сейдімбек өз зерттеу еңбектерінде ауызша қалыптасқан мәдениет пен тарихи дәстүрді этностың тарихи әлеуеті мен шежірелік танымын үздіксіз жандандырып отыратын рухани тетік негізінде қарастырады (Сейдімбек, 2008: 41).

Ұзан/Озан типінің қалыптасу арналарын анықтауда Қорқыт болмысының мәні ерекше. Жыраулардың пірі саналатын Қорқытқа қатысты туысқан түркі танымында сөз, үн, сакралды таным, мәңгілік сынды түсініктер көрініс табады. Осы деректер Қорқытты біз қарастырып отырған дәстүрлердің қалыптасуына негіз болған, поэтикалық сөз бен сакралды мәртебе әлі толық жіктелмеген кезеңдегі архаикалық мәдени типтің басты өкілдерінің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді

Түрік ашықтарына қатысты ақпараттарды жинастыру барысында жыраулаға қарағанда ерекшеліктер байқалды. Ашықтық дәстүрін ұстанушылар жыраулар сияқты хандық кеңесте сөз бастап, хан қасында кеңесшілік қызметінен гөрі ауыл мен қалада, түрлі керуен сарайларында, діни орындарда кейде әскер жиналатын жерлерде саз аспабымен өнер көрсетті. Зерттеуші Ерман Артун ашықтардың әртүрлі аймақтарда өмір сүруіне қарай ішінара ерекшеліктері болатынын негіздеген. Бұл пікірден аңғаратынымыз – ашықтардың өзі өмір сүретін мекеннің тіршілігіне бейімделіп, этномәдени ортамен байланысқандығы. Ашықтардың кәсіби деңгейде әлеуметтік ортада орнығуына ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс, лақап атқа ие болу, ел аралау сынды сатылармен де жүргені деректерден белгілі. Ашық дәстүрінің өзіндік қасиеті стихиялық жағдай емес, мәдени механизмнің көрсеткіші ретінде бағаланады. Бұдан барып жырау мен ашық әлеуметтік ортада жалпы қоғамда мойындалып, ауызша өнер арқылы өз туған халқының тарихи тіршілік ету салтын көпшілікке насихаттады.

Этномәдени байланыстың тағы да бір ерекшелігі дәстүрлердің кәсіби әлеуетін мәдени негізде жүйелеу тәсілдері болды.

Түрік ашықтық типінің танымында түс көру, аян алу, баде ішу, ұстаз, пірден хабар алу сынды сарындарды зерделеу тек поэтикалық негіздегі мотив ғана емес, дәстүрдің жаңа бір дәрежеге енуін ұғындыратын инициациялық модель функциясын атқарғандығын аңғартады. Ашықтардың осы қасиеттерінің біраз бөлігі мысалға түс көру, аян алу сынды тылсымға толы сюжеттер Сыр, Маңғыстау бойында өмір сүрген эпикалық жырауларда да кездеседі. Бұл құбылыс архаикалық түркілік бастаудың негізінде қайтадан жандануы деп түсінуіміз керек.

Этникалық кеңістікке негізделген талдауда сабақтастықтың бір негізде ғана емес, әртүрлі дәрежеде байланысқан көрінісі қарастырылды. Қорқыттың мәңгілік мекен іздеуінен мифтік-сакралды кеңістік моделі анықталды. Осы анықтаудан кеңістік танымының символдық өрісі байқалады. Асан жыраудағы «Жерұйық» мәні халық үшін қолайлы, бақытты мекен іздеу және прагматикалық ізденіс негізінде түсіндірілді. Жыраулар шығармашылығынан мифтік-құтты жер – әлеуметтік әлеуеті дамыған қоныс және тарихи атажұрт танымындағы семантикалық күрделенуді аңғарамыз.

Ашықтардағы кеңістік бедерін салыстыру барысында ерекше мәдени модель алдыңғы қатарға шықты. Қаражаоғлан танымында gurbet, sıla ұғымдарының айырылысу, сағыныш және аңсау сарындарымен қатар көрінуі ақынның жеке дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесін, туған жерден алыстау сезімін танытады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, зерттеу жырау мен ашық дәстүрі арасындағы этномәдени байланыстың үш тағанға негізделген деңгейін анықтауымызға мүмкіндік берді. Біріншісі, ұзан/озан типінен бастау алып, тұрғылықты жеріне қарай бейімделген қос дәстүр. Екіншісі, қоғамға өзінің талантын мойындатып, әлеуметтік тәжірибені, рухани және тарихи жадты, нормативтік қағидаларды жеткізуге бағытталған функционалдық сабақтастық. Үшіншісі, үндес мәдени құрылымдардың этноәлеуметтік жағдайына қарай қайтадан түрленіп, институттық әрі семантикалық сипатқа айналуы. Бұл түрленуді трансформациялық сабақтастық деп атаймыз. Аталған тұжырым ашық пен жыраудың бір рухани түбірдің әртүрлі кеңістіктегі бейімделу жүйелері ретінде түсінуді қажет етеді. Зерттеудің негізгі өзегінен шығатын қорытынды жырау мен ашық өзара байланысқан ұқсас дәстүрлер деген дәстүрлі қорытындыдан әлдеқайда ауқымдырақ. Салыстырмалы зерттеудің түйіні жырау мен ашыққа дарыған сөздің қоғамға әсер ете алуында, ауызша мәдениеттің тұлғалар арқылы жетілуінде, рухани мұраның ұрпақ арқылы жалғасуында, этноәлеуметтік ортаға сай икемделе алуында деген тұжырымдарға алып келді.

